

ҚОРЖЫНТҮБЕК – ҚҰТ МЕКЕН

(АЛҒЫСӨЗ)

Журналистика саласында қызмет етіп жүргеніме биыл 35 жыл толады екен. Тамды аудандық «Социалистік шаруашылық» (бүгінгі «Тамды шаруагері») газетіне тілші болып қызметке келгенімде 23 жаста екенмін. Әскерде жүргенде жазып тұрған өлеңдерім мен шағын мақалаларыма қарап болашағымды таныған сол кездегі газет редакторы Қайыпназар Шотбасов марқұм әкеммен аудандық партия комитетінің кезекті бір пленумында жолығып, мен туралы сұрапты. Әскерден оралатынымды есітіп, елге келгесін өзіне жолықтыруды өтініпті және реті келсе газетке қызметке алатынын айтқан. Осылайша мен журналистикаға келдім. Талай ұйқы-күлкісіз түндерім өтті... Сөйтіп, мен бала кезден армандаған мамандығымға қол жеткіздім. Мен бұл жерде ең әуелі нағыз кәсіби журналисттер – Қайыпназар Шотбасов пен Алашбек Елмұратовтан, баспасөз ардагерлері Совет Жаманғараевтан, Жүсіп Әлқожаевтан, жалпы білім-танымда Есенбай Оразымбетов пен Бахыт Латиповтен көп нәрсе үйрендім. Осында мақалаларыммен қатар, өлең-жырларым арқылы да оқырманға танылдым. 1987-жылы басты арманымға жетіп, Алматыдағы ҚазМҰУ-дың журналистика факультетін бітірдім.

Тағдырдың айдауымен Приозерск қаласына көшіп келіп, арадан біраз жыл өткенде қалалық «Приозерский вестник» газетіне 26.06.2004-жылдан бастап ашылғаннан бергі кезеңде үзбей ақпарат, мақала, очерктер жазып, аталмыш газет менің жұмысым және нәпақа табатын қара шаңырағым болды. Құдайға шүкір, мұнда ондаған, тіпті жүздеген кейіпкерлеріммен жүздесіп, олардың өмір тарихы мен тағдырларын ақ қағаз бетіне түсірдім, тасқа бастырдым. Осы жазылғандардың арасынан шағын бір кітап басып шығару мәселесін өткен жылдың күз айының басында қала әкімі Қайрат Амангелдіұлы Қамзинмен, оның орынбасары Ботагөз Әнуарқызы Қазиевамен және «Нұр Отан» партиясы қалалық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Дулат Орынбасарұлы Дүйсембаевпен ойласқан болатынбыз. Одан кейін денсаулығымның күтіміне байланысты кейінге шегеріліп келген. Енді Жаңа жылда бұл шаруаны қайта қолға алған жайымыз бар...

Бұл кітапқа республикалық, облыстық және «Приозерский вестник» газетінде жарияланған мақалалар, очерктер, сұқбаттар, танымдық мақалалар, естеліктер мен түйткілді мақалалар жарияланды. Қаржының көлеміне қарай, шамамыз келгенше кейіпкерлеріміздің есімін тарихта қалдыруды құп көрдік. Бағасын оқырмандар бере жатаар...

Аталған тұлғалардың көмегімен, қолдауымен және ұйымдастыруымен 2013-жылы екінші кітабым – «Көңіл күнделігі» жыр жинағы басылып, оқырмандарын тапқанын айта кеткенім жөн болар. Кітапты шығаруға бас демеуші болаған қала әкімі Қайрат Амангелдіұлы Қамзинге, қаржылай көмек көрсеткен Тараз қаласында тұратын досым, бірнеше ақын-жазушыларға демеушілік еткен өнер жанашыры Әбділ-Әлім Тәуеновке, қаламыздың кәсіпкерлері һәм депутаттары Талғат Қарабалаевке, Муса Әбдімүтәліповке, кәсіпкерлер Мұрат Нарымбетовке, Насиба Жасарова мен Сәбит Әбдімүтәліповке және осы кітапқа кейіпкер болған жандарға ризашылық көңілім мен алғысымды білдіремін!

ИДЕЯСЫ БОЛМЫСЫНА ТӘН ТУЫНДЫ

(Пікір)

Талай таланттарды дүниеге әкелген қасиетті Тауелібай өлкесінің тағы бір дарынының кітабына алғы сөз жазу құрметіне ие болып тұрмын. Мен танитын, жүрек пен көңілдің толқынысы мен бұлқынысын, қалтарысы мен бұлтарысын романтикалық поэзияға тән суреттей білетін ақын Нұрғали Қарабековтың осы кітабы тек мақалалардан жинақталыпты. Сондықтан әңгіміміз – оның ақындық биік тұлғасын ашу туралы емес, осы кітапқа топтастырылған, идеясы өз болмысына тән туындылары туралы болмақ. Автор мазмұны мен көркемдік сапасы басым әр мақаласына саяси-әлеуметтік кезеңдерді қамтып, терең зерттеп, сараптап, тәлімдік-танымдық қасиеті мол туынды тудыра білген.

Иә, қаламгер өмір шындығын көркемдік шындыққа айналдырғанда ғана толымды туынды өмірге келеді. Бұл орайда автордың сөз етуге тұрарлық кейіпкерлердің адами қасиеттерін танып, оқиғалар мен құбылыстарды дұрыс таңдап, жеке көзқарасы арқылы баға беріп, өмір шындығын

нақты фактілермен сөйлеп, үлгі-өнеге боларлық тұстарды саралау шеберлігіне тәнті боласың. Үстіміздегі жылы Н.Қарабековтың журналистика саласында қызмет етіп жүргеніне 35 жыл толады екен. Отыз бес жыл дегенің – айтуға оңай болғанмен, бір адамның отбасылық өміріндей кезең. Осы жылдарда Нұрғалидың қолымен қаншама мақалалар жазылып, жан-жүрегінен қаншама жыр туды десеңіші! Сөз өнерінің асқар биігіне жеткен кейбір қаламгерлер «өзі туып, өзі кісі болғандай» көсілетіні бар. Бұл орайда Нұрғалидың кіммен қызметтес болып, журналистік кәсіпке кімнің баулығанын баяндап, ұстаздарын еске алып, оларға деген шексіз ілтипатын білдіруі – оның адамилық қасиетінің айғағы болса керек.

Автордың журналистік жолы Тамды аудандық «Социалистік шаруашылық» газетінен бастау алса, уақыт өте келе облыстық, республикалық, тіпті, халықаралық БАҚ-тарда заманның кескін-келбетін шынайы тұрғыда оптимистік жігермен бейнелей білді. Очерктер, сұқбаттар, танымдық мақалалар топтастырылған бұл кітапты оқи отырып, автордың қалам тартпаған тақырыбы некен-саяқ екеніне көзіңіз жетеді. Журналистика саласының майталманының ой толғаулары мен естеліктерінде Желтоқсан көтерілісі мен Тәуелсіздік құндылықтарынан бастап, ана тілі, дін мен дәстүр, ұстаздық ұстаным мен жас ұрпақ тәрбиесі, әдебиет пен мәдениет тарихы, ақын-жазушылар мен өнер адамдары т.с.с. сан алуан кәсіп иелерінің жан дүниесін, іс-әрекеттерін қоғам мен заманның ықпалы мен сипаттарына шендестіре отырып, шебер суреттегеніне риза боласыз. Қазақи салт-дәстүр, әдет-ғұрып, ырым мен тыйым, ұлттық киім, төрт түлік мал, үлгілі отбасылар, жыршы-күйшілер тақырыбы да қаламгердің қаламынан қағыс қалмаған. Қорыта айтқанда, автор қайсы тақырыпты қаузамасын, иінін қандыра жазған барлық туындыларының басты мүддесі қажырлы қызметімен елі мен жерінің дамуына, өркендеуіне және гүлденуіне үлес қосқан еңбек адамдарының қажырлы қызметтерін ұлықтауға барып саяды.

Нұрғалидың бұл еңбегін мемуарлық шығарма деуге де қисын бар. Өйткені, өзі туып-өскен жеріне деген сағынышы мен мұңдалап тұрған мақалалардың дені тұтас бір ел-жұрттың, жеке адамдардың тағдырымен байланысты және автордың өзі куә болып, араласқан нақты оқиғалардан, тұтас естеліктерден, өмірбаяндық көркем жазбалардан құралған. Кітапты парақтай отырып, автордың жетілу, қалыптасу кезеңін танып, білеміз. Кітаптың «Қоржынтүбек – құтты қоныс» деп аталуы да тегін емес. Сырт теппей бауырына басқан Атажұртқа, тарих үшін қас-қағым сәттей болғанмен, өзіне ширек ғасырдан бері құт мекен болған, тарихи атауы Қоржынтүбек болған Приозерск қаласына, оның тұрғындарының пейіліне деген ілтипатының өтеуі іспетті.

Қали ЖОЛДАСОВ,
Өзбекстан және Қазақстан Журналистер одақтарының мүшесі,
әдебиет зерттеушісі, баспагер.

МАҚАЛАЛАР МЕН ОЧЕРКТЕР

ҚАЗАҚҚА ҚОРҒАН БОЛҒАН ҚОРЖЫНТҮБЕК

Біраз жылдар бұрын жасы сексеннен асқан Сарышаған кентінде тұратын ақсақалмен қалалық ауруханада бірге жаттым. Емделушілердің емшара уақытынан тыс кездегі ермектері көбіне шахмат, дойбы немесе карта ойнау екені белгілі. Біз ақсақал екеуміздің ермегіміз – әңгіме-дүкен құру болатын. Сондай сұқбаттардың бірінде қазіргі Приозерск қаласының ашылуы туралы сұрастырдым. Ақсақал біраз үнсіз отырып барып, сөз бастады:

–Ол соғыстан кейінгі елдің еңсесін енді көтере бастаған кезі болатын. Соғыстың ауыр зардабын енді ұмыта бастаған жұрт өздерінің қалыпты тіршілігіне көшкен. Бұл жер ол кезде Қоржынтүбек аталатын ауыл еді. Ұмытпасам, 1956-жылдың жазында ауылымызда әскери киімді адамдар аяқ астынан қаптап кетті. Олардың не істеп, не қойып, не ойлап жүргенін ешкім білген жоқ. Ауыздарына мақта тығып алғандай, тіс жарып ештеңе айтпай, жерді өлшеп, әр жерге қада қағып кетті. Көп ұзамай ауылды түгел көшіруге бұйрық болып, адам баласымен ақылдаспай, жөн сұрамай-ақ құт мекенімізден көшіріп тастады. Міне, сөйтіп қазіргі Приозерск қаласы Қоржынтүбек аталатын біздің ауылдың орнынан бой көтерген қалашық болатын. Бұл мекен баяғы ақтабан шұбырынды, алқағөл сұлама

заманынан бергі кезеңде қазаққа құтты қоныс болып, небір ашаршылық замандарда елді аштықтан аман алып қалған ырысы мол, берекесі бекем жер еді. Мұндағы жұрт балық аулаумен қатар мал да ұстап, ауыл-үйдің адамдары шаруасын дөңгелетіп, ешқашан таршылық көрмеген. Сол жаңа қала салынғанда қаншама ата-бабаларымыздың мазары мен қорымы қазіргі қаланың табанында көміліп қала берді. Ашынған, жаны шырқырап, сүйегі сырқыраған жұрттың мұң-зарына құлақ асқан жан баласы болмады. Ол кезде кеңес үкіметінің қандай жоспары барынан қарапайым халық бейхабар болды. Сөйтiп, бұрынғы Қоржынтүбек ауылының орнынан жаңа қалашық бой көтерді және ол сырт көзден жасырын, жабық ұсталды. Мұнда не жасалып жатқанын қарапайым халық ешқашан білген емес. Ақсақал айтқандай, расымен де кеңестік дәуірде ұлан-ғайыр елімізді сырт дұшпаннан қорғау мақсатында деген желеумен талай сынақ алаңдары мен жасырын әскери бекіністер салынған. Бұл жерлерде бүгінгі таңға дейін ақиқаты толыққанды ашылмаған небір сынақтар жүргізілгенін тәуелсіздік алғаннан кейін ғана шым-шымдап біле бастадық емес пе? Аталмыш сынақ алаңдарының кейбіреуі ғана елдің қорғаныс саласына шынайы қызмет етсе, бір бөлігі адам баласын қырғынға әкеп соқтыратын атом бомбаларын сынақтан өткізуге бағышталғанын біреу білсе, біреу білмейді. Бұл қасіретке толы жәйттер жайында енді ғана айтыла бастады, алдағы уақытта әлі зерттеліп, ашық-айдын жазылатын және ұрпақтарымыз білетін болады. Үкімет тарапынан бұл мәселеге қатысты едәуір маңызды шаралар қолға алынып, жүзеге асырыла бастағаны бүгінде көңілге қуаныш ұялатады. Соңғы жылдары аталмыш сынақ алаңдарын еліміздің игілігі мен қорғаныс қабілетіне лайықтап пайдалануда бірқатар тәжірибе жинақталды. Елдің қорғаныс қабілетін арттыруға пайдалануға лайық сынақ алаңдарының бірі – Сарышаған сынақ алаңы болып отыр.

Кеңес Одағы ыдыраған соң, 1992-жылдан бастап сынақ алаңының әскери қызметкерлері Ресей Үкіметі тарапынан барынша қысқартуға ілікті де, Приозерск қаласы дерлік бос қалды. Иесіз қалған қалашықтың жағдайы жыл санап емес, күн санап нашарлап бара жатты. Қаланы аман сақтап қалудың басты жолы – қаланы бейбіт өмірге ыңғайлап, қайта жасақтау болатын. Ол үшін қалаға сырттан тұрғындарды тарту қажеттігі туындады. 1992-жылғы Дүниежүзі қазақтарының құрылтайынан соң, Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың дүниежүзі қазақтарына арнаған Үндеуі жарияланып, шетте жүрген қандастарымыздың тарихи Отандарына қарай алғашқы көші жолға шықты. Осы орайлы сәттен пайдалануды қолай көрген сол кездегі қала әкімі Сағымбай Мұқатайұлы Медеубаев Өзбекстанның Науаи, Бұхара облыстарынан қандастарымызды көлікпен көшіріп алуды қолға алған еді. 1995-жылдың басынан басталған бұл игілікті шара көп өтпей өз нәтижесін берді де. Сонымен бірге еліміздің өзге аймақтарындағы жұмыссыздық пен жетіспеушіліктен қиындыққа тап болған аудандар мен ауылдардан да халықтың қалаға көшіп келу үрдісі жалғасып жатты. Оралмандарға әкімдік тарапынан барынша қолдау мен көмек көрсетіліп, олардың жаңа орынға орналасуына, икемделуіне жағдай жасалды. Аз уақыттың ішінде қала жаңа тұрғындармен толығып, қаусаған қаланы қайта қалпына келтіру жұмыстарына қызу кірісіп кетті. Көптеген қиындықтармен беттесуге тура келсе де, қаланың жаңа тұрғындары қаланың шырайын қайта кіргізу үшін қолдан келгеннің бәрін жасап бақты. Келер жылында қаланың 40 жылдық мерейтойы лайықты аталып өтті. Одан бергі қала өмірі баршамыздың көзалдымызда өтіп жатыр. Қаланың құрып кетпей, жаңа тіршілікке бет алуы жолындағы С.М.Медеубаевтың еңбегін ерекше айта кеткенді жөн санаймыз. Ол кісінің есімі қаланың болашақ тарихында ұмытылмастай болып жазылып қаларына сенімдімін. Тосаттан соққан замана дауылына төтеп бере алмай, үйлері қиратылып, нысандары бұзылып, қирауға айналған қаланың қайта түлеуіне сырттан көшіп келген қандастардың, еліміздің әртүрлі аймақтарынан қоныс аударған халықтың бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып, ұйымшылдықпен еткен еңбегінің арқасында қала аяғынан тік тұрды және жаңа тіршілік жасауға көшті. Бұған жекелеген тұлғалардың қосқан үлесін де атап өткеніміз жөн. Олардың арасында мамандар, құрылысшылар, сантехниктер, дәрігерлер, мұғалімдер, тәрбиешілер т.б. мамандық иелері

бар. Әсіресе қазіргі заманға лайық жеке кәсіпкерлікпен айналасып, оны дөңгелетіп, тұрғындарды жұмыспен қамтуға атсалысқан жандарды айрықша атап өтуге тиіспіз. Атап айтар болсақ, кәсіпкерліктің алғашқы қарлығашы Жәли Лесбекұлы Әбдімүтәлипов, Талғат Әлімжанұлы Қарабалаев, Мұрат Еңсетбайұлы Нарымбетов, Муса Жәлиұлы Әбдімүтәлипов, Насиба Нарбекқызы Жасарова секілді мықты кәсіпкерлер кейбіреулер секілді тек алыпсатарлықпен айналысып отырмай, өнім шығаруды қолға алған және біраз отбасылардың нәпақаларын сол жерден табуына көмек қолын созды.

Бұдан оншақты жыл бұрын қалада қыста су қатып қалып, халық әбіржіп қалғаннан кейін Қазақстан Үкіметі тарапынан қаланың дамуы үшін ерекше жағдай жасап, қамқорлығына алғанын қала тұрғындары ешқашан ұмытпайды және алғыстарын айтудан жалыққан емес. Соның арқасында қаланың дамуына қомақты қаржы бөлініп, мекеніміз бүгінде қайта туғандай жасарып, жаңғырып келеді. Сонау қиын кезеңде дүние есігін ашқан балалар бүгінде зінгіттей азамат болып, алды оқу бітіріп, қаланың өмір-тіршілігіне араласып, оның дамуына үлестерін қосу үшін қатарға қосылып кетті. Болып жатқан елеулі өзгерістер тек жақсы жағынан көрінуде. Қаншама нысандар мен тұрғын үйлер, мектептер мен балалар бақшалары күрделі жөндеуден өтті және жаңадан бой көтергендері қаншама? Қала халқының бағына қарай 2012-жылдың күзінде қаламызға жас маман, өз ісінің шебері деуге лайықты, коммуналдық-шаруашылық саласын жетік білетін Қайрат Амангелдіұлы Камзин есімді азамат әкім болып келді. Ол кісінің келуімен қалада тың бастамалар, жаңа да жарқын жобалар қолға алынып, барлық салада жаңғыру басталды деуге болады. «Жас келсе – іске» деген мақал осындай жерде айтылса керек, Қайрат Амангелдіұлының жұмыс жүргізу әдісі өзгелерден мүлде бөлек болып шықты. Ең бастысы, ол кісі өз командасын ерте келмей, қаланың өз мамандарымен қаланың тіршілігін алға сүйреді. Жыл емес, ай, күн санап қаланың дамуына соны серпін берілді. Қарапайым, мінезі жұмсақ, жұмысты талап етуде қатал, халықпен етене араласатын жас әкімнің осы күнге дейін атқарған жұмыстарын атап отырып, тауыса алмайсыз. Бұл жетістіктердің бәріне Қайрат Амангелдіұлы білімі мен білігінің, көпті басқарудағы талабы мен жауапкершілігінің, істің көзін білетіндігінің, бір ауыз сөзбен айтқанда басшыға лайық қадір-қасиетінің арқасында қол жеткізді деуге болады. Ал, өз кезегінде оның командасында болған қаламыздың азаматтары, кәсіпорын, мекемелер басшылары іскерліктері мен біліктіліктерін көрсетіп, әрқашан қасынан табылып, жанына жалау бола білді. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» деген қазақтың мақалы еске түседі мұндайда.

МЕН БҮГІН, ӘКЕМДІ АЙТЫП ТОЛҒАНАМЫН...

Менің әкем – Қыдырмұрат Қарабекұлы құжат бойынша 1930-жылдың 1-қаңтарында Қызылқұмның дәл отасында, қарапайым шопанның отбасында дүниеге келіпті. Атадан үш ұл, екі қыз болған. Үлкені Елмұрат атам, інісі, үйдің ең кенжесі Спан көкем де, оның алдында екі қыз – Алмагүл және Құттыгүл (Дишан) апамдар болған. Қарабек бабамыз Өзбекстан, Қарақалпақстан, Тәжікстан мен Шымкент өңірлеріне танымал мықты шабандоз, көкпаршы болған. (Қарабек шабандоз туралы осыдан оншақты жыл бұрын Шымкенттен шығатын газеттердің бірінде үлкен мақала жарияланды).

Қарабектің әкесі Назарбай – батыр адам болғандығын, бойының ұзындығы екі метірден асатынын, анау-мынау ат көтере алматындықтан, көбінесе түйеге мініп жүретіндігін бабамыздың көзін көрген кісілерден бала кезімізде естігенбіз. Соның бірі сол кездегі Ленин атындағы сохозда есепші болып қызметтетін Айдарбеков Ережеп атам еді. «Сенің ұлы бабаң Назарбайды бала кезімде көргенмін. Өте ұзын, менің шамамша 2 метр 15, 20

сантиметрдей бойы бар, сұсты кісі екен. Батыр десе батырға лайық тұлғалы кісі еді. Сендер азғындап барасыңдар...», деген болатын бір жолығып қалғанымда. Әбдікүл Саймановтың айтуына қарағанда Назарбай бабамыз жауға қарсы қолына қару алмай шабатын болыпты. «Ау, қолыңа қаруыңды алмайсың ба?», - дегендерге, «Маған қару алып неге керек, шайқасатын адам құр қол келмейтін шығар», - деп, қарсы келген жаудың шоқпарын тартып алып, өз қаруымен жер жастандырып кетеді екен. Бабамыз туралы ел аузында айтылып жүрген аңыз-әңгімелер көп. Соның бірі былайша баяндалады. Қайынжұртына күйеулетіп, қалыңдығын алып келуге барғанда оның батырлығы, күш-қуатының мол екендігі туралы сырттай есітіп жүрген қайынатасы бабамызды сынамақ оймен бір тайлақты сояды. Еті қазанға салынып, пісіп шыққасын сүзіліп алынып, алдарына табақ тартылады. Сонда қайынатасы табактан тайлақтың бір жілігін алып, «Мынаның майын жегім келіп отыр», - деп, келіндерінің қолына ұстатыпты. Атаға келін болғанмен, қызға жеңге ғой, «Күйеуді бір қатырайық», деген оймен бабамызға келеді де, «Мынаның майын қайынатаң жегісі келеді, жіліктің майын алып деп» қолына ұстата қойыпты. Ол майлық сұрап жатпастан, шапанының етегіне орай салып, бір басып сындырыпты да, келіншектің қолына ұстата салыпты. Шапанының бүлініп қалғанын келіндерінен естіген атасы «Қап, ұят болды-ау», - деп, өзінің жалғыз мауты шапанын күйеуінің иығына жауыпты. Батыр бабамыздың жұбайы, үлкен әжеміз де осал кісі болмаған деседі. Бірде Назарбай батыр насыбайға елтіп қалып, үйде жатқанда аяқ астынан ауылға жау шабады. Сонда атамыз есін жиып, орнынан тұрғанша әжеміз жаудың бетін жалғыз өзі қайтарып тұрған көрінеді.

Бабамыз екінші әйелін алып келуге барғанда жасы жерортаға келіп қалған кезі болса керек. Ол кезде табақтағы етті қолмен асату дәстүрі болған. Қыз жеңгелерінің бірі өзі батыр, өзі жасы келген күйеуді сынау үшін қойдың қанатты омыртқасының айналасын етпен көмкеріп, қамырға орап, бабамыздың аузына тосыпты. Жеңгенің қолын қайтармаған ол аузын ашып, ұсынған қамырды қабылдайды да, арасында қатты әрі қомақты сүйектің барын сезіп қалады. Қайтпек керек? Ауызға түскен асты қайтару өліммен тең. Не де болса тәуекел деп намысын қайраған ол бірнеше толғап барып, жұтып жібереді. Көзінен ытқып шыққан жасты білдірмей, қиналған кейпін ешкімде байқатпауға тырысады. Ертесіне қасындағы ол да батыр күйеу жолдасына болған жәйтті баяндап, жұтқанының қанатты омыртқа екенін айтыпты. Таң қалған ол: «Кұдай-ау, оны қалай жұттың», - дейді ауызы ашылып. «Жұтқан ештеңе емес екен, түскенде қатты қиналдым», - деген екен.

Ол заманда өзбектер көбірек орналасқан Кермене, Ғыждуан, Нұрата тараптарын ел-жұрт «Өлэт» деп атаған. Бұл сөз негізінде «Уалайат, облыс» деген мағынаны береді. Бірыңғай мал шаруашылығымен айналысқан Назарбай батыр, әрі бидің елі де сол өлэтқа қатынып, малдарын, оның жүн-жұрқасын сатып, азық-түлікке алмастырып тіршілік еткен. Саудадағы қулықтан алдына жан салмайтын өзбектер бабамыздың ауылынан барған шаруаларға зорлық көрсетіп, малдары мен бұйымдарын өте арзанға алудың

амалымен алдап, кейде тіпті зорлық көрсететін болыпты. Әбден мезі болған адамдар бұл зорлық жайлы Назарбай биіне айтып келеді. Шаруалардың келесі сапарында бабамыз олармен бірге барып, садуаның мән-жайын сырттай бақылап тұрады. Өзекендер әрқашанғы әдеттеріне баса бергенде, тасадан дырау қамшысын ұстай шыққан ол сондағы өзбектерге қырғидай тиып, жаппай сабап тастапты. Тұщы етіне ащы қамшы тиген өзбектер бақырып-шақырып, базар бастығының отыратын жеріне барып бас сауғалайды. Базар бастығы бабамызды бұрыннан танитын кіс болғандықтан, әлігілерді әрең ажыратып алады. Осыдан кейін оның ауылынан сауда жасай барған адамдардың алдында құрақ ұша қызмет ететін болыпты саудагер өзбектер. Назарбай батырдың ауылда екендігін білетін барымташылар бұл ауылдан аулақта жүреді екен деседі. Ұлы бабамыз Назарбайдың батырлығы, әділ билігі, жомарттығы, досқа, ағайынға адалдығы жайында талай әңгіме айтуға болады.

Майлыбалта руынан шыққан, би, болыс болған Қанат деген кісі бір жылдары жұтқа ұшырап, бар малынан айрылып, қолына таяқ ұстап қалады. Бабамыздың жақын досы болған Қанатқа атамыз отарынан біраз ешкі бөліп беріп: «Есің кетсе ешкі жи деген, осы ешкілерді өсіріп, бағып, бала-шағаңа нәпақа қыл», - деп батасын береді. Осыдан кейін Қанат досының малы өсіп, бірер жылда қайта қонданып алыпты. Осы әңгімені ауылда ферма меңгерушісі, кейін совхоз директоры, партком хатшысы болып лауазымды қызмет атқарған, кәрікұлақ, әңгімені түбін түсіріп айтатын, Қанат болыстың немересі – Елібай марқаұм аузынан тастамай айтып жүретін.

Қазақта: «Өзбекпен дос болсаң, қойнында қаншарың (айбалтаң деп те айтылады) жүрсін» деген мәтел бар. Өзбектермен сауда-саттық жасайтын Назарбай бабамыз Ғыждуанның сарттарымен де адаралсып, сауда жасап тұрған екен. Сондай өзбектердің бірімен дос болып, елінен апарған мал-мүлкін соған ғана сататын болыпты. Бірде мол дүниемен барған бабаны ебін тауып өлтіріп, малдарын тегін иеленіп қалуды ойластырған сарт, бабамыз тамақтанып отырғанда қасына жайғасып, айбалтасын қайрауға кірісіпті. Тоқтаусыз айбалта қайрағанынан мезі болған баба шайланып болғасын сыртқа шығып кетеді. Дәрет алып болып, кері қайтқанда алдынан шыққан сарттың жалшысы: «Абай болыңыз, мына адам бүгін түнде сізді өлтіріп, дүние-мүлкіңізді егеленіп қалуды қамдастырып жатыр. Қалғанын өзіңіз ойластырасыз», - деп тез-тез айтып, шаруасымен айналысуға кетіп қалады. Кеш болғасын тамақ ішіліп, бабамыз құптан намазын оқып біткесін жалшы екеуіне бір бөлмеге төсек салынады. Намаздан соң да біраз уақыт тәспі қайырып, өзбектің шығып кетуін күтеді. Ол шығып кетісімен көпесінің астына шапанын салып, адам жатқандай етіп қояды да, өзі шамды бәсеңдетіп, жасырынып қалады. Түн ауа бере есіктен ақырындап енген сарт бабаны алаңсыз ұйықтап қалды деп ойлап, басының тұсынан айбалтамен шабады. Сөйтіп арқасына бұрылғанда қарсы алдында бабамыз қанжарын қарнына тіреп тұра қалады. Шуып тастадым деген адамын дәл алдында тұрғанын көрген сарт аяғына жығылып, «жаздым-жаңылдым, кешіре гөр, жанымды қия гөр» деп аяғына жығылады. Сартты далаға жаман тоқтыдай сүйреп шыққан

бабам: «Итке ит өлім. Сен арам достығыңмен маған қастық жасадың. Дүние-мал үшін мені өлтіргің келді. Мұндай опасыздық кешірілмейді», - деп тамағына қаншарын тақайды. Зар жылаған сарт мал-мүлкінің құнын екі есе төлейтінін, сұлу қарындасын қатындыққа, азық-түлігін тегін беретінін айтып, жаны қалмай жалынады. «Ит те болсаң адам баласысың ғой, бір рет жаныңды аман қалдырайын. Қарындасыңды алдыма алып кел, көрейін» деген баба оны босатады. Әкелген қызы расында да сұлу екен. Ертесіне сарттың уәде еткен азық-түлік, құрал-саймын, киім кешегін тегін алып, малдарын екі есе бағасына өткізген бабамыз серіктерімен жолға шығуға дайындалады. Түндегі қызға пәренжі жауып, әдемілеп киіндіріп жеке түйеге мінгізеді. Түстік жол жүргесін аялдап, тынығуға жайғасқанда ғана қызды түйеден түсіріп, пәренжісін ашып қарайды. Бұл – түндегі көрсеткен қыз емес, мылқау қытын болып шығады. Ерінін тістеген бабамыз жолсеріктерін асықтырып, анау сарттың қол жинап соңынан қууы мүмкін екендігін ескертіп, басқа жолға түсіп сапарын жалғастырыпты. Мылқау қатынды сол жерге тастап кеткен. Ғыждуандық сарттың арамдығынан соң ол маңайға аяқ баспаты...

Біздің әулет он екі ата байұлының Алтын аталығына кіретін жапалақ алтыннан тараймыз. Оның ішіндегі Өтебі. Бабаларымның ата қонысы – Қызылорда облысының Қармақшы ауданында. Түбі бір, бес атадан қосылатын туыстарымызбен 2015-жылы Алтын бабаның құрметіне белгі қойған асында таныстық. Бүгінде олармен араласып тұрамыз. Бұл табысуға қазір Қармақшыда тұратын Асылбек ағамыздың қажымай-талмай туысқандарын іздеген әрекетінің арқасында қол жеткіздік. Ұлы бабам Назарбай – Қызылқұмға кеңінен танылған батыр, би, сөз ұстаған кісі болғанынынан ол жақтағылар да хабардар болып шықты. Назарбайдың ағасы Базарбай момын, сопы, ауыл-үйден әрі аспаған кісі болған деседі.

Алқалы топты аузына қаратқан Қарабек атамның (1901-жылы туған) сол ортаға белгілі, атақты шабандоз, көпардан дес бермегенін жоғарыда қысқаша баяндадым. Кеңестік дәуір орнаған тұста шабандоздығымен қош айтысып, қой бағуға көшкен. Әжеміз Қырмызай қарақалпақтың сары постын (тон) руынан шыққан әйгілі Тынымбай бақсының қызы. Соғыс аяқталған жылдары елде аштық болып, жұрт қатты жүдеп, күйзеледі. Сол қиын кезде отардағы ауырудан өлгелі жатқан ешкіні сойып, асқатық еткені үшін қызылдың шаш ал десе, бас алатын жандайшаптары атамды түрмеге қамап тастайды. Әжеміз кіл жас баламен өзі малға қарап қалған. Бозбала шақтағы әкем мен Елмұрат атам шамалары келгенше әжемізге көмектескен. Қарабек атам ол жерден сүзек ауруын жұқтырып алғасын, абақтыдан амалсыз шығарылады. Сол кеселден айыға алмай ұзақ жатып алады. Атамызды күтіп-баптаған әжеміз Қырмызай да сүзек дертін жұқтырып, атамнан бұрын қайтыс болыпты. Араға ай салып атамыз да о дүниеге аттанған. Ата-анасын ізбе-із жоғалтқан бес жетімнің үлкені Елмұрат атам 17-18 жаста болуы керек. Әлі оңы мен солын танып үлгермеген жетімдер әке-шешесінен айрылғасын, амалсыз ағайын-туғанға күндері қарап қалады. «Осы жетімдер адам болып, ел қатарына қосылар деймісің...», - дейтін кей ағайынның әйелдерінің сөзін де естіген. «Осы кемсіту сөз әлі күнге құлағымда жаңғырып тұрады» деп отыратын әкем

марқұм. Біріне бірі сүйеніш болып, қайғы мен мұңды жамылған олар қиындықты бір кісідей көрген. Жетімдік пен жоқшылық әкемді ерте есейтіпті. Ағасы екеуі екі шопанға көмекші бола жүріп, іздеріндегі аш-жалаңаш екі қарындасы мен інісіне қамқор болып, соларды асырап-бағуды ғана мақсат еткен. Әкем сол жылдары қыпшақ Асылбек (Қарабек атаммен дос болған) деген кісіден көп жақсылық көргенін, қойшылықты сол кісінің арқасында бастағанын айтып отыратын. Кейіншелік Ахан молдаға көмекші шопан бола жүріп, қой бағудың қыры мен сырын үйренген және содан кейін өз алдына жеке отар алып шыққан. Әкем марқұм өткен өмірін еске алып, әңгімелеуді аса құп көрмейтін. Журналистка саласына барғанда келешекте әкем туралы жазып, ұрпақтарға естелік қалдыруды ойлап талай рет сұрасам да, ауыз жарытып ештеңе айта қоймайтын. Сол кезде өзінің өткен өмірі жанын ауыртатын секілді көрінетін маған. Сосын онша қинамайтынмын. Көп жағдайларды өзгелердің әкем жайлы айтқандарынан есітіп, білдім. Әкеме қарағанда анаммен көбірек әңгімелескемін.

Анамыз Қалдыгүл Дәрімбайқызы жетірудың қонақбай керейтінің қызы еді. Өзімен туысқан бауырларының бәрі жұқпалы кеселден қаза тауып, шаңырақта жалғыз қалған, нағашы әжем Анаршаның бір түйір көзмоншағы болған анашым Алланың қалауымен менің әкеме қосылып, екі жетім өз отауларын тігіпті. Жалғыз қызының қолына келген Анарша әжем осы екі мұңлықтың да шешелері бола білген, көкірегі кең кейуана еді. Ақылды, байсалды, көп сөйлемесе де, сөз қадірін ұғынатын, шежіре-әңгімелерді көп білетін әжемнің әкеме және оның қой шаруашылығында жеткен жетістіктеріне қосқан өлшеусіз үлесін әкем жиі айтып отыратын-ды. Мен шешемнің қойнынан шыққан бойда, осы әжемнің құшағына енген баланың бірі әрі бірегейі болдым. Есімді әжемнің шалғайынан ұстап жүріп білдім. Сондықтанда, әкеміздің анасы, өзіміздің әжеміз деп жүрген кісінің нағашы әжеміз екенін бертінде, сегізінші сыныпта оқып жүргенде тосаттан бір кісінің аузынан естідім. Бірақ, әжем өзімнің ақ әжем болып қала берді. Қарабектен өрбіген ұрпақты жетілдіріп, жеткізуде осы үш одақ – ӘЖЕМ, ӘКЕМ, АНАМНЫҢ адамгершілік, кісілік, бауырмалдық қасиеттерінің үлкен рол атқарғанын ешкім жоққа шығара алмайды.

Шешеміз нағыз еңбектің қазанында қайнаған, жұмыстан қайтпайтын, отынды арқалап келіп, нанын пісіріп, қазанын қайната жүріп арасында қойдың да бабын табатын, түйесін сауып, шұбатын ашытып, ашыған айраннан май да пісіп – барлық жұмысты ретімен атқарып тастайтына таң қалатынбыз. Қыстауда, көктемде құдықтан жыраққа қонған үйге түйемен суды пілактарға құйып та әкелуге үлгеретін. Әкемнің атақ-даңққа бөленіп, ауданнан асып, облыс, Республика, тіпті КСРО-ға танымал шаруагер болуына анамның қосқан үлесі ұшан-теңіз екенін ол жақтағы жұрттың бәрі біледі. Ауылды 0 ке4ест34 депутаты болып сайланып, ел сенімін ақтады. Сондықтан, әкеммен қатар анамды да мақтан етемін.

Әжемнің қызынан басқа етжақынынан туған апасы Торша болған. Ол кісі тұрмыс құрған соң екеуінің арасы ұзақ жылдар ажырап қалады. Торша апамыз бала-шағасымен өлэт (өзбектің ішкі жағы) тарапта тіршілік етіп,

арада байланыс үзілген. Апалы-сіңілілі екеуі араға жиырма жылдай уақыт салып, біздер ержеткенде ғана қос мұңлық қайта табысты. Ол кезде қазіргідей байланыс құралдары дамымаған шақ қой, ұзақ жылдар ажырасып қалған апалы-сіңілі екеуінің қайтадан табысуына сол кездегі мейрімді де, қайырымды жандар себепші болған. Жырақ қалудан әбден заппы болған Торша апамыз сонда бір байламға келіп, әжеммен сүйек жаңғыртуды ойластырады. Екеуінің жасы қарайлас ұл-қыз немерелерін қосып, араны жақындатуды ұсынады. Осылайша Торша апамның ұлы Көшекбайдың қызы Анарды әжемнің жиен немересі, яғни, менің інім Жабайға айттырып, туған бөлелер құдай қосқан құдаға айналды. Болмысы бөлек, қазақтың салт-дәстүрін берік ұстанған Қалипа әжеміз (Көшекеннің кемпірі) жамбасы жерге тигенше анамың және үйдің тұңғышы, әжемнің баласы саналған ағам Ерғалидың аттарын атамай, қайынсілім, қайнім деп сәлемін салудан танбады. Көшекбай атам біздің бәрімізге бөле дейтін. Қара сөзге келгенде ауыздыға сөз, аяқтыға жол бермейтін шешен, бір жасаған батасын қайталамайтын батагөй Көшекенде небір тарихи, шежірелі әңгімелер өте көп болатын. Қызықты хикаялары таңды таңға ұрып айтқанда түгесілмейтін еді. Көшекеннің тұңғыш ұлы Орынбайда әкеден мұрас болып осынау қасиеттірі қалды. Орекең де дүниден өткенше әңгімешіл, шешен, білімдарлығымен, естігенін ұмытпайтын құймақұлақтығымен тыңдаушыны таң қалдыратын.

Әңгіме арқауы әкем туралы толғаныс болғасын, осы жайында баяндайын. Әкем ағасынан бұрын үйленіп, шаңырақ көтергендіктен, қалған бауырларының барлық қам-қарекетін де өзі жасауға тырысады. Ағасы мен інісін де өзі үйлендіріп, екі қарындасын да өз қолынан ұзатады. Назарбай бидің ұрпағы болғандықтан қанында тектілік қасиет болып, тегіне тартқан шығар, ерте бастан сөз ұстаған, ауыл-үйге беделді адам болып жетіледі. Бар зейіні мен еңбегін қаракөл қой шаруашылығына бағыштаған әкем ауданға, облысқа, одан әрі Республика мен одаққа ерте кезден, жастайынан танылады. Мен мектеп табалдырығын аттағанда әкем небәрі 38 жаста екен. Сол кезде-ақ жұрт әкемді «Герой шопан» деп атайтын. Оның мәнісін түсінбесек те, әйтеуір әкемнің ел алдындағы абырой-беделінің жоғары екенін сезетінбіз. Сол жылдарда ауданда лауазымды қызмет атқарған, қойлы ауылға жиі өкіл болып баратын, мен аудандық газетте жауапты хатшы болып қызмет етіп жүргенде зейнеттегі бір кісіден (аты-жөнін ұмытыпшын) әкем жайлы айтқанын есіткен едім. «Көктемгі төл алу науқанында Ленин атындағы колхоздың Молдиман фермасына өкіл боп бардым. Таң атпай ферма орталығынан шығып, таң алакеугімде бір қойшы ауылына жақындадық. «Бұл жерде Қыдырмұрат Қарабеков деген жас шопан қоныстанған» деді қасымдағы ферма меңгерушісі Сындарбек Аханов. Сол кезде анадай жердегі төбе басында қараңдаған тұлға көзімізге түсті. Таң енді атып, айнала алакеугім кез еді. Біз жолдан бұрылып, көрінген бейненің қасына келдік. Бұл – әлгі меңгеруші айтқан Қыдырмұрат деген жас шопан екен. Төлдейтін қойларын таң сәріден өріске шығарып кеткеніне қарап, «Осы жігіттен нағыз озат шопан шығады екен...» деп ойладым сол кезде. Шынымен де сенің әкең менің сенімім мен

үмітімді ақтаған, ел-жұрты қадірлеген, көпшілік мақтаған қойшы болды...», - деген еді сол ақсақал.

Біздің өсіп-өнген ауылымыз Далақұдық фермасы Молдиман фермасының 1964-жылы бөлініп шығып, өз алдына отау тіккен. Алғашқы ферма меңгерушісі болып Әлімқұл Нысанбаев тағайындалған. Далақұдық ауылы – адамдардың кіл мықтысын буарына тартқан киелі де, құтты мекен болатын. Ауылдағы небәрі алпыс шақты үйдің адамдары бауырлардай қарым-қатынаста болғанына мен де куәмін. Бұл жерден қой шаруашылығының ең озат шопандары шықты. Өзара социалистік жарысқа түсіп, нағыз еңбек майданының озық үлгісін көрсете білген Тәш Жарбаев, Тыныс Боранбаев, Бәйділла Масабаев, Сәурен Масабаев, Тәңір Онбаев, Жұмабек Дүйсенбаев, ағам Спан Қарабековтер Далақұдық фермасының тасын өрге домалатқан шынайы шаруагерлер болды. Бұл ферманың өсіп, дамуында, социалистік жарыстарда ауданның алдын бермеген жетістігінде сол жылдары ветеринария маманы болып қызмет еткен, үнемі атпен жүретін Бұлақбай Айтмұратов атамиздың қисапсыз еңбегін баса айтқым келеді. Сондай-ақ, зоотехник Қали Байназаров, бухгалтер Құтыбай Шекербеков (кейін ферма басқарды), веттехник, әкесінің жолын жалғаған Сапарбай Айтмұратов, марқұм Игілік Таусоғаров, қойма меңгерушілері болған Толыс Есбергенов пен Тағайқұл Кәрібаев, ферманың кезекші жүргізушілері – Сүлеймен Исаев, немере ағам Ерәли Жүсіпов, жездем Бердібай Есбергенов, ферманың науқандық жұмысының барлығында талмай жүретін Қарымбай Молданазаров т.б. жандардың ерен еңбектерін ескерусіз қалдыруға болмайды. Спан көкемнің ұлы Әжіғали КСРО жастар мемлекеттік сыйлығының лауреты атанып, атасының жолын жалғады. Қыдыр аралаған Қызылқұмда небір жақсылар мен жайсаңдар өтті. Ферманың меңгерушісі Әлімқұл Нысанбаев Социалистік Еңбек Ері атанды. Молданазар, Бекназар, Шекербек, Базарбай-Назарбайдан тарайтын аталарым Әтем Базарбайұлы және соғыс ардагері, атақты генерал-майор Сабыр Рахимовтың дивизиасында шабарман болған Ахмет Жүсіповтер ауылдың ауызбіршілігін ұйытқан кемеңгер ақсақалдар болатын. Ақындық және журналистік жолға қадам қоюыма осынау аталарымның септігі тигенін үнемі айтып жүремін.

Қырық жылдық шопандық дәуірінде «Ленин», «Еңбек Қызыл ту», «Халықтар достығы», «Қызыл ту», «Шухрат» және ондаған медальдарды омырауына таққан әкем Бүкілодақтық халық шаруашылығы көрмесінің «Алтын белгісімен» де марапатталған. 1983-жылдың күзінде Өзбекстан Республикасы бойынша КСРО-да алғаш болып қаракөл қой шаруашылығына сүбелі үлес қосқаны үшін № 1 куәлікті алып, «КСРО мемлекеттік сыйлығының лауреаты» атағына лайық деп танылды. 1984-жылдың басында мемлекеттен әкеме «Волга ГАЗ-24» автокөлігі сыйға берілді. Бұл – Тамды ауданы тарихындағы алғашқы оқиға болды. Сол жылы мен Ижевск қаласында әскери борышымды өтеуде едім. Қуанышты хабарды хат арқылы алдым. Ауылда өңкей ығай мен сығайлардың қатысуымен үлкен той беріліпті. Мәскеу, Ташкенттен БАҚ өкілдері, киношылар келіп, әкем жайлы

мақалалар, деректі фильмдер одақ көлеміндегі ең мықты газет-журналдарға жарияланып, экрандардан көрсетіліп тұрған.

Осы жерде әскерде болған бір қызық оқиғаны баяндай кетейін: Ол кезде мен әскери бөлім штабының писарі едім. Таңертең әскери бөлім жұмысқа шығардағы жиында (развод) өз бөлмемнен музыка қойып отырамын. Бір кезде бөлім кезекшісі «Сені бөлім командирі сыртқа, өзіне шақырады», деді. Далаға шығып, әскери ережеге сай амандасып, шақыруы бойынша келгенімді баяндадым. Ойым сан-сақта. «Не үшін шақырды екен?» деген күмәнді сауалдан көңілім бір жаман хабар күтетіндей. Бұрын жиын кезінде бөлім командирі тарапынан мұндай жедел жақырту боламаған-ды. Адамға бұндай сәтте ең әуелі сумаңдаған жаман ой келеді екен. Сөзді әскери бөлім командирінің шаруашылық бойынша орынбасары майор Демиденко алды да, сапта тұрған сарбаздарға қарап сөйлеп кетті: «Әскери бөлім сарбаздары! Кіші сержан Қарабековты бәріңіз білесіздер. Ол бөлімдегі ең озат әріптестеріңіздің бірі. Бүгін мен оның әкесінің де одаққа танымал мықты шаруагер екенін білдім. Мына «Овцеводство» журналының мұқабасында оның әкесінің суреті тұр. Журналдың ішкі беттерінде осы кісінің қаракөл қойын өсіру бойынша еткен еңбектері мен жеткен жетістіктері баяндалған. Бұл кісі жақында ғана «КСРО мемлекеттік сыйлығының лауреты» атағына ие болған адам. Ол біздің бөлімнің кіші сержанты Қарабековтың әкесі болғанына біз де қуанамыз және оны осы қуанышымен құттықтауға рұқсат етіңіздер!..», - дегенде бүкіл бөлім «уралап», қол шапалақтап кетті. Төбекүйқам шымырлап, қуаныштан жанарымнан жас парлап жатты. Ол кездегі керемет сезімді сөзбен жеткізу мүмкін емес...

Әкем қой бағып, шопан болған өмірінің басым көпшілік жылдарын сол кездегі Еңбек Қызыл Ту орденді Ленин атындағы сохоздың Далақұдық фермасында өткізген. Өзінің күйеу баласы болып келетін Тайыр Мырзабеков колхоз кезінде басқарма, совхоз болып құрылғанда директоры болып қызмет еткен аса шаруақор, шаруаның жай-күйін терең білетін, ұйымдастыру қабілеті жоғары, сөзге ұста, астарлап, шымшып сөйлеуді қатыратын кісі еді. Адамды тани білетін Тәкең айналасына білікті де, білімді жандарды таңдап, жинай білген. Соның арқасында совхоз ұжымы нағыз ауызбіршіліктің үлгісін көрсетті. Бас зоотехник Бексүйін Таңатаров, бас есепші Өсербай Жүсіпов, бас мал дәрігері Әулиеқұл Көшербаев, ауылдық кеңестің төрағасы Оразбай Тағаев т.б. совхоз мамандары бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығара отырып, шарауашылық жұмыстарын біргелікте кеңесе, келісе отырып шешкен. Әкемнің әріптестері – Амандық Бөкпенбаев, Райымқұл Тұрдыбеков, Наурызбаев, Тәш Жарбаев, Сәурен Масабаев секілді тағы басқа озат шопандар социалистік жарысқа түсіп, әр жылғы төл алу науқанында қызу бәсекеге түсетін. Ленин атындағы совхоз осындай шаруагерлердің еселі еңбегінің арқасында Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталды. Орденді сол кездегі Өзбек КСР-і Компартиясының бірінші хатшысы Шараф Рашидовтың өзі келіп тапсырған.

1980-жылдың соңында шаруашылықтарды ықшамдау жүргізіліп, «Прогресс» совхозы жаңадан құрылды да, әкем қой бағатын № 6 Далақұдық

фермасы № 3 ферма болып осы шаруашылықтың құрамына өтті. Кенимех ауданына қарап келген Калинин атындағы совхоз Тамды ауданына қарады. «Прогресс» совхозына директор болып марқұм Елібай Қанатов тағайындалды. Осы науқан кезінде ұзақ жылдар Далақұдық фермасын басқарған Еңбек Ері Әлімқұл Нысанбаев Ленин совхозындағы Бегімбет фермасына басқарушысы болып ауысты және онымен бірге ағайын-туыстары көшіп кетті. Бұл – бақ-берекеге толы менің туған ауылым Далақұдықтың іргесінің сөгітіле бастауы екенін біз ол кезде білмедік. Ауылымызға ферма басқарушысы болып сол кезге дейін есепші болып қызмет етіп келген, тәжірибелі маман Құтыбай Шекербеков бекітілді. Есепшінің орны бос қалды. 1981-жылдың ақпан айында сол кезде, 1980-жылдың қазан айында үйленген соң оқуымды сыртқы бөлімге ауыстырып келген мені осы бос орынға есепші етіп алды. Осылайша мен 20 жасымда жауапты қызмет жүгін арқаладым. Фермадағы үш бірдей – Жалақы есептеу, шаруашылық және материалдық есептерді дер уақытында, ай сайын жүргізіп отыру тәжірибесі жоқ маған өте қиынға соққанын мойындаймын. Айдың жартысы совхоз орталығында өтеді. Жаңадан ашылған совхоз кеңсесі ол кезде қарағайдан құрастырыла салған, барак секілді, тесігі көп жай болатын. Күндізіне дауыл соғып, бөлмелердің іші шаң-тозаңға толып кетеді. Сосын амал жоқтықтан жұмысты түнде жасауға көшкенбіз. Төрт ферманың есепшілері тар бөлмеге тығыламыз. Әуелгі есепшілік жұмысты бастағанымда бұл саладан мол тәжірибесі бар Қүтекеңнің өзі үйретуші-ұстазым болды. Шот қағып білетіндігім көңілге демеу. Ферма қоймасына келетін шегеге дейін, малдың және материалдардың кірісі мен шығысын есепке алып, ферма шопандарына, жұмысшыларына жалақы есептеп, шығарасың. Ол дер кезінде кассир арқылы төленіп отыруы тиіс. Осындай кезде бас есепшінің орынбасары Орынбасар Қуанышов басты үйретушім, салалық есепшілер – Мәмбет Шамұратов, Ұлықбек Мамадияров, марқұм Тағайбек ағаларым маған мықты ұстаздар бола білді. Қанша дегенмен жаспын, талабым мен талпынысым, құдай берген қабілетімнің арқасында 2-3 айда бұл жұмысты толық меңгеріп алдым. Жұмысты бастауым шаруашылықтағы ең қарбалас науқан – қой туымына тап келгені дұрыс болды, қалған жыл мезгілдеріндегі жұмысым мен үшін өте оңай болып қалды. Осы қызметте бір жылдан астам қызметте болып, 1982-жылдың мамыр айының соңына қарай әскер қатарына аттандым...

Аудандық, облыстық кеңестің бірнеше дүркін және Өз.Р. Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып сайланған әкемнің аманат арқалаған азамат ретінде халықтың әлеуметтік, мәдени, тұрмыстық жағдайын көтеруге жасаған еңбектерін де ел біледі. Қой бағудың құпиясын терең меңгергендіктен төл алу, қой қырку, етке қой тапсыру мәселесінде алдына жан салмайтын. Қойларды іріктеп, сұрыптап, қозы қою барысында оның енесін және қозыларды таңдап жүріп қалдыратын. Жүні тықыр, ала, еті нашар қойлар дер кезінде етке өткізіліп немесе сатылып кететін. Үйдің киізі үшін арнайы қамар және ақ қойлар ұстады. Оны мемлекет қойынмен араластырмай, бөлек қашыратын. Бар-жоғы төрт кластық білімі бар әкемді қой шаруашылығының профессоры деуге болар еді. Күйек және қой туымы

науқандарында бел шешпей еңбек ететін. Өзгелерге де тыным бермейтін, талапшаң, қатал болды. Шопанның негізгі төрт науқанында жер, жайылым, құдық таңдаудағы көрегендігі, алдағы келер қыстың қалай болатынын алдын ала болжай отырып әрекет ететіні, қойды аудара жаюдағы, шаруашылық бабындағы болмашыдай көрінетін әр нәрсеге қатты мән беретін біліктілігі таңдай қақтыратын.

Ауданда «мал қырылған жыл» деген атпен есте қалған 1969-жылғы қыста әкем ферма меңгерушісінің қоныстануға ұсынған құдығына бармай, ферма орталығынан тым шалғайдағы Барат деген қыстауға қоныстанғаны, қыстау үшін сол жерді ғана таңдағаны көрегендіктің бір белгісі секілді. «Айтқаным көнбеді», деп қиястанған басшы сол жылы әкеме азық-түлік те, жемшөп те жеткізіп бермеген. Тіпті хабар да алмаған. Барат қыстауының жайылымында қалың өсетін «Қызылша» деп аталатын өте ащы, малға қуат бететін ұзақ жылдық өсімдіктік шаруаға қатты келетін қыста малға таптырмас азық болатынын білгендіктен, әкем осы қыстауды қолай көрген екен. Басшысымен ұстасқан әкем азық-түлік пен ат-көліктің жемін ағам Ерғалиға сол жылы 70 шақырымнан астам орталықтан түйемен тасытқанына куәмін. Сол қыста бірінші сыныпта оқып жүрген мені және әкем екеумізді де қыстауға көлікпен жеткізді. Көршілес қоныстанған Қазақстанның Шымкент облысының қойшыларынан да көмекке жемшөп алып отырды. Әмір және Жұмахан есімді ағайынды екі жігіт біздің қыстаудың алдыңғы жағындағы Барат құдығында тоқты бағып отырды. Олардың анасы Гүлбашынды Спан көкем өкіл апа еткендіктен, жақсы қарым-қатынаста болдық. Оларға күнара немесе екі күнде ұшақпен пресстелген жоңышқа, тікұшақпаен азық-түлік, жем жеткізіп беріп отыратын. Екі күн сайын қой суаруға құдыққа барғанда сол кісілердің үйінен дәм татып шығамыз. Сол жылы бұл екі жігіт тоқтының дерлік түгелге жуығын шығын етіп, қолдарына бірнеше ғана тоқты ұстап қалған. Ал, әкем болса осындай шаруашылықтағы көрегендігінің, тынымсыз еңбегінің, шаруаның жөнін білуі және ұйымдастырушылық қабілетінің арқасында, қар қалың жауып, ұзаққа созылған қыста жұрттың алды түгел отарын қырып тастап, ең кемі 150-200-дей қой шығындағанда әкемнен 6, қоныстас інісі Спан көкемнен 9-ақ қой шығын болыпты. Бірінші сыныпты орталаған мен де сол жылы отардағы үйімде қар еріп біткенше болдым. Түнгілік жатақтағы қойға арнап науаға салынған тұз қойдың жалаған буымен үшкірленіп қатып қалады. Ол қойдың тілін кесіп, жарақаттайтын болғандықтан тұзды уатып келуге қолымызға шот, балға беріп бізді жұмсайды. Еңкейіп тұзды уатып жатқанда отар қойының аузы-мұрнынан шыққан демнің ащылығы сондай, дем алуың мұң болатын. Себебі, күні бойы қызылшамен қоректенген қойдың асқазаны мен өкпесінен осы ащы иіс сыртқа ұрады. Түн қанша суық, аязды болса да, қойлар ыстықтағаннан дараланып, бөлектене жататын. Қора жоқ, биік төбенің ықтасын жағындағы жатақта жатады. Осындай ащы әрі қуатты, қоректі шөппен отыққан отарды 6-7 шақырым жердегі құдыққа күнара айдап барып, жылы сумен суарып отыратын. «Қыста қызылша жеген қойдың еті азбайды, жүні қатты болады, дене қызуы ыстық болған соң ұйлығып жатпайды, жеке жатқан қойға бит түспейді...», - дейтін әкем.

Осынау қатты қыста біздің үйдің кенжесі Бақтыбай мен Спан көкемнің баласы Жұмағали дүниеге келді. Сол кездегі адамдардың ерлікке тән іс-әрекетіне әлі күнге шейін таң қалып, таңдай қағып жүремін. Ферма орталығынан жетпіс шақырымдай жерде орналаласқан қыстауға тап сол кезде көлік те қатынай алмай қалған кез-тін. Жамаш жеңешем үш күн бойы толғатып, нәресте дүниеге келмей жатыр. Барат құдығының басында отырған Гүлбаршын апамды Спан көкем алып келеді. Қазақтың ырымымен үйдің белдеуіне қара қой байлап, мылтық атып та көргенімен, еш нәтиже шықпады. Бала болсақ та, жеңешемнің қиналып жатқанына біз де қорқып, қобалжып жүрміз. Шақалақтың «іңгәсін» есітіп қаламыз ба деп, үйді айнала ойнаймыз. Әбден амал-айласы таусылған Гүлбаршын апамыз кешкілік қойдан оралған әкемнің алдынан өзі шықты. «Әй, Қыдырмұрат, бүгіннен қалса келінің қатер төнеді. Өзің бір амалын таппасаң, бізден енді қайран жоқ...», - деп кемсендегенін қастарында тұрып естідік. Әкем үстіндегі қалың киімдерін үйдің сыртына шешіті де, жеңіл шапанымен киіз үйдің есігенен аттап, келіні асылып тұрған арқанға беттеді. «Әй, атаңа нағылет, түс!..», - деп Жамаш жеңешемнің жауырын тұсынан шапанының етегімен қағып жібергені сол еді, «Шыррр» еткен сәбидің дауысы шықты. Мұны естіген біз «Алақайлап» аттанға бастық. Әйгілі алпыс тоғыздың қақаған қысында осылайша Спан көкемнің отбасына Жұмағали есімді бала қосылды. Әкемнің атақты Тынымбай бақсының туған жиені екенін ескерсек, әкеме нағашы жұртынан қонған арқа, кие барын кейіншелік білдік. Алайда, арнайы бата алмағандықтан, бұл сынақ әкемнің көзін алып кете жаздады. Сол жылдың жазында екі көзін ет басып, қанталап ауырғаны бар. Көнекөздердің айтып, ақыл беруімен молдаға үшкіртті, ем-дом жасады, кейіншелік ота жасатты. Әйтеуір, осыдан кейін әкемнің көзі бұрынғы қалпына келген жоқ. Ал, Бақтыбай інім, үйдің кенжесі арадан он күн өткесін, 1-ақпан күні дүние есігін ашты. Бірнеше күн өткенде ол да ыстығы қатты көтеріліп, қатты ауырды. Емшек ембей жатып алған сәбидің жағдайы мүшкіл екенін сеземіз. Ферма оталығына ағам Ерғали жедел аттанып, ауылдағы фельдшер Мақсым жездемді алып келген. Есіктен ене сала дәрі егіп, ішкізгенімен, баланың ыстығы түспей қойды. Әбден лажы таусылған Мақсымның да дегбірі қаша бастаған. Ақыр соңында даладғы құрғақ қарды қалық дәкеге орап, баланың төісіне, арқасына, екі иығына баса бастады. Біраздан соң сәбидің ыстығы басылып, көзін ашты. Емшек емді. Осылайшы Мақсым жездеміз інімнің өмірін аман сақтап қалған болатын. Аталған қатты қыста әкемнің болжағыштық қасиеті мен шаруа қамын ойлайтынына тәнті болса керек, ферма басшысы сол жылғы көктемде әкемнен өзі келіп кешірім сұрап, қолынан алған.

Өзімен қатарлас, көп жылдар күйек науқанында әкемнің отарына осеменаторлық еткен Айтуар Күзембаев ағамыз әкемді «Дала академигі», кейде «Таңторғай» деп атайтын. Күйек кезінде таңалакеугімде қойды қораға жеткізетін әкемнің ысқырығы жарты сағаттық жерден үйге жететін. Айтекең де сол кезден тұрып алып, бізді және жәрдемшілерді оята бастайды. «Тұрындар, Таңторғай шырылдай бастады, тұрмасандар өздеріңе жаман

болады...», - деп, бәрімізді еріксіз тұрғызып алатын. Сосын қораға қалың етіп су сепкізеді. Бұл – қора ішінің шаңқымауы, күекке келген қойларды еркін көру үшін жасалатын шара. Қораға ерте кірген отардан күйге келетін қой көптеп шығатынын әкем білген ғой. Сондақтан да отар қораға алаңнан келіп кіретін.

Көктемгі туым науқаны да осындай тынымсыз тірлікпен, қауырт еңбекпен өтетін. Осындай маңызды да, қауарт науқандар үй-ішіміздің адамдары және көмекші, сақпандардың қатысуымен қызу өтетін. Есесіне, оның жемісін бәріміз бірдей көретінбіз. Әкем көмекшілер мен сақпандардың еңбегін қатты бағалайтын. Жалақысына қоса өз қалтасынан ақшасын, азық-ауқаттық қойын, бәрәгөшін, қажет болса отыны мен жемшөбін де машинаға тиеп беріп жіберетін еді. Осынау науқандардың басы-қасында ағам Ерғали, тұрмыс құрғанша апаларым Күланда мен Гүлім, қарындасым Гүлбәһар, жеңешем Ұлжан, жұбайым Ұлзира, інілерім Жабай мен Бақтыбай, келіндерім Анар мен Манат та жүретін-ді. Ферма орталығында балаларды оқытып отыратын Анарша әжем де көктем сайын қой ауылға келеді. Барлық науқандардығы негізгі жауапкершілік ағам Ерғали мен жеңешем Ұлжанның еншісінде. Көмекші жоқта жеңешем Ұлжан да белін буынып, атқа қонып, қойдың бір шетінен табылатын. Әкем өз алдына жеке отар алып шыққанда аға-інісі көмекші болған. Кейіншелік олар бөлек отарға ие болғанда, жалғыздықтың салдарынан жасөспірім ағамды мектептен алтыншы сыныпты бітірген бойда шығарып алып, өзіне көмекші еткен және оны да шаруагер етіп тәрбиеледі. Ертерек үйлендіріп, өзінің сенімді көмекшісі етті. Каникул кездерінде біз де оларға көмекке келеміз. Жазғы үш айлық демалыста болса да қойлы ауылда боламыз. Шешем жаз айларында құдықтың жанынан салынған қораға қауын-қарбыз, асқабақ, қияр мен қызанақ, көкөністер, гүлдер егетін. Бұл апамның сүйікті ермегі еді. Оны суару барысында біз де көмекке келеміз. Күн райы жақсы болып, ертерек егілген жылдары қиыр мен қызынақ, қауын-қарбыз ерте пісіп, қарық боп қаламыз. Үзетін жемістерін апамның өзі таңдап, дастарқанға әкеледі. Көз тиеді деп, ешкімді егін қора маңына жолатпайтын. Әкемнің мол табысы мен жеткен жетістігінде әжемнің, анамның және аға-жеңгемнің үлкен үлесі болғанын ешкім жоққа шығара алмайды...

...Арадан жылдар өтті. Замана өзгеріске ұшырады. Экономикалық жағынан тиімсіз болып табылған «Прогресс» совхозы таратылып, Калинин совхозына қосылды. Мен бұл кездері аудан орталығындағы газетте жауапты хатшы болып қызмет етіп жүргем. Ауыл жақтан: «Қазақстан өздерінің жерін алып, Далақұдықтың ел-жұртын көшіріндер деп талап қойыпты. Енді ауыл адамдары Далақұдықтан берірек, отыз шақырымдай жерге көшіріледі екен...», - деген хабар жетті ұзынқұлақтан. Бұл сөз кейіншелік расқа айналып, көп жылдар бойы атамекен болған Далақұдық бізден аланды. Адамдары әлгі аталған қонысқа көшіріліп, бұл ауыл «Жаңаталап» деп аталды. Сол кезде еңбек демалысына шыққан Елмұрат атам да осы қонысқа көшіп келген. Атамның ең әуелі бастаған жұмысы – қорымның орнын таңдауы болыпты. Бұған теріс қарағандарға: «Адам барда, өлім-жітім болмай тұрмайды. Бұны дұрыс түсініндер. Құдайдың қалауымен ең бірінші болып осы қорымға мен

жерленемін», - деген екен. Атамның бұл сөзіне кейбіреулер күле қараса, біреулері қостапты. Түс көрді ме, әлде іші сезді ме, әйтеуір өзі айтқандай, Елмұрат атамнан бұрын дүниеге келе салысымен шетінеп кеткен сәби жерленіп, арадан көп уақыт өтпей атам дүниеден өтіп, ересек адамдар арасынан осы қорымға қойылады. «Жаңаталап» аулынан да Қани Жабаев, Әжіғали Қарабеков, Серікбай Нұрманов секлді әке-аталарымыздың ізбасарлары шықты. Тәуелсіздік таңы атқаннан кейін Калинин атындағы созхоздың атауы өзгеріп, «Бірлік» ұжымдық шаруашылығы атанды.

Білікті маман, ұйымдастырушылық қабілетке ие марқұм Иманбай Алтыбаев Өтемұрат ауылына басшылық еткен жылдардан кейін Науаи облысының партия комитетінен осы ауылға бағын сынап келіп, көп мандатты сайлауда жеңіп шығады да, 1988-жылдың 31-наурызында Манай Сатанов директор болып сайланады. Манай ағаның шаруашылыққа басшылық еткен 1990-жылы әкем құрметті еңбек демалысына шықты. М.Сатаовтың ұйымдыстыруымен әкемнің мерейлі мерекесін үлкен дәрежеде атап өтті. Сол кезде Өзбекстан Республикасы Жоғарғы кеңесінде депутат болып жүрген, әкемді бұрыннан жақсы танытын, еңбегін бағалайтын, атақ-абыройын құрметтейтін, Тауелібайдың феномені болып саналған Ақберді Исаев арнайы келіп, әкемді мерйтойымен құттықтады және әкемнің барлық еңбегі мен адами қасиеттерін айтып, жарты сағат сөз сөйледі. Әріптестері мен шаруашылық басшылары, көрші Үштөбе совхозының директоры, кейіншелік Тамды ауданының әкімі болған, Жоғарғы Кеңеске депутат болып екі рет сайланған Әлменбет Назаровтар ақ тілектерін айтып, өміржолынан сыр шертті.

Әкем өз тарапынан кенже інім Бақтыбай мен келінім Манаттың үйлену тойын қосып, халыққа үлкен той жасады һәм көптің батасын алды. Үш күнге созылған көкпар мен бәйгеге облыстың Кенімық. Үшқұдық, Тамды аудандарына қоса көршілес жатқан Шымкент облысынан көкпаршы-шабандоздар, облыс, Республикадан құрметті қонақтар келді. Осы мерейтойда, дүниеге келгенде Жабай Балиманов атасындай атақты шопан болсын деп ырымдап есімін берген інім Жабайға шопандықтың ақ таяғын салтанатты түрде табыс етті. Одақ дәрежесіндегі зейнетке шыққан әкемнің ақ жолын Жабай мен келінім Анар жалғастырды. «Қойдың қоңырауын естімесем, ұйқтай алмаймын...», - деп отыратын әкем сонда да науқан кездерінде қойлы ауылға барып, көмектесіп, ақыл-кеңесін айтып отыратын. Ұзақ жылдар әкемнің көмекшісі болып келген ағам Ерғали мен Ұлжан жеңешем еншілерін сол кезде ғана алып, бөлек шаңырақ болды. Ағам бұдан әрі Самархандағы зооветеринариялық техникумды бітіріп, фермада веттехник, ферма басқарушысы қызметтерін атқарды. Әкеміздің Одақтағы және Өзбекстан Республикасындағы асқақ абыройының арқасында кенже ініміз Бақтыбай мектеп-итернатта оқып жүргенде арнайы жолдамамен артекке барып, сол кездегі Республиканың бірінші басшысы Шараф Рашидовтың қабылдауында болып қайтқан. Замананың өзгеруіне, уақыттың жылжуына орай ұлды – ұяға, қызды – қияға қондырған ата-анамыз бақытты және мән-мағыналы, адами қасиеттерінен айнымай өмір сүрді деп санаймын.

Көзі тірісінде осынау адал еңбегінің арқасында бірнеше шетелдерге мемлекет есебінен қыдырып қайтты. Ақсақалдың дәуірінде ауыл-елдің құрметті азаты, қадірлі қариясы болды. Ол кісіні совхоз басшылары құрметтеп, ақыл-кеңестерін алып тұратын. Бұл жайында кезінде жас басшылар болған Манай Сатанов пен Сапарбай Ізтелеуов ағаларымыз майын тамыза әңгімелеп бере алады. Сапарбай ағаның әкесі Жайлау әкемізбен қатты дос болып, қартайған шақтарында көп күндерін өзара әңгіме-дүкенмен өткеретін. Кезінде жұмысшылар ұйымының төрағасы болған, зейнетке шыққасын дін жолына бет бұрған, діни сауаты мол Жайлау Ізтелеуұлы екеуіне ауылдың ардагерлері ретінде басшылар көп кеңес сұрап келетініне куә болғанмын.

1992-жылы М.Сатанов қымметтен босаған соң Елібай Қанатов ұжымшарға басқармалық етті. Бұл кезде Тәуелсіздіктің арқасында Калинин атындағы колхоз атауы өзгеріп, көпшіліктің таңдауымен «Бірлік» ұжымшары болып өзгерді. Жалпы, Өзбекстанда егемендіктің алғашқы күнінен бастап-ақ кеңес кезеңіннен мұраға қалған, сол кезді еске түсіретін атаулар жаппай өзгертіле бастады және бұрынғы атаулары қайтарылды немесе жаңа дәуірге лайықты атаулар қолданыла бастады. Тіл мйселесіне де қатты көңіл бөлініп, мемлекеттік тіл тек өзбек тілі болып есептелді. Елібай ағамыз бірнеше жылдан соң кенеттен дүниедін өтті. Оның орына шаруашылықтың бас экономисі болып қызмет етіп келген немере інім Молдағали келіп, біраз уақыт басқарма болды. Одан кейін жас маман Сапарбай Ізтелеуов сайланды. Аудандық атқару комитетінде жауапты қызметтер атқарып, шаруашылықтан хабары аз оған әуелгі кезде күдікіпен қараған адамдардың қарасы көп болағаны рас. Оның елді дұрыс басқаруында көп жылдар бойы совхозда кәсіподақ комитетінде қызмет еткен, шаруаның жай-жағдайын бір кісідей білетін әкесі Жайлау атамыздың ақыл-кеңесі мен көмегі көп болды. Ұлы басқама орындығына отырысымен, ауылдағы қой бағып, зейнетке шыққан шаруагерлерді үйіне қонақ шақырып, қойын сойып, алдарына ас тартқан Жәкең баласы Сапарбайға олардың ақыл-кеңестерінің қажет екенін, жас басшыға дұрыс көзбен қарауын, шаруашылық жұмыстарына бағыт-бағдар беріп отыруларын өтінеді. Осы ақсақалдардың арасында әкем де болған. Бұрыннан дос болып келген әкеме Жайлау құрдасы жеке өтініш жасап, қазақстандық таныстарынан жайылымдық жер, құдық әперуге көмек беруін бұйымтай етеді. Әкем бұл жағынан да, шаруашылық жайынан да көмегін аямаған. С.Ізтелеуовтің басшылық еткен жылдары жерге шөп молынан шығып, шаруаның жайы біраз оңалып қалған кез болып есте қалды.

Ел-жұрттың алдындағы абырой-беделіне қоса әкемнің адамдарға жасаған көмегін, жақсылығын, қамқорлығын һәм жомарттығын жұрт жақсы біледі. Соның бірнешеуін айта кетейін: Немере жиендері – Дәуірхан, Игілік пен Жұмабайларды өздеріне көмекші етіп ұстаған әкем мен Спан көкемнің осы жетім балаларды бөлек шаңырақ етудегі еңбектері ерен. Әкемнің өзі оларға қалыңдық таңдап, құда түсіп, қалыңмалын төлесіп, үйлендірді және бөлек отау етіп шығарды. Бұны Дәуірхан ағамыз әлі күнге шейін жүрген жерінде айтып отырады...

1978-жылғы тамыз айында біздің үйге түр-түсі бөтен, өзге ұлттың өкілі екендігі реңінен байқалатын бір кісі «Ассалауғаәлейкүм!» деп кіріп келді. Жаңа ғана совхоз орталығынан келген машинадан түссе керек. Әкем ә дегенде танымаған сынайда отырды. Сәл солғындау амандасқанын байқады ма, құдайы қонақ өзін таныстыра бастады. Айтуынша, сонау 1958-жылы әкеммен жаз жайлауда көрші отырып, қой баққан түркмен азаматы екен. Көрші ретінде дастарқандас, дәмтүздас болыпты. Күзге қарай көшіп кеткен ол кейіншелік қойын тапсырып, бағбаншылыққа өтіп, отбасын асыраған көрінеді. Жуықта ғана үй-орманы, бала-шағасы, бау-бақшасы түгел өртеніп кетіп, қу қарақан басы қалғанға ұқсайды. Әкем туралы газет-журналдардан оқып, теледидардан көріп жүретін ол кісі дымсыз қалғандықтан кісіге алақан жаюды ар санап, бір кездегі дәмтүздас болған замандасы, әкемнен қарызға қаражат сұрай келгенін баяндады. 500 сом берсе, шаруашылығын қайта жандандырып, тірлігін қайта бастауға ниетті екенін, есін жиғаннан кейін ақшаны қайтаратынын жеткізді. Ұзағырақ ойланып отырған әкем бір жігітті шақырып алып, қорадағы қойдың бірін союға бұйырды да, мені ауылдың үлкен кісілерін, ферманың мамандарын және Әтем, Ахмет атамдарды шақырып келуге жұмсады. Ұзамай үйге енген кісілерге мән-жайды түсіндіріп, көмек сұрай келген кісіге өз атынан 500 сомды қарызсыз, жәрдем ретінде беретінін, олардың да садақа ретінде көмектескісі келсе, тиын-тебен қосуға болатынын айтты. Әкемнің сөзіне сол кездегі ауылдың зоотехнигі, марқұм Қали Байназаров араласты. Жөн-жосықты жақсы білетін, ақындық қасиеті бар Қалекең әкемнің шешімін қолдайтынын, осынау көмектің Пайғамбарымыз өсиет еткен садақаның үлкен түріне жататынын отырғандарға тәптіштеп түсіндірді. Әкем екеуінің бұл сөздеріне қарсы болып, өзге уәж айтқан ешкім болмады. Қонағасы желініп болғасын жиылғандар үйлеріне тарап, біраздан соң әркім хал-қадерінше 20-30 сомнан жинап, 500 сомға толтырып беріп жіберіпті. Сөйтіп, бір науқанда көрші отырған, бүгін қиын ахуалға түскен адамға әкем мен ауыл адамдары мың сомды жинап беріп, қол ұштарың берген еді...

Әкемнің ең бір жақсы және жағымды қасиетінің бірі – оның көпшілдігі, кісіні жатырқамайтыны, кез-келген адаммен тез тіл табысып кететіні, адамды бөліп-жармайтыны, ұлтына қарап ажыратып жатпайтыны және мәмілегерлігі еді. Өзімізге қарасты әуелеттің көбінің құдалығында әкем жүретін және ол жұмысты тап-тұйнақтай етіп бітіріп қайтатын. Әкемнің арқасында бізде өзбектен де, орыстан да, қазақтан да өкіл бауырларымыз болды. Түпкі тегі тамадан тарайтын Науаи шаһарының маңындағы нарпайлық Бердіқұл, Аманқұл, Қуандық деген өзбектермен жамбасы жерге тигенше ағайын болып, араласып тұрды. Қарабек бабамыздың көзін көріп, аталары бірге көкпар шапқан ғыждуандық Жандас (Яндош) мен үйленгенде тойыма келіп, Ғыждуан шаһарына өзімен бірге келіншегіміз екеумізді ала кеткені бар. Әкесі мен атасы Сексен, Токсан деген кісілермен атамыз Қарабек бірге көкпар шауып, дос болған екен. Жандас ағамыздың бар мақсаты – атамның ат байлаған қазығын, ат суарған және жем жеген науаларын, ер-тұрманы мен ат әбзелдері қыстырыған қадасын көрсетіп, атамыздың ізі қалған қоражайға

бізді кіргізіп, тәуеттіру екенін оның үйінде болғанда білдік. Аталарға болған сансыз құрметі болар, біз – жас жұбайларға қойын сойып, шексіз құрметін көрсетті. біздер келіншегіміз екеуміз бабамыздың із табы қалған қорадағы жәдігерлерге тәуеттік. Зарафшан қаласында тұрған Анатолий (әкем Төлік дейтін) Истомин қазір Новосибирск қаласына көшіп кеткенімен, осы күнге дейін хабарласып, барыс-келіс қылып тұратын ағамыздай болып кеткен керемет жан. Ол жаққа ағам Ерғали мен інім Уәли екеуі біраз жыл бұрын қыдырып барып қайтқан. Кейін Анатолий ұлымен екеуі біздің қалаға келіп, құрметті қонағымыз болды. Бүгінгі таңда Өзбекстанның Жыззақ облысы, Фарыш ауданында тұратын, Қарабек атамызбен бірге көкпар шапқан кісінің баласы Келдібек шабандозбен де бұдан отыз жылдай бұрын, әкемнің көзі тірісінде жақын араласқанбыз. Сол жоғалтып алған алған ағамызбен биыл аяқ астынан қайта табыстық. «Әкең өлсе де, әкеңнің көзін көрген өлмесін», - деген қанатты сөз осыдан қалса керек. Кезінде әкемнің талай жақсылылық, шарапатын көрген жандар ешқашан әкемді ұмытпайды.

Ағам Ерғали арқылы сонау жетпісінші жылдардың басында танысып, кейіншелік әкеме өкіл іні, бізге аға болған, жарты ғасырға ұласқан туысқандық Түркістан облысы, Отырар ауданына қарасты Балтакөл ауылында тұратын Оразбек Ахылгелдиевке қарасты әулетпен жалғасып келеді. Орта жүздің қоңырат руынан тарап, оның ішінде Құрбан ата-әулие аталығына кіретін Ырыскелді және Ахылгелді ұрпақтарымен осы күнге шейін қуаныш-той, қайғы-мұңымызға ортақтасып, аралас-құраластығымыз ажыралмай келеді. Қазақта «Өкілдіктің жолы ауыр, оны ұстай алмаған өкілдіктен аулақ жүруі керек» деген даналық бар. Сонау 1973-жылы әкеміз бен Оразбек ағамыз өкілдік жолында бәтуаласқанда осы жағына аса мән берсе керек, ауыр жолды тартынбастан таңдапты және сол жолдан танбай келді. Қасиетті Түркістанға жол алғанда онда жақын туыстарымыз бар деп сапар шегеміз. Сыр бойындағы орналасқан Балтагөл ауылына бала кезден барып, Сырдария суына шомылып, бауыр басып қалғандығымыз да әкем мен Оразбек ағамыздың арқасы. Сексеннен асқан Орекең мен Тазакүл жеңгем әлі де тың, қуатты. Балаларының көбісі Түркістан шаһарында тұрады. Он үш бала – Рысалды, Арын, Сүндет, Раушан, Райхан, Нұршатай, Роза, Өмірбек, Арғын, Қабыл, Досхана, Айгүл, Мейірбек секілді ұл-қыздарды тәрбиелеп-өсірген. Бұл әулеттің, ағайын-тйыс, құда-жекжаттарының бәрімен нағыз туыстарша қарым-қатынас жасап тұрамыз. Ұлдың тұңғышы Арын бауырым әрі досым өмірден ертерек кеткені өкінішті. Әулеттің әулиесіндей болған Оразбек көкемнің өзінен тараған тұңғышы Рысалдыдан бастап (өмірсерігі Досым жездем), Сүндет қостап, ұлы-қызының барлығы да еншісі бөлек обасылар болса да, бүгінге дейін үлкендердің аузына қарап, сол кісілермен келісе отырып іс қылатындары кімді де болса қайран қалдырады, ризалық көңілмен қараймыз. Орекеңнің туған ағасы Нысанбектен – Оралбек, Құралбек, Алтынқыз, Оразгүлдер де осы аймақта тіршілік етеді. Арқабай қазіргі таңда Алматы қаласында тұрады. Ахылгелдіден тараған ұрпақ бүгінде бір рулы елге айналды деуге болады.

Жасынан жетімшілік пен жоқшылықтың зардабын, қиындығын, азабын бір кісідей тартқан, Қарабек бабамыздан қалған бес жетімнен тараған ұрпақ бүгінде бірқауым, рулы елге айналды Құдайға шүкір! Елмұрат атамнан жалғыз ұл – Жолдасбай ағамыз да өмірден өтіп кетті. Одан екі ұл, Таңбай мен Жалғасбай және Гүлбаһарам, Базаркүл, Нұргүл, Жаңыл, Үміт, Болған және Гүлбаршын есімді қыздар қалды. Спан көкемнен Гүлістан, Молдағали, Әжіғали, Абай, Жұмағали, Келдібай, Бауыржан, Қамар және Жарбол секілді тоғыз ұл-қыз Қарағанды облысының айналасында өмір сүруде. Молдағали Ташкенттегі ауылшаруашылығы институтын бітіріп, ұзақ жылдар шаруашылықта бас экономист, шаруашылық басшысы секілді лауазымды қызметтер атқарды. Аудан көлеміне танымал азамат болды. Алмагүл апам мен Құдайберген жездемнен қалған жалғыз ұл Тәңірбергеннен өрбіген ұрпақ та қазірде жетілген әулетке айналды. Құттыгүл апам мен Рахып жездемнен Қалмырза және Жанкүл есімді ұл-қыздар қалды. Олар Өзбекстанның Керегетау аулында жасайды. Біз ата-анадан жеті ұл-қыз – Ерғали, Күланда, Күнімкүл (Гүлім), мен – Нұрғали, Гүлбаһар, Жабай және Бақтыбай. Менің алдымдағы Даулыбай есімді ұл он айлығында көз тиіп, шетінеп кетіпті. Әкем туралы айта беретін әңгіме де, оқиға да жетіп артылады. Менің әңгімелегенім соның бір пұшпағы ғана.

Осынау ең сүйікті жандарымнан тағылым-тәрбие алған мен халқадерімше елге сыйлы, өлең-жырға құмар, жазуға бейім журналист болып жетілдім. Қазақтың бір азаматы ретінде отбасылы, бала-шағалы кісі болып қатарға қосылдым. Үш ұлым мен қызымды өсіріп, құда-андалы болдым және өрісім кеңейді. Үш ұлдан жақын болған құдаларамның бәрімен сыйлас, тілеулес һәм ниеттес, туысымдай араласамын. Тұңғышым – Елдархандағы келінім – Фатима мейірбике. Құдам Жұбай елде де, осы қалада да танымал оқытушы. Құдағиым Халбике үлкен шаңырақтың ұйтқысы, жеке кәсіпкерлікпен айналысады. Ортаншы балам – Дарханның қайын жұрты бұрыннан таныс-біліс жандар. Құдам Шарақұлмен Тамдыда тұғанда жақсы араласқамын. Өкінішке қарай, құдам дүниеден тым ерте өтіп кетті. Құдағиым Зылиха өзімнің нағашы жұртым, жұбайымның сыныптасы болған соң, құрдай араласқан ең жақын жұртпыз. Римам өзіммен әріптес, жуналистік мамандықтың иесі. Қолдағы кенже ұл Ғабит болса, талай жылдық құдайы көршім, ішкі істер саласының ардагері, басшылық қызметтерде қызмет еткен Нұржанның қызы Анельге (қаржы саласының маманы) үйленіп, шаңырағымның түтінін түтетіп отыр. Нұржан да ауылдық жерде туып-өскен, қазақи мінез қанында бар, ұлттық құндылықтарды бағалай білетін, әңгімелесуге тақырып табылатын азамат. Бір түйір қызғалдақ қызым Фариза ұл мен қызына қоса жиырмашақты бүлдіршінді тәрбиелеп отырған балабақша қызметкері. Құдайға шүкір, бүгінде осы ұрпақтарымнан 8-9 немеренің қызығын көріп отырған бақытты атаның бірімін.

P.S: Қарабектен тарайтын ұрпақтың өміртарихы туралы шежіре-кітаптың жарыққа шығуы алдағы күндердің еншісінде. Бұған мақсат та, әрекет те бар. Мен тараптан жазыла жатыр...

БАУКЕҢ ТАМДЫДА БОЛҒАН

Тұнып тұрған сырға толы Тамдыбұлақтың тарихы туралы қазақстандықтар енді ғана там-тұмдап біліп келеді. Ежелден Тауелібай аталған бұл өңір тарих сахнасында күні кешегі қазан төңкерісіне шейін әуелі Ақтөбе өңіріне қарап келіп, кейіншелік Қарақалпақстанның қарамағына өткен. Қарақалпақстан ол кезде Қызылорда аймағына қараған. КСРО билік еткен тұста жердің шалғайлығы мен қатынастың қиындығына байланысты Бухара облысына басыбайлы беріле салған. Одан кейінгі дәуір бәріміздің көз алдымызда өтіп, Тамды ауданы Өзбекстанның еншісінде қалып кете барды. Дегенмен кеңестік саясат пен идеологияның арқасында кеңестік Қазақстанмен мәдени-әдеби байланыс үзіле қоймағандықтан, ақын-жазушылар, өнер қайраткерлері мен әртістік топтар, жыршы-термешілер ара суытпай барып тұрғаны және қазақстандық баспасөзден тапшылық көрмегені шындық. Кітапханалар сөрелері қазақ ақын-жазушыларының шығармалары жазылған кітаптардан қайысып тұратын. Біз солардан сусындап өстік. Сол кездегі астана – Алматы мен өзге де үлкен қалалардағы жоғарғы һәм арнаулы оқу орындарында жастарымыз оқып, мамандық алып отырды. Тамды және Үшкұдық ауданындарының шалғайда қоныстанған қойшылары Қызылорда, сол кездегі Шымкент облыстарының шекарасына жақын қоныстанғандықтан, аталған аймақтардың шаруашылықтарымен, қойшыларымен біте-қайнаса аралысып отырғанына өзіміз де куәміз. Яғни, тамдылықтар тарихи Отандарының кит еткен жаңалық-хабарларынан ешқашан қалыс қалмаған, бірге демалып отырған.

Тамды тарихындағы өшпестей ел есінде қалған екі оқиғаны жұрт осы күнге дейін аңыздай етіп ауыздан тастамай айтып келеді. Оның біріншісі – қазақ вальсінің королі атанған Шәмші Қалдаяқовтың Тамды топырағында болып, бүгінде ән жұлдызына айналған «Тамды аруы» әнінің шығу тарихы болса, екіншісі – қазақтың жиырмасыншы ғасырдағы дара туған батыр ұлы – Бауыржан Момышұлының арнайы сапары. Бұлардан басқа белгілі қазақ қаламгерлерінен Сырбай Муәленов, Қадыр Мырза Әлі, Сәуірбек Бақбергенов, Кеңшілік Мырзабеков, Свет Оразаев, Мейірхан Ақдәулетов, Ахас Тужуитов т.б. сыйлы қонақтармен қатар қазіргі эстраданың жарық жұлдызы Мақпал Жүнісова «Гүлдер» ансамблінің құрамында, басқа да көптеген өнер және сахналық топтар қызылқұм өңіріндегі өнерсүйер қауыммен қауышып отырғанын білеміз. Алайда, Баукеңнің арнайы сапарының орны тамдылықтар үшін ерекше болатын.

1976-жылғы сәуірдің соңғы күндерінде «Ауылға Бауыржан Момышұлы келіпті» деген хабар құлағымызға жеткенде сегінші сыныпты бітіргелі отырған біздер де елең ете қалдық. Жалпақ әлемге танымал, аты аңызға айналған батыр, А.Бектің батыр туралы жазған «Волоколамск тас жолы» шығармасы және өзінің кітаптарымен таныс тұлғаның бізге ат басын бұруы шынымен де ғажайып оқиға болған еді. Біз оқитын шопан балаларына арналған мектеп-интернат ұжымы да қарбаласып жатты. Шамасы бізде де кездесу болуы ықтимал еді. Оқу жылының аяғы әрі мамыр мерекесі таяп қалғандықтан, біз – бітіруші сыныптың оқушылары кездесуге арналған дайындыққа кірісіп кеттік. Өлең, тақпақ жаттап, киім үлгілерімізді реттеп әбігерге түскенбіз. Алайда, батырмен кездесу аудан орталығындағы Ұлы Отан соғысы құрбандарына арналып салынға ескерткіш алаңда, аудан халқы мен мектеп оқушыларының қатысуымен өтті. Ауданның ығай мен сығайларының ортасында, қасына өзімен ере келген бірер кісісі бар, басына түлкі тымақ пен үстіне шапан киіп келген Баукең мінберге шығып, естелік әңгімесін шертті. Бірнеше сағатқа созылған кездесуде біздер тарапынан тақпақ, өлеңдер оқылып, өнер көрсетілді. Бірақ, аңыз-адаммен болған кездесуге біздің мейіріміз қанбай қалғаны рас. Біздің ауылдан шыққан, демалыстарда үйіне барып тұратын дәрігер әрі құдамыз Әлмахан Сапарбаевтың үйіне Баукең қонады екен дегенді есітіп, батыр атамызды жақыннан көру және әңгімесін тыңдау үшін келесі күні жатағымызға жақын болғандықтан, сонда бардық. Сегіз қанат киіз үйдің іші лық толы болғандықтан, онда бас сұғу мүмкін емес еді. Сондықтан киізі түрүлі іргеден сығалап қарауға тура келді. Өлекеңнің әкесі Жұманазар атамызбен екеуі төрге жайғасып, кезектесе әңгіме тиегін ақтарып отырды. Бұл жерде Баукең көбірек сауал беріп, осы елдің жай-күйіне, тұрмыс-тіршілігіне көбірек көңіл бөліп, молырақ мағлұмат алуға қызығушылық танытып отырған сыңайлы. Сыйлы қонақтарға кешкі сыбаға келгенше сол жерде талай әңгіме мен тарихты тыңдадық.

Араға он бір жыл салып, Алматы қаласындағы сол кезегі Киров атындағы ҚазМҰУ-нің журналистика факультетіне оқуға түсу маңдайыма жазылды. Бала кезден армандаған мамандығымда қызмет ете жүріп, мамандық бойынша сырттай оқуға қолым жетті. Міне, осы жерде баяғы Баукеңнің Тамдыға сапарында қасында болған кісінің бірімен жолығудың сәті түсті. Ол – бізге дәріс беретін ұстаз әрі жазушы, бауыржантанушы Мамытбек Қалдыбаев еді. Менің Тамдыдан екенімді білген Мәкең өзінің Баукеңмен бірге ол жақта болғанын, Тауелібай өңірі

туралы жақсы білетінін атты. Мамытбек ағадан өзінің батырдың бір баласындай болып қолында өскенін, тәлім-тәрбиесін алғанын білдік. Сөз арасында одан Баукеңнің Тамды сапарына кімнің себепші болғанын да сұрадық. Аталған сапар жайында ешкімнен тұшымды әңгіме естімеген бізге бұл қызықты еді. Себебі даңқы әлемге жайылған тау тұлғаның кез-келгеннің шақыруымен ел аралап кете бермейтіні тағы белгілі. Тамдыға облыс немесе аудан басшылығы тарапынан да ресми шақырту болмаған. Сондықтан Момышұлы секілді батырды Қазақстаннан тым жырақта жатқан біздің елге сапар шегуге көндірген адамның еңбегін еске алуды жөн санадық. Мәкеннің айтуына қарағанда, батырдың Тауелібайға баруына біздің тамдылық Ахметов Энгельс ағамыз түрткі болған екен. Осынау тарихи оқиға жайында теміртаулық Құманғали Атамқұлов та естелік әңгіме жазыпты. Мамытбек ағаның айтқандарымен аздаған сәйкессіздігі болмаса, негізінен Баукеңнің біздің елге баруында Энгельс ағамыздың үлкен еңбегі болғандығын айта жүруге тиіспіз. Ал, Баукеңнің Тамды туралы берген бағасы өз алдына. «Қазақ құрып кетті ме деп ойлайтын едім. Мына қызылқұмның арасында қаймағы бұзылмаған, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын қалпын бұзбай сақтаған, жастары үлкеніне бағынып, сөзін жерге тастамай тыңдаған, тілі таза елім әлі бар екен ғой. Осыны көрген мен енді армансызбын! Сендер аман болсаңдар, қазақ әлі қалпына қайта келер...» деген мағынадағы сөзі «Жас алаш» газетінің бұрынырақтағы бір нөмірінде жарияланған еді. Мамытбек Қалдыбаев ағамыз да осы сапар жайлы естеліктерді өзінің шығармаларына арқау еткен. Баукеңмен кездейсоқ танысып, екеуінің әңгімелері жарасып, Энгельс ағаның шақыртуын қабыл алуы батырдың да қарапайымдылығын, қазақ халқын жанындай сүйетіндігін, болашағына алаңдайтынын көрсетпей ме?! Ел аузында батырдың қайтар кезіндегі айтқан бір сөзі аңыз болып қалған: осы сапарынан қайтар сәтінде батыр елмен қоштаса тұрып, «Сұрайтын қандай бұйымтайларың бар?» депті. Сонда ақсақалдардың бірі: «Қонаевқа сәлем айтыңыз, бізді Қазақстанның құрамына қайтып алсын...», деген көрінеді. Баукең: «Айтпаймын, сендер осы саф қалыптарыңда қалыңдар, ол жаққа өтсеңдер, сендер де шүршітке айналасыңдар. Нағыз қазақ болашақ ұрпақ үшін керек...» деген екен дейді. Баукең батыр ғана емес, алысты болжайтын көріпкел де болып тұр ғой сонда. Қаймағы бұзылмай сақталған қазақтың шалабын шайқалтқысы келмегені ғой. Айтпағымыз, ұрпақтар біле жүрсін деген мақсат.

САЙЛАУ ҚАЖЫ ЖАЙЛЫ ҮЗІК СЫР

(өмірдеректік очерк)

«Егемен Қазақстан» республикалық газетінде жарияланған ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласының бір тармағында елбасы былай деп атап көрсеткен болатын: «Үшінші, жергілікті билік «Туған жер» бағдарламасын жинақылықпен және жүйелілікпен қолға алуға тиіс. Бұл жұмысты өз бетімен жіберуге болмайды, мұқият ойластырып, халыққа дұрыс түсіндіру қажет. Туған жеріне көмек жасаған жандарды қолдап-құрметтеудің түрлі жолдарын табу керек. Бұл жерде де көп жұмыс бар». Яғни, әрбір қазақстандық азамат қай салада қызмет жасамасын, еңбек етпесін, туған жері үшін еселі еңбегі және қажырлы қызметімен елі мен жерінің, өзі тұрып жатқан мекенінің дамуына, өркендеуіне және гүлденуіне үлес қосуы тиіс. Бұндай жандар біздің жасап жатқан жұмақ-мекеніміз – Приозерск қаласында да жетерлік. Зейнетке шықса да жеке кәсіпкерлікпен айналысып, халқына да, мемлекетіміздің дамуына да өзінің сүбелі үлесін қосып жүрген ардагер азаматтың бірі қалада нотариус болып жұмыс жасайтын, бұрынғы заң саласының сақа қызметкері Сайлау қажы Смағұлұлы Қарабеков десек, артық айтқандық болмас. Ендеше, осы кісінің басып өткен өмір жолына үңіліп көрелік...

Қарағанды облысы Жаңаарқа ауданынына қарасты Ақтау совхозының Айшырақ деп аталатын жерінде 1955-жылы 1-қаңтарда дүниеге келген Сайлау Смағұлұлы қарапайым еңбек адамы – қойшы отбасында өсіп-жетілді. Жұмыстың қай түрін болса да талғамайтын әкесі мен анасы балаларын да еңбекқор, адал, мейрімді, көпшіл, иманды етіп тәрбиелеуге тырысты. Адал еңбектің арқасында абыройын арттырған әке, ел-жұртының арасында құрмет пен сыйға бөленген, ұлтының салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын ұстанған, дініне берік жан болған. Дін десе қаһарын шашып тұратын кеңестік жүйенің қылышына ілініп кетпеу үшін жасырын түрде балаларына ұлттық құндылықтарын сіңіріп отырады. Соның арқасында ұрпақтары өздері қалағандай азаматтар болып жетілді. Смағұл атамыздың қой шаруашылығын өркендетудегі еселі еңбегі ескеріліп, «Еңбек ардагері» медалін иеленген және Қазақ КСР Жоғары Кеңесінің құрмет грамотасымен марапатталған. Жасына байланысты зейнеткерлікке шыққан шаруагер 1989-жылы дүниеден

оады. Смағұл атаның 1904-жылы дүниеге келген өмірлік жары Бәт Исақызы жұбайының сенімді серігі, қамқоршы-көмекшісі және балаларының аяулы анасы ретінде елі мен халқына қалтқысыз қызмет еткен жан. Көмекші шопан болып еңбек еткен Бәт әжеміз 1964-жылы зейнеткерлікке шыққан. Ұрпақтарынан немере, шөбере сүйіп, қызығын көрген аяулы ана бертінде, 2004-жылы дүниеден озыпты.

С.С.Қарабеков 1961-1969-жылдар аралығында Жаңаарқа ауданының Ортау совхозындағы сегізжылдық мектепті аяқтағасын 1969-1971-жылдары осы ауданның Атасу кентіндегі Н.К.Крупская атындағы орта мектепте орта білім алады. Мектепті тәмамдағасын еңбек жолын бастап кеткен ол әке соқпағымен жүріп, осы Ортау совхозында қойшы болып еңбекке араласқан. Бала кезден әкесіне көмек бере жүріп, қойшылықтың қыры мен сырын санасына тоқып алған Сәкең өзінің шаруашылықта да ешкімнен кем еместігін дәлелдей білген. Күш-қайраты бойында тасыған жалынды жас аз уақытта ауылдастары алдында абыройға қол жеткізе білді. Жұмыстың қандайынан болса да қайтпайтын жас жігіт кейіннен осы шаруашылықта тракторшы, жүргізуші болып жұмыс істеді. Бұл салада да өзінің еңбексүйгіштік қасиеті мен техниканы жетік меңгерген қарым-қабілетін көрсете білді. Ол кездің жастары кітапқұмар, газет-журналдарды үздей оқитын, білімге құмар жандар болғаны бізге бес саусақтай белгілі. Сәкең де саяси білімін жетілдіре жүріп, қоғамдық жұмыстарға белсене араласқан және ұйымдастыру қабілетінің арқасында комсомол ұйымын басқарады. Жастардың жетекшісі ретінде көптеген ісшаралар ұйымдастырып, замандастарын жақсылыққа, еңбекке, адалдыққа үндеді. Отан алдындағы борышын өтеу мақсатында 1973-1975-жылдары Кеңес Әскері қатарында қызмет етіп қайтқан. Еңбек ете жүріп, жоғарғы білім алуды жадынан шығармаған Сәкең 1975-1981-жылдар аралығында Алматы қаласындағы Киров атындағы (бүгінде Эль-Фараби) ұлттық мемлекеттік университеті заң факультетінің сыртқы бөлімінде оқып білім алған. Бұдан әрі Сайлау Смағұлұлының мағыналы ғұмыр жолының екінші кезеңі басталып кете барған.

1978-2002 жылдар аралығында еліміздің прокуратура органдарында қызмет атқарып, осы салаға елеулі еңбегін сіңірді. Қарағанды облысының Ақтоғай, Ақадыр аудандарының, Приозерск қаласының прокуроры және Балқаш табиғат қорғау прокуроры, Қарағанды облыстық прокуратурасы басқармасының аға прокуроры бола жүріп, қоғамдағы адам құқығын қорғау, заңдылықтың салтанат құруы жолында барынша тиынақты қызметтер жасады және еткен еңбектері уақтылы бағаланып отырды. Осы жылдар арасында комсомол және партия саласында жауапты қызметтер атқарды. Атап айтқанда 1980-1983- жылдыры Ақадыр аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы, 1984-1986-жылдары Жезқазған облыстық партия комитетінің нұсқаушысы болды. 2002-жылдың 7-мамырынан бастап «Қазақстан Республикасының еңбек туралы Заңының» 28-бабына сәйкес, көп жылдық сіңірген еңбегі үшін зейнеткерлікке шығып, 2003-жылғы 24-қаңтардан бергі кезеңнен бастап қазіргі уақытқа дейін Қарағанды облысы нотариалдық палатасының мүшесі, Приозерск қаласының жекеше нотариусы болып халыққа қызмет етіп келеді. Әділет кеңесшісі.

Сайлау ағаның қызмет бабындағы қол жеткізген жетістіктері мен марапаттарын есептейтін болсақ, бірнеше параққа жүк болардай. Дегенмен, оқырманға ұғымды болуы үшін мемлекет тарапынан алған марапаттарының бірнешеуін ұсынып көрелік: 1979-жылы «Жастар тәрбиесіндегі белсенді қызметі үшін», 1981-85жылдары Қазақстан ЛКЖО тарапынан жастар тәрбиесіндегі үлкен үлесі үшін Құрмет грамоталарымен марапатталған. Кеңестік кезеңде тамыр-таныстық жоқ, тек адал еңбегің үшін құрметке ие болатынсың. Сәкеңнің «Еңбек кітапшасының» марапаттар беттерінде дәл осындай марапаттардың тағы он төрті жазылып тұр. Оның бәрін тізбелеп жатуды артық көрдік. Жас кезінен-ақ ондаған марапаттар мен сыйлықтардың иегері болған Сәкең зейнетке шыққасын да назардан тыс қалмады. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасы нотариатының дамуы мен нығаюына қосқан үлесі үшін және нотариус мамандығының қоғамдағы маңыздылығы мен беделін арттыру мақсатында атқарған мінсіз көп жылдық еңбегі үшін және «Қазақстан заңгерлерінің одағы» республикалық қоғамдық бірлестігінің Қарағанды облыстық филиалының марапат грамоталарымен, Қарағанды облысының нотариаттық палатасының Құрмет грамотасымен және Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы Жезқазған аймақтық өкілеттігінің Алғыс хатымен марапатталған. Үстіміздегі жылы «Қазақстан Республикасы прокуратурасына 25 жыл» мерекелік медалін омырауына тағыпты. Еткен еңбек пен қызметтің ескерусіз қалмайтыны осы марапаттаулардан белгілі болса керек. Өзінің өмір жолындағы алған сый-құрметіне маңғазсымайтын қарапайым жанның өмір тарихы мен өмір жолындағы жеткен жетістіктері бір кітапқа жүк болардай. Өзі туралы осынау өмір деректік очеркті жазуға Сәкеңді бірнеше рет өтініш жасап, әрең көндірдік. Елбасының журналистер алдына қойған талаптарының бірі – «Туған жер»

айдарымен танымал тұлғалардың туған жері мен еліне жасаған өлшеусіз қызметін өскелең ұрпаққа үлгі-өнеге етіп көрсету болғандықтан, аталмыш очеркті жазуға бел будық. Сайлау Смағұлұлы Қарабековтың өмірі мен қызметі осы талаптың үдесінен шығатынына бек сенімдімін. Өмір жолына адалдық пен азаматтықты, иман мен парасаттылықты, мейрімділік пен қайырымдылықты шырақ етіп ұстаған жанның өмірі – өнеге, еңбегі – үлгі болары сөзсіз!..

Сайлау Смағұлұлының біраз жылдық ғұмыры қала тұрғындарының көз алдында өтіп келеді. Бұл кісімен мен де 2004-жылдан бері жақсы қарым-қатынаста араласып келемін және ұл-қыздарымен де жете таныспын. Үлкен шаңырақты айрандай ұйытып отырған асқар таудай әке мен жаны жайсаң жұбайы Дариға Жақсыбайқызы екеуі балаларына тағылымды тәрбие, тиянақты білім беруге тырысқан. Бухгалтерия саласында ұзақ жылдар қызмет атқарған Дариға апай қазір зейнеткерлікте. Сегіз баланың анасы болған «Алтын алқа» иегері, ардақты ана бүгінде немерелерінің қызығына бөленуде. Тұңғыш қызы Гүлнәр Қарағанды қаласындағы есеп-қаржы институтын бітірген, бүгінгі таңда жеке кәсіпкерлікпен айналысады. Ұлы Омар Қазақстан-Ресей университетінің заң факультетінде оқып, бітірген. Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің филология факультетінде білім алған Гүлмирасы қазір Қарағанды қаласында орта мектеп мұғалімі. Қарағанды Экономикалық университетін «Экономист» мамандығы бойынша тәмамдаған Индира болса «ҚТЖ» ҰК» АҚ-тың менеджері болып қызмет етіп жүр. Айнұры «Болашақ» Қарағанды университетін «Заңгер» мамандығы бойынша бітіріп, қазір сот саласында қызмет атқарады. Сандуғаш Қарағанды Экономикалық университетінің заң факультетін бітірген. Ұлдың кенжесі Ақжол ҚР ПМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды Заң академиясын аяқтап, осы күні Приозерск қаласы прокуратурасының аға прокуроры. Кенже қызы Қымбат «Болашақ» Қарағанды университетінің бітіргеннен соң кәсіпкерлікпен айналысуды жөн санапты.

Дала академиясының түлектері болып саналатын шопан әкеден ұлттық тағылым алып, тілі мен тілін санасына сіңіріп жетілген С.Смағұлұлы зейнетке шығысымен дінге ден қойып, мұсылмандыққа, имандылыққа бет бұрды. Құбылаға бас қойып, намазға жығылды. Исі мұсылманның бес парызын өтеуге кірісті. 2011-жылы қаламызда бірінші болып Мекке-Мәдинеге қажылыққа барып қайтқан алғашқы қажылардың бірі. Ұлық дінімізді үлгі тұтқан ұрпақтар қажы ағаларына қарап бой түзеуде. Жеке кәсіпкер және садақа беруді жөн көретін Пайғамбарымыз Мұхаммед с.а.ғ. үмбеті ретінде де қайырымдық жасауды азаматтық әрі мұсылмандық парызым деп біледі. Қала мешітінің қасынан асхана құрылысы басталар тұста қаладағы белгілі кәсіпкерлерді үндеп, басын біріктіріп, құрылыстың қарқынды жүруіне ықпал еткенін, асхана іргетасының қазығын қағып, алғашқы кірпішін қалағанын елдің бірі білсе, бірі білмейтін шығар. Қазірде тамырын тереңге жайған бәйтеректей жайқалып өскен үлкен отбасының бас иесі ғана емес, көптің ақсақалы – Сәкеңе мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр тілейміз!

АҢҚЫЛДАҒАН АДАЛ ДОС

«Кемшіліксіз дос іздеген адам, доссыз қалады», «Дұшпан күлдіріп айтады, дос жылатып айтады, «Доссыз адам тамыры жоқ ағашпен тең», «Білімдімен дос болсаң, Сасқанда ақылын айтар. Білімсізбен дос болсаң, Топ ішінде бетің қайтар», – дейтін халықтың даналық сөздерінің тереңіне үңілсең, асқан пәлсапалық мән-мағына жатыр десеңші. Қамшының сабындай қысқа өмірде өзін сеніп сырласатын, ой-пікір бөлісіп, ішкі сырынды ақтаратын дос-жолдасың болуды өзі бір арман, бір бақыт емес пе?! Адам баласының тіршілікте талай нәрседен таршылық көргенде ең әуелі жанына демеу болатын жан іздейтіні табиғи заңдылық. Ол – мүмкін, ағайын-туғаны, бәлкім, қасына жақын жүретін жора-жолдасы, немесе, сенім артып жүрген досы болуы әбден мүмкін. Ал, шынайы өмірде шынайы досты дәлдеп табу өте қиын мәселе деп ойлаймын. Азды-көпті осы өмірімде талай адаммен дос-жолдас болып үлгердім. Олардың арасында сатып кетпегеніммен, нағыз қиын-қыстау кезеңде жалт берген жандар табылғаны рас. Мен оған бола теріс айналмағаныммен, көңілімде дық, реніш, расын айтқанда сенімсіздік қалғанын адамның да, Алланың да алдында жасыра алмаймын. Бұндай іс-әрекеттен кейін өз басым ондай адамнан лажды барынша аулақ жүруге тырысамын. Кімнің қалай түсініп, қалай қабылдайтынында шаруам жоқ, өзімнің ұстанымым осындай...

Атам заманнан қалған қазқша атауы – Қоржынтүбек, кеңестік кезеңде таңылған атауы – Приозерск қаласы менің саналы өмірімнің бүгінге дейін ширек ғасыры өткен, маған және отбасым үшін құтты қоныс болған мекен. Осы қонысты менің тағдырыма жазған Жаратқан иеге үнемі айтар алғысым мен ризашылығым шексіз! 1995-жылдың жазында қалашықты өз көзіммен көріп, ел-жұртымен, тұрмыс-тіршілігімен танысқан соң, өмір-тіршілігім үшін осы жер қолайлы мекен

деп таңдағаным үшін ешқашан өкінген емеспін. Бұл жердің бір ерешелігі – кеңес үкіметі кезінде таза әскери қала болған қалашық одақ тарқаған соң Қазақстанның әрқилы аймағынан жиналған жұртқа қоныс болуы және тек орыс тілді тұрғындардың орнын өз қандастарымыздың басып, олардың басын бір шаңырақтың астында қосуы. Жазмыштың да ісі болар, осы шағын қалашықта мен талай достар тауып, өсіп-өркендедім, қиын да, қызықты дәуренім өтті. Осы тұста, өткен шаққа бір сәт шегініс жасап көрелік...

1995-жылдың қараша айында жаңа әрі бейтаныс аймаққа отбасыммен көшіп келіп, әуелі жатақханаға орналастым. Алдыбұрын алып кеткен үш бөлмелі пәтерімнің кем-кетігі болғандықтан, соны жөндеп-жасқап алуды жөн санап, біраз күн осында тұруға тура келді. Мектеп-интернатта бірге оқыған сыныптасым Саяділ Әбдікәрімов марқұмды араға ұзақ жылдар салып, осы қалада жолықтырудың да сәті осы кезде түсті. Оның ветеринария саласы бойынша мамандығы болғандықтан, қала базарына санитар-мал дәрігері болып орналасуға мүмкіндігі болды. Қазақстанның әр қиырынан бас қосып, осы жерді мекен еткісі келіп көшіп келген елдің арасынан жаныңа жақын тұтатын, сені түсініп, ой бөлісетін адамды танып, таңдау да өзіңе байланысты. Интернаттың қара нанын бөліп жескен досым Саяділмен және ауылдан көшіп келген жігіттермен бірге оның жұмыс орнында оқта-текте бас қосып, болашақ өміріміз бен жоспарларымыз туралы пікірлесіп тұратынымыз бар еді. Әңгімеміз жаңа қонысқа жерлестеріміздің сіңісіп кетуі, олардың әлеуметтік жағдайының оңалуы, құжаттарының тезірек рәсімделіп, тіркеуге тұруы т.б. мәселелері жайында өрбитін. Ақыл-кеңес сұрап келіп тұратын адамдардың қарасы жетерлік. Мен ол кезде қалалық әкімдікте заңгер болып қызмет атқарамын. Ауыл адамдары әкімдікке барып сөйлескеннен көрі, осы жерді қолай көреді. Бұл жерді өз ауылындай көретін секілді...

Осындай күндердің бірінде осы жерге қалалық базардың бастығы Жәли Әбдімүтәліповпен бірге өзіміз қатарлы бір жігіт кіріп келді. Орта бойлы, талпақ денелі, қараторы жігіттің аузын ашса, жүрегі көрінетін, ақкөңіл, жайдары, кісіні жатсынбайтын, ойын ашық және жасырмай айтатын мінезі мұнда отырғандырды бірден баурап алды. Даудырлап, өзін таныстырып, өзгелерден сұрастырып, бұйығы мінезді Жәли ағамыздың алдын орап кетті. Өзін «Дулатпын» деп таныстырған құрдасымыздың мамандығы құрылыс маманы және заңгер болғанымен, көбіне комсомол қызметінде, журналистика саласында қызмет еткендігін есітіп, өзіме әріптес болып шыққанына мен де қуанып қалдым. Ел-жұртпен жұмыс істегені жатырқаушылықты білмейтін қасиетінен аңғарылып қалды. Жерлестеріміз де оның көптеген кеңесі мен көмегін алып жүрді. Жұртты жеріне қарай бөліп-жармайтын көпшілдік қасиеті әрбір жанды өзіне тартып тұратын. Осылайша, Дулат Орынбасарұлымен таныстығымыз басталып жүре берген. Сол кезде құрылыс-жөндеу учаскесінде басшылық қызметтердің бірін атқарып жүрген Дулатпен одан кейінгі таныстығымыз достыққа ұласты. Оның отбасымен жақын араласып, дастарқанынан дәм тату бұйырды. Жұбайы Мейрамкүлмен бір мекемеде қызмет жасап, одан әрі аралас-құраластығымыз арта түсті. Газетте, оның ішінде жауапты хатшылық қызметте істеген екеуміздің ортақ әңгімемізге әрдайым тақырып табылатын. Қоғамдағы болып жатқан жаңалықтар мен өзгерістер, тарих, руханият, әдебиет пен мәдениет, әлемдегі болып жатқан жағдаяттар мен оқиғалар жөнінде пікірталастар да біздің ортақ әңгіме-дүкенімізден тыс қалмайтын. Уақыт озып, жылдар жылжығанымен, бас қосу мен сұқбаттасуға себеп табылатын. Жан-дүниесі жақын адамдар бір-бірінен алыстап кете алмайтынын өзіміз де білетінбіз. Оның қызы Еркеназым мен менің ұлым Дархан бір сыныпта оқыды. Анда-санда солардың сыныбындағы ата-аналар жиналысында кездесіп қаламыз. Кейде қызмет бабымен бас қосамыз.

Өмір-тіршіліктің қалыпты қозғалысы бізді де әр салада сынаққа салып байқады. Ол да, мен де әр салада қызмет тетігінің басын шалып көрдік. Зырлаған уақыттың тегеурінімен жасымыз ұлғайып, балаларымыз да өсіп-жетілді. «Нұр Отан» партиясының Приозерск қалалық филиалы төрағасының бірінші орынбасары қызметінде бірнеше жыл қызмет атқарған менен соң ол да осы қызметтің тұтқасынан ұстады һәм осы жерде тұрақтап қалды. Мен де өзімнің журналистикадағы негізгі мамандығама қайта келдім. Алайда, арамыздағы сыйластық, қарым-қатынас, дос-жолдастық байланыстың тіні үзіліп қалмады. Арамыз суымай, кездесіп, сөйлесіп, пікірлесіп тұруға уақыт та, себеп те табылатын. Қуанышымыз бен қайғымызға ортақтасып тұрамыз. Осы жерде Дулат досымның өміртарихына қысқаша тоқтала кетейін...

Дулат Орынбасарұлы Дүйсембаев Қарағанды облысының Ағадыр станциясында 1961-жылдың 21-наурызында дүниеге келген. Сол жердегі жалпы білім беретін орта мектепті бітіргеннен кейін, 1979-1981-жылдар аралығында Кеңес Армиясы қатарында Отан алдындағы әскери борышын өтейді. Инженер-құрылысшы, заңгер мамандықтары бойынша екі жоғары оқу орнынан бітірген.

1983-жылы Жезқазған облысы, Ағадыр ауданы, «Ортау» совхозында, одан кейін Ағадыр аудандық комсомол комитетінде комсомол қызметтерімен айналысқан. Аудандық «Ағадыр таңы» газетінде тілші, жауапты хатшының орынбасары болып істейді. 1990-жылдың 5-қыркүйегінен бастап Жезқазған облысы, Ағадыр аудандық № 103 ЖМК-да инженер-жабдықтаушы, әрі қарай Ағадыр аудандық әкімдігі ұйымдастыру бөлімінің аудармашы-меңгерушісі болып жұмыс атқарады. 1994-жылдың 13-тамызынан 1996-жылдың 7-қаңтарына дейін Ағадыр ауданында жеке кәсіпкер, 1996-жылдың қаңтар айында Приозерск қаласына көшіп келді. 1996-жылдың 1-қазанына дейін қалалық мұрағаттың мұрағатшысы, 1996-жылдың 2-қазанынан № 2 құрылыс-жөндеу басқармасында ӨТБ инженері, прораб, учаске бастығы және басқарма директорының орынбасары, Приозерск қалалық әкімдігінің құрылыс бөлімінде бас маман лауазымында қызмет істеді. 1997-жылдың 1-қыркүйегінен 1998-жылдың 3-наурызы аралығында Қарағанды облысы, Приозерск қалалық әкімдігінің құрылыс бөлімінде бас маман, 1998-жылдың 5-наурызынан бастап жеке кәсіпкерлікпен айналысты. 2006-жылдың 3-қарашасында «Нұр Отан» ХДП мүшелігіне қабылданып, 2007-жылдың 6-ақпанынан бүгінгі күнге дейін «Нұр Отан» партиясы Қарағанды облысы, Приозерск қалалық филиалы төрағасының бірінші орынбасары қызметінде. Приозерск қалалық мәслихатының V-ші шақырылымының депутаты, депутаттар фракциясының төрағасы.

Бір мүшелден астам уақыт партия жетекшісі болып жүрген ол Президенттен 4 алғыс хатымен марапатталған. «Қазақстан мәслихаттарына 20 жыл» мерекелік және Қазақстан тәуелсіздігіне 20 жыл медалдарын кеудесіне тақты. Ел-жұрттың арасында беделге ие азамат жары Мейрамкүл екеуі ұл мен қыз тәрбиелеп өсіріп, жетілдірді. Бүгінде ұл-қызынан бірнеше немере сүйіп отырған досымның алдағы өмір-тіршілігіне де табыстар тілеп жүремін.

БІЛІКТІ БАСШЫ, АЙТУЛЫ АЗАМАТ

«Жолдасын таппаған ер азады», «Керуенбасы білікті болса, түйе азбайды, Қолбасы білікті болса, сарбазы азбайды», «Ұлық болсаң, кішік бол», «Бас болмақ оңай, бастамақ қиын», «Дос таппаған ер азар, Басшы таппаған ел тозар»... Қазақ атамыздың ер-азаматтар мен басшыларға арналған мақал-мәтелдері осылай жалғасып кете береді. Осынау даналық сөздерге лайық басшылар арамызда бар ма, деген күдікті ой келе береді кейбір бастарға. Ел болғасын арасында телісі мен тентегі қатар жүретіні табиғи заңдылық. Алайда, ауызды құрғақ шөппен сүрте салуға болмас. Азамат болу әсте оңай емес, азамат болған соң, жауапкершілігі де үлкен. Ал, мүмін ер үшін жауапкершілік екі есе, көпке басшы болсаң, төрт есе болмақ. Алла Тағала ер адамның әйел адамына қарағанда үлесін зор етіп, мәртебесін бір сатыға жоғары қойып қойған екен. Бірақ, қазіргі таңда осындай биік мәртебеге лайық болып жүрген азаматтар арада көп пе?! Қазіргі заманға сай мүмін ердің бойында қандай қасиеттердің қалыптасуы керек? Әр кезде, мүмін ер-азамат үшін әдептілік, салмақтылық, байсалдылық, батырлық, қарапайымдылық, еңбекқорлық, ізеттілік, үлкенге деген құрметтілік, имандылық, тақуалық қасиеттері арқылы ортада құрметтелген. Өйткені, Алла Тағала бұндай адамды өзгелерден дәрежесін жоғары қояды. Нағыз азаматтың бұл азғантай ғана сипаттамасы. Әр азамат өзінің бойындағы кемшіліктерді түзеп, жақсы қасиеттерін қалыптастырып, оғаш әдеттерін көркем мінезге айырбастаса, еңбек етсе, нағыз ердің көтерілер биік шыңы алыс емес. Атадан жетерлік тәрбие алып, ана сүтін адал емген азаматтар біздің де арамыздан көптеп табылары хақ. Ондай жандарды қасымыздан күнделікті өмірден көріп жүргенімізге қуанамыз, құдайға шүкірлік етеміз. Сөзіміз дәлелді болу үшін осы мақаланың кейіпкері туралы оқып шыққанда, сіздің де көзіңіз жетеріне шүбәм жоқ...

Приозерск кен байыту фабрикасының «Ер-Тай» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің бүгінгі басшысы Талғат Әлімжанұлы Қарабалаев міне, осындай басшылардың қатарынан орын алатын азаматтардың бірінен саналады. Талғат інімді өз басым бірнеше жылдардан бері танимын. Газет қызметкері болғасын әр жылғы Наурыз мерекесі мен қалада өтетін әртүрлі мәдени көпшілік шараларға дерлік жүйелі түрде қатысып тұрамын. Кейде қалалық әкімдіктің ұсынысымен киіз үйлердің байқауына қазылық етуге тура келеді. Аулына қарап азаматын таны демекші, мерекеге тігілген киіз үйлердің арасынан сыртқы келбетіне ішкі сарайы, жабыдығы мен аурасы қабысқан, үй иелерінің келушілерді инабат, ибамен күтіп алу мәдениеті астасқан «Ер-Тай» ЖШС тіккен үйге еркін еніп, еменжарқын амандаса баруға болады. Себебі басшылары оларға осындай талап қойған, тапсырма берген. Кейбір үйлер секілді бұл үйдің есігі комиссия келгенше ешқашан жабық тұрмайды. Біз барғанда мұнда мерекелік дастарқан жайылып, кез-келген келушіні, үйді тамашалаушыны жадырай қарсы алып, Наурыз мейрамының құрметіне жайылған дастарқан

тағамдары мен пісірілген наурыз көжеден дәм татысып жатқанына куә боламыз. Бұл көрініс ұжымдағы ауызбіршіліктің, қазақи қонақжайлықтың, атадан қалған салт-дәстүрді біліп хәм сыйлаудың көрінісін береді. Мұнда сырт көзге ғана ұсынылатын шығарып салма жасандылық болмайды. Бәрі шынайы, қарапайым, көзге жылы, көңілге жағымды қимыл-қозғалыс, әдемі әрекетпейіл. Осындағы ұжымның жарты күндік іс-әрекеті мен тіршілігіне қарап-ақ басшыларының өз ұжымын қалай тәрбиелеп, қандай ұйытып отырғанынан хабардар болуға әбден жетеді.

«Ер-Тай» ЖШС-нде қаламыздан көптеген тұрғындар қатынап жұмыс істейді. Олардың арасында өзімізге таныс жақын-жуықтарымыз бен жақын араласатын ағайын-тумаларымыз да жетіп артылады. Солардың ішінен біразымен жұмыс жағдайлары жайында сұрастырып, әңгіме-дүкен құрып отыратыныз бар. Сондай сәттерде олар тарапынан ұжымы мен басшылары туралы тек жақсы лебіз естиміз. Жасы қырықтың қырқасына енді шыққанымен, отыздан асқанда осынау кен орнының басшысы болып тағайындалған Талғат Әлімжанұлының еңбегі ұжымға әбден сіңіп үлгерген. 2008-жылы осында қарапайым технолог-кен байытушы болып қызметке келген кезде ол тура орда бұзар отыз жаста болатын. Осы уақыт ішінде фабриканың еңбек қазанында бір кісідей қайнап, пісіп-жетілді. Жоғарғы оқу орнында алған білімін нағыз еңбек майданындағы қара жұмыспен ұштастыра жүріп біліктілігін жетілдірді, қызмет сатысынан өте жүріп, ұжымның басшылық тұтқасынан ұстады. Мұның бәрі Талғат Қарабалаевқа оңай жолмен келмегені белгілі. Еңбекте сорғалата тер төгу, тынымсыз жұмыс жасау, ел-жұртпен етене араласу, ащы тердің тәтті нанын жеу, көпшілікпен тіл табыса білу, ізденіс, білуге талпыну секілді адам баласына бұйырған сан бұралаңды жолды басып өту секілді үдерістердің бәрін еңсеруге тура келді. Соның арқасында бүгінгі абырой-бедел мен құрметке қол жеткізді. Алдына қойған мақсатының үдесінен шыға білді.

Талғат Әлімжанұлы 1978-жылғы 22-қаңтарда Алматы облысы, Ұйғыр ауданының Кетмен ауылында дүниеге келген. 1985-1995-жылдар аралығында осы ауылдағы орта мектепте оқып, орта білім алған. Мектепті тәмадаған бойда Қ.И.Сәтпаев атындағы Ұлттық техникалық университеттің пайдалы қазба кендерін байыту бойынша инженер-технолог факультетіне оқуға түсіп, өз мамандығы бойынша терең білім алған. Жоғарғы оқу орнын бітіріп алған соң араға жылдар салып, 2014-2016-жылдары Алматы экономика және статистика Академиясының бакалаврында оқып, білімін одан әрі жетілдірген. Талапты жас алғашқы еңбек жолын Павлодар облысы Баянауыл ауданындағы Майқайың кен байыту фабрикасының «Майқайыңалтын» ААҚ-нда 2000-жылы диірмен машинисі болып бастаған. Бұл оның өз мамандығындағы еңбек жолының ідіралғы қадамы еді. Өмірдің еңбек көрігін қыздыру осы кезден бастау алды. Арадан жыл өткенде аталған «Майқайыңалтын» ААҚ-на гидротехникалық құрылғылар шебері лауазымына ауыстырылады. Бұл жерден әжептәуір тәжірибе жинағаннан кейін басшылық тараптың назарын өзіне аударады. 2003-жылы бас инженер лауазымына ауыстырылып, Майқайың кен байыту фабрикасының «Майқайыңалтын» ААҚ қайта жаңарту жобасына жетекшілік етеді.

Еліміздің кен байыту саласында біраз жыл қызмет етіп, тәжірибесі молыққан, білімі мен білігі толыққан өндіріс жас 2008-жылы Қарағанды облысы, Приозерск қаласы кен байыту фабрикасының «Ер-Тай» ЖШС технолог-кен байытушы қызметіне орналасып, сол жылы бас инженер лауазымына жоғарылатылады. Жаңа қоныс, жаңа жер, жаңа ұжым қарапайым, ақкөңіл, жұртпен тіл табысқыш, сонымен қатар қызмет бабында талапшаң азаматты бұрыннан таныс жандай жылы қабылдайды. Өмір жолын қарапайым жұмысшыдан бастаған ол ұжымға тез сіңісті. Білікті маман ғана емес, ұйымдастырушылық қабілетке ие жетекші ретінде танылған Т.Ә.Қарабалаев 2011-жылы Приозерск қаласы кен байыту фабрикасының «Ер-Тай» ЖШС басшылығына тағайындалып, осы күнге дейін аталған лауазымды қызметті абыроймен атқарып келеді. 2014-жылы Приозерск қаласы кен байыту фабрикасының «Ер-Тай» ЖШС қайта жаңарту жобасына жетекшілік етті. 2015-жылы Павлодар облысы кен байыту фабрикасының Аяқ-Қожан құрылысы бойынша жобасының жетекшісі болған. Халықпен етене араласып, олардың мұң-мұқтажын тыңдай жүретін, айтқан уәдесін дер кезінде орындайтын, қарамағындағы жұмыскерлердің қажетін өтеп тұруға пейілді азамат қала жұртшылығының да көңілінен шыға білді. Соның арқасында алтыншы және жетінші шақырылымдарда Приозерск қалалық мәслихатына депутат болып сайланды. Осы күнге шейін депутаттық міндетін мүлтіксіз атқарып, сайлаушыларының аманатын арқалап жүр.

Т.Әлімжанұлының осы кезге дейінгі кен байыту саласындағы еткен еңбектері мен қалтқысыз қызметі ескерусіз қалмаған. Әуелгі жылдардағы қызметі лайықты бағаланып, Павлодар облысы кәсіподақ кеңесінің құрмет грамотасымен марапатталып, «Құмет тақтасынан» орын алған. «Нұр Отан» партиясы облыстық сайлау штабы төрағасының алғыс хатымен, Қарағанды облысы әкімінің Құрмет грамотасымен, Қазақстан Республикасы вице Премьер-Министрі, индустрия және жаңа технологиялар министрінің Алғыс хатымен, Приозерск қаласы әкімінің Алғыс хатымен,

«Қазақстан Республикасы Мәслихаттарына 20 жыл» медалімен, 2017-жылғы 1-тамызда «Еңбек үздігі» медалімен марапатталған. 2015-жылы «Депутат – елдің тірегі» кітабына, 2016-жылы «Үздік адамдар» халықаралық үлкен энциклопедиясына енгізілген. Осынау марапат, құрметтің барлығы кейіпкеріміздің ұзақ жылдық еткен еселі еңбегінің, кен байыту саласындағы қыруар қызметінің, халық шаруашылығын дамуға қосқан зор үлесінің жемісі деп білеміз. Халықшыл азамат өз кезегінде Атымтай жомарттығымен де көзге түсіп келеді. Өз тапынан қалада өтіп тұратын ісшараларға, тұрмысы төмен және көп балалы отбасыларына демеушілік етіп отырады. Менің 2013-жылы жарық көрген «Көңіл күнделігі» жыр жинағына демеушілік еткен жомарт жанның бірі осы Талғат бауырым болатын. Бүгінде жан жары Сануғаш Несіпбекқызы Қожабергенова екеуі ұлы Досжан мен қызы Аяжан есімді ұрпақтарын өздері секілді елжанжды, мейрімді, еңбекқор етіп өсіруде. Текті әкеден ертеңгі күні тегеурінді ұл-қыз жетіліп, өсеріне сенімдіміз.

Отызында орда бұзып, қырықтың қырқасына қадам басқан қарапайым азамат, білімді де, білгір басшы, халық үшін қадірменді, елі үшін елеулі жанның алдағы өмір жолы мен қызметтік орнында мол табыстар мен зор жетістіктер тілейміз өз тарапымыздан!

ТЕКТІЛІК

(ҒҰМЫРНАМАЛЫҚ ОЧЕРК)

Тектілік. Адамгершілік. Кісілік... Адамға қойылатын басты талап – асыл да ізгі адамгершілік қасиеттерді бойына сіңірген, қоғамда құрметке ие ұлағатты азамат болып шығу. Өйткені адам – өзінің адамгершілігімен, қайырымдылығымен, адалдығымен және әділеттігімен ардақты. Халқымыз қайырымды-мейірімді жанды «адамгершілігі мол адам» деп дәріптеген. Қайырымды-мейірімді жан – өзгелерді, басқа адамдарды ойлап, соларға қол ұшын беруші жан. Ал, адамдардың қамын жеу дегеніміз, адамгершілікке келіп саяды. Адамгершілік – адамның рухани арқауы. Осындай құндылықтың бәрі түбінде тектілікке келіп тіреледі. «Өркениет» көшінен қалмаймыз деп жанталасып жүргенде жоғарыдағы адами қадір-қасиетімізді жоғалтып алмадық па деген ой келеді кейде адамға. Көзге көрініп тұрған шындықты мойындаса, соңғы кезде адамдар бойынан немкеттіліктің, бойкүйездіктің, қаталдықтың, жаныашымастықтың, тіпті кейде қатігездіктің нышандары байқалатыны жасырын емес.

Бүгінгі әңгімемізге арқау болғалы отырған азаматты қала жұртшылығы дерлік түгел таниды десек жаңылыспайтын шығармыз. Ширек ғасырға жуық өмірін осы қалада өткізіп келе жатқан Жолмұрат Кеңесұлы Кеңесов қалалық мемлекеттік архив мекемесін жиырма жылдан бері басқарып келеді. Оның алдына қала тұрғындары жиі келеді. Олардың арасында барлық ұлттың өкілдері бар. Бұл адамға келетіндер тек құжат мәселесімен ғана емес, ақыл-кеңес сұрауға, бітпей жатқан шаруаларына көмектесуді өтінуге, заңдық-құқықтық мәселелер бойынша кеңес алу үшін бас сұғады. Білігі мен білімі бір басына жетіп артылатын ол ешбір адамды жөн айтпай шығарып салған емес. Шаруасын бітіріп, ақыл-кеңес алып, жөн-жосық біліп қайтқан жандар әрдайым оған ризашылығы мен алғысын білдіріп жүреді. Ж.Кеңесұлымен біздің таныстығымыз хәм жора-жолдастығымыз тым әріден басталады. Сондықтан да бұл кісі жайлы өзгелерден көбірек білемін деп айта аламын.

Бізді таныстырған да, табыстырған да тағдырдың өзі. Сонау 1995-жылы осы қалаға көшіп келген соң, қызметтің әр саласында қызметте жүріп, әрқилы адамдармен жолымыз тоғысты. Қалалық коммуналдық шаруашылық басқармасында қоймашы болып істеп жүрген 1998-жылдың көктемінде материалдар мен қажетті заттар алуға келетіндердің арасында ұзынша бойлы, зор денелі, келбеті келіскен, жылы жүзді, өзім қатарлы бір жігіт ағасы келіп қажетін сұрады. Өзін осында жаңадан ашылып жатқан балық зауытының директорымен деп таныстырған соң, қайдан келгенімізді айтып, қысқаша танысу ишарасын жасадық. Оның Қызылорда облысының Арал ауданының тумасы екенін, қазақи жолмен сұрастырып руының әлім екенін білдім. Қарға тамырлы қазақ сұараса келе әйтеуір бір жағынан жақын болып келеді ғой. Әлімдермен де құда-андалығымыз бар екені рас. Әрі замандас болғасын әңгімеміз жарасып жүре берді. Күзге салым балық зауыты әрі қарай жұмысын жалғастыра алмаған тұста ол аз уақыт бос жүріп, кейін Приозерск қаласы мемлекеттік мұрағатына директор болып тағайындалған. Міне, содан бергі кезеңде біздің достығымыз бен қарым-қатынасымыз жалғасып келеді.

Кітап, газет-журналды үзбей оқитындықтан, бұл жағынан ортақ тақырыбымыз да жетерлік. Қоғамда, айналада, аймағымыз бен қаламызда жылт еткен жаңалық оқып, естісек, соны ортақтасуға, талқылауға асығатынымыз да бізді жиі кездесуге итермелеп тұрады. Тарих, шежіре,

өткен ата-бабалар өсиеті мен өмірі, тек пен рулар, аталықтар жайында өте көп білетін жандардың бірі һәм бірегей де осы Жақаң. Арал мен Тауелібайдың жұрты ұқсас, тілі мен салт-дәстүрі, ұстанымы ортақ ел болғасын, бұл жағынан да айтар әңгіме мен ортақ ой табылады. Екі елдің тыныс-тіршілігі, өмір-тұрмысы, әдет-ғұрпы да бірдей екендігіне көзіміз жетті. Жақаңның оқып-біліп қана қоймай, ойдағыларын қағаз бетіне шимайлап жүретін әдеті бар. Бұл да ұсынақтылықтың, еңбекқорлықтың белгісі. Соның арқасында еліміз тәуелсіздігінің 20 жылдығы қарсаңында, 2011-жылы «Сартай батыр» тарихи-тағылымдық, ғылыми-зерттеу кітабын жарыққа шығарды. Сол кітапты жазу барысында жиі ұшырасып, ой-пікір қосып, кейбір деректерді жазуға көмектесіп, творчестволық байланысымыз нығая түсті. Оның жады мен зердесінің мықтылығына таң қаламын. Кез-келегенмен әңгімеміз жараса бермейтін әдетімізден де мінез ұқсастығы білініп тұрады. Жөнсіз бірденені байқап қалса беті-жүзіне қарамай турасын айтып салатын шыншылдығы тағы бар. Журналистикадан, жазу-сызудан хабардар ол қала тарихын баяндайтын Саршаған сынақ алаңының 50 жылдығына арналған «Отан қалқаны» аталатын мерейтойлық кітапты сол кездегі қала әкімі Сағынбай Медеубаевтың ұсынысымен 2006-жылы оқырманға ұсынды. Кітап мазмұны мен дәлелді деректері жағынан жақсы жызылып, оқырмандар тарапынан лайықты бағасын алды.

Ізденуден шаршап-жалықпайтын Жақаңның еңбекқорлығы өз алдына. Оның қызмет бабынан тыс кезде тіртінектеп қара жұмыс істеп жүретінінің, құрылыс жұмысынан хабардарлығының арқасында аралдықтардың үй салу мәнерімен зыңғырлатып қара шаңырағының қабырғасын қалап алды. Көл жағасында ешкімге қажетсіз болып өсіп тұрған кәдімгі қамыстан пайдаланып тұрғызылған үйдің тиімді қасиеті, жазда салқын, қыста жылы болуында. Әрі жауын-шашын мен ызғарда сыз ұстамайды. Бұл да оның бесаспаптығын, әмбебаптығын көрсетеді. Өміріміз осы қалада, араласып-құраласып өтіп жатқандықтан Жақаң туралы басқа жандардың да ыстық ықыласы мен жылы лебіздерін көп естиміз. Адамдарды алалап, бөлуді ұнатпайтын ол қала тұрғындарының бәрінің қуанышы мен қайғысына ортақтасып жүреді. Зейнеткерікке шығуы барысында құжаттамалық мәселеде көп қиындыққа тап болған Машарипов Орынбай ағамыз ол туралы былай баяндайды: «Біз қазақ құжаттама жағына тым салақ екенбіз ғой. Еңбек кітапшамызға не жазып, не қойып жатқанынан, мөрдің қалай басылғанынан мүлде бейқабар екенбіз. Сол салақтықтың салдарын енді зейнетке шығар кезде әбден тарттым. Егер Жолмұрат інім көмектесіп, жүгірмегенде табанымнан тозатыным анық еді. Өмірімде өте көп жерде, көптеген Республикалар аумағында жұмыс істегендектен, енді оның бәрінен анықтама қағаз алдыру мүмкін емес еді, әрі денсаулығым да көтермейді. Міне, осындай тығырыққа тірелген шақта мыңболғыр, берекет тапқыр Жолмұрат інім қол ұшын берді. Заң-зәкүнді білгендігінің арқасында талай күндер жүгіріп жүріп зейнетке шығарып берді» деп алғыс-рақметін жаудырып жатыр. Осыған ұқсас мәселе бойынша қала тұрғындарынан талай адамның Жақаңның алдына көмек сұрап келіп, қанағаттанып кеткендігін біз де білеміз.

Қоғамдық өмірге, қаланың мәдени-әлеуметтік мәселелеріне бейжай қарамайтын, білімі мен саяси сауаты мол Ж.Кеңесов Приозерск қалалық мәслихаты депутаттығының төрт шақырылымында сайланып, сайлаушылары мен қала тұрғындарының аманатын тұрақты орындай жүріп, аманатқа адалдығын танытты. Әлеуметтік қорғау жөніндегі тұрақты комиссияның төрағасы болып сайланды. Қызмет бабына орай және әкімдіктің ұсынысымен қала мекемелері мен кәсіпорындары басшыларына, іс жүргізушілерге Қазақстан Республикасының мемлекеттік стандарттары туралы дәріс оқып, насихаттаумен айналысты. Мекемелерде құжаттау, құжаттаманы басқару және құжаттардың сақталуын қамтамасыз ету мақсатында семинар-кеңестің өткізіліп тұруына ұйытқы бола білді. Сонымен қатар Елбасының жыл сайынғы халыққа арнаған Жолдауларын насихаттау мақсатында үгіт-насихат тобының мүшесі ретінде жұмыс жасап, газет арқылы және мінберден жиі көрінді. Ол «Прозерский вестник» апталық газетінің белсенді қоғамдық тілшілерінің бірі. Оның қала тарихы, тыныс-тіршілігі, жетістіктері мен жақсы жаңалықтары жайында жазған мақала, ақпараттары облыстық, республикалық басылымдар беттерінде жарық көрді. Сонымен бірге Ж.К.Кеңесов Е.А.Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің «Археология, этнология және Отан тарихы» кафедрасында «Сартай батыр және XVIII-ғасырдың басындағы қазақ-жоңғар соғысындағы «Мың бала жорығы» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғау мақсатында кафедраға ізденуші ретінде бекітілді. Негізгі қызметтік міндетіне ғылыми жұмысты да ұштастыра алды. Осындай тынымсыз еңбегі мен ізденуінің арқасында жоғарыда айтқан «Сартай батыр» монографиялық еңбегі жарық көрді.

Біз тілге тиек етіп отырған кейіпкеріміздің қысқаша өмір тарихына көз сала кетейік. Ж.Кеңесов 1960-жылдың 1-қаңтарында Қызылорда облысы, Арал ауданының Шөміш станциясында дүниеге келген. Орта мектепті бітіргесін Шымкент қаласындағы Эль Фараби атындағы педагогикалық

мәдениет институтын 1981-жылы бітірген. Осы жылы Арал аудандық мәдениет бөлімінде автоклуб меңгерушісі болып еңбек жолын бастаған. Келер жылы талапты жас қалалық мәдениет паркінің директорлығына тағайындалады. 1983-86-ж.ж. аралығында «Аралрыбпром» өндірістік бірлестігінің кәсіподақ комитетіне қарасты «Балықшылар» клубының меңгерушісі болып қызмет еткен. 1986-1995-жылдарда «Аралрыбпром» өндірістік бірлестігі кадрлар бөлімінің бастығы болып қызмет атқарған. 1995-96-ж.ж. аталмыш бірлестікке қарасты Атырау облысындағы Шортанбай балық қабылдау пунктінің бастығы, келесі жылы Ақтөбе балық зауытының директоры қызметтерінде болған. 1998-жылдың басында «Приозерск балық зауыты» ЖШС директоры ретінде Приозерск қаласына қоныс аударған. 1998-жылдың қаңтар айынан бастап осы күнге дейінгі жиырма жылдан астам уақытта қаладағы мемлекеттік мұрағат директоры болып қызмет етіп келеді.

Мүлтіксіз қызметтегі еңбегі мен қызметі ескеріліп, 1985-жылы ВЦСПС-тің «Көркемөнерпаздар өнеріндегі жетістігі үшін» белгісімен, қалалық, аудандық және облыстық әкімдерінің және ҚР Мәдениет министрінің құрмет грамоталарымен марапатталған. Қабағымен қарап қана тәрбие берген текті әкенің тәлімін алған Жолмұрат өмір жолы мен қызметінде талай сын сағаттарын бастан кешсе де, жасымаған, мойымаған, сынбаған және қиындыққа берілмеген. Қызметтегі жетістіктері мен марапаттары оның еңбегіне берілген баға болса, отбасында ол қарапайым және талапшаң әке де. Жұбайы Жеңісгүлмен екеуі төрт баланы тәрбиелеп өсіріп, олар бүгінде қоғамда және отбасыда өздерінің орынын тапқан талапты азаматтар. Балаларының бәрі қазір мемлекеттік қызмет атқарып жүр. Атап айтқанда, тұңғышы Самал Түркістан облысы, Кеген ауданының судясы, Сәкен Алматы облысы, Сарқант ауданында прокурордың көмекшісі, Айгерім Приозерск қалалық ПБ-де кеңсе меңгерушісі болса, Абылай да осы бөлімде полиция қызметіндегі аға лейтенант. Қазірде немерелерге ата атанған Жақан асқаралы алпыс жасқа жақындап қалса да қалыпты ғұмыр сүріп, қызметін жалғастыруда және өмірінің бақытты да, баянды сәттерін өткізуде.

АЙТКҮЛДІҢ АЙШЫҚТЫ ЖОЛЫ

(ОЧЕРК)

Қазіргі кезде заман мен қоғамда болып жатқан қандай да бір өзгерістерге таң қалмайтын, көп жаңалықтарға бас шұлғып қоя салатын дәрежеге жеттік. Бұл сырғыған уақыт пен сол заманның талабы, ғаламдық үдерістің ықпалы, адам ақыл-ой қабілетінің шарықтап дамуы, пенденің пешенесіне жазғаны да шығар, бәлкім. Осыдан небәрі бір ғасырдай бұрын «әйел теңдігі» жайында сөз болып, қоғамдық пікір тудырып жатса, міне, бүгінгі таңда әйел теңдігі емес, өз сахнасында гендрлік саясат салтанат құруда. Басқа елді былай қойғанда, біздің елімізде әйелдердің мәртебесін көтеруге толық жағдай жасалған. Министріліктерден бастап, көптеген құзырлы орындарда және депутаттық орынтақтарда әйел қауымының алатын орны салмақты. Денсаулық және білім саласындағы басшылық орындардың басым көпшілігін сол нәзік жандылар иеленіп отыр. Спорттың ең ауыр түрлері бойынша қыздарымыз алтыннан алқа тағынып жатса, олар автокөлікті жүйткіткенде, ер азамтың ерісе алмайтын халге жеттік. Алдағы уақытта олардың қайраткерлік қызметтегі үлес салмағы одан әрі өсе түсетіндігі туралы болжамға қарсы уәж айта алмайсыз.

Әңгімені өзіміз тірлік етіп жатқан қаламызға бұрсақ, мұнда да басшылық қызметтегі әйел-қыздардың үлес-салмағының басымдығын аңғарар едік. Енді осындай басшылық тізгінін қолына ұстаған, үлкен бір ұжымды ұршықтай үйіріп, «Айналайын» бөбекжайының көсегесін көгертіп отырған Айткүл Жеңісқызы Күлмағанбетова жайында дайындаған әңгімемізге оқырмандар назарын аударғымыз келеді.

Орта бойлы, арықша келген аққұба өңді келіншектің өз қызметіне болған махаббаты мен құрметі, жауапкершілігі арқылы жеткен жетістіктері туралы көпшілік тарапынан көп естігендіктен, кейіпкеріміздің өзімен кездесіп, әңгімелесуді жөн санадық және ол басқаратын «Айналайын» балабақшасына әдейілеп ат басын тіредік. А.Жеңісқызы мынау іргемізде қоныс тепкен Сарышаған кентінде жұмысшы отбасында дүниеге келіпті. Әкесі бір ұжымда 45 жыл бойы теміржолшы болып, өз қызметінің жемісін көрген, осы мекемеден зейнетке шыққан жан. Анасы болса сауда саласында ұзақ жылдар қызмет етіпті. Қазір екеуі де бейнетінің зейнетін көріп отырған ауылдың құрметті қариялары. Отбасыдағы үш қыздың тұңғышы Айткүл екен. Мектепте үздік оқыған зерек қыз сыныптың ғана емес, мектептегі қоғамдық жұмыстардың белсендісі болған. Бой түзеп, болашаққа

бажайылай қараған шағында «Мына мамандық менің мақстым...», - деп армандамаса да, өмірде өзіне тәлім мен тәрбие берген, қоғамнан өз орнын табуға талпындырған ұстаздарына ұқсағысы келгенін жасырған жоқ. Соның әсері шығар, онжылдықты бітірген бойда еш ойланып жатпай-ақ, Қарағанды қаласындағы педагогикалық институттың «Бастауыш оқытудың педагогикасы және әдістемесі» факультетіне оқуға түсіпті. Осы мұғалімдік мамандықты таңдағаны және балаларға тәлім-тәрбие беру жолындағы жетістіктерін сезінген сайын, мамандық таңдауда жаңылыс баспағанын байқағанда жаратқанға мың мәрте шүкіршілік етіп отырады.

Айткүл әуел бастан-ақ басшылық қызмет туралы тіпті ойлап та, арман етіп те көрмеген. Ал, үлгілі ұстаз болуды студенттік кезден-ақ алдына мақсат етіп қойған. Ол кез қалыптасып қалған кеңестік қоғамның түбірімен өзгеріске ұшырап, аласапыран кезеңмен тұспа-тұс келген өлара шақ болатын. Сондықтан жаңа қоғамға жаңаша талпыныспен, өзіндік жаңалықпен келу, оның болашақ құрылымына жас мамандардың үлес қосуы қажет болған заман еді. Институтты бітірген соң еңбек жолын Қарағанды қаласындағы № 97 мектеп-гимназиясында бастауыш сынып мұғалімі болып бастайды. Орыс мектебінде мемлекеттік тілді үйрету міндеті жүктелген кезде, таңдау Айткүлге түсіпті. Алғашында біраз абыржып қалғанымен, намысқа тырысқан ол өзіне артылған сенімді ақтап шығады. Қызмет жолындағы алғашқы алғысты осы жерде алыпты.

Жолдасының қызмет бабына орай 1995-жылы Приозерск қаласына қоныс аударады. Сол жылғы тамыз айынан бастап, 2005-жылға дейін бастауыш сынып мұғалімі және 1996-жылдан №1 мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары болып қызмет еткен. 2005-жылы қалада тұңғыш «Айналайын» атты қазақ балабақшасы ашылып, осы балабақшаға директорлыққа тағайындалған. Содан бері қал-қадерінше балалар мекемесінің тасын өрге домалату жолында әрекеттеніп келеді. Қол жеткен табыстары мен жетістіктері қала тұрғындары мен ата-аналардың көз алдында өтіп жатыр. Атақ-абыройының барлығы осы мекеме ұжымының арқасында келіп жатқанын айтады. 2007-жылы «Айналайын» бөбекжайы «Балалық шақ-Друг детства» атты республикалық Бірінші Ұлттық байқауда «Ең үздік балабақша» номинациясы бойынша республикадағы ең үздік балабақшаның бірі болып табылып, дипломмен марапатталады. 2008-жылы Алматы қаласында «Балалар әлемінің – ажары» атты ең үздік білім ұйымдары туралы кітап жарық көрді. «Айналайын» сол кітапқа енді. 2010-жылы «XXI-ғасырдың ақпараттық білім беру ортасы – педагогтердің кәсіби күзиреттілігін дамыту жағдайы ретінде: тәжірибе, мәселелер, перспективалар» атты республикалық ғылыми-практикалық конференцияға қатысып, МББҚБА және ҚД институты директорының алғыс хатымен марапатталған. 2011-жылы облыс әкімінің білім саласындағы сыйлығы мен қалалық мектепке дейінгі мекеменің үздік педагогы номинациясы бойынша дипломмен марапатталса, 2011-жылы «Білім ұясы: Ең үздік мектепке дейінгі ұйым педагогы» республикалық конкурсының облыстық кезеңіне белсенді қатысқаны үшін III-дәрежелі дипломын иеленеді. 2011-жылы Педагогикалық озық тәжірибенің үздік тұсау кесерін жасап, таратуға белсенді қатысқаны үшін МББҚБА және ҚД институты ректорының алғыс хатына ие болады. 2012-жылы Республикалық инновациялық-педагогикалық идеялар фестивалінің III-облыстық кезеңінде мектепке дейінгі білім берудің педагогы номинациясы бойынша Гран-Приді жеңіп алады. 2014 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің Құрмет грамотасымен наградталды. 2016 жылы Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігінің «Тәуелсіз Қазақстанның рухани және әлеуметтік дамуы жолында қол жеткен табыстары мен гүлденуіне қосқан зор үлесі үшін» Құрмет Грамотасымен марапатталды. Осынау марапаттардың әрбірі талмай ізденудің, ұжымды ұйыстыра білудің, қажырлы еңбектің арқасында келіп жатыр. Еткен еңбектің лайықты бағаланып отыруы адамды қанаттандырып, алға қадам басуда жігерлендіріп отыратыны сөзсіз.

Басшы болудың басты қиындығы – жауапкершілікте екені оның жадына мықтап орнаған. Мұнда тек жұмыста ғана емес, қарамағындағы әрбір қызметкердің отбасы үшін де жауаптысың. Тіпті демалыста жүргеннің өзінде ұялы телефон арқылы мекемедегі жұмыс барысы туралы хабарласып, сұрастырып отырады. Тәрбиесіндегі ондаған бүлдіршіндердің тағдыры мен олардың тәрбиеші, күтушілерінің жағдайы алаңдатпай қоймайды. Өмір болған соң, әрқилы тосын жәйттердің кездесіп жататынын БАҚ-тар арқылы есітіп жатқандықтан, сондай жағдайлардан аман болсақ екен, деген тілек ойынан шықпайды. Ал, артықшылығына келер болсақ, асып бара жатқан ештеңе жоқ. Әрине, басшының басқалардан жалақысы артық, көпшілікке танымал болатындығында. Басшы адам еңбекқор, талапшыл, кей жағдайда қатал, сонымен бірге қайырымды әрі мейрімді болуы керек деп есептейді. «Қанша жерден бастық болсаң да, қарапайымдылық, қарамағындағылармен бірге ортақ тіл табысып, мәмілегерлікпен жұмыс істеу – ол адамгершілігіңнің, азаматтығыңның негізгі өлшемі болып қалуы тиіс. Қарамағындағылардан талап етілетін мәселе – атқарып отырған қызметіне адалдық, ыждағаттылық. «Көптің көзі - көреген», деген даналықты бабаларымыз тегін айтпаса

керек. Біздің ұжымның барлық тыныс-тіршілігі өзіміз тәрбиелеп, мектепке аттандырып жатқан балалардың ата-аналары мен болашақ ұстаздарының көз алдында өтіп жатады. Көпшіліктен еш нәрсені жасыра алмайсың. Бағаны беретін де, жақсың мен жаманыңды бетіңе айтатын да солар», - дейді Айткүл ағынан жарылып.

«Қазақтың сонау түпкі тарихына көз жүгіртер болсақ, бізде ел басқарып, көшбасшы болған апаларымыз бен аналарымыз жетерлік. Сақ дәуіріндегі Тұмар ханым, Айша бибі мен Домалақ ана, Зере мен Ұлжан әжелеріміз, Айғаным ана мен Бопай ханымдар, Ұлпан апаларымыз қай ер-азаматтан кем еді? Ұлы Отан соғысында һас батырлықтың үлгісін көрсеткен шығыстың қос қарлығашы Әлия мен Мәншүктің, көкте самғап, фашистердің зәре-құтын қашырған Хиуаз апаларымыздың ерлігін қалайша мақтан етпеске. Бейбіт кезеңдегі халық шаруашылығында қаншама апаларымыз Еңбек Ері атағын алды. Бүгінгі Министр және депутат апайларымыз солардың ізін жалғастырушылар емес пе? Сондықтан әйел-қыздардың билік басында немесе басшылық орында болуы біз үшін таңсық емес. Ал, шынтуайтына келсек, әйел-азаматтардың ұстамдылығы, шыдамдылығы, қайсарлығы мен мәрттігі көшбасшылық орында болған кезінде өз ықпалын тигізеді деп есептеймін. Көп ретте тіршілік тауқыметі мен өмір өткелдерінде әйелдер төзімділік танытатынына әрі икемді екендігіне әлдеқашан көз жеткен», - деп сөзін түйіндеді А.Жеңісқызы.

Құдай пендені ғана емес, әрбір тіршілік иесін жұп етуге, ұрпақ өсіруге бейімдеп жаратқан соң, бұл заңдылықтан жаратылыс кемшілігі болмаса, ешкім аттап өте алмайды ғой. Алайда, санасы сау адам баласы өзіне өмірлік жар таңдауда қателеспей керек. Айткүл мен оның өмір жолдасы Жәкен екеуі студенттік жылдары танысыпты. Бұл таныстықтың арты бір-бірін тануға, жүректерінде сезім алауын жағуға ұласады. Сол сезім жарасымды жұпты шаңырақ көтеруге жетелеп әкеледі. Оған Жәкеннің адамгершілігі, көргенділігі, өмірге деген өзіндік көзқарасы, көп оқыған білімділігі мен ақынжандылығы ұнаған. Ақынжанды адам сезімтал болады, сезімтал адам ешқашан жамандыққа бармайды. Екеуі оқуларын аяқтағаннан кейін отау құрыпты. 1993-жылдың желтоқсан айында тұңғыштары Данагүл дүниеге келеді. Алғаш сәбилі болып, ата-ана атанудың, жөргектегі сәбидің жұпар иісін сезінудің бақытын сол күйді басынан кешіргендер ғана жақсы біледі. Кішкентайдың атын «Төле биге даналығын мойындатып келін болған Данагүлдей болсын», деген ақ ниетпен қайынатасы қойыпты. Одан кейін де екі ұлды болады.

Айткүлдің жұбайы Жәкен Оралханұлы Қарағанды облысының Қарқаралы ауданындағы Нұркен ауылында көп балалы отбасында дүниесіні ашқан. Әкесі Оралхан совхозда көлік жүргізушісі болып еңбек еткен. Анасы болса отбасы шаруасымен және бала тәрбиесімен айналысқан. Оған Жәкен деген есімді үлкен әкесі Қалымбек беріпті. Ол кісі ауылдағы шежіреші, шешен, аздап ақындығы бар, сөзге жүйрік кісі екен. Оның ауыз әдебиетіне, тарихқа әуес болуына сол кісінің тәрбиесінде болуы ықпал етсе керек. Мектепте үздік оқушылардың қатарында болып, қоғамдық істерге белсене араласады. Оныншы сыныпты аяқтар кезде мектепке Қарағанды политехникалық институтына құрылыс мамандығы бойынша жолдама келіп, ол Жәкенге бұйырады. Соның нәтижесінде ол аталмыш институттан құрылыс инженері мамандығын алып шығады. Жоғарғы оқу орнында оқи жүріп, әскери міндетін Монғолия жерінде өтеп келеді.

Оның институтты бітірген кезі тәуелсіздіктің алғашқы жылдарымен тұстас келіп, көп жерлерде өндіріс ошақтарының тоқырауға ұшыраған, мамандығы бойынша жұмыс табыла қоймайтын қиын заман болды. Бәрінен қиыны – баспана мәселесі еді. Осылай қиналып жүргенде, Приозерск қаласында мамандар тапшы екендігін, келушілерге пәтер берілетінін есітіп, осында қоныс аударған. Мамандығына сай жұмысқа тұрады, баспаналы болады. Сөйтіп жас отаудың Балқаш бойында жайғасқан Приозерск қалашығындағы өмірлері өз арнасымен жалғаса берді. Қаладағы КШМ-де қатардағы инженерден бастап, мекеме директорлығына дейінгі қызметтер атқарады. 2004-жылы қалалық мәслихаттың депутаты болып сайланып, бір жылдан кейін мәслихат хатшысы болған. Бірнеше рет қала әкімінің құрмет грамоталарымен марапатталған. Қазіргі таңда қаланың құрылыс бөлімін басқаруда. Қалада бой көтеріп жатқан әрбір құрылыс нысанында өзінің де қолтаңбасы бар екендігін сезінгенде, өзін бақыттымын деп санайды. «Отбасыңмен бірге өзің қалаған мамандықтың адал несібесін татып, орныңды басар ұрпағыңның тәлім-тәрбиесіне көңіл бөліп, қоғамдағы өз орныңды тауып ғұмыр кешкенге не жетсін, тәйірі. Алға қарай қарыштап қадам басқан тәуелсіз еліңнің бір түлегі ретінде өз үлесінді қосу да өз алдына бір бақыт қой», - деп ойға шомады ол оңаша қалған сәттерінде. Бала кезден қанына сіңіп, жақсы әдет болған әдеби кітаптар оқуын әлі де жалғастырып келеді екен. Әңгімеге арқау болған Айткүлдің айшықты жолының әрдайым жалғасты болуын біз де тілеп жүретін боламыз!

АНАЛАР – АСЫЛ ЖАНДАР!

Жер-анаға тіршілік нәрін ұсынып туатын көктем мезгілінің берекелі де, мерекелі шақ екеніне дау жоқ. Қар мен боран құрсауында ұстап, жан-жануарды, барша тіршілікті мезі ететін қыстың қысылтаяң кезі шығып, көктемнің тууының өзі де өз алдына бір мереке іспетті. Көктен нұр-шапағын төккен Күннің шуағы айнала-табиғатты бусандырып, тоқсан түгесілген наурыздың алғашқы онкүндігінде әйел-қыздардың мерекесі жұртшылықты қуанта келеді. Мерейлі мерекеге орай ұйымдастырылатын газетіміздегі арнаулы беттің бүгінгі кейіпкері қаламыздың тұрғыны, ардақты ана – Зейнеп Әлайдарқызы Шамұратова жайында болмақ.

Тауелібайдың Тамды шаруашылығында қой бағып, шаруасын дөңгелетіп, тіршілік қамын күйттеген Әлайдар ақсақал мен Дәмегүл әженің шаңырағынан төрт қыз бен жалғыз ұл өрбіген. Бақыт, Шәрі, Дәмелі және Зейнептен соң Әнуарлары дүниеге келген екен. Зейнеп төртінші сыныпқа өткен жылы әкесі Әлайдар ата ферманың қойма меңгерушісі болып тағайындалып, дүниеден өткенше осы қызметті атқарған. Алдарында үш қыз болса да, Зейнеп кішкене кезінде еркекшора болып өсіпті. Ер баларамен ойнап, еркімен жүрген қызының ата-анасы бетінен қақпаған. «Есене келе өзі-ақ райынан қайтады» деген анасының үміті ақталып, мектепке барғасын-ақ тумысынан зерделі Зейнептің есімі Зояға айналып, сыныптағы озат оқушылардың қатарында болған.

Мектептің оныншы сыныбын жақсы аяқтаған соң Зейнеп те қатар-құрбыларымен бірге ел астанасы Ташкентке жол тартады. Республикалық орыс тілі және әдебиеті педагогикалық институтына құжаттарын тапсырып, студент атанғанда өзінен бұрын ата-анасы мен туғандары қуанған еді. Осы шаһарда оқып жүріп өмірлік жолдасы Маратпен табысып, студенттік шақтарында отау көтерді. Өмірдің ең жауапкершілікті кезеңі – ана болу бақытының дәмін де ерте татқан Зейнеп, тұңғыштары Перизатты аналық сезіммен құшағына қысқан болатын. Бұдан әрі тоқсан толғаулы тіршілік басталып жүре берген-ді...

Ұстаздықтағы еңбек жолын Ю.Гагарин атындағы мектеп-интернатта бастаған Зейнеп Шамұратова оқытушылықтың алғашқы тәжірибесін осында, білікті ағай-апайларының сынынан өте жүріп алған. Ертелі-кеш бітіп болмайтын мектеп жұмысынан қолы қалт етсе үй шаруашылығымен айналысып, бірінен соң бірі өсіп келе жатқан балаларының оқуына, тәрбиесіне көңіл бөлетін. Балаларының тұңғышы Перизат сабақтан да үлгігі, өнерге де жақын болып өскесін бе, ізінен ергендері де соған еліктеп, оқуда озаттар қатарында болды. О.Кошевой атындағы мектепте жүргенде бұлардың өмірі күрт өзгеріп шыға келді. Бұл қаусаған кеңестік жүйе құрдымға кетіп, сол кездегі кеңес одағының құрамындағы республикалар өз алдына мемлекет болып, жаңа дәуірдің басталған, жаңа дәуірге қадам қойған шағы болатын. Өзбекстандағы тіршіліктері табысты, жақсы болғанымен, өрімдей болып өсіп келе жатқан балаларының болашағы олардың екеуін де алаңдататын. Сол кезде осындай ойдағы жұрттың басы Қазақстанға қарай көше бастағанын бұлар да көріп, біле бастаған. Әбден ой-мақсаттары пісіп-жетілгенде өміржолдасы Марат екеуі бірауыздан тарихи Отаны – Қазақстанға көшетін болып келісті де, әкелерінің батасын алып, ат басын сол кездегі Жезқазған облысының Приозерск қаласына бұрған... Жаңа қоныста оларға оңай болған жоқ. Шийттей бес баланы бағып-қағып, оқытудың салмағы әсіресе отағасына көбірек түскен. Зейнептің өзі науқастанып, біраз уақыт қиындыққа тап боса да, жігері мұқалмады, жасымады, алға үмітпен, мақсатпен қарады. Өзінің кәсіби мамандығының арқасында балаларының оқуына, білім алуына барынша көңіл бөлді. Мектепті бітіргендеріне мамандық таңдауға, оқып, білім алуына үндеп, мақсатына жетуіне материалдық және рухани жағынан кеңесін де, көмегін де аяған жоқ.

Уақыт деген білінбей, зулап өте береді ғой. Қазір Нұршаевтар отбасы өсіп-өнген, қала тұрғындарының арасында өзіндік орны бар, елге сыйлы, көпке құрметті әулеттердің бірі. Марат құдам жоғарғы оқу орнын Ташкенттегі су шаруашылығы және ауыл шаруашылығы механизациясы институтын инженер-механик мамандығы бойынша бітіріп, Тамдыдағы аудандық су шаруашылығы мекемесінде, ауыл шаруашылығы колледжінде ұстаздық жасаған, ұзақ жылдар қызмет еткен білікті мамандардың бірі. Мәкеңнің қолжазбасының тасқа басқандай көркемдігіне, қолына қалам алып сызғанда сызғышсыз-ақ түп-түзу сызық салатынана таң қалмайтын жан жоқ шығар. Бүгінде қаладағы жол-құрылыс учаскесінде қауіпсіздік инженері болып қызмет ететін Мәкеңнің жолын қызы Перизаттан туған жиен немересі Мұрат қуған. Мұраттың бойында әншілік, бишілік, басқа да өнерлер қатар дамып келе жатқаны қуантады. Балалардың өмірден өз орындарын лайықты табуына ата-ана бірдей ұйтқы болады десек те, Зейнеп аналарының ықпалы бір төбе деп айтуға әбден болады. Екі оқу орнын бітірген тұңғыштары Перизат бүгінде қалаға ғана

емес, облыс, республика көлеміне танымал биші жеткіншектер тәлімгері. Оның шәкірттері аймақтық жарыстардан асып, халықаралық дәрежедегі байқаулардан жүлделі орындарға ие болып жүр. Ринаты әскери полицияның қызметкері. Гүлжаз дипломын алған соң Қарағанды қаласының азаматына тұрмысқа шығып, өз алдына бөлек шаңырақ болды. Олжасы да жоғары білім алып, отбасын құрды. Кенже ұлдары Нұржас политехникалық колледжді бітіріп, Қарағанды қаласында біраз жұмыс істеп жүріп, қара шаңыраққа қайта оралды. Құдай берген немерелеріне әже болған ардақты ана бүгінде солардың тілекшісі, қамқоры, тәлімгері. Бала кезінен анасынан үйренген ісмер-тігіншілігін қайта қолына алған Зейнеп өз ошағының түтінін тік ұшырып, үйге қажетті төсеніштер мен жастық, жамылғыларды ұлттық нақышпен өрнектеп, ою, құрақ өнерін дамытумен айналысуда. Ол бұдан пайда көруді емес, өзінің кішкентай Отанының гүлденіп, көркемденіп тұруын мақсат етеді. Ұл-қызынан өрбіген немерелеріне қазақи өнерден үлгі-өнеге қалуын қалайды. Бұл шаңыраққа келген қонақ Зейнептің ісмер қолынан шыққан бұйымдарға тамсанбай кетпейді. Саналы өмірін ұрпағы үшін мансұқ ететін қазақ аналарының арман-мақсаты осындай-ақ болатын шығар?! Тыныш та, бейбіт заманда өмір сүріп жатқан балаларының жақсы аттарымен елге танылуын, өмірден өз орындарын табуын қалайтын аналардың бірі ретінде, Зейнеп Әлайдарқызы бұл жағынан бақытты жандардың қатарында екені анық. «Бақытың – баянды, мерекен құтты болсын!» - дейміз абзал анаға.

ҮЗДІК «МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ»

Елбасының тікелей тапсырмасымен жүзеге аса бастаған «Мерейлі отбасы» жобасының байқаулары еліміздегі айрандай ұйып, шаңырақтың береке-бірлігін келтіріп, отбасында көп бала тәрбиелеп, оларды өсіріп-жетілдіріп, оқытып-білім беріп, қоғамға айтулы азаматтар әкелген және еліміздің экономикалық-әлеуметтік дамуына ерекше үлес қосқан, ауыл-үйге сыйлы, ел-жұртқа қалаулы, татулық пен бірлікті ту еткен отбасыларды өзгелерге үлгі-өнеге етуге бағытталған. Бұл орайда аталған жоба өз мақсатына жетіп келеді деуге толық негіз бар. «Мерейлі отбасы» байқауы өткен жылы қаламызда өткені және оған бес отбасы қатысқаны баршаға белгілі. Сол байқаудың жеңімпазы Абсаматовтар отбасы болып танылған еді. Бүгінгі әңгімемізге аталған үлкен шаңырақтың тыныс-тіршілігін арқау еткенді жөн көрдік. Бұл отбасы бүгінде 12 немере, 5 шөбере көріп отырған, тамырын тереңге жіберген алып бәйтерек іспетті.

Абсаматовтар отбасы қазіргі тіршілік етіп отырға Приозерск қаласына 1998-жылы көшіп келген. Оған дейін Мойынқұм ауданының Құмөзек совхозында тіршілік еткен. 1998-жылы Құмөзек совхозы тараған соң, ел қатарлы отырып тірлік етер қоныс іздеп, Приозерск қаласын таңдапты. Енді газет оқырмандарына көбірек қызықты болатын аталған отбасы мүшелерінің қысқаша өмір тарихына кезек берейік: Отағасы Есенаман Абсаматов 1945-жылғы 1-қаңтарда дүниеге келген. Жамбыл облысы Бірлік ауылының тумасы. Білімі – орта. Еңбек жолын Құмөзек ауылында 1957-жылы бастаған Есағаң, содан 1998-жылы совхоз тарағанға дейін жүргізуші қызметін атқарады. Кейіннен ауылдың жылқы шаруашылығын дамытуға қыруар еңбек сіңірген. Сол қажырлы және тынымсыз еңбектерінің көрінісі ретінде «1977-жылғы Социалистік жарыс жеңімпазы», «В.И.Лениннің 100 жылдығына орай екпінді еңбегі үшін» төсбелгілерімен, «Ұлы Октябрьдің 70 жылдығын лайықты қарсы алу жолындағы социалистік жарыстағы жоғарғы көрсеткіштері үшін» Құрмет грамотасымен марапатталған. Қазір зейнетте болса да, қару-қуаты қайтпаған ақсақал үйде отырып қалмай, хал-қадеріне қарай таксилік қызметпен айналысып, отбасының нәпақасына үлес қосып жүр. Есағаң өмірдің талай бұралаңы мен шатқалдарынан өткен, аз қиындық көрмеген, жас кезінде естігендерін әлі күнге есінде сақтаған, солар жайлы сұрай қалсаң, майын тамызып әңгімелеп беретін қаладағы көнекөз әрі жайсаң ақсақалдардың бірі.

Жұбайы – Жайлаубаева Тоты Жайлаубайқызы Жамбыл облысы Мойынқұм ауданда дүниеге келген. Еңбек жолын 1964-жылы Мойынқұм ауданының Құмөзек ауылында кітапхана меңгерушісі қызметінен бастапты. 1966-жылы Мойынқұм ауданының Құмөзек совхозында сауыншы болып жұмыс істеген. 1982-жылы шаруашылық меңгерушісі қызметіне ауыстырылып, ауылдық жерлердегі әр түрлі шаруашылықты дамытуға өзінің көптеген үлесін қосты. Қазіргі таңда Тоты апай да зйнеткерлік демалыста. 1965-жылы отбасын құрған ардагерлерге өткен жылы мерейлі жыл болып, жұбайлық өмірлеріне 50 жыл толған. Аталмыш мерейлі мерекелерін ұрпақтарымен және жақын-жуықтарымен лайықты атап өтті.

Тұңғыш қыздары – Абсаматова (Жапарбердиева) Фатима Есенамановна 1966-жылы 20-қыркүйекте дүниеге келген. Білімі – жоғары. Ресей Федерациясының қазіргі заманғы гуманитарлық академиясын бітірген. Қазіргі кезде «Қазақтелеком» АҚ Приозерск өндірістік

телекоммуникация торабында электромеханик қызметін атқарады. Жұмысына адал, ұжымда ұйымшыл, еңбекқор, еңбегінің нәтижесі ретінде Қазақстанның телекоммуникация саласына қосқан елеулі үлесі мен еңбектегі адал қызметі үшін Құрмет грамоталарымен марапатталған. Тұрмыстағы Фатима бүгінде екі баланың анасы.

Екінші қыздары Абсаматова (Ахметова) Рахима Есенамановна 1967-жылы 23-қазанда туған. Білімі жоғары, Қазақстан-Ресей университетінде экономика мамандығын оқып бітірген. Қазір «Приозерск қаласының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесінде бас есепші қызметін атқарған. Еңбек жолында қаланың қоғамдық-саяси өміріне белсене қатысқаны, жаңа қазақстандық қоғам құру ісіндегі жеке еңбек үлестері үшін Приозерск қаласы әкімінің Құрмет грамотасымен, Қарағанды облысы әкімінің алғыс хатымен және жыл сайынғы Республикалық «Супербухгалтер» кәсіпкерлік байқауының финалисті ретінде дипломмен марапатталыпты. Отбасылы және бүгінде 3 баланы тәрбиелеп, 3 немере көріп отырған үлгілі отбасы. Рахима Есенаманқызы бүгінгі таңда «Приозерск қаласының жұмыспен қамту бөлімі» мемлекеттік мекемесінің директоры болып қызмет атқаруда.

Үшінші қыздары – Абсаматова Алмаш Есенамановна. 1971-жылы 14-қарашада дүниеге келген. Білімі жоғары, М.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінің ұстаздық бөлімін бітірген. Қазір Жамбыл облысы, Жуалы ауданы, Ертай ауылындағы М.Ғабдуллин атындағы № 18 орта мектептің бастауыш сынып мұғалімі. Отбасылы, 3 бала тәрбиелеп, 2 немере сүйіп отыр.

Төртінші қыздары Абсаматова (Нарестина) Жазира Есенамановна 1973-жылы 29- қазанда дүние есігін ашқан. Жазира да жоғары білімді, Ресей Федерациясының қазіргі заманғы гуманитарлық академиясын оқып бітірген. Бүгінгі күні Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің 06708 әскери бөлімінің техникалық бөлімінің жауапты орындаушы сержанты қызметін атқаруда. Отанына деген қалтқысыз қызметі мен өз міндеттерін үздік орындағаны, жауынгерлік және мемлекеттік-құқықтық даярлықтағы жетістіктері үшін Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Құрлық әскерлері бас қолбасшысы, генерал-майор М.Майкеевтің Құрмет грамотасымен, Қазақстан Республикасының Қорғаныс Министрінің бұйрығымен III дәрежелі «Мінсіз қызметі үшін» төсбелгісімен, сонымен қатар әскери дивизионның қоғамдық өміріне белсене атсалысқаны және мемлекеттік- құқықтық дайындықтағы жетістіктері үшін марапат қағаздарымен марапатталған. Отбасылы, бір баланың анасы.

Үлкен ұлдары – Абсаматов Сулейман Есенаманұлы 1977-жылы 1-тамызда туған. Орта білімді. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің 60601 әскери бөліміндегі байланыс бөлімінің командирі, 3 сұрыпты сержант қызметін атқарады. Жұмысында абыройлы, беделді, жауапты. Қызметінде міндеттерін үлгілі орындағаны, қойылған міндеттерді орындауда көрсеткен ынта-жігеріне және 60601 әскери бөлімнің қоғамдық-саяси өміріне белсене араласқаны үшін ҚР ҚК қару-жарақ бас басқармасының бастығы, генерал-майор А.Оспановтың марапат қағазымен, 60601 әскери бөлімінің қоғамдық-саяси өміріне белсене араласқаны үшін бірнеше марапат қағазымен және алғыс хаттармен, Қазақстан Республикасы Қорғаныс Министрінің бұйрығымен «Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне 20 жыл» мерекелік төсбелгісімен марапатталған Үйленген. Үш баланың әкесі.

Абсаматова Ғазиза Есенамановна есімді қыздары 1983-жылы 30-қаңтарда дүниеге келген. Білімі жоғары, Қазақстан-Ресей университетін заңгер мамандығы бойынша бітірген және Қарағанды «Болашақ» университетінің магистранты. Қазіргі таңда Қарағанды қаласындағы «КасриСтрахование» АҚ-да маман болып қызмет атқарады. Тұрмыста.

Кенже ұлдары Абсаматов Олжас Есенаманович 1984-жылы 6-наурызда дүниеге келген. Білімі орта. Бүгінде Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің 06708 әскери бөлімінің жолдас аға жүргізуші сержанты қызметін атқарады. Қызмет жолында әскери бөлім басшыларының тапсырмаларын ерекше түрде орындап, үлгілі әскери тәртібі, өзіне тапсырылған техника мен қаруды білікті меңгергені үшін, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің бұйрығымен «Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне 20 жыл» мерекелік төсбелгісімен, «Қарулы Күштерінің ардагерлері» РҚБ Орталық Кеңесі Президиумының шешіміне сәйкес «Армия генералы С.Қ.Нұрмағамбетов» төсбелгісімен марапатталыпты. Олжас та өз ошағының түтінін түтетіп отырған отбасының басыесі. Әке мен үлгілі тәрбие алған азамат.

Бес қыз бен екі ұлды дүниеге әкеліп, оларды өнегелі етіп тәрбиелеп-өсіріп, өмірлеріне лайықты білім мен мамандық әперген ата-аналарға бұдан артық бақыт бар ма?! Бақытты та-ана, ата-әже болған Есағаң мен Тоты апайдың қайылық өмірлеріне де жақсылықтар мен жеміс тілейміз біз де өз тарапымыздан!

АҚБОТА – ЛАУРЕАТ!

Жаңа жыл мейрамы өте салысымен-ақ, қаламыз, аймағымыз, тіпті еліміз үшін қуанышты әрі сүйінші хабар келіп жетті. Нақтырақ айтатын болсақ, Жаңа жыл қарсаңында Ресейдің астанасы – Мәскеу қаласында өткен Гнесиних атындағы «CELLO-BASS 2019» виолончела және контрабаста ойнайтын жас музыканттардың III халықаралық конкурс-фестивалі өткен болатын. Аталған өнерлі жастар додасына Алматы қаласындағы Ахмет Жұбанов атындағы мамандандырылған мектеп-интернатының виолончела және контрабас бағыты бойынша оқушысы, қаламыздың тұрғыны, туған інім Уәлидің қызы Қыдырмұрат Ақбота да қатысқан. Бәсекелі бәйгеден оза шапқан Ақботамыз «ССУЗ» санатының «СОЛЮ» номинациясы бойынша III-дәрежелі лауреаты атанғаны белгілі болды. Әрине, бұндай ауқымды да маңызды музыка байқауларына мектеп-интернат шәкірттері арасынан жүзден – жүйрік, мыңнан – тұлпар атанғандар ғана қатыса алады. Ақбота өзі оқып жатқан мектеп-интернаттың озат оқушыларынан бірі болып саналғандықтан, өзі оқып-үйреніп жүрген саз аспабын жете меңгергендіктен ғана осындай айтулы додаға қатысуға мүмкіндік алған. Ақботаға жеңіп алған лауреттық атағына қоса өзі қалаған музыкалық аспаптың бірін жеңілдікпен сатып алуға арналған сертификат табыс етілді. Оған қоса Мәскеу қаласындағы Гнесиних атындағы Халықаралық жазғы мектепте үстіміздегі жылғы тамыз айының 5-10-жұлдыздары аралығында тегін оқып, шыңдалатын мүмкіндік берілді. Аталмыш мектепте Ресей, Еуропа және әлемнің танымал музыка мамандары дәріс беретін болады. Сондай-ақ Ақботаның ұстазы және жетекшісі, аталмыш конкурс-фестивальге шәкіртін баулып, жетілдірген Буенбаев Мухамед Абдыбақасұлы конкурс-фестивальге лауреат дайындағаны үшін «Алғыс хатпен» марапатталды.

Уәли мен Гүлбираның отбасындағы балалардың бәрі де музыка саласын таңдаған жеткіншектер деуге болады. Тұңғыш қыздары Айнакөз П.И.Чайковский атындағы музыка мектебін бітіріп, бүгінде магистратураның студенті болса, Әсел де Ақбота оқитын Ахмет Жұбанов атындағы мамандандырылған мектеп-интернатының қобыз сыныбының бітірушісі. Әселдің бұдан бұрынғы байқаулар мен халықаралық конкурстарда топ жарып, биік белестен көрініп жүргенін газет бетіне жариялағанымыздан көзі қарақты оқырман хабардар болса керек. Қыздарының өнер және музыка саласында білім алып, жетістіктерге жетуіне әкесі Уәли мен анасы Гүлбираның жасап жүрген еңбектері орасан. Әсіресе Гүлбира Нұршабекқызы ұрпағының қашада алдыңғы қатардан көрінуіне, тәрбиелі және инабатты-ибалы болып өсуіне, қазақтың бетке тұтар қыздары болып жетілуіне үлкен мән беретін, ақыл-кеңесін аямайтын ақылшысы әрі үлгі тұтар айнасы іспетті. Қыздарының музыка саласында үлкен жетістіктерге ата-анасы бар мүмкіндіктерін аяп жүрген жоқ. Әрбірінен үлкен үміт күтеміз біз де.

ҮШ МАЙДАННЫҢ АРДАГЕРІ

«Әке көрген – оқ жонар, ана көрген – тон пішер» деген халық мақалының тереңінде қандай ұлағатты ұғым жатыр десеңізші. Қазақ қашанда екі ауыз сөзбен айтар ойын түйіндеп тастауды жөн көрген шешен халық қой. Үш бірдей майданға қатысып, оқ пен оттың арасынан аман оралған, соғыстан кейін халық шаруашылығын қалпына келтіру жолында тиянақты еңбек етіп, ұрпақтарын елдің камын жейтін абыройлы азаматтар етіп өсірген Балғара Аймағанбетұлының есімі бүгінде Балқаш өңірі мен Қарағанды аймағына кеңінен таныс. Ел басына қатер төнгенде төсін ажалға тосып, Ұлы Отанын, өзінің сүйген елін неміс-фашист басқыншыларының улы тырнағынан арашалауға қатысқан азаматтың аты өзі дүниеден өтсе де, ел-жұртының жадынан өшпек емес. Ұлы Жеңістің 70 жылдығы қарсаңында жаужүрек жауынгер, майталман еңбеккердің жарқын бейнесін тағы бір рет еске алып қойғанымыз жөн болар деген пейілмен, ол кісінің өткен өнегелі өмірі жайында сөз қозғауды құп көрдік.

Балғара атай заманның қиын кезінде, 1913-жылы Қарағанды облысының қазіргі Приозерск қаласы орналасқан, Балқаш көлінің жағасындағы Қоржынтүбек ауылында дүние есігін ашқан. Бала кезінде ата-анасы Тасарал ауылына көшіп барып, осы жерде бастауыш мектепте білім алады. 1928-жылы мектепті аяқтаған 15 жасар бозбала еңбек жолын балықшылықтан бастайды. Еті тірі, іске пысық балажігіттің болашағынан көп үміт күткен колхоз басшылығы 1933-жылы «Қызыл қазақ» колхозына мүшелікке қабылдайды. Халықтың ризық-несібесін молайту жолында еңбек етіп жүрген атпал азамат 1939-жылы әскери комиссариаттың шақыруымен әскер қатарына алынып, «Комсомольск на Амуре» қаласында әскери сапқа тұрады. Әскери өмір жас жігітке жеңіл сый

дайындамаған екен. Ол 1941-жылдың жазына дейін 9-атқыштар полкының 3-атқыштар ротасында Финдерге қарсы соғысқа қатысып, енді елге қайтуға дайындалып жатқанда аяқ астынан Ұлы Отан соғысы бұрқ ете қалды. Сөйтіп, екі жыл елден жырақта болған, туған елі мен ата-анасын, туысқандарын сағынған жігіт шет-шегі, қашан бітері бір құдайға ғана аян аласапыран соғыстың алғашқы күнінен бастап, қанқұйлы жаумен жағаласуға кірісіп кеткен еді.

Әскери-соғыс өнерінен толық хабардар сақа жігіт қарсы келген дұшпанның қапы тұсын табуды, атқан оғын жау жүрегіне дәл қадауды жақсы меңгергендіктен, өзін, қасындағы қаруластарын ажал оғынан қорғауды да бір сәт есінен шығармаған. «Соғыста ерлік жасау үшін – ажалдан аман қалуды ойлау керек», деген әскери даналық сөздің мәнісін жақсы пайымдағандықтан, талай туралап келген ажалдан аман қалды. Жарақат алғанымен, уақтылы емделіп, майданға қайта кіріп отырған ол еліміздің талай қалаларын жеңіс жолымен басып өтті. Жеңісті майдан даласында, жеңімпаз жолдастарымен бірге қарсы алған Б.Аймағанбетұлы 1945-жылдың маусымынан 1945-жылдың қазан айына дейін 2-гвардиялық әуе десантының полкында атқыш бола жүріп, жапон ұлтшылдарының тізе бүгуіне де үлес қосты. Үш бірдей соғыстың ажал оғы себелеген ортасында шыбын жанын шүберекке түйе жүріп, 1945-жылдың 18-жұлдызындағы КСРО Жоғарғы Кеңесінің 25.09.1945-жылғы Жарлығына сәйкес әскерден босатылып, аттай алты жыл бойы сағынышпен есіне алып жүрген туған жердің топырағына қарай жұмырдықтай жүрегі алып-ұшқан еді. Омырауына соғыста көрсеткен ерліктерін паш еткен «За отвагу», «Боевые заслуги» медальдарын тағып қайтты.

Бұл сәт – елдің күйі тайған, ұзаққа созылған соғыс қажытқан кезең тұғын. Белін буып, білегін сыбанған Балекең көп дем аламай-ақ аулындағы еңбектің көрігін қыздыруға, елдің еңсесін көтеруіне қолқабыс ету үшін жұмысқа араласып кетті. 1955-жылы колхоздың кеме капитаны курсына жіберіліп, осы мамандықтың тұтқасынан, кемеңің штурвалынан ұстады. Қыс айларында балықшылар бригадасының бригадирі болып, кетуі кеткен халық шаруашылығын дамытуға барынша өз үлесін қосты. «Қанды қырғынның қасабынан тірі қалғаныма қайран қаламын. «Қырық жыл қырғын болса да, ажалды өледі», «Алла-тағала өрттің ішінен мақтаны аман сақтайды», - деген мақалды тегін айтпаған екен ғой, мен де соны өз басымнан өткерген, көрер жарығым мен қызығым, татар дәм-тұзым бар несібелі жан екенмін. Елімнің, отбасымның алдында күш-қайратымды мемлекетімді көркейтуге жұмсасам, дүниеге әкелген перзенттеріме тәлім-тәрбие берсем, олардың азамат болуына ықпал етсем, сөйтіп әкелік парызымды өтесем, татар дәмім таусылғанда туған топырағымның қойнында жатсам, менің басқа арманым болмас еді», дегенді Балекең көзі тірісінде жиі айтып отырады екен. Құдай қосқан қосағы, 3 ұл мен 3 қызды сыйлаған Айтбала әжеміз де тылда еңбек етіп, бейбіт кезеңде еріне адал жар, балаларына аяулы ана бола білді. Білек қоса еңбек майданының сапында тұрып, еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына атсалысты. Балекең бейбіт өмірде бірнеше рет ауылдық кеңестің депутаттығына сайланып, халықтың аманатын, сенімін ақтады. Басқарма тарапынан қаншама алғысқа, бағалы сыйлықтарға ие болды. «КСРО Қарулы Күштеріне 50 жыл», «Лениннің туғанына 100 жыл», «Ұлы Отан соғысы Жеңісіне 25 жыл» мерекелік медальдарымен және КСРО Қорғаныс министрі, маршалы А.Г.Гречконың атынан «За доблесть и отвагу в Великой Отечественной войне», «Еңбегі сіңген колхозшы», «Социалистік жарыстың екпіндісі» төсбелгілерімен марапаттаған.

Балекеңнің өмірдегі армандары мен мұрат-мақсаттары жүзеге асты Перзенттері сенімі мен үмітін ақтады. Тұңғыштары Ерқара Балғараұлы Аймағанбетов Қарағанды экономикалық университетінің ректоры, экономика ғылымдарының докторы, профессор, ХЭА академигі. 2004-жылы Елбасының Жарлығымен Ерқара Балғараұлы «Құрмет» орденімен марапатталды. Ерғали Балғараұлы мұғалімдік, мектеп директоры, ауыл әкімі секілді лауазымдық қызметтерді атқара жүріп, ҚР БҒ Министрлігінің Құрмет грамотасын алған. Кіші қызы Мейрамгүл Балғарақызы Приозерск қаласындағы «ТҮҚКБ» МКК-да бас есепші болып біраз жылдардан бері қызмет етіп келеді. Оның жұбайы Дулат Орынбасарұлы Дүйсембаев «Нұр Отан» партиясы қалалық филиалы төрағасының бірінші орынбасары, қалалық мәслихат депутаты және ҚР журналистер одағының мүшесі. Б.Аймағанбетұлынан өрбіген немере-шөберелері де қоғамдағы белсенді өмірге араласа бастады. Небәрі алпыстан асқан шағында дүниеден өткен, үш бірдей майдан мен еңбек ардагері болған айтулы азамат бүгінде арамызда жоқ болғанымен, ол жайлы айтылар жақсы естеліктер әлі де таусылмайтыны сөзсіз. Еліміздің азаттығы үшін қаны мен терін төккен осындай ерлердің даңқы арта берсін!

ЖЕТІ ЖЫЛ ӘСКЕР САПЫНДА

Гитлердің басқыншы армиясы Отанымыздың шекарасына соғыс жарияламай басып кіргенде, қызылқұмның арасында тып-тыныш тірлік етіп жатқан ауыл адамдарының да төбелерінен жай оғы түскендей болған. Еш дайындықсыз, алаңсыз жатқан еліміздің қалалары мен елді мекендерінен кедергісіз басып өткен гитлершіл армия көп ұзамай-ақ Ленинград, Мәскеу қалаларына қауіп төндіріп, атақты Сталинград шаһарына аяқ басты. Осы кезде елдің барлық жерінен соғысқа жарайтын азаматтарды жаппай майданға шақыру науқаны басталған. Тамды тарихында «Бес жүз бала аттанған» деген атпен қалған жастардың соғысқа аттану оқиғасы әлі күнге жұрттың аузында айтылып келеді. Осы үлкен топтың арасында жасы орда бұзар отыздағы Орынбасар Шілманов та бар еді.

Елдің қабырғасын сөге қайғыға салып кеткен өрендермен бірге, сол кеткеннен Саратов қаласы маңындағы Татишев станциясында алғашқы әскери дайындықтан өткен Орекең 1942-жылдың қыркүйегінде 13-атқыштар дивизиясының құрамындағы 34-полктың сапында Сталинград майданына түсті. Бұл кез нағыз қанмайдан – қырғынның қызған шағы болатын. Еліміздің ең маңызды аймағы саналған Сталинградты жаудан қорғауға кеңес Армиясының басшылығы бар амал-әрекеттерін салды. Жауынгерлердің биік рухы, қайсарлығы мен батылдығы сынға түскен кезең еді бұл. Міне, осы алапат ұрыста Орекеңнің де нағыз қазақ батырларына тән ерлік істерінің көзге түскен сәті болды. Қиян-кескі шайқас үстінде жау әскерімен бетпе-бет, қолма-қол айқасқа түскен кездері де аз болмаған. Сондай жойқын шабуылдың бірінде жарақаттанған О.Шілманов госпитальға түседі. Жарақаты жазылған соң қатарға қайта қосылып, Курск, Брянск майдандарындағы әскери қимылдарға қатысады. Осы ұрыстар үстінде ауыр жарақат алып, ұзақ уақыт емделгесін, 1943-жылдың 3-желтоқсанында елге 6 ай мерзімге демалысқа жіберіледі.

Ел ішінде болып, әбден сауыққан соң, 1944-жылы үшінші рет майданға аттанған Орекең бұл жолы Кәттеқорғандағы запаста тұрған 54-полкқа келіп, сол жылдың ақпанында Самархан қаласындағы санитарлық нұсқаушылар дайындайтын курсқа оқуға түседі. Аталған оқуды шілде айында жақсы аяқтағасын шығыс майданға, атап айтқанда Жапон ұлтшылдарынымен жүріп жатқан майдандағы 278-дивизия құрамындағы 855-полктың 1-батальонында санитарлық нұсқаушы болып соғысқа қатысады. Аталмыш ұрыс кезінде көрсеткен батылдығына орай «Ерлігі үшін» медалін омырауына қадайды. Осы жылы Орекеңнің мерейін үстем еткен тағы бір маңызды мадақтау келді. Дивизия командирі, полковник Лазарев пен саяси бөлім бастығы, гвардия полковнигі Жбаковтың қолдары қойылған «Біздің Советтік Отанымыз үшін» деген әшекейлі «Құрмет грамотасында» төмендегі сөздер жазылған екен: «Құрметті жолдас, кіші сержант Шілманов Орынбасар! Жолдас Бас Қолбасшы, Генералиссимус жолдас Сталиннің 1945-жылғы 23-тамыздағы №372 бұйрығына сәйкес, Сізге жапон басқыншыларына қарсы соғыста көрсеткен үздік әрекеттеріңіз, Үлкен Хинган таулары мен монғол даласын азат етуге үлес қосқаныңыз үшін алғыс жариялаймын!

Сізді құттықтаймын және Сіз алдағы уақытта да өзіңіздің және кенес қаруының даңқын арттыра отырып, өзіңіздің сүйікті Отаныңыздың қуатын нығайтады деп сенім артамын!». Осындай үлкен сенім мен лайықты мадақтаудың арқасында партия қатарына мүше болып қабылданды. Ол жапондармен соғыс жеңіспен аяқталған соң да елге оралмады. Орекеңді Тынық мұхиты флотының атақты адмирал Юмашев басшылық ететін 15-бригадасындағы 88-арнаулы атқыштар батальонына жіберді. Осында 1947-жылдың мамыр айына дейін қызмет еткен О.Шілманов туған жеріне, екі көздері төрт болып күтіп отырған отбасына, туған-туыстарына аман-сау, абыроймен оралған еді.

Бейбіт өмірде ол кісі әртүрлі лауазымдық қызметтер атқара жүріп, медициналық білімін жетілдіріп алды. Аяққұдық ауылдық ауруханасында меңгеруші болып жүргенде өз қызметін мінсіз атқарғаны үшін оны аудандық десаулық сақтау бөліміне меңгеруші етіп, лауазымын көтереді. Қызметі мен жұмысына тиянақты, талапшаң, қолға алған ісіне жауапкершілікпен қарайтын арда азаматтың қызметі өсіп, аудандық атқару комитеті төрағасының орынбасары, аудандық санэпидемстанцияның бас дәрігері, аудандық аурухана бас дәрігерінің орынбасары қызметтерін абыроймен атқарды. Ауданның денсаулық саласының жетілуіне мейлінше үлес қосты. Ауданда кіші медицина қызметкерлерін дайындайтын курстың ашылуына мұрындық болып, осы курстың басқарушысы және алғашқы оқытушысы болды. Ол 1989-жылы құрметті еңбек демалысына шыққанша ауданның, ұжымының мақтанышы болған азамат еді. Соғыста және еңбекте көрсеткен жетістіктері үшін омырауына «І-дәрежелі Ұлы Отан соғысы» ордені мен 14 медаль тақты.

Орекең жан жары Базаркүл әжеміз екеуі Аня, Бұхарбай, Әділбай және Сәрсенбай есімді перзенттерін үлгілі азаматтар етіп тәрбиелеп, бәрінің жоғары білім алуына, ұстаздық жолды таңдауларына ықпал етті. Атамыздың 4 баласынан қазіргі таңда 18 немересі, 11 шөбересі бар. Халқы мен перзенттерінің алдында бақытты да баянды өмір сүрген атамыз 2007-жылы 85 жасында

дүниеден өтті. Өнегелі әке, ұлағатты ата болған Орынбасар Шілмановтың жарқын бейнесі оны көргендер, қызметтес болғандар, одан тәлім-тәрбие алғандардың және ұрпақтардың жадында ұзақ уақыт сақталары сөзсіз.

МАЙДАНДА ҚАН, ЕҢБЕКТЕ ТЕР ТӨККЕН

Екінші дүниежүлік соғыстағы Ұлы Отан соғысы жылдарында неміс-фашист басқыншыларымен болған ұрыста кеңес әскерінің жеңіске жеткенінің 70 жылдық мерейтойын кең көлемде тойлайтын күн сәт санап жақындап келеді. Бұл қырғын соғысқа сол кездегі Кеңес Одағының барлық республикаларынан әртүрлі ұлт өкілдері бір атаның баласындай жұмыла қатысты. Бейбіт өмірдің тұрғындары алғаш рет адамдарға қарай оқ атты. Ол кездегі адамдардың көкейінде тұтқиылдан лап қойып, бейбіт жатқан елдің шырқын бұзған фашист басқыншыларына деген ыза мен кек, өшпенділік, өзара достық пен түсіністік болды. Басынан бақайшағына дейін мұздай қаруланған, соғыс техникалары заманға сай жетілдірілген қарсыластарына алғашқы жылдары жалғыз ауызды мылтықпен қарсы шықты. Олардың ойларында ерлік көрсетіп, марапат алайын деген ой болған жоқ, бар арман-мақсаттары соғысты жеңіспен аяқтап, елге аман-есен оралу болатын...

1914-жылы Өзбекстанның Кенимех ауданы Аютерең ауылында туған Ораздың баласы Жұма соғыс басталғанда 27 жастағы атпал азамат болатын. Ол кезде ауылға да еңбек күші аса қажет болғандықтан, соғыстың алғашқы жылы оған шақыру қағазы келген жоқ. Жұмекең ата – кәсібі қой бағумен айналысып, ауылда қалған елге басшылық жасап жүрді. Шаруашылықтағы ала таңнан қара кешке дейінгі бітіп болмайтын тірлікке белі бүкірейген қарттан бастап, бұғанасы қатпаған балаға дейін араласатын. Жұмыстың кез-келгенін бәрі бірдей атқара беретін. Олар майдан даласында жаумен жағаласып жүрген әскерлерге азық-түлік, киім-кешек жіберіп тұруды, сөйтіп жеңісті жақындатуға үлес қосуды өз міндетіміз деп санады. Ал, өз қатарластарынан қалып қойған Жұмекеңнің ойында қалайда соғысқа аттану болатын...

1942-жылы көптен күткен шақыру қағазы да келіп жетті. Сол маңдағы шақырылған жігіттермен бірге ауыл-елмен қош айтысып, қиян-кескі соғыс жүріп жатқан майданға да аттанып кетті. Бұл ұрыстың ең бір қызып тұрған шағы еді. Әуелі оларды қысқа мерзімдік әскери дайындықтан өткізіп, соғыс кезіндегі шешуші шайқастардың бірі өтіп жатқан Курск майданына төкті. Бұрын аңшы мылтығымен аң атқаннан басқа, кісіге қару кезенбеген жігітке өзі секілді адамға қарай ажал оғын себу әуелгіде тым өрескел көрінген. Қарсында жатқан адамды атып өлтірудің қаншалықты ауыр, қиын екенін жан-жүрегімен сезінгенімен, оны өзі атпаса, ол өзін ататынын, өзін өлтіретінін де іштей сезінді. Әскери дайындық кезінде бұларды осындай психологиялық сынақтан өткізіп, соғыстың әдіс-тәсілдерін игерумен қатар алып жүрген еді. Нағыз шайқасқа кіргенде кісінің екіұдай сезімде болып, мейрімділікке жол берілмеуі керектігін мықтап ұқтырған. Тосаттан оқ пен от борап бергенде көңілдегі күдікті ойдың бәрі бытырап кетіп, ол да өз қаруынан алға қарай оқ борататын болды. Аз уақыттан соң ысқырған снарядтардың, зуылдап ұшқан оқтардың, жан-жағында жарылып жатқан мина мен төбеңнен ұшақтар тастайтын бомбаның құлақ тұндырған жиіркенішті үндеріне де бойы үйренді. Жұмекең осылайша Курск бұғағын азат етуге 1943-жылдың күзіне дейін қатысты. Осы күзде жаумен болған алапат шайқаста зеңбірек снарядының жарылған жарықшағы оң аяғының сан сүйегін қиратып кетті. Ауыр жараланып, есінен танып жатқан, көп қан жоғалтқан оны медицина жауынгерлері әуелі майданның санитарлық бөліміне әкеліп алғашқы көмек көрсеткен. Одан кейін тылдағы бірнеше госпитальдарда емделіп, майданға қайта кіруге жарамсыз болғасын, елге оралған...

Соғыс майданының алапатын бір кісідей көріп келген Жұмекең елге келісімен еңбек майданына араласып кетті. Бұл кезде ауылда жұмыс күші тіптен тапшы болатын. Ол өзінің бұрыннан үйренген кәсібі – шопандықты қолына алды. Бұдан әрі өзін мадақ пен даңққа бөлеген шопандық кәсіпте өмірінің соңына дейін ерен еңбек етті. Елге Ұлы Жеңіс шапағы нұрын сеуіп, бейбіт тыныштық орнаған, жұрттың қарны тойынып, пейілдері жадыраған шақта – 1949-жылы Рахия Жұмағазиева есімді қызбен бас қосып, шаңырақ көтерді. Рахия апа соғыс жылдары тылда еңбек етіп, ФЗО-да оқыған, майдангерлерге киім тігумен айналысқан шебер кісі болған. Зұлмат соғыстың зілдей салмағын қатар көрген жас жұбайлар енді ел байлығын еселеу, ұрпақ өрбітіп, іздерінде азаматтық аттарын қалдыру жолында қатар тұрып бейбіт еңбекке бел шеше, білек сыбана кірісіп кетіп еді...

Рахия апа жұбайына сенімді көмекші болды. Қой бағудың қиындығы мен азабын басынан өткергендер ғана біледі. Қыстың қақаған суығы мен жаздың ми қайнатар ыстығында иен далада

қой бағатын ерінің ауырын жеңілдетуге бар күш-қуатын салды. Күзгі күйек, көктемгі төл алу науқандарында отардың бір шетінен табылатын, сөйте жүріп, он балаға ана болды. Тұңғыштары Сәрсенбай дүниеге келгендегі алғашқы аналық сезімді бастан кешу де бір бақыт еді. Одан кейін өмірге Жолдасбек, Тұрсынғұл, Тұрдымұрат, Орынбек, Тұрар, Тынышбек, Амангүл, Амангелді, Қалдыгүл есімді тоғыз баланы дүниеге әкелді. Оларды тәрбиелеп, өсіру де Рахия ананың міндеті еді. Ананың асқақ армандары мен мұрат-мақсаттары жүзеге асты. Барлық перзенттері жетіліп, мамандықтың, кәсіптің иелері болып, бір-бір шаңырақтың түтінін түтетті. Жолдасбекі жоғары білімді дәрігер мамандығын алып, халық саулығын қорғау жолында жемісті еңбек етіп келеді. Қазір Приозерск қаласының тұрғыны. Рахия ана 08.06.1973-жылғы КСРО Жоғарғы кеңесінің Жарлығымен «Батыр ана» алтын медалін омырауына қадады. Еңбектегі жетістіктері үшін бірнеше медальдармен марапатталған...

Жұма Оразұлы жеңістің 20, 30 жылдықтарына арналған мерейтойлық медальдарымен қатар, КСРО Қорғаныс Министрі, Кеңес Одағының маршалы А.Гречконың арнайы құттықтау хатын алған. Еңбек майданындағы ерен еңбегі де өз дәрежесінде мадақталып, марапатталды. «Еңбек даңқы», «Құрмет белгісі», «Халықтар достығы», «Октябрь революциясы» ордендерімен қатар, ең үлкен дәреже – «Ленин» орденін омырауына таққан. Бірнеше медальдармен марапатталған. Ауылдық, аудандық кеңестерге депутат болып, тұрғындардың сеніміне ие, аманатына адал болған азамат.

Ұл-қыздарының алғашқыларының қызығы мен жетілгендерін көрген Жұма ақсақал 1977-жылы Пайғамбар жасында дүниеден озды. Ал, Рахия әже бар баласын аяқтандырып, мына өмірде қиындық пен қызықты, бақытты ғұмырды қатар кешіп, 1996-жылы 70 жасында өмірден өтті.

МАМАНДЫҒЫН МАҚТАН ЕТЕДІ

Бүгінде ел ішінде кешегі заманның мектебі мен ұстаздары, оқыту үлгісі, шәкірттері туралы салыстыру жүргізіп отыратын әдет қалыптасып кеткені жасырын емес. Ұстаздар қауымына көңілдері толмай жататындар да табылады. Алайда, өз мамандығының қыры мен сырын жетік меңгеріп, заманауи әдістемелік құралдардан, ғаламтордан толыққанды пайдалану арқылы өз шәкірттеріне сапалы білім, саналы тәрбие беріп жүрген ұлағатты ұстаздардың арамызда – әр мектепте бар екені даусыз. Ұстаз еңбегі – өте нәзік, көп оқуды, ізенуді, білімін үнемі жетілдіріп отыруды, ұстамдылық, сабырлылық, байсалдылық пен шыдамдылықты үздіксіз талап ететін мамандық. Кез-келгеннің осы мамандықтан абырай-атаққа қол жеткізуі екіталай. Білікті, жақсы ұстазды оның тәлім-тәрбие беріп жатқан шәкірттерінің сабақ үлгерімі мен қол жеткізген жетістіктеріне қарап бағалау дұрыс шығар. Осындай ұлағаттаты ұстаздардың бірі Қарағанды облысы, Приозерск қаласындағы № 1 қазақ орта мектебінде бастауыш сынып оқытушысы Күлпаршын Әлибекқызы Мұратова десек, жаңылыспаймыз...

Күлпаршын Әлибекқызының ұстаздық етіп, жас ұрпақты білім нәрімен сусындатып келе жатқанына отыз жылға жуықтаған. Оңтүстік Қазақстан облысы, Сарыағаш ауданының Абай ауылында 1964-жылдың 20-ақпанында дүниеге келген Күлпаршын меткепте де сыныптастарының алды болды. Өзіне білім берген ағайлары мен апайларына еліктеген ол мектепті бітіргесін көп ойланып жатпай-ақ, Жезқазған қаласындағы педагогикалық институттың «Математика және физика» факультетіне құжат тапсырып, өзінің білімімен оқуға түседі. Жоғарғы оқу орнында оқып жүргенде де бар мүкіндігін терең білім алуға, көп уақытын кітапханада отырып, мамандығына қажетті кітаптарды парақтауға жұмсауға тырысты. Теориялық білім негізі осында жүргенде жақсы қаланса, ертең мектепке мұғалім болғанда алдынан шығатынын жақсы ұғынатын.

1986-жылы институтты бітіргенде оның алдында бөтен елдің дәм-тұзы күтіп тұрды. Ол кезде жоғарғы оқу орнын бітірген мамандарды оқу орны жолдама арқылы Республиканың мамандар тапшы аудандарына, елдімекендеріне жіберетін дәстүр қалыптасқан еді. Осы жылы Жамбыл гидромелиорация-құрылыс институтын тәмамдаған жас иженер жігіт Бахтияр Құрақбайұлы Жолдасовпен бірге шаңырақ көтерді. Асқақ армандарын алдағы өмірлеріне ту еткен жас жұбайлар жолдама арқылы Жезқазған облысы Приозерный ауданының (қазігі Ақтоғай) Айыртас ауылына келді. Күлпаршын «Айыртас» мектебіне мұғалім, Бахтияр су инженері болып орналасып, жаңа өмірдің соқпақ жолына түсіп еді...

Заманның алмағайып кезеңдері адамды әртүрлі амал-әрекеттерге баруға мәжбүрлейді ғой. Кеңесік жүйе құрдымға кетісімен, ауылдардың мәні де, сәні де кете бастағаны баршамызға мәлім. Осынау аласапыран сәттер Жолдасовтар отбасына да жеңіл тимеген. 1998-жылы Бахтиярдың

қызмет бабымен Қарағанды облысы, Приозерск қаласына қоныс аударуға тура келді. Қаладағы № 1 мектепке оқытушы жетіспей жатқан бастауыш сыныптарға мұғалім болып орналасты. Күлпашын үшін енді кітаптың жаңа парағы ашылғандай еді. Қанша дегенмен, бастауыш сыныптың өзіндік әдістемесі, сабақ өту тәртібі өзгешелеу. Осыны ескерген ол Тараз қаласындағы Жамбыл гуманитарлық-техникалық университетінің «Бастауыш оқытудың педагогикасы және әдістемесі» факультетінде оқып, мамандығын жетілдіріп алды. Білімі мен білігі, тәжірибесі мен өмірден көріп-түйгені мол маманды тани білген мектеп басшылығы 2006-жылы мектеп директорының бастауыш сыныптар бойынша оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары етіп тағайындады. Қазір І-санатты оқытушы жас мамандардың тәлімгері және үлгі тұтар тұлғасына айналған.

Ұлағатты ұстаздың осы кезге дейін қол жеткізген жетістіктері жайлы саусақ бүгіп санамаласақ, марапаттары жетіп-артылады. Мұны оқырмандар біліп жүруі үшін ұсынып көрелік: Ол – «2004-2005-оқу жылы мектептің қоғамдық жұмысында белсенділік танытқаны және мектептің абыройын көтеруде қосқан зор үлестері үшін» Құрмет грамотасымен, 2006-2007-оқу жылы «Білім беру саласында қосқан зор үлесі мен қол жеткен табыстары үшін» Қарағанды облысы Білім департаментінің Құрмет грамотасымен, 2012-2013-оқу жылы «Қаланың қоғамдық-саяси өміріне белсенді қатысқаны, жаңа қазақстандық қоғам құру ісіндегі жеке және шығармашылық үлестері үшін» Приозерск қаласы әкімінің Құрмет грамотасымен, 2013-2014-оқу жылы ХІ Республикалық зерттеу жұмыстары мен шығармашылық жобаларының «Зерде» республикалық конкурсына дайындағаны үшін» Қарағанды облысы Білім басқармасының Мадақтамасымен, 2014-2015-оқу жылы «Сарыарқа дарыны» аймақтық ғылыми-практикалық орталығының «Менің Тәуелсіз Қазақстаным» атты облыстық сурет байқауына дайындағаны үшін» Алғыс хатымен, 2014-2015-оқу жылы «Балалар мен жеткіншектер сарайы» КМКК, «Сарыарқа дарыны» аймақтық балалар бейнелеу өнері шығармашылығы үшін» Алғыс хатымен марапатталған.

Білім мен тәрбие беріп жатқан шәкірттерінің алған марапаттары өз алдына бір төбе. Атап айтқанда: 2012-2013-оқу жылы «ШҒА 43-ҒПК шеңберіндегі облыстық фестивальға белсене қатысқаны үшін» Нұрдәулет Кәрібек Алғыс хатпен, 2012-2013-оқу жылы «Бөбек» сауықтыру орталығында өткізілген іс-шарада белсенділік танытқаны үшін» Мәди Уахит Мадақтамамен, 2013-2014-оқу жылы «Халықаралық «Мен зерттушімін» байқауы шеңберінде мектеп жасына дейінгі бастауыш сынып арасында өткен облыстық фестивалға белсене қатысқаны үшін» Берікжан Назаров алғыс хатпен, 2013-2014-оқу жылы «Мен зерттушімін» байқауы шеңберінде мектеп жасына дейінгі бастауыш сынып арасында өткен облыстық фестивалда жеңіске жеткені үшін» Даниял Бағдатұлы ІІ-дәрежелі дипломмен, 2013-2014-оқу жылы Қалалық спорт жарысы – бокстан Айбар Жолдыбек ІІІ-дәрежелі дипломмен, 2013-2014-оқу жылы 1-7-сынып оқушыларының зерттеу жұмыстары мен шығармашылық жобаларының «Зерде» ІХ республикалық конкурсының жүлдегері Даниял Бағдатұлы ІІІ-дәрежелі дипломмен, 2013-2014-оқу жылы «BRITISH BULLDOC 2014» интеллектуалды конкурсының жүлдегері Мерей Құсайынова ІІ-орын алып, дипломмен, 2014-2015-оқу жылы Қарағанды облыстық Білім басқармасы «Ашық аймақтық балалар бейнелеу өнері шығармашылығы байқауының «Графика» номинациясы бойынша Нұрдәулет Кәрібек ІІ-орын иеленгені үшін» дипломмен, 2014-2015-оқу жылы 1-7 сынып оқушыларының зерттеу жұмыстары мен шығармашылық жобаларының «Зерде» Х-республикалық конкурсының аймақтық кезеңінде Әлия Қосыбаева ІІ-дәрежелі дипломмен, 2014-2015-оқу жылы «Халықаралық «Мен зерттушімін» байқауы шеңберінде мектеп жасына дейінгі бастауыш сынып арасында өткен облыстық фестивалға белсене қатысқаны үшін» Әлия Қосыбаева Алғыс хатпен, осы фестивалға белсене қатысқаны үшін Нұрдәулет Кәрібек те Алғыс хатпен, 2015-жылы Қаланың қоғамдық-саяси өміріне белсенді қатысқаны, жаңа қазақстандық қоғам құру ісіндегі жеке еңбек және шығармашылық үлестері үшін Приозерск қаласы әкімінің Алғыс хатымен, осы жылы Облыстық «Бастау» математикалық турниріне оқушыны дайындағаны үшін Қарағанды облысы білім басқармасының Алғыс хатымен, оқушыларына оқу бағдарламасына сай білім беріп «ТАНЫМ – 2015» облыстық рейтингтік олимпиадасына сапалы дайындағаны үшін Қарағанды облысы білім басқармасының Мадақтамасына қол жеткізген.

2018-жылы Қазақстан педагогтар қауымдастығының ұйымдастыруымен өткізілген республикалық «Сала үздігі – 2018» атты байқауына ұсынған жұмыстары үздік деп танылғаны үшін дипломмен, Қазақстан педагогтар қауымдастығы Төралқасының шешімімен қауымдастықтың мақсаттары мен міндеттерінің орындалуына және педагогика саласының өркендеуіне қосқан үлесі үшін «Үздік педагог» төсбелгісімен, «Рухани жаңғыру» бағдарламасының аясында ашық аймақтық «Бастауға апарар жол» атты байқауына жеңімпаз дайындағаны үшін Алғыс хатпен, «ЖШС Астана білім орталығы» Білім беру саласын дамытуға

қосқан мол үлесі мен педагогикалық және басшылық қызметте шығармашылық табыстарға қол жеткізіп, біліктілік танытқаны үшін Құрмет грамотсымен, 2018-2019 оқу жылының қыркүйек айындағы «Мұрагер» интеллектуалды білім порталы ұйымдастырған Республикалық қашықтықтан өткізілген «Үздік сабақ жоспары» байқауына қатысып, жүлделі ІІІ орынға ие болғаны үшін ІІІ дәрежелі дипломмен, «Мұрагер» интеллектуалды білім порталы ұйымдастырған Республикалық қашықтықтан өткізілген байқауында Оқушы бойындағы таланттың жаңғыра түсуіне зор үлес қосқаны, оқушының шығармашылық шыңдалуы жолында тынбай еңбек етіп, жетекшілік еткені үшін Алғыс хатпен марапатталған.

Міне, жоғарыда біз санамалап шыққан марапаттар мен мадақтаулар К.Мұратованың өзі сүйген мамандығында жетіп жатқан жеңістері мен жемістерінің айқын айғағы. Таңның атысынан, күннің батысына дейін мектептегі дәрісін, әдістемелік, ұйымдастыру, қадағалау жұмыстарын атқарып келіп, үй шаруасына араласатын отанасы түнге қарай ертеңгі сабаққа, алдағы ұйымдастырылатын шараларын жасау мен пысықтауға отырады. Бұның бәрін тап-тұйнақтай атқару үшін қаншама күш-жігер, шыдамдылық пен ұқыптылық қажет екенін бағамдай беріңіз. Екі ұл бір қыздың анасы болған Күлпаршын алдағы жазда Нұрсұлтанына келін түсіруді мақсат етіп отыр. Өзі қалап жолына түскен ұстаздықтың қиындығымен бірге қызығын, жемісі мен жетістігін көріп отырған К.Мұратова шәкірттері бәйгелі додалардан жеңіспен оралғанда бір марқайып, шаршауы шығып кететінін жасырмайды. «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» деген даналық сөз Күлпаршын секілді мұғалімдерге қарата айтылғандай, тегі!..

Ұлағатты ұстаздың өмірсерігі Бахтияр Құрақбайұлы Жолдасовпен танысып, араласа бастағанымызға да ширек ғасырға жуықтап қалыпты. Осы қалаға табан тірежелі бері коммуналдық шаруашылық мекемесінде басшылық қызметтер атқарып жүрген қалаға танымал азаматтырдан бірі саналады. Заманымыз бір болаған, жасымыз қатар Бахаңмен осы жылдар ішінде жақсы араласып, әңгімеміз жарасқан, бір-бірімізге тілектес, қуанышымыз бен қайғымызға ортақтасып жүретін жандармыз. Қаланың өмірі мен тіршілігі, қазақтың тарихы мен руханияты, құндылықтары жайында пікірлесіп тұрамыз. Өз ісіне мығым, замана көшіне ілесіп білетін талапшаң азамат балаларын да өмір мектебінен тәлім алдыра отырып, жақсы тәрбие берген. Үлгілі отбасыдан ұл-қыздар қоғамнан өз орындарын тапқан, бүгінде әрбірі қаламыздың өсіп-өркендеуіне сүбелі үлестерін қосып жүрген азаматтар. Бұл отбасыны қаладағы өнегелі шаңырақтардың біріне жатқызуға әбден болады.

БАБАЛАР АРМАНЫ ОРЫНДАЛДЫ

Қаладағы бірден-бір коммуналдық-шаруашылық мекеме – «КТҮҚҚ басқармасы» КМК-да қызметін қарапайым қызметкерден бастап шебер, бас инженер, мекеменің директоры лауазымына дейін өскен, былайғы жұрт Оспан деп атайтын Қаланбоев Усмон Уринбоевичтің өміртарихы жайында қалада тұратын көптеген жұрт біле бермесі анық. Сондықтан бүгінгі құмырнамалық очеркімізде оның өмірбаянына үңіліп, оқырмандар назарына ұсынуды жөн санадық.

Төлқұжаты бойынша Қаланбоев Усмон Уринбойұлы (тәжік хатшының жасағаны) кеңес үкіметінің дәуірлеп тұрған кезінде сол замандағы Тәжік КСР-інің Шартуз ауданы, Гагарин ұжымшарында қарапайым механизатор отбасында дүниеге келіп, бала шағынан ауылдағы еңбекке араласып өскен. (Тәжіктер толтырған құжат бойынша оның аты-жөні Усмон болса да, біз мақаламызда аталары азан шақырып қойған Оспан деп және қазақша тегімен атап отыратын боламыз). Оспан бала кезден-ақ әкеге еліктеп, темір-терсекке үйір болды. Механизацияға байланысты тірліктерге араласуды жаны қалап тұратын. Сондықтан болар, 1991-жылы орта мектепті жақсы үлгеріммен бітірген болса да басқа балалардай жоғарғы оқу орындарына қарай ұмтылмай-ақ аудан орталығындағы кәсіптік техникалық оқу орнының ауыл шаруашылығы мамандарын даярлайтын бөліміне оқуға түсіп, 1992-жылы оны жақсы аяқтаған соң мамандығы бойынша ұжымшарда еңбектегі жолын бастаған. (Осы жерде оның арғы тегінен аз-кем ақпар бере кетуді жөн санаймыз).

Кеңес үкіметінің жеңіске жетіп, үстемдік құруы қазақ еліне аз қасірет-қайғы әкелмегені жазылып, жазылмаған тарихтан белгілі. Оспанның арғы ата-бабалары да «қызылдар» қырғыны елге келіп бүлік салғанға дейін қазіргі Қызылорда облысының Қармақшы ауданының төңірегінде қарапайым шаруа баққан, сонымен отбасыларын, айналасын асырап отырған жандар болған. Алдарындағы малдарынан тігерге тұяқ қалдырмай тартып алып, бала-шағаның ішіп-жемінен айырған соң, жан бағып әрі қызылдардың мылтық оғы мен әпербақан қылықтарынан бас

сауғалауға мәжбүр болады. Сөйтіп сол кездегі қазақ қауымының үдіре көшіп жатқан жағы – ауған еліне қарай бұлар да жөнкі көшеді. Осылайша тәжік еліне келіп, әрі қарай жүруге шамалары келмегендері осы жұрттың топырағында қалып кетеді. Ол уақта тәжік елі тыныш әрі ішіп-жемге бай ел болғандықтан, бала-шағаның аمانдығын ойлап, осында еңбек етуге тура келген. Кейіншелік бұл жаққа да қызыл басқыншыларының табаны тиген және олардың үстемдігіне бас июге мақұл болмасқа қадері қалмаған. Одан әрі кеңес пен фашизм арасында соғыс басталып, туған жерге оралудың сәті түспепті. Бірақ туған жерден мәжбүри түрде баз кешкен ата-бабалары ұрпақтарына ретті сәт туысымен елге оралуларын аманаттап кеткен және өздерінің мәйіттері тәжік жерінде жерленген....

1992-жылы тәуелсіздік орнауымен сол кездегі барлық кеңестік Республикалар өздерінің егемендіктерін жариялады. Сол күннен бастап Оспанның әкесі Орынбайдан тыныш кетеді. Бұл орасан өзгерістің ақыры қалай болады деп күтіп жүргенде арадан екі жыл өте шыққан. 1994-жылы ғана тәуелсіздіктің анық орнағанына көзі жеткен Орекең отбасын, ағайын-туғандарын жетектеп елге ат басын бұрады. Сол жылы әуелі Оңтүстік Қазақстан облысына, араға бір жыл салып, 1995-жылы сол кездегі Жезқазған облысының Приозерск қаласына көшіп келген. Осы жылдың 1-қарашынан бастап о баста өзі қалаған мамандығы бойынша коммуналдық шаруашылық саласына жұмысқа орналасады. Содан бергі саналы ғұмыры аталмыш мекемеде өтіп келеді. Бастан талай-талай жетіспеушіліктер мен қиындықтар да өткені көз алдында. 1997-жылдан қаланың «Жылумен қамтамасыз еті және шығынды сулар» КМ кәсіпорнының жөндеуші ұстасы, сол учаскенің шебірі қызметтерін атқарған. 2000-жылы Сыртқы су және жылумен қамтамасыз ету учаскесінің басшысы етіп тағайындалады. Бұл кезеңде тозығы әбден жеткен аталған салада тер төгетін, тығырықтан шығар жол іздейтін қиындықтар жетерлік болатын. Бала кезінен еңбектің белортасында өскен, өз саласын жетік меңгерген Оспан Орынбайұлы бұл қиындықтан да өтудің жолын таба білді. Біліктілігінің, ұймдастырушылық қабілетінің арқасында 2005-жылы «КТҮҚҚБ» КМК бас инженерлігіне тағайындалып, 2006-жылы мекеме директорлығына жоғарылатылады. 2011-13-ж.ж. аралығында болып тұратын түрлі алмастырулардың арқасында бас инженер және директорлық қызметтерін абыроймен атқарды. Бүгінгі таңда яғни үстіміздегі жылдың 21-шілдесінен бастап өзінің негізгі қызметіне қоса кәсіпорынның директоры міндетін атқарып жүр. Ол атқаратын қызмет арасынан уақыт тауып, өз білімін жетілдіруді де ойластырған. Себебі заман талабы солай. 2003-жылы Қазақстан-Ресей университетінің экономика бөліміне оқуға түсіп, оны 2008-жылы бітіріп алыпты. Экономика саласынан білімнің болуы оның басшылық жұмыстағы қызметіне жаңа серпін беруде, экономика тетігін меңгермей алға жылжу да, табысқа жету де мүмкін емес..

Әр жылғы жазғы маусым кәсіпорынның алдағы қысқа дайындықты қызу жүргізетін тынымсыз шағы. Мекеменің басшасынан кешесіне дейін дерлік жөндеу-дайындау қызметінің бел ортасында жүреді. Жуықта біз О.Қаланбаев және Приозерск қаласының тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі басшысы Темірхан Айдархановпен біргелікте № 1 қазандықты һәм басқа да коммунадық нысандардың қысқа дайындық жұмыстарының барысын топ болып көріп шыққан едік. Жөндеу-дайындау жұмыстарының басым бөлігінің орындалғанына куә болдық. Осы салада үздіксіз қызмет етіп келе жатқан Оспан Орынбайұлының аталған саланың бүге-шігесіне дейін жаңақтай шағатынын бұрыннан да білетінбіз. Себебі ол қала коммуналдық саласының отымен кіріп, күлімен шығып жүрген санаулы мамандардың бірі. Оспанның ұзақ жылдық төккен тері мен қызметі елеусіз қалмапты. Басшылық тарапынан еңбегі ескеріліп, 2001-жылы Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 10 жылдығына орай арнайы медальмен, сондай-ақ бірнеше рет облыс және қала әкімінің Құрмет грамоталарымен марапатталған.

Марапат өз алдына, адамның адамгершілігі, елі мен Отаны үшін жасап жатқан қызметі мен еңбегі, өзі тұрып жатқан ауылдың немесе қаланың өсіп-өркендеуіне сіңіріп жатқан өлшеусіз еңбегіне халықтың ризалығын, алғыс-рахметін білдірген ықыласы – барлық марапаттан артық емес пе?.. Бұл тұрғыдан келгенде де Оспанның алар бағасы өз алдына бір төбе. Біздің ойымызша, ең бастысы Оспан Қаланбаев өзіне ата-бабалары сенім етіп қалдырған аманатты орындап, перзенттік парызын өтеді. Тарихи Отанға оралған соң қолынан келген қызметтің бәрін жасап, ұрпақтық рухын бәсеңдетпеді жәні қазақ елінің, тұрақтаған қаласының өркендеп, өсуіне өзіндік үлесін қосты һәм қызметін жасады. Ұл-қыздарын өсіріп, оларды Қазақстанның болашағы үшін қызмет ететін ұрпақтар қатарына қосты. Азамат үшін бұдан артық бақыт бар ма?!

КЕШЕГІ – КЕЛІН, БҮГІНГІ – ЕНЕ

Ел ішіндегі еңбек адамдары, олардың еңбегі және қоғамдағы қызметтері, айрандай ұйып, бір шаңырақтың түтінін тік ұшырып отырған ошақтың ырыс-ынтымағы мен ұрпақ тәриесіндегі тіршілігі жайлы жазып, бұларды өскелең ұрпаққа үлгі-өнеге ретінде көрсету, таныстыру журналистің һәм баспасөз қызметінің басты міндеті болғандықтан, осынау міндетімнен ешқашан айныған емеспін. Төмендегі әңгімеміз де осындай отбасының отанасы жайында болмақ. «Отан – от басынан басталады» демекші, мерейлі отбасыларымыз елімізде қаншалықты көп болса, Отанымыз да соншалықты тыныш, ынтымақты, береке-бірлікке толы болары ләзім. Қарапайым қазақ әйелінің қоғамдағы алатын орнына ерекше мән беріп, олардың жағдайын мейлінше жасау әрбір мемлекеттің де басты назарында болуы тиіс. Бүгінгі таңда үстеріне әскери киім киген әйел азаматтарды көре қалсақ, оншалықты таң қалмайтын болдық. Еліміздің Қорғаныс саласының барлық бөлімдері мен нысандарында олардың қолтаңбалары бар екеніне куә болып жүрміз. Алайда, үстеіне әскери киім құйып қойғандай жарасым тауып тұратын қаракөздерді сырттай бақылағандар арасында оларға соншалықты қызыға қоймайтындар да бар арамызда. Осындай жандардың бірі – 44841 әскери бөлімінде қарасты күзет бөлімінде оншақты жылдан бері абыройлы қызмет етіп келе жатқан Қалдыгүл Келдібайқызы Дүйсенбаева десек дұрыс болатын шығар. Төрт балаға ана, екі немереге әже болған Қалдыгүл осынау қызметке кездейсоқ келгенін баяндағымыз келеді. Осы орайда кейіпкеріміздің өткен өміріне көз жүгіртіп өтелік...

Өзбекстан Республикасының Науаи облысы, Тамды ауданының «Аяққұдық» ұжымшарына қарасты Құлымбет ауылында дүниеге келген ол қатарластарымен бірге ауылдағы төрт жылдық мектепті аяқтағасын, орта мектепті «Аяққұдық» ауылының орталығындағы орта мектепте онжылдықты бітіреді. Одан әрі Науаи шаһарындағы медициналық оқу орнына медбикелік мамандығы бойынша оқуға түскен. Бала кезден арманы болған оқуды жақсы бітіріп шыққасын оны алда үлкен өмірдің басқыштары күтіп тұрған еді. Ол кезде оқу бітіріп келген жас мамандарды аудандық денсулық сақтау органдар мен аудандық орталық аурухана басшылығы комиссиялық түрде мамандар тапшы аудан шаруашылығына жолдама арқылы жіберіп отыратын жақсы үрдіс болған. Қалдыгүлдің несібесіне Керізбұлақ ауылында орналасқан ауруханада еңбек жолын бастау бұйырыпты. Оның алдағы адами өмірінің тура осы жерден бастау алатынын ол кезде жас қыз білген жоқ, әрине. Мамандығына орай қызмет жолын 1986-жылы бөтен ауылда бастаған жас маман тез арада біліктілігімен, қолының жеңілдігі, ептілігі һәм мейрімділігімен ауыл адамдарының назарына ілікті. Көпшіліктен мақтау алған тәрбиелі, биязы, салмақты қызға ұзамай-ақ ауыл жігіттері арасынан қырындаушы бойдақ бозбалалар да табыла кетеді.

Зымырап уақыт өтіп жатты. Өзі сүйген мамандығында абыройға бөленіп, аурухана басшылығы тарапынан алғыс пен ілтипатқа да бөлене білді. Дертіне – дауа, ауруына – шипа іздеп келген, қолынан шипа көрген адамдардың рахметі де көбейе түсті. Жұрт мақтаған қыз сөйтіп жүргенде осы күнгі өміржолдасы Якуда Тұрдымұратұлының көзіне ілігіп, жігіттік әрекет жасап оған сөз салады да, екі жас бір-бірінің ұнатады. Таныстықтан басталған табысудың арты ғашықтыққа ұласқан. 1989-жылы екеуі шаңырақ көтеріп, отбасылық өмір жолдарын бастайды. Араға жыл салып тұңғыштары Ермек дүниеге келді. Ұлдары жасқа толғанда Якуданың қызмет бабына орай, 1991-жылы Үшқұдық қаласына қоныс аударған. Бұл жерде екінші ұлдары Ермек дүниеге келгесін баланың күтіміне қарайтын Қалдыгүл негізгі қызметінен тыс қалды. Оның үстіне тұңғыштары Ермектің денесінен науқас белгісі байқалып, мамандығы бойынша жұмыс істеуге бұл да кедергі болған. Осылайша ұзақ жыл барысында қос балапанының бабын табуға, солардың өсіп-жетілуіне арналған өмірі басталған. Мейірбан ана жүрегі балалары үшін өз өмірін құрбан етуге де дайын еді. Жас ата-ана тұңғыштарының науқасын емдеп, қатарға қасуға бар күштерін салғанымен, ДЦП деп медициналық диагноз қортындысы қойылған аурудың түпкілікті емі табылмады. Сүп-сүйкімді қос ұлының күтімі мен баптауын қолына алған ана қызмет жасамадым деп өкінген жоқ. Оның басты арманы балаларының аман болуы-тын. Кеңес үкіметі ыдырап кеткен сол бір тоқсаныншы жылдардың басы үлкен қиыншылықтар кезеңі болды. 1995-жылдан бастап ондағы ел-жұрттың тарихи Отандары – Қазақстанға үдере көшуі басталған тұста бұлар да бүгінгі мекендері Приозерск қаласына көпшілікпен бірге қоныс аударған. Әрине, жаңа қоныста дертке жалдыққан Ермектеріне шипа табылып қала ма деген үміт ұшқыны да болғаны рас. Сөйтіп, олардың осындағы жаңаша өмірлері басталып жүре берген...

Аналық мейірі мен бар ықыласын баларына арнаған Қалдыгүл қызмет жағдайын мүлде ойламайтын халге жетті. Ол кездің қиыншылығы мен ауыртпашылығы әлі күнге бәріміздің есімізде. Жалақы түгілі, зейнатақы мен жәрдемақының өзін уақытында алып тұру мұң болған заманда бала-шағаны бағып-асырау үшін әркім өз бетінше күн көріс қамына кіріскен. Сондықтан Қалдыгүл де қол қусырып қарап отырмай, үйінде отырып нан пісіріп сатты. Күйеуінің жалақысын

күтпей, оның табысына үлес қосты. Алтын қолдарынан пісіп шыққан сап-сары тоқаштай нандарын жұрт таласып-тармасып алып кететін. Той-жиындар мен құдайы-астарда арнайы тапсырыспен нан жабатын. Түн ұйқысын төрт бөліп қамыр ашытып, оны алатаңнан тұрып пісіру қаншалықты қиын болса да, отбасының және балаларының қамы үшін мұның бәріне шыдаммен, сабырмен қарады. Арасында Ермекті жан-жаққа қаратып, дәрігерлерден ем-дом алып тұруға да уақыт табатын. Мүшел жасына толғанда тәп-тәтті қылығымен қуандырып отыратын Ермектері дүниеден өтіп, ананың жүрегінің жартысын өзімен бірге ала кетті. Тағдыр мен жазмыштың салғанына пенденің амалы бар ма, тағы да көнді, қайғыра жүріп, шыдады!..

Есеңгіретіп кеткен қайғыдан анық есін жиғаннан соң ғана барып, бес күн жалғаншы өмірдің әлі де жалғасатындығын пендеге тән санамен ойлануға көшкен. Уақыт өтісімен екі қызы – Қарлығаш пен Ақжүнісі дүние есігін ашты. Ермегінің дидары ұмытылмаса да, көңілі жайлана бастағанда ғана қызмет жайын еске алған. Үйелмелі-сүйелмелі өсіп келе жатқан балаларға жалғыз ерінің тапқаны жетпейтінін сезінгесін жұмысқа шығуға қам жасады. Ұзақ жылдық үзілістен кейін, оған қоса медициналық саладағы соңғы жылдардағы көптеген өзгерістердің орын алуына орай өз мамандығы бойынша жұмыс істеуде алдынан таудай кедергілерге кез болды. Несібесіне қарай, дәл сол кезде әскери бөлімдердің күзет қызметіне әйел-қыздардан топ жинап жатқан болатын. Қалдыгүл де бағын осы жерден сынап көруге ниеттеніп, құжаттарын тапсырды. Талапшыл жан әскери талапқа сай жүргізілген сынақтардан сүрінбей өтіп, қызметтегі жаңа салаға бет бұрды. Міне, сол 2008-жылдан бергі мезгілден бері жартылай әскери күзет бөлімінде табан аудармай қызмет етіп келеді.

Замана ағымымен жағдайлары түзеліп, балалары өсіп жетілді. Нұрбегі мектеп бітіріп, арнаулы білім алды. Одан кейін, күндердің бірінде өзінің ұлының үйленгісі келетінін айтқанда, осында көшіп келгендегі шынашақтай ұлының осы күнге жеткенін ойлап, уақыттың қалайша білінбестен тез өтіп кеткеніне таңдана қараған. Сөйтіп, Яқудамен екеуінің жылғыз ұлдары Нұрбек Арай есімді қызды табалдырықтарынан келін етіп аттатты. Өзінің ене атанғанына Жаратқан иеге шүкірлік еткен болатын. Өне-міне дегенше Алла немере сүюді нәсіп етіп, өмірге Ернұр деген немересі келді, оны иіскеудің бақыты бұйырды. Бұндай бақытты сәтін тілмен айтып жеткізе алмайды. Оның ізінен Нұрсезім атты тағы бір тәтті қыз ерді. Арай келіні өзінің топырағына жаралған келін болып бақтарына берілген, мыңболғыр жан болып жолықты. Осының бәрі соншама жыл көрген қиындығының қайтымына Алладан берілген сыйы деп біледі. Ол енді үйдің шаруашылығын келініне толықтай сеніп тапсырып, өзінің қызметіне алаңсыз кірісіп кеткен. Әскери күзет бөлімінің тарапынан қалтқысыз қызметі үшін Алғыс хаттармен марапатталып, суреті құрмет тақтасынан орын алды. Қызмет бабындағы жағдайларға қарай әр күні күзет кезегіне шығып қалатын сәттер болып тұрады. Мейлі қыстың боранды суығы, мейлі жаздың аптапты ыстығы болсын, еңбекпен шыныққан Қалдыгүл Келдібайқызы мұндай сындарға мойымайды. Отбасын үйіріп, шаруасын жайғап отырған Арайдай келіні барда үйге алаңдамайды. Өтіп кеткен қиын да, азапты күндермен салыстырғанда бүгінгі тіршілігі жұмақтың өзіндей көрінеді. Аузынан шүкірі мен тобасын тастамай, қызметіне асығады. Жұмыстан келгенде шапқылап келіп, құшақтарын жая күтіп алатын екі немересінің жұпар аңқыған иісін иіскегенде бойындағы бар шаршағаны шығып, жадырап сала береді. Өзінен гөрі атасына үйірсек балақандардың тәп-тәтті, былдыраған тілдерін есіту де өз алдына бір бақыт.

Өмірдің өзі күрестен тұратындығын бір білсе, осы Қалдыгүл біледі. Жоғарыда баяндағанымыз әдеби көркемдеп, әсірелеу емес, өмірдің айдай ақиқаты, боямасыз шындығы. Қоғамға қал-қадерінше үлес қосып, шаңырағының шегесі, отбасының берекесі болып отырған осындай әйел-аналарымызбен қанша мақтанып, мадақтасақ та жараспай ма?! Бұл көптеген жас буын – қыз-келіншектерге үлгі-өнеге боларлықтай өмірдің өз шындығы. Адам өз бақытын өз қолымен жасайтындығын осы мақаладағы кейіпкердің өмір тарихын оқыған саналы жандардың өздері пайымдап алар деп ойлаймын!

ТАРИХИ ОТАНЫНА ТУЫН ТІККЕН

(Ғұмырнамалық очерк)

1995-жыл Приозерск қаласының тарихында қаланың қайта жанданып, алға өрлеу дәуірі ретінде қалары хақ. Осы жылдан бастап қалаға оралмандар және еліміздің өзге аймақтарынан халықтың көптеп көшіп келу қарқыны артты. Сол кездегі қала басшысы болған Сағымбай Мұқатайұлы Медеубаевтің тікелей шақыртуымен қаланың болашақ тұрғындары қалаға ат басын

тірей бастағаны һәм олардың сол кездегі әлеуметтік-экономикалық қиындықтарға қарамастан осында тұрақтап қалуын қамтамасыз еткені тарихтың ақ парағы беттеріне жазылып қалары анық. Ардан аттай 22 жыл өткен кезде қала түбірінен қайта түледі. Бұл осы қаланың өз тұрғындарының табан ет, маңдай тер, қажырлы қайраттарының арқасында жасалды. Бұл – қарапайым еңбек адамдарының адал да жанқиялық еңбегінің жемісі. Туған жерлерінің пұшпақтай бөлшегінің гүлденіп, өсуіне олар өз үлестерін қоса білді. Сол бір күндер әлі күнге кешегідей есімде қалған. Жаңа жер, жаңа мекен, бөтен ортаға келгенде, көңілді әртүрлі күдікті ойлар қаптағанда біздің ойласып, ақылдасатын адамдарымыздың алдымыздан шыққаны қандай керемет еді. Оларды бұрын-соңды танымасак та, қалаға бізден бұрын келіп қоныстанған, қала туралы біраз жайға қаныққан және бізге ақыл-кеңесін аямаған орта болды. Олар да өзіміз секілді Өзбекстан жерінен келген бауырларымыз-тын. Көбісі сол кездегі «Горкомхоз» аталатын мекемеде жұмыс істеп жүрген болатын. Біз де сонда соғып, адамдармен танысып-білістік, жөн-жосық сұрастық.

Біз қалаға алғаш рет сол жылдың шіліңгір шілде айында қадам бастық. Шағын топпен келген біз қала әкіміне жолығып, алдағы жоспарларымызды пайымдап алған соң, оралмандардың ең көп жұмыс істейтін жері – жоғарыда аталған мекемеге бас сұқтық. Менің ең әуелі әңгімелесуді жөн санаған адамым өзім қатарлы, құрылыс саласында инженер болып қызмет ететін Нұрадин есімді жігіт болды. Себебі ол замандасым, әрі құрылыс саласына қанық маман, көпші-қонның біраз түйткіліне қанық жан. Қазақстанға қоныс аударғанына да біраз жылдың жүзі болған екен. Қаланың болашағын болжай алардай қабілет-қарымы да байқалып тұрды. Құрдас болғандықтан екеуміз тез тіл табыстық. Осылайшы Нұрадин екеуміз жарты сағаттан астам уақыт әңгімелестік. Ол өзінің сенімді де үміт отын жағатын сөздерімен мені иландыра түсті. Ол кезде Қазақстанның экономикалық әлеуеті әлсіз болуына қарамастан, Приозерск секілді болашағы бар қалаларды қалайда аман сақтап қалуға жағдай жасалып жатқан кезең еді. Сондықтан біздің де осы қаланың өркендеп, өсуіне қол үшін беру қажеттігімізді ұқтыра білді. Қалада коммуналдық саланың және абаттандырудың, тұрғын жайлардың санын арттырудың амалдары жасалып, құрылыс-жөндеу жұмыстарының қарқын ала бастағанын және өзінің де осы салада қызмет етіп жүргенін баяндады. Елге барғанда аталған салаларда жұмыс істейтін маман-жұмысшыларды көбірек тартуға назар аударғанымыз жөн екенін түсіндірді. Біз көшіп келуге бекем шешім қабылдап, алдағы өмірге деген нық сеніммен елімізге қайттық.

Қалаға көптеген отбасыларды ізімізге ертіп оралған соң да Нұрадинмен қызметтес те, пікірлес те, ниеттес те болып қатар ғұмыр кешіп келеміз. Саналы ғұмырымыздың басым көпшілігі осы шағын шаһармен тікелей байланысты. Ол қызмет сатысымен өсті де, қарапайым маманнан бастап бас инженер, мекеме басшысы қызметтерін абыроймен атқарды. Оның барлық жетістіктеріне тілеулес болып, бағындырған белестері үшін бірге қуандым. Ұрпақтарының өсіп-өніп, отау құрған қуаныш-тойларына ортақтастым. Оның алғаш келгендегі өз сөзімен желпіндіріп, үміт отын жаққаны, сөйтіп осы қалаға тұрақты көшіп келуіме себепші болғаны бір сәтке де жадымнан шыққан емес. «Жақсы адам алдағы жақсылықтарына себепкер болады» деген сөздің тегін айтылмағанына көзім жетті.

Нұрадин Есіркегенұлы Жаманбаев 1961-жылғы 10-қарашада Өзбекстан Республикасы Газли қаласында дүниеге келген. Оның аталары сонау кеңес үкіметі орнатылып, елді жаппай ұжымдастыру жүріп жатқан, байларды түгелдей тонауға көшкен, болашағы бұлыңғыр жүйенің үстемдік құра бастаған тұста аталған жүйенің қазақ халқы үшін жақсылық әкелмейтінін білгендіктен туған жерін тастап, Ауғанстан жағына ауа көшкен екен. Мал-мүлкін қызылдар тонап алғандықтан және бала-шағаның аш-жалаңаштықтан жолға жарамауы кесірінен жолжөнекей Тәжікстан төңірегіне тұрақтап қалады. Одан кейінгі көптеген елді ашаршылық жайлаған кезде жеміс-жидегі мол тәжік елінің ішінде бала-шағасын бұл зұлматтан аман алып шыққан Есіркеген ағамыз соғыс бітіп, ел еңсесін көтерген соң ғана кейін қайтып, қазақтар және өз ағайындары шоғырланған Бухара облысының Ромитан ауданына көшіп келіп, сонда тұрақтап қалады.

Орта мектепті тәмамдаған соң Нұрадин 1977-жылы Бухара қаласындағы құрылыс техникумына оқуға түсіп, өзі қалаған техник-құрылысшы мамандығына ие болған. Еңбек жолын қарапайым құрылысшыдан бастаған ол 1989-1990-жылдары Газли қаласындағы «Газлинефтегаздобыча» мекемесінде құрылыс инженер мамандығы бойынша жұмыс істеп, кейін Құрылыс-монтаж басқармасында құрылыс инженери болып қызмет атқарды. Құрылыс саласының әліппесін осында жүріп үйренді, жыл өткен сайын тәжібибесін де толықтырып, біліктілігін молықтырып отырған. Құрылыс саласының мамандары қай жерде де үлкен сұранысқа ие. Сондықтан ол қызметінің аса жауапкершілігін де түйсіне білетін. Кеңес Өкіметінің жағдайы нашарлап, халық шаруашылығының барлық саласында тоқырау кезеңі басталғанда бұның қызмет

етіп жүрген мекемесі де жұмысын бәсеңдеткен. Көреген әкесі Есіркеген ақсақал осы кезде баласына: «Біздің тарихи Отанымыз Қазақстан. Есің барда еліңді тап демекші, осы бастан балаларды ата қонысқа қосуды ойластыр. Ертеңгі күні ұрпақтарың өзге ұлттың теперішін көрмей, өз елінің ұлтаны болса да еркін өмір сүрсін...» деген насихат сөздерін жиі айтатын болған. Бұндай толқыныс сол жердегі көптеген адамдарда барын аңғарған Нұрадин үлкен ағаларымен, ақылман аталарымен ақылдаса отырып, тарихи Отанға оралуға бел байлайды. Сөйтіп 1990-жылы отбасымен және туысқандарымен бірге Қазақстан Республикасына, ата мекенге қоныс аударып, Жамбыл облысы Луговой ауданына көшіп келеді. Білікті маман бірден осы ауданға қарасты «Қарақыстақ» агробрлестігінде құрылыс прорабы болып қызметке орналасады. Мұнда да өзінің біліктілігі және өз саласына болған құрметінің арқасында абырой-беделден кенде болған жоқ. Бірақ заманадағы кенеттен болған өзгерістер оны бұл жерде де ұзақ тұрақтандырмаған.

Кеңес Үкіметінің іргесі сөгіліп, Қазақстан өз тәуелсіздігін алған, бірден капиталистік жүйеге аттаған кезеңде ауыл, аудандардың бәрінде шұғыл жекешелендіру жүргізілгені аян. Бұндай жүйеге түсінбеген, қабылдай алмаған ел-жұрт аяқ-асты абдырап қалды. Ел ішін жұмыссыздық пен жетіспеушілік жаулады. Көзін ашып, еңбекке араласқалы құрылыс саласында қызмет етіп келе жатқан Нұрадин де не істерге білмей, дал болып қалған еді. Қалайда тығырықтан шығудың жолын іздеген ол құрылыс жұмыстары бар мекенді іздестіруі заңды болатын. Өзімен ниеттес жандармен ақылдаса, кеңесе отырып, ақыры шақыру салып жатқан Приозерск қаласына көшіп келген. Осылайша оның осы қаладағы тұрақты өмірі басталып кетті. Келген бойда өзі қалаған жұмысы табылып, «СПМК-3ж» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде құрылыс бойынша инженер болып жұмысқа орналасады. 1997-жылдан бастап жиырма жыл бойы қаламыздағы коммуналдық салада аянбай еңбек етіп келеді. Одан бергі кезеңде қаламыздың қоғамдық-саяси, әлеуметтік өміріне қосқан еңбегі зор. Қаланың дамуында, өсіп-өркендеуінде оның өшпес қолтаңбасы қалды. Көпшіл, кісімен тіл табысқыш, халықтың арасында мидай араласып жүретін Н.Есіркегенұлы халыққа қызмет етуді басты орынға қоятын жан. Ел ішіндегі қуаныш-қайғыны олармен бірдей көтерісіп, қызмет көрсетуден аянбайтын оның қарапайым жұрт арасындағы құрметі мен беделі де жоғары. Осындай қарапайымдылығы, кішіпейілділігі, халықшылдығының арқасында Приозерск қалалық мәслихатының II - IV шақырылым депутаты болып сайланған. Елдің сенімі мен аманатына қылау түсірмей, бұл жұмысты да абыроймен атқарып шықты. Оның қалтқысыз қызметі ескеріліп, Құрмет грамоталарымен және Алғыс хаттармен марапатталып отырды. Ал, қала тұрғындары тарапынан берілген баға мен олардың алғыс-рақметтері өз алдына. 2011-жылы «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 20 жыл» мерекелік медалімен марапатталған.

Өткен ғасырдың аяғына қарай қаланы ыңғайына қарай әскери салаға икемдеу жұмыстары басталып, қазақстандық Сарышаған сынақ алаңының іргетасын қалағаны белгілі. Осынау салтанатты шараның ашылуына қарай оның қазығын қағып, алғашқы кірпішін қалау құрметі мен бақыты осы Нұрадинге бұйырғанын көптің бірі білсе, бірі білмейді. Сол кездегі қала әкімі С.М.Медеубаев арнайы шақыртып алып, бұл салтанатты шараға оны лайық көріпті. Сөйтіп оның қолтаңбасы бұл жерде де мәңгілік қалды. Осынау көңіл толқытарлық сәтті ол ешқашан есінен шығармақ емес.

Өміржолдасы Бақыт екеуі тағдырдың иыққа салған ауыр жүктерін бірге көтеріп, қиындығын да, қызығын да бірге көріп келеді. Бақыт біраз жылдардан бері Приозерск қаласы мәслихатының аппаратында маман болып қызмет етеді. Балаларының бәрі мамандық алып, қызметке орналасып және шаңырақ көтеріп, өмірдегі өз орындарын тапқан тәрбиелі де өнегелі балалар. Өткен қиын көндердің бәрі артта қалды. Олар бүгінде үлкен отбасында үш бала тәрбиелеп, немерелер сүйіп отырған сүйікті де бақытты әке мен ана һәм ата-әжелер. Туған еліне, тарихи Отанына туын тігіп, әке өсиетін бұлжытпай орындаған Нұрадин Есіркегенұлы басқалардың да бақытты ғұмыр кешуін тілеп жүретін қарапайым жан. «Жақсының жақсылығын айт, нұры тассын» деуші еді ғой...

ТӨККЕН ТЕРДІҢ ҚАЙТЫМЫ БАР

«Жақсыдан – жақсы туса игі, ата жолын қуса игі» деген қазақта жақсы мақал бар. Арамызда жүрген кейбір азаматтардың ата жолын қумаса да, әкесінің жақсы адами қасиеттерін бойына сіңіріп, өмірде өз жолы мен мамандығын дұрыс таңдап, қоғамға қомақты үлес қосып жүргендері қуантады. Осы мақаламыздың басты кейіпкері Жоламанның әкесі Қырым аға қаладағы танымал һәм батагөй ақсақалдардың бірінен саналады. Медицина саласында ұзақ жылдар жемісті еңбек еткен Қырекең зейнетке шыққан соң еткен еңбегінің рахатан да, қызығын да көріп жүрген

казыналы қария. Көбжасаров Қырым Беласарұлы 1943-жылы Өзбекстан Республикасы Бухара облысы Қаракөл ауданында дүниеге келген. Балалық шағы соғыстан кейінгі жылдары, сол бір қиыншылық кезеңде өтеді. Сол заманның қиыншылығына қарамай, отбасындағы тоғыз баланың үлкені болған Қырым ақсақал, мектепті үздік бітіріп, медицина саласын таңдайды. Дәрігерлік мамандығының қыр-сырын үйреніп, қыстақ медициналық пунктiнен бастап, қалалық ауруханаға дейiн көптеген ауруларды емдеп, медицина саласында 40 жыл қызмет етеді. Аянбай атқарған қызметі үшін көптеген наградалармен марапатталады. Ең бастысы өз отандастарының арасында құрметке лайық болады. Қырым ақсақал 2000 жылы тарихи отаны Қазақстан Республикасына қоныс аударады. Қаламызға келген жылдан бастап, өз қатар құрбыларының денсаулығын үнемі бақылап жүреді. Ақсақалдың қаламызда екі ұл, екі қызы және солардан туылған немерелері мен шөберелерінің қызығын көріп жүрген бақытты жандардың бірі. Ол тәрбиелеген ұл-қыздары қаламыздың әр –түрлі саласында қызмет етеді. Немерелерінің алды атасының жолын қуып, медицина саласын таңдаған және осы салада қызмет етіп келеді. Тәжірибелі және өмірін осы салаға арнаған атасы немерелеріне әр қашан да осы саланың қыр-сырын үйретуден жалықпайды. Ол кісі ұл-қыздарына жақсы тәлім-тәрбие беріп, олардың өмір жолдарын дұрыс таңдауына мейлінше жағдай жасаған және тура бағыт сілтеген көреген жан десек артық болмас. Алтын асықтай ұлдары мен қырмызыдай қыздары бүгінде халық шаруашылығының әртүрлі салаларында қарымды қызмет етіп, еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына сүбелі үлес қосып жүр.

Осы отбасыдан шыққан, 1970-жылы 13-тамызда Бухара облысы Қарауылбазар қаласында дүниеге келген Көбжасаров Жоламан Қырымұлы да осы санаттағы жігіттердің бірі десек қателеспейміз. Бала кезінен спорттың күрес түрлерімен айналысып, дене шынықтыру пәнін жан-тәнімен ұнатқан ол маңдай терін сорғалата жүріп, жас шағынан-ақ күрестенгі мықтылығымен көзге түсе бастаған. Тынымсыз еңбегінің арқасында 1987-жылы жасөспірімдер арасында ДЗЮ-ДО күресінен спорт шебері атағын алады. Өзі қалаған спорт оған мамандық таңдауда да дұрыс бағытты сілтепті. Мектептен орта білімді жақсы дәрежеде алып шыққасын ол көп ойланбастан Бухара қаласындағы мемлекеттік педагогикалық институтының дене шынықтыру факультетіне құжаттарын тапсырып, осы оқу орнының студенті атанады. Аталмыш институтты 1995-жылы бітіріп, алғашқы педагогикалық еңбек жолын 1996-жылы дене шынықтыру пәні мұғалімі болып Қарауылбазар қаласының Бизнес мектебінде бастады. Жас буынның салауатты өмір салтын қалыптастыруға жас маман білек сыбана кіріседі. Қандай уақытта да, қай қоғамда болмасын адамның денсаулығын сақтау мәселесі алдыңғы орында тұратынын ескерсек, өскелең ұрпақты спортқа бейімдеп тәрбиелеудің маңызы зор екендігі даусыз. Күреспен шыныққан жас жігіт Жоламан да мақсатты ісін осы бағытта өрбітті.

Сол бір жылдарда заманның алмағайып кезеңі жүріп жатқан тұс болатын. Ел-жұрттың көбісі тәуелсіздігін алып, дербес мемлекет болған тарихи Отанымыз – Қазақстанға үдере көшіп жатты. Бұндай түйткіл жас ұстаздың да кеудесін кернеп жүрді. Ақырында түпкілікті шешімге келген ол да қалған ғұмырында өз елінің отын жағып, көсегесін көгерту үшін 2001-жылы тарихи Отанына ат басын бұрады. Сол кездері өздерінің аймағынан көбірек отбасылар көшіп жатқан Қарағанды облысының Приозерск қаласына таңдауы түскен Жоламан әулетімен осында келіп қоныс тепті. Қажетті маманға қаламыздағы «Өнер және спорт мектебі» орталығы құшағын ашып, қазақ күресі үйірмесін ұйымдастыруға, ондағы күреске қызығатын оқушыларға ұлттық күресіміздің қыр-сырын үйрете бастауға қолы жетті. Батыр тұлғалы, шымыр денелі, түксиген қабағына қарамастан иі жұмсақ, мейірімді, балаларды үйіріп алатын биязы мінезді ұстаздарына балалар тез бой үйретті. Үздіксіз және тиянақты, талабы мықты дайындық жұмыстарының нәтижесінде ресми түрде облыстық жарыстарға қаламыздың намысын қорғауға қатысқан оқушылары жүлделі орындарға ие бола бастады. Нақты деректерге сүйене отырып атап айтар болсақ, облыстық оқушылар арасында өткен спартакиада жарыстарында және облыстық құрама командасына іріктеу жарыстарында Бекзат Тұрлыбаев, Алихан Жұмаханов, Саша Аркатов, Медетбек Жүзимов, Мырзабек Джумаевтар өз салмақтарында жүлделі орындарды жеңіп алған. Арадан уақыт өте келе оның күрес үйірмесі қанатын кеңге жайып, шәкірттер саны да арта бастады. Қалаға есімі танылып, білім бөлімі басшылығының көзіне түсті. Ақырында азіргі кезде ұстаздық қызметін атқарып жүрген № 2 жалпы орта білім беру мектебінің дене шынықтыру пәні мұғалімі болып жұмысқа ауысты. Осы мектептегі оқушылармен 15 жылдық іс тәжірибесі нәтижесінде, сабақ барысында балалардың денсаулығын нығайтып әрі оқушыларын әртүрлі спорт түрлеріне баулу арқылы шәкірттерінің қалалық және облыстық жарыстарда жеңіске жетуіне қол жеткізіп келеді. Атап айтқанда мектеп оқушылары футболдан және волейболдан жүлделі орындарды жеңіп алған.

Биылғы жылдың жаңа оқу жылы Жоламан Қырымұлының дене шынықтыру пәнінің ауқым аясы кеңеюіне жаңа жол ашылуымен есте қалатын шығар. Себебі спорт залының кей спорт түрлеріне мүмкіндігі шектеулі болса, биыл мектеп жанынан қалалық әкімдіктің қолдауымен заманауи спорт алаңы іске қосылды. «Футбол және жүгіру алаңына өте мұқтаж болып жүргенде мына спорт алаңының ашылуы бізге қуаныш сыйлаумен қатар тынысымызды да кеңейтіп тастағандай. Енді оқушыларым жеңіл атлетиканың өздері қалаған түрлерімен және футбол, волейболмен шұғылданып, жүгіруге кең мүмкіндік алды» дейді ұстаз. Жалпы жиырма жылдық педагогикалық еңбек өтілі бар, ұстаздық тәжірибесі толыққан І-санатты мұғалімнің осы жылдар аралығында көптеген жетістіктерге жеткеніне төмендегі марапаттары дәлел. Саусақ бүгіп санамалайтын болсақ, Ж.Қ. Көбжасаров Қазақстан Республикасы орталық сайлау комиссиясының Алғыс хатына, облыстық шағын футбол жарысында 7-8-сыныптар оқушылары жүлделі ІІІ-орын иеленгені үшін мадақтамасына, Қазақ Хандығының 550 жылдық мерейтойына арналған «Ұлттық ойындар» сайысына белсене қатысқаны үшін мадақтамасына, Ұлы жеңістің 70 жылдығына арналған хор ұжымдары арасындағы қалалық байқауға қатықаны үшін Мәдениет және тілдер дамыту бөлімінен мақтау қағазына, ұстаздар күніне арналған дойбы жарысынан қалалық біріншіліктегі жеңіп алған ІІ-орын үшін мадақтамасына, баскетбол жарысында төрешілік еткендігі үшін «Достық» балалар мен жасөспірімдер шығармашылық орталығының «Үздік төрешілік» мадақтамасына, мектеп лагерін лайықты ұйымдастырғаны үшін Білім бөлімі тарапынан берілген алғыс хаты және жастарды патриоттық рухта тәрбиелеудегі еңбегі үшін 06708 Ә/Б командирінің Алғыс хатына ие болған. Осының бәрі өз мамандығын сүйген, осы жолда мол табыстарға жете білген ұстазға берілген лайықты баға һәм көп жылдар бойы төккен тері мен еткен еңбегінің қайтымы болса керек.

АҚ ЖЕЛЕҢДЕ 35 ЖЫЛ

Ақ желеңін қымтана киініп, емханаға келушілерге қалтқысыз қызмет етіп жүретін және олардың науқастан күйзеліске түскен жандарына жалау бола білетін мейірбикелердің жұмысының аса қиындығын екінің бірі біле бермейді. Бұл ақ желеңді абзал жандар мектепті бітіріп, мейірбикелік қызметке қызығушылықпен медициналық оқу орнына барғанда аталмыш қызметтің ауырлығын біле де қоймаған шығар. Дегенмен, қолдарына диплом алып, өз міндеттеріне кіріскен соң, осы саланың ыстық-суығына біржолата кірісіп кетеді. Бұдан әрі алдарынан не кездесе де бәріне шыдауларына тура келеді. Медицина саласындаұзақ жылдардан бері қызмет етіп жүрген және медициналық қызметке мұқтаж қала тұрғындарының құрметіне бөленген ақ желеңді абзал арулар мен аналар біздің қаланың орталық ауруханасында да жетіп артылады. Солардың бірі жайлы атап өтер болсақ, ол Тойжан Әлімханқызы Әлменова. Осы салада аттай 35 жылын өткерген Т.Әлімханқызы бүгінде үлкен тәжірибеге ие мейірбике.

Тойжан Әлменова Өзбекстан Республикасы Науаи облысына қарасты Кенимех ауданының Қарақата ауылында туып-өскен. Осы ауылдағы орта мектепті 1978-жылы бітіріспен, өзінің қалауы түскен Бухара қаласындағы Әбу Әли Ибн Сино атындағы әйгілі медициналық техникумға құжаттарын тапсырып, студент атанады. Қызының бұл қалауын марқұм анасы да қатты қолдап, өз тарапынан көмек көрсеткен. Бұл оқу орнының ұзақ жылдық тарихы бар, кеңестік кезеңнің өзінде абырой-беделі жоғары болды. Студенттерге қатаң талап қоятын және соған сай білім де беретін. Бұл жерде оқу абыройлы іс әрі жауапкершілікті талап ететін. Соның арқасында терең біліп алып, өз салаларының қыры мен сырына қанығып, мамандықтарын жақсы меңгеруге қол жеткізген.

Техникумды жақсы оқып, бітірген соң қайда баруы қажеттігі талап етілгенде де ол өзінің туған ауылын таңдады. Ол кезде ауылдық жерлерде медицина мамандығына қажеттілік әлі де жетерлік еді. Жергілікті ауылдық амбулаториялық аурухана ұжымы ауылдарынан шыққан жас маманды жатсынбай, құшақ жайып қарсы алды. Қағілез қыз еңбек жолын білек сыбана бастап кеткен. Осы жерде жүріп өзі бұрыннан танитын, бір мектепті араға бір жыл салып бітірген өнерлі жігіт Әбдіраман Жүсіповпен махаббаттарын ұластырған болатын. Араға уақыт салып отау тікті және екеуі жас мамандар ретінде күйеуінің туған жеріне барып шаңырақтарын көтерген. Өміржолдасы ауылдық клубта бірнеше музыкалық аспапта ойнап, ән салып ауыл өнерін дамытуға атсалысса, өзі Ауылдық Амбулаториялық ауруханаға еңбек қазығын қадады. «Ағаш бір орнында көгереді» демекші, осы ауылда олар да көгеріп-өсіп, жетілді. Ұлдары Нұркен және қыздары Көркем мен Меруерт дүниеге келді. Сол бір заманда тойларда ансамбльдер ойнатылып, сәнге айналғанда Әбдіраман «Рауан» вокалды аспаптар ансамблін құрып, жетекшілік етті және ауыл арасын біраз уақыт дүркіретті. Қойлы ауылдарға өнер сапарымен шығып, оларға тиесілі барлық қызмет түрлерін көрсетіп тұратын. Аудандық, облыстық өнер байқауларында жеңімпаз атанып жүрді. Ол

да бір есте қалатын, қызығы мен шыжығы көп жастық дәурен болыпты. Әбдіраманның өнердегі жолы Приозерск қаласына көшіп келгесін де жалғасып, қаланың дерлік барлық мәдени ісшараларына белсене қатысып жүрді. Маңайдағы ауылдар мен қалалардың талай тойларында қызмет етті. Домбырада, гитара мен «Ямаха» музыкалық аспаптарында шебер ойнайтын, өзіне ғана тән ерекше үні бар әнші соңғы жылдары сазгерлік қырынан да танылды. Менің «Тауелібай» және «Немерем» өлеңдеріме ән шығарып, көпшілікке паш етті.

Кеңестік заманның дәуірі бітіп, қабырғасы сөгілген тұс бұларға да біраз ауыртпалық әкелген еді. Бұдан әрі бұл жақта қалудың ретін таппаған олар Қарағанды облысының Приозерск қаласына көшуге бел байлаған. Бұл жерде жақын туысқандары, таныс-біліс, дос-жарандары жасап жатқан. Міне, сол кезден бері жиырма жыл өмірлері осы қалада өтті. Балалары аяқтанып, немерелерін сүйді. Тойжан Әлімханқызы әлі де сол өзінің сүйікті қызметін атқарып жүр. Қазір ол емхананың жауапты әрі ауыр бөлімінде мейірбике болып істейді. Психонаркологиалық диспансерде мейірбике болудың өзіндік ерекшеліктері бар. Бұл жерге кез-келген жан шыдап жұмыс істей алмауы мүмкін. Т.Әлменованың мол тәжірибесі мен науқастармен тіл табыса алатын сыпайы мінезі осы жерде тұрақтап қалуына ықпал етуде. Психонарколог дәрігер Қабылғазы Көшербайұлы Тойжанның қалтқысыз қызметін айрықша бағалап, жылы лебізін білдіріп отырады және оның медицина саласындағы орасан еңбегін өзге әріптестеріне үлгі етіпайтып жүреді.

Өзі қалап киген ақ желеңімен саналы өмірінің 35 жылын артқа тастаған тәжірибелі мейірбике бүгінде Әбдіраманмен екеуінен өрбіген ұрпақтардың кейуанасы, отбасының ұйтқысы. Тұңғышы Көркем мен кенжетайы Меруерт екеуі де анасының жолын қуып, медицина саласын таңдаған. Қазір Қарағанды қаласында тұратын тұрмыстағы Көркем мен күйеуі Ерсінен – Ерқеназ, Айару мен Ералы, Меруерт пен Саяттан – Диас, Ділназ атты жиен немерелері өсіп келеді. Екі қыздың арасындағы ұлдары Нұркен қаладағы байланыс саласының белді қызметкері – электр және байланыс монтері. Нұркен мен Шахнозадан дүниеге келген қолдарындағы немерелері Аружан мен Әлихан әжесінен гөрі атасына көп ыңғайланатын тәтті балақандар. Дастарқанымыздағы дәміміз араласқан достардың алдағы істеріне жетістік, табыс, отбасыларына бақ-береке, татулық тілеп жүреміз біз де өз тарапымыздан.

ЖЕЛТОҚСАН ЖАҢҒЫРЫҒЫ – ЖАДЫМЫЗДА

Ғасырлар бойы қазақ даласында болған әрбір оқиға, әрбір шайқас – тәуелсіздікке жасалған бір қадам. Осындай кішкене адымдармен, бірақ оң жолмен, азаттық жолымен қазақ елі армандаған мақсатына келе жатты. Желтоқсан оқиғасы осы бір «соқтықпалы» соқпақтағы ең соңғы ірі адым болды. «Мың өліп мың тірілген», енді тәуелсіз қазақ өзінің алғашқы демін желтоқсан ызғырығымен алды. Ал, 1986-жылғы «Желтоқсан оқиғасы» тәуелсіздіктің, азаттықтың, демократиялық жаңғырудың бастауы болды. Ол жас жігіттер мен қыздар ар-намыс пен елдік рух жолында теңдікті талап еткен тегеурінді күш-қайнарының тоғысқан шағы еді. Аталған оқиғаның бас жағында Ұлы Отанының еркіндігі үшін шыбын жандарын қиған, мына өмірден қыршын кеткен Е.Сыпатаев, С.Мұхаметжанова, К.Молданазарова, Қ.Рысқұлбеков, М.Әбдіқұлов, Л.Асанова сынды азаматтар табылды. Ел мен ұлттың тәуелсіздік хұқын қорғау үшін бас көтерген желтоқсандық жігіттер мен қыздардың бұл қадамы шын мәнінде ерлік еді. Осы қанды оқиғадан кейін бес жыл өткен соң, Қазақстан тәуелсіздік туын тікті. Қазір Желтоқсан оқиғасына себеп болған нендей жағдай еді деген сұраққа жауап жиі ізделінуде. Меніңше, КОКП Орталық Комитеті Саяси Бюросының сол кездегі Қазақстан басшысын ауыстыру туралы ұйғарымынан туған наразылық мәселенің бір жағы ғана. Елдегі шетін жағдайлар оған дейін де қордаланып қалған еді. Өйткені, республикамыздың егемендігі ол кезде тек сөз жүзінде ғана болды.

Желтоқсан оқиғасына қатысып, қазақ елінің азаттығы үшін басқыншы жүйенің әділетсіздігіне қарсы тұрған, кеңес жендеттерінің қаракөз қыздамызды темір таяқпен аяусыз сабап жатқанын көріп, арашаға ұмытлғаны үшін жазықсыз жапа шеккен азаматтың бізге – Приозерск қалалық қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының басшысы лауазымына келгенін аяқасты біліп қалдым. Бұны айтқан мемлекеттік қызметші Жұлдыз Дулатова еді. Ара суытпай аталған мекемеге барып, Әлібай Қалибекұлы Бәкеевпен жақыннан танысудың сәті түсті. Желтоқсан оқиғасының тірі куәгерімен әңгімеміз қысқа болса да, біраз жайға қанығып алдық. Бұрынғы Жезқазған облысының Балқаш қаласына қарасты Қоңырат кенішінде 1964-жылы дүние есігін ашқан Әлекеңнің әкесі осы мекендегі кеніште 44 жылдан астам уақыт еңбек етіп, халқына қалаулы, еліне елеулі азаматтардың бірі, құрметті кенші болған. Бертінде жергілікті тұрғындардың қалауымен және ұсынуымен поселкелік кеңестің төрағасы (бүгінгі ауыл әкімі) лауазымды қызметін атқарады. Жарық дүние

сыйлаған анасы Шәмшкен Бакеева (Бектұрова) кеніштің теміржол саласында 40 жылдан аса қызмет еткен еңбек ардагері. Екеуінен тараған ұл-қыздан немере, шөбере сүйіп бақилық болған марқұмдардың жалғасы бүгінде еліміздің әртүрлі салаларында жемісті еңбек етіп жүр.

1972-82-ж.ж. Қоңыраттағы № 25 мектептің озат һәм үлгілі оқушысы болған Әлібай Қалибекұлы 8 және 10-сыныптарда екі жылда бір рет өтіп тұратын Алматы мен Шымкент шаһарларында өткен республикалық олимпиаданың орыс тілі пәнінен екі дүркін чемпионы атанады. Ата-анасының үлкен үміт күткен балаларының бірі Әлібай 1982-жылы мектепті бітірген соң, Қарағанды мемлекеттік медицина институтының санитарлық-гигиеналық факультетіне оқуға түскен. Жоғарғы оқу орнында да білім алуға құлықты студенттердің қатарында болады. Институттың бесінші курсында оқып жүрген 1986-жылғы желтоқсан айының орта шені Әлекеңнің өміріне үлкен өзгеріс әкеледі. Бұл – Кеңес үкіметінің Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің бірінші хатшылығынан Дінмұхаммед Ахметұлы Қонаевті алып тастап, орнына Г.Колбинді әкелген тұс болатын. Әрине, осы кезге дейін орыстық басынудың шегіне жеткен құқайын көрген қазақ жастарына бұл қорлықты көтеру мүмкін емес еді. Ең әуелі алматылық жастар мен студенттердің «қазақ еліне қазақ азаматы басшылық ету керек» деген басты және әділетті талабын араға күн салып, Қазақстанның барлық өңірлерінің жастары қостай жөнелгені белгілі. Аталған шараға қатысу сәті Қарағанды қаласына да келіп жеткен болатын. Сол күнгі жағдай әлі күнге Әлекеңнің кешегідей есінде...

Желтоқсан айының 17-18-жұлдызы күндері күннің борасынды аязы әдеттегіден де тым қатты болды. Жасалып жатқан аса әділетсіздік жәйттерге «Табиғат-Ана» да ашуланғандай сыңай танытып, күн райы тұтасып, түнеріп тұрған. Қаланың жұмысшы жастары мен студенттері Қарағанды облыстық партия комитетінің ғимараты маңына жиылып, бейбіт шеруге шыққандарын және қазақ еліне өздерінің бір ұлы басшылық жасауы тиіс деген заңды талаптарын қойды. Ойларында ешқандай бөтен пиғыл жоқ мыңдаған халықтың ой-пікірі мен талабына пысқырып қарамаған шенділер тарапынан жиналғандарды күшпен, онда да аяусыз жазалап, зорлықпен тарату тапсырылған болуы керек, әп сәтте шерушілерді милиция мен күштік құрылымдар қоршап алып, жаппай сабауға, қыздардың шашынан сүйреп тепкілеуге көшеді. Мұндай қорлыққа, хайуандыққа қандай ар-намысы бар азамат қарап тұра алсын. Топтың орта шенінде басшылықтан қандай да бір түсіндіруді күтіп тұрған студент Әлібай қаракөз қарындасындай қызды сүйреп бара жатқан құқық қорғау өкілінен қызды арашалап алу үшін, оның жағасына жармаса кетеді. Қызды айырып алғанымен, оған өзге милиция өкілдері жабыла кетіп, қолына кісен салады да, басқа қолға түскен жастармен бірге ішкі істер бөліміне әкеліп қамап тастайды. Келесі күннен бастап сұрақ-жауап басталып кеткен. Бұл кілтпан екі күнге созылып, үшінші күні оны босатады. 20-желтоқсан күні комсомол қатарынан шығарылғанымен, сол кездегі медициналық институттың білім бөлімінің директоры Мақаш Әлиакпровтың «оқуларыңды жалғастыра беріндер» дегеніне қарамастан, жоғары жақтың қатал нұсқауымен сол оқиғаға қатысқан біраз студент оқудан шығарылады.

Оқудан шығарылып, туған ауылына келгенде әкесі Қалекеңді де жиналысқа салып, тергеп, тексеріп, баласының «жаман қылығын» бетіне басқанын, одан соң әкесінің «Бұл жерде бір түсінбестік болуы мүмкін, менің балам жайдан-жай ешкімге жамандық жасамайды. Түбінде оның ақталып шығарына сенемін және егер мені партиядан шығару керек болса, міне партбилетім...» деп, үстелдің үстіне қояды да, жиналыстың соңын күтпей шығып кеткенін естиді. Келер жылы әскер қатарына алынып, қызмет етіп жүрген 1987-жылы ауылдағы әкесінен өзін оқуға қайта шақырып жатқаны туралы жақсы хабар алады. Өзін тәрбиелеп-өсірген әкесінің үміті мен сенімінің ақталғанына сонда шын қуанған болатын сарбаз Әлібай. 1989-жылы жазда әскери қызметін өтеп келгесін, оқуын жалғастырып, өзі қалаған мамандықты меңгеріп шыққан.

Қаһарлы да, қатулы биліктің сол күндердегі қатыгез әрекеттері отыз бір жылдан әріде қалғанымен, жастардың жазықсыз жазаға ұшырауы, қаншама қыршындардың төгілген қаны, қыршынынан үзілген жаны естен шығар ма?.. Тек қана Қазақстанға ғана емес, сол кездегі 15 одақтас Республикалардың егеменді елге айналып, өз тәуелсіздіктерін алуына бастау болған қазақстандық жастардың ұйымдастыруымен болған аталмыш желтоқсан оқиғасы екендігін араға аз уақыт салып, әлем ақпарат құралдары жарыса жазғаны есімізде. Сондықтанда бұл тәуелсіздіктің қадір-қасиеті біз үшін өте құнды.

АЛТЫ ЖАСТА АҚ ХАЛАТ КИУДІ АРМАНДАҒАН

Орта бойлы, шағын денелі, монтиып жүретін осы дәрігердің жасы алпысты алқымдап қалғанына қарамастан шапшаң қимылдап, жылдам жүретініне, қолға алған жұмысын жедел және тап-тұйнақтай етіп атқарып тастайтынына, жұмыстағы аса жауапкершілігіне, рең-әлпетінің нағыз жасынан гөрі жастау көрінетініне қызыға қарайтындар көп. Приозерск қаласының орталық ауруханасына қарасты емханада І-санатты лор дәрігері (оториноларинголог) болып қызмет атқаратын Жолдасбек Жұмаұлы Оразовтың осы қастерлі мамандықты таңдауының өзі тым әріден – бала кезінен басталыпты. Жөкеңмен болған бір сұқбатымыздың арасында: «Сіздің дәрігерлік мамандықты таңдауыңызға не түрткі болды?», - деп сұрағаным бар.

–Бұл бір өзі қиын да, қызықты жағдайдан басталғаны еді, – деп бастады әңгімесін жәймен, байсалды сөйлейтін Жөкең. – Ұмытпасам, шамамен алты жастамын. Әкем қой бағатын. Ол кезде шопандар қонысына көлік өте сирек қатынайтын-ды, техниканың тапшы кезі ғой. Бірде ферма орталығынан шопандарға қажетті заттар мен шөп тиеген трактормен қойлы ауылға баратын болып, екі бала трактордың тіркемесіне мініп алдық. Құм жолы төбе-дөңді, бұралаңы көп болып келеді ғой. Жүріп келе жатқанда биік етіп шөп тиелген тіркеме кенеттен аударылып кетіп, біз де биіктен жерге құлап түстік. Одан кейін не болғаны есімде жоқ. Есімді жиғанда алғаш көргенім – айнала қоршаған әппақ желең киген 3-4 кісі болды. Олардың менің жаныма араша болған дәрігерлер екенін, өзім есімді жия алмай үш күн төсекте жатқанымды кейінірек, ес жиғасын білдім. Жанымды ажал аранынан арашалап қалған сол дәрігерлердің бейнесі әлі күнге көз алдымда. Оларға деген құрметім мен ықыласым да бір сәтке жадымнан шыққан емес. Міне, осы сәттен бастап менің бала қиялымда «Мен дәрігер боламын!» деген ой-арман мықтап орнаған еді. Орта мектепті бітірген жылы әкем: «Балам, қандай оқуға барасың? Зоотехник немесе мал дәрігерлік оқуға барсаң, келешекте совхоз директоры болуың мүмкін. Тіпті райкомпартияды қызмет етерсің», - деп ойласқан кейіпте сауал тастады. Ал, мен болсам, әкеме дәрігер болғым келетінін айтып, бір-ақ кестім. Әкем менің таңдауым мен жүрек қалауыма қарсы келмей, келіскен сыңайда басын шұлғи берді. Сөйтіп менің денсаулық сақтау саласындағы өмір жолым басталған...

Он жеті жасында орта мектепті бітірген бозбала Жолдасбек Самархан шаһарындағы И.П.Павлов атындағы медицина институтына құжаттарын тапсырып, оқуға тұсты һәм студент атанды. Ауыл мектебін қазақ тілінде бітірген оған орыс тілінде дәріс алу алғашқы кездері өте қиынға түсті. Алға қойған мақсат, дәрігер болуға талпынға арман жетелеп, талай түндерді ұйқысыз өткізуіне тура келді. Ақыры намыс пен жігер, еткен еңбек жеңіп шықты. 1977-жылы институтты балалар дәрігері мамандығы бойынша бітіріп шығып, 1978-жылы осы оқу орнының интернатура курсынан өтті. Ол кезде бұған қол жеткізу кез-келгеннің пешенесіне бұйыра бермейтін. Өзінің жан-дүниесі қалаған, сүйіп таңдаған мамандығында он бес жыл Өзбекстанда қызмет жасады. Сол жылдардағы қауіп пен қатерге толы күндер де кешегідей көз алдында. Аяқастынан Ауғанстандағы бұрқ ете қалған соғыс өртінің жалыны ең алдымен Орта Азия халықтарының маңайын шарпыды. Жастары он сегізге толып, әскер қатарына алынған жастар Ауғанстандағы қанды қасаптың тура ортасына аттандырылса, дәрігерлер мен соғыс қимылдарына аса қажетті мамандар келісімшарт бойынша шақыртылып жатты. Ол заманда «Жоғары жақ» ешкімнің келісіміне, жай-жағдайына қарамайтын. Бұйрық пен тапсырма берілсе болды, әрбір әскер қатарына жарамды азаматқа оны орындау парыз һәм қарыз еді. Сол топтың арасында Жолдасбек Жұмаұлы да болған.

Қабұлдан 50 шақырымдай жердегі Қандағар қаласына қарасты ауылда соғыстан жарақат алған әскери қызметкерлерге алғашқы қызмет көрсетумен шұғылданған Жөкең екі жылдай уақыттың қалай тез өтіп кеткенін әлі күнге шейін сезіне алмай келеді. 1981-жылдың желтоқсаны мен 1983-жылдың тамыз айының аралағындағы бір жыл сегіз ай мерзім қыркөпір секілді ғана жадында қалыпты. Кез-келген сәтте сап ете қалатын «душман» мен олардың жаудырып беретін оқ-снарядтары адам таңдап жатпайтын. Бір мезетте бір жан қыршынынан қиылып жүре беретін. Қаншама жолдастары мен әріптестері, сарбаздар мен сардарлар осындай оқтың құбанына айналып жат жердің топырағында беймезгіл қаза тапқан және мәңгілік мекенге аттанған. Елестей болып өткен аса ауыр күндерді бүгінде Жөкең еске түсіргісі келмейді.

Жөкең де еліміз егемендігін алған тұста, 1992-жылы атажұрты – Қазақстанға қоныс аударды. Содан бері денсаулық сақтау саласында әрқилы қызметтерде тапжылмай жұмыс атқарып келеді. 1992-жылдан 1995-жылға дейін Жамбыл облысы, Шу ауданындағы учаскелік аурухананың бас дәрігері қызметінде болыпты. Отыз бес жылдық еңбек өтілі кезеңінде алдына мыңдаған науқас жандар келіп, дертіне дауа, ауруына шипа тапқан. «Приозерск қалалық емханасы» КМҚК-да 2001-жылдан бері өз мамандығы бойынша жұмыс істеп келеді. Осы күнге дейін Ж.Жұмаұлы емханада мамандар тапшылығына байланысты әртүрлі мамандықтар бойынша білімін жетілдіру

курстарынан өтіп, хирург-дәрігер міндетін де абыроймен атқарды. Білімі мен білігін арттыра түсуден әсте жалықпайтын Жөкең 1993-жылы Қазақстан мемлекеттік дәрігерлер біліктілігін жетілдіру институтында «Әлеуметтік гигиена және денсаулық сақтауды ұйымдастыру. Бюджеттік-сақтандыру медицинасы. Денсаулық сақтау статистикасы» мамандықтары бойынша, 1995-жылы ҚМДБЖИ-дің «Оториноларингологияның жалпы мәселелері», 1996-жылы АМДБЖИның «Отбасылық дәрігер» курстарын тәмамдаған. 2009-жылы Алматы қаласындағы АМДБЖИ-да «Амбулаториялық ота» бойынша мамандығын жетілдірсе, 2010-жылы осы институтта «Жарақаттар, лор органдары аурулары» бойынша біліктілігін арттырды. 2011-жылы I-санатты лор дәрігері (Оториноларинголог) сертификат-мамандығына ие болды. Бұл курстар мен ізденістер ол кісінің кәсіби тәжірибесін, мамандығындағы біліктілігін арттырып қана қоймай, алдына келетін науқастардың ем-домын жасау мен аурудың алдын алуға көп септігін тигізуде. Халықпен етене араласатын Жөкеңнен басы ауырып, балтыры сыздаған жұрт көшеде кездесіп қалғанда немесе отырыстарда да кеңесін сұрап жатады. Өмірде қарапайым ғана адам мұқтаж болған жандарға ақыл-кеңес беруден ешқашан бас тартқан емес. Кісінің науқасының күрделірек екенін байқап қалса, дереу дәрігерге қаралуы қажет екенін қарапайым тілмен ұқтырып, тез арада емханаға баруына ықпал етеді.

Бір салада ұзақ жылдар қызмет ету бір басқа да, үнемі ізденісте болып, сол саланы терең меңгеру, кәсіби мен мамандығында абыройға бөленіп, көпшілік қауымның ризашылығына, алғысы мен сеніміне ие болу өз алдына бір бөлек дәреже. Әсіресе қазіргі дәуірдегі заманауи медицина дамып жатса да, медицина қызметкерлерінің тапшылығы сезіліп жатқан кезде Ж.Жұмаұлы секілді білікті мамандардың өзі де, жастарға тәлім-тәрбие берер ғибратты сөзі де өте қажет-ақ. Тумысынан жайбасарлық пен көзжұмбайлыққа жаны қарсы Жөкең қоғамдағы, ұжымдағы кем-кетіктерге, жүрдім-бардымға жайбарақат қарамай, тиісті жерінде түсіндіріп айтып, ондай кемшін тұстарды болдармау үшін әрекет етуге шақырып отырады. Қарапайым қойшының отбасынан шыққан, бүгінгі білікті дәрігердің бергенінен берері әлі де көп. Былтыр зейнеткерлікке шыққан Жолдасбек ағамыз қазір де өзінің ұжымының арасында әу бастан қалаған, арман еткен дәрігерлік қызметін атқарып жүрген ақсақалдарымыздың бірі.

ЖЫЛ МҰҒАЛІМІ – МАРЖАНКҮЛ

Іргетасы өткен ғасырдың шенінде, яғни Кеңес үкіметінің кезінде қаланған № 1 қазақ орта мектебінде білімі мен білігі жетілген, тәжірибесі толысқан ұстаздар қатары көптеп саналады. Солардың арқасында аталған мектепті бітіріп шыққан жеткіншектер болашақта жақсы мамандықтарды таңдап, университетті бітіріп келіп, алды бүгінгі таңда ұстаздарының үмітін ақтап, өздерімен бір қатарда еліміздің халық шаруашылығын дамытуға сүбелі үлестерін қосып жүрген жастар қатары жыл санап артып келеді. Ұстаздық салада отыз жылға жуық қызмет етіп келе жатқан байырғы ұстаз, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы Маржанкүл Хожабекқызы Хизирова осы санаттағы ұстаздар қатарынан ойып тұрып орынын алған жандардың бірі. Қызылорда қаласындағы университеттің түлегі Маржанкүлдің қаламызда үздіксіз ұстаздық етіп келе жатқанына да ширек ғасырға жуық уақыт болыпты.

М.Х.Хизирова мұғалімдігімен қатар қала, облыс аумағында ақындығымен танылған, өлең өлкесінде ойлы, мазмұнды, лирикалық жырларымен соны із қалдырып, танылған һәм қалыптасқан ақын да. Қолы қалт еткенде қаламын қолына алып, сырлы да, сезімге толы жырларын жазып жүретін ұстаз-ақын оқырманның көңілінен шығып, жүректерінен орын алып үлгерген. Білікті, талапшаң, орындаушылықпен қатар ұйымдастырушылық қабілетінің арқасында мектепте бірнеше жыл тәрбие ісінің меңгерушісі болған. Үнемі ізденісте жүретін шығармашылық адамы болғандықтан соңғы жылдары тың идеяны қолға алып, мектептегі «Жас ақындар мектебі» жобасын ұйымдастырған ол бүгінде мектептегі жас ақындардың басын қосып, оған өзі жетекшілік етуде және түрлі ішараларды жүзеге асыруда. Еткен еңбегінің зая кетпей жатқанын мінберден сөз алғанда суырылып сала беретін шешендік қабілетке ие Талғат Үбісов пен Ұлан Алмасұлы секілді шәкірттері бүгінгі таңда мемлекеттік қызметтің тұтқасын ұстаған жалынды жастар. Талай жазба ақындардың мүшәйралары мен бәйгелерінде жүлделі орындардың майлысын жеңіп алып келетін Жолдағалиева Жұлдыз қазірде жоғарғы оқу орынының соңғы курстарының студенті. Жұлдыздың мөп-мөлдiр, сезiмге толы, шуақты жырларын республика көлеміндегі оқырмандары жылы қабылдап, тиiстi бағасын алып қойған. Айтыс өнерiне ден қойған, суырыпсалма жырдың жiбек жiбiн суыртпақтаған Балжан ақын облыстық һәм республикалық ақындар айтыстарына қатысып,

жүлдегер атанып жүрген қыз. Бүгінде халық денсаулығын қорғау саласында, қалалық емхананың беделді мейірбикелерінің бірі. Маржанкүл осындай шәкірттерімен қуанып, алдағы күндерге жаңа леп, жаңа қарқынмен ұмтылып отырады. Жуықта мектептегі ең жас ақындарының бірі Аяулым Қанағат есімді шәкірті Халықаралық Қазақ тілі бірлестігі ұйымдастыруымен өткен Өнер фестиваліне қатысып, көркем сөз оқуына өзінің төл өлеңдерін оқуының арқасында Бас жүлдені жеңіп алды. Ол жетекшілік ететін жас ақындар мектебінен әлі де талай жеңімпаз шәкірттердің топ жаратынына сеніміміз кәміл.

Өткен жыл Маржанкүл үшін ақындығын көпшілік алдында паш еткен және мойындатқан табысты жыл болды десек артық айтқандық болмас. Біраз жылдардан бері жинап жүрген өлең-жырларының біразының басын қосып «Сейілтші, жүрек, мұңымды» атты жыр жинағын Алматы қаласындағы баспадан кітап етіп басып шығарды. Мектепте аталмыш жыр жинағының тұсаукесері жоғары дәрежеде өткерілді. Ұлағатты ұстаз, сыршыл ақынның биылғы жылы да соны жетістіктермен басталып отырғанына жақында тағы куә болдық. Атап айтқанда жақында ұйымдастырылып, өткізілген қалалық жыл мұғалімі бәйгесіне қатысып, Бас жүлдені талассыз жеңіп алды. Аталмыш шараның шығармашылық тақырыбына: «Қазақ тілі және әдебиеті сабақтарында мәнерлеп оқуды дамыту» мәселесін тандаған Маржанкүл әріптестерінен оза шауыпты. Біліктілік дәрежесі бойынша жоғары санатты оқытушы және I деңгейлі мұғалім-көшбасшы. Мектептегі НИШ іс-тәжірибесін тарату бойынша кураторы.

Мектептің таусылмайтын тіршілігінен уақыт тауып, қаланың және мектептің қоғамдық жұмыстарына белсене араласып жүретін білікті ұстаздан ізіне ерген жас әріптестерінің алары көп. Өз кезегінде М.Хожабекқызы ұстаздардың ұстазы болғандығын жас ұстаздарға беріп жүрген ақыл-кеңесі, іс-тәжірибесімен дәлелдейді. Оқу жылының аяқталуына да санаулы күндер қалған сайын мектеп ұстаздары қатарлы Маржанкүлдің де жұмысы көбейіп, жауапкершілік жүгі артып келе жатқанын аңғаруға болады. Мамыр айының соңында оның да бір жыл бойына еткен еңбегі мен төккен терінің нәтижесін көретін сынақ сәті туады. Ұлағатты ұстаз, сезімтал ақынның бүгінгі жетістіктерімен құттықтай отырып, алдағы қызметтік жолында толағай табыстар мен жаңа жетістіктер, шабытты шақтар тілейміз!

ҚАЛА АРХИВІНІҢ АРДАГЕРІ

Қарағанды облысы архив саласының мамандары биыл өздерінің 80 жылдық мерейтойларын атап өтуде. Ал, қалалық архив 2015-жылы 20 жылдық мерейтойларын кең көлемде атап өткен болатын. Өткенге көз салсақ, 1995-жылдың 8-тамызында Приозерск қаласы әкімінің шешімімен қалалық мемлекеттік архиві құрылғаны белгілі. Алғашқы кезде қалада архив мамандарының тапшы болуына байланысты сол кездегі Жезқазған облыстық архивінен білікті мамандар шақыртылып, жаңадан қызметке қабылданғандарға архив саласының қыр-сырын үйрету бойынша шеберлік сыныптары өткерілген болатын. Олар жаңадан жұмыс бастаған мамандарға архив қорын толықтыру, құжаттаманы басқару, іс жүргізуді негізгі ережеге сай жүргізу, ведомстволық архивтердегі істердің сақталуын, жай-күйін тексеру, тізімдемелер жасау, істер номенклатурасын тізбеге сай дұрыс құрастыру, істерді қалыптастыру секілді көптеген салаға қатысты жұмыстармен таныстырды. Зерек жандар бұның бәрін жедел жадына тоқып алды. Содан бергі уақытта аталмыш мекемеде көптеген мамандар жұмыс жасады. Біразы жұмыс бабымен басқа қызметтерге ауысып кетіп жатты. Ал, қолға алған ісінің түбіне жетпей тынбайтын, жауапкершілік жүгін сезіне білетін жандар мұндай сәтте, қандай жағдай болмасын, өз орнында қалғанды жөн санайды. Осындай мамандардың бірі Жеңіскүл Кемалқызы Кеңесова болды. Архив саласының жетік маманы Жібек Қанатбекқызы Наурызбаевадан тәлім алып, архив саласының тұтқасынан ұстаған Жеңіскүл Кемалқызы сол уақыттан бастап қалалық архивтен бір сәтке де қол үзген жоқ. Жұмысын нөлден бастады дерлік мекеменің жаңа іргетасын қалағандардың қатарына жатады. Негізгі оқып, білім алған мамандығы мәдениет саласы болса да, ізденімпаз Жеңіскүл архив ісі бойынша қызметті тез арада игеріп алып кетті.

Білмегендер, бәлкім архивті тек анықтама мен деректер беріп отыратын мекеме деп ойлайтын шығар, тегінде архивтің жұмысы саналуан. Оның қыр-сырына үңілсек, архив мемлекеттік мекемелердің құжаттарынан басқа жеке тұлғалардың құжаттарын да қабылдап, Ұлы Отан соғысы және тыл ардагерлерінің, жауынгер-интернационалистердің, өз жерінен шыққан қаланың құрметті азаматтарының, алғашқы тың игерушілердің және өнер мен мәдениеттің дамуына үлес қосып жүрген жандардың өмір жолдары туралы тың деректерді жинастырып, жіктеп, тізбеге енгізіп

келешек жастардың бойында елжандылық тәрбиесін қалыптастыруда да архив ісіне зор үлестерін қосып келеді. Одан басқа әлеуметтік-құқықтық сұраныстарға жауап беру, жеке тұлғалардың өтініштерін қанағаттандыру да үлкен мәселе. Кеңес Үкіметі тараған тұста Приозерск қаласының әскери тұрғындары өз Отандарының әр қиырына дерлік көшіп кетті. Солардың алды бүгінде зейнет демалысына шығу барысында көптеген архивтік анықтамалар мен мәліметтерге сұраныс жазуда. Оның ішінде әскери бөлімдердің құжаттары ҚР ҚК орталық архивіне, РФ ҚМ орталық архивіне тапсырылған. Мұның бәрін уақытылы тиісті архивтерге жөнелтіп, сұраныс жасаған жандардың алғысы мен рахметіне бөленіп жатады. «Кісінің қажетін өтеп, ризашылығын алу өзіңнің атқаруға тиісті жұмысың болса да, адамға мол қуаныш сыйлайды», - дейді тәжірибелі архивист Жеңіскүл Кемалқызы.

Маңызды қызметті терең меңгерген, қыры мен сырына қаныққан Жеңіскүл бүгінде ұжымындағы жас мамандардың ұстазы іспетті. Ұжымның құрметі мен сыйына ие болған ол әлі күнге өз үстінен ізденіп отыруды жадынан шығарған емес. Бұдан өзге газеттерге архив ісі туралы мақала, ақпараттар жаза отырып, творчествомен айналысуды да қолға алған. Еткен еңбек ешқашан ескерусіз қалған емес. Жасап жүрген жақсы қызметіне сай мадақ-мақтаулардан да құралақан қалмаған. 2005-жылғы 15-тамызда қала әкімінің «Жаңа Қазақстандық қоғам құру ісіндегі жеке еңбек және шығармашылық үлестері үшін» Құрмет грамотасымен, 2010-жылғы 12-тамызда Қарағанды облысы мұрағаттар және құжаттама басқармасы басшысының «Алғыс хатымен», 1016-жылғы 15-желтоқсанда Қарағанды облысы әкімінің «Құрмет грамотасымен» марапатталған.

Архи ісі қызметінің үздігі, тәжірибелі де білікті маманы Ж.К.Кеңесова жуықта ғана бір мекемедегі 17 жылдық үздіксіз қызметтен соң зейнет демалысына шықты. Алайда оның мол тәжірибесі, қызметінің маңыздылығы, мекемедегі білікті мамандар тапшылығы ескеріліп, архив басшылығы оны келісімшарт бойынша қызметте әлі де алып қалуды жөн көріпті. Тапсырылған жұмысты тап-тұйнақтай тындыратын, жауапкершілігі жоғары білікті маман үлкен шаңырақтың отанасы ретінде де қала жұртшылығына танымал. Бірнеше жыл бұрын өткен «Мерейлі отбасы» байқауына қатысқан оның отбасы жүлделі орынға ие болғанын білеміз. Төрт бала тәрбиелеп өсірген Жеңіскүл олардың бәрін оқытып, білімді болуын қамтамасыз етті. Бүгінде олардың қанатын қатайтып, үлкен өмір жолына салып жіберген.

БЕСАСПАП

Менің әкемнің жақсы араласатын достары көп болды. Аудан орталығына сессия, пленум секілді маңызды жиналыстарға барғанда олардың үйлеріне барып, дидарласып, өткен кездерді еске алып, бала-шағасының амандығын біліп бір жасап қайтатын. Олардың арасында қадірменді достарының бірі – Әбу Сүлейменұлы болмайтын. Себебі ол кісі үнемі ауылдық жерлерде мектеп директоры болып қызмет атқарып жүрген. Ол кісі туралы тек әкеміздің айтуымен ғана сырттай таныс болдық. Сол орны бөлек досын бір күндері құдайдың өзі ауылға айдап келді. Келгенде де, мектеп директоры болып келген. Мен ол кезде Ижевск қаласында әскери қызметімді атқарып жүрген болатынымын.

Әскер қатарынан 1984-жылы оралғанда Әбу әкеміз ауылда еді. Өзімен де, отбасымен де осында алғаш рет жақынырақ таныстым. Біздің үй-ішімізбен тонның ішкі бауындай араласып отыр екен. Ірі тұлғасына ұстамдылығы, салмақтылығы, қарапайымдылығы, сөзі мен білімділігі жарасқан Әбу әкеміздің кісілігіне шынымен тәнті болдым. Жұбайы Айман Әбдірашқызы анамыз да барынша кішіпейіл, балажан, кісі жатырқамайтын жан болып шықты. Айман ана екеуі сегіз баланы тәрбиелеп-өсірген. Солардың тұңғышы Марспен де осы кезде таныстым. Мектепті бітіргеніне көп болмаған бозбала еді. Гитарамен ән айтатын өнері бар екен. Ол да анасынан тартқан ақкөңіл, көпшіл жігіт көрінді. Араға біраз жылдар салып онымен Қазақстанның бір аймағында қайта кездесіп, бір құдықтан су ішеміз деп кім ойлаған ол сәтте. Көп ұзамай мен аудан орталығындағы «Социалистік шаруашылық» газетіне қызметке орналасып кеттім де, сол күйі одан көз жазып қалдым. Алайда сырттай болса да қайда жүргенінен, немен айналысатынынан хабардар болып жүрдім. Себебі бұл жігіттің болашағынан көп үміт күтуге болатынын байқаған едім...

Арадан аттай он бір жыл өткенде біз осы Приозерск қаласында қайта табыстық. Тағдыр желі екеумізді де осында айдап келді. Құдайдың қалауы сол болған шығар да. Одан бергі өміріміз осындағы көпшіліктің көз алдында өтіп келеді. Міне, бүгін қала тұрғындарының қалаулы азаматтарының біріне айналған, менің үмітімді ақтаған азамат жайында мақала жазып отырмын.

Марс Әбуұлы Сүлейменов 1965жылғы 1-қыркүйекте Өзбекстан Республикасы Бухара облысы Тамды ауданында мұғалімдер отбасында өмірге келген. Жоғарыда айтқанымыздай әкесі Әбу ақсақал 1931-жылы Бухара облысы Тамды ауданында туған. Бухара шаһарындағы Педагогика институтын бітіріп, облыста жас маман ретінде қызметін бастаған. Кейін Тамды ауданы Ю.Гагарин атындағы орта мектепте мұғалімдік мамандығын жалғастырған. О.Кошевой атындағы мектепке ауысып, биология пәнінен дәріс берген. Ағарту саласында бірнеше медалдың, мақтау қағаздарының иегері. Алдан Нарбаев, Зоя Косьмедемьянская мектептерінің директоры қызметін атқарған. Анасы Айман апай 1941-жылы Тамды ауданында өмірге келген. 13 құрсақ көтеріп, соның 4 ұл, 4 қызын тәрбиелеп, өмір жолына салған «Алтын алқа» иегері. Сол ұрпақтарынан 25 немере 7 шөбере көріп отырған бақытта әжелердің бірі бүгінде. Қазір Теміртау қаласында тұрады.

Марс 1972-жылы Олег Кошевой атындағы қазақ орта мектебінің бірінші сыныбына барып, осы мектепті 1982-жылы бітіргесін көреген әке оны бірден еңбекке араластыруды ойлаған. Сөйтіп, «Прогресс» совхозының Далақұдық елді мекенінде орналасқан Зоя Космедемьянская атындағы сегізжылдық мектебінде мұғалім болып еңбек жолын бастаған. 1983-1985-жылдар аралығында әскер қатарында қызмет еткен. Осы кездері ата-анасы тұңғыштарын үйлендіріп, алғашқы қызықтарын көруді қалағандықтан, көңілі қалаған Феруза есімді қызбен шаңырақ көтеріп, үй болды. 1986-жылы Самарханд қаласындағы В.В.Куйбышев атындағы Ауылшаруашылық институтының қаракөлшілік факультетіне оқуға түсіп, отбасы жағдайына байланысты 1989-жылы сырттай оқуға ауыстырады. 1992-жылы аталмыш институтты бітіріп, Зоотехник-товаровед мамандығын алып шыққан. Сырттай оқып жүрген уақытында да қарап жүрмеген Марс, 1989-1992 жылдар аралығында Прогресс совхозында орналасқан К.Маркс атындағы орта мектебінде денешынықтыру пәні мұғалімі болып жұмыс істеген. Өз мамандығы бойынша 1992-1995 жылдар аралығында Тамды мал тұқымын асылдандыру Заводында зоотехник болып қызмет атқарады.

Бұл жылдар кеңес үкіметінің тіршілігін тауысып, әр Республика өздерінің егемендігін жариялаған кезге тап болды. Қарапайым халық түгілі ел ағалары мен аудан басшылары да өмірге жаңадан енген капиталистік жүйені жөнді түсінбеген, не істерге жол таппаған дәуір жай еңбек адамдарына аса ауыр қиындықтар әкелді. Орда бұзар жасқа келген азамат бұл сәттері үлкен ойдың құшағында жүрді. Не істеу керек? Заман болса түбірінен өзгеріп кетті. Өсіп келе жатқан балалары бар. Олардың болашағы қалай болмақ? Тәуелсіз елге айналған Өзбекстан ертеңгі күні бірыңғай өзбек тілінде білім беруге көшсе, ұрпақтары өзбекке сіңіп кетпей ме? Өз басынан гөрі ұрпақ қамын ойлаған, сан сауалдар көңілін тербеген ол түбінде тарихи Отаны – Қазақстанға көшудің қажеттігін ішкі жан-дүниесімен сезінді. Мектепке енді бара бастаған балалары осы бастан жаңа қонысқа үйрене беруі және білімді де сол жақта алуы керек деп шешімге келген Марс Әбуұлы өзімен ниеттес, пікірлес азаматтармен кеңесе отырып, Қазақстанның аймақтарынан қоныс болар жер көру керек деп топшылайды. Осылайша әуелі азаматтармен бірге жер көріп келіп, 1995-жылы Жезқазған облысының Приозерск қаласына көшіп келді.

Олардың ізін ала ауылынан үдіре көшу жалғасып, бұлар осы қалаға тыңнан түрен салған көшбасыларына айналды. Келген бетте қаладағы коммуналдық мекемеде агроном және учаске бастығы болып жұмысқа орналасты. Қосымша сол кездегі пионерлер үйінде стол теннисінен жаттықтырушы болды жұмыс атқарған. 1998-жылы №2 Кеңес өкіметі атындағы орыс орта мектебіне еңбек және денешынықтыру пәні мұғалімі болып жұмысқа орналасады. Оның бала кезінен айналысқан музыкаға әуестігі осы жерде үлкен пайдасын тигізді. Қосымша жұмыс ретінде Пионерлер үйінде ән-күй, драма бөлімінен дәріс берді. Өзінің жеке музыкалық аспаптарымен концерттік бағдарламаларға қатысып, халықтың тойларына қызмет етті, көпшіліктің алғыс-ризашылығымен қатар батасын алды. Әрі осы еңбегі үшін тапқандарын отбасының ризығына жұмсады. Қала өміріне бейжай қарамайтын бесаспап жігіт қалада өтетін барлық мәдени-көпшілік шараларға қалмай араласты. 2008-жылы «Айналайын» балабақшасына музыка жетекшісі болып жұмысқа ауысты. Енді ол осы бүгінгі атқарып жүрген саласы бойынша білімін жетілдіру тиіс деп ойлаған ол 2009-жылы Оңтүстік Қазақстан облысындағы Сырдария университетінің Музыка факультетіне сырттай оқуға тапсырып, аталған білім ордасын 2012-жылы бітіріп, Бакалавр музыка мамандығын алып шығады.

Бүгінгі таңда осы «Айналайын» балабақшасында музыка жетекшісі қызметін атқарып жүрген Марстың шәкірттері қалалық, облыстық өнер байқауларынан асып, республикалық үлкен бәйгелерден жүлделі орындармен оралып жүр. Жұбайы Феруза Тілегенова №1 қазақ орта мектебінде батауыш сынып оқытушысы. Екеуінен өрбіген 5 баладан 5 немере сүйіп отырған бақытты ата-әжелер. Марстың өнеріне тәнті болған, оның ұйымдастырушылық, көпшілдік қасиеттерін білетін «Атамұра» этно-мәдени бірлестігінің төрағасы Павлина Сиязбекқызы осы

бірлестік ұйымдасқан күннен бастап ұйымға тартқан болатын. Ұлты мен елінің өнерін, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпынан хабардар азамат қоғамдық жұмыстан бас тартпады. Осы бүгінге дейін бірлестік жұмысының жандануына, алға басуына бір кісідей үлес қосып келеді. Оны қоғамдық жұмыстағы және негізгі қызметіндегі еткен еңбектері елеусіз қалмай, тиісті марапаттармен аталып келеді.

Сүлейменовтер отбасы биылғы жылғы қала деңгейінде өткен «Мерейлі отбасы» байқауына қатысып, бірінші орынды жеңіп алды және облыстық деңгейдегі бәйгеге жолдама алды. бұл осы отбасының береке-бірлігі жарасқан, өнерде, қоғамдық өмірде ойып тұрып алар орны бар екендігінен хабар берсе керек.

«ТӘУЕЛСІЗДІК МАҒАН НЕ БЕРДІ?»

Бүгінгі таңда Тәуелсіздік сөзі – әр қазақстандықтың санасына еңдей сіңіп, әр жүрекке берік орныққан қасиетті ұғымға айналды. Тіпті кішкентай балаға дейін оның мағынасын өздігінен ұғынатындай көрінеді маған. Міне, биыл ата-баба талай жыл арман еткен, егемендіктің иісі аңқыған, еліміздің еңсесін биік, тұғырын тұрақты еткен, керегемізді кең, бәсекелес елдермен тереземізді теңелткен тәуелсіздік дәмін татқанымызға жиырма бес жыл, яғни, газырдың ширегі толып отыр. Бұл дегеніміз – қазақ даласында дүбірлі той. Жиырма бес жыл аз да, көп те мезгіл емес. Бірақ, өзге елдің топырағында туып-өсіп, Тәуелсіздік орнаған соң тарихи Отанына оралғандар үшін бұл күннің мәні ерекше екені даусыз. «Тәуелсіздік» сөзі олар үшін тәу ететін ұғымға айналды. Біз бүгінгі мақаламызға осындай жандардың бірін кейіпкер етіп алуды жөн көрдік.

Осы қалада Пахреддин Берсүгіровті білмейтін жан жоқ шығар, сірә. Жалпы қазақ жұртшылығы «кожеке» деп сыйлап, құрметтейтін, сол ілтипатқа сай өзінің азаматтығы мен ақсақалдығын көрсете білетін Пахреддин Ысқақұлы осы қалаға келген 21 жыл ішінде қызмет бабында да, қарапайым өмірде де қала өміріне өзінің барлық күш-қуаты мен көрген-білгенін сарқа жұмсады. Пәкеңнің Өз Тәуке ханның тұсындағы үлкен бір құрылтай жиында қазақтың барша игі жақсыларының сынынан сүрінбей өтіп, үш жүздің бас пірі атанған Мүсірәлі Софы Өзиз бабамыздан Тарайтын Қосым қожаның ұрпағының бір тармағы екенін осы жұрттың бірі білсе, бірі білмейді. 1995-жылдың басында қалаға алғашқы топтың басы болып көшіп келген П.Берсүгіров ә дегеннен қызу еңбекке араласып кеткен еді. Өмірлік тәжірибесін ескерген сол кездегі қала әкімі Сағымбай Медеубаев Пәкеңе сол уақытта ақсап тұрған қаланы абаттандару, көгалдандыру саласын сеніп тапсырған болатын. Ол сәтте «сенікі, менікі» деп жатпай, барлық сала қызметкерлері мен жұмысшылары кез-келген жұмысты атқарып кете беретін өлара шақ тұғын. Пәкеңнің ұжымы да қаладағы тазалық пен абаттандыруды қалыпты жүргізе отырып, жылу құбырларын орауға, бұзылып жатқан нысандардан қалған қоқыстарды тазаласуға атсалысты. Қала жолдарының тесік, шұқырын бітеп, кей жерлерін асфалттауға қолқабыстарын тигізді. Үлкен-кіші сыйлайтын азаматтың ел алдындағы салмағы мен абыройы ескерілгендіктен қалалық мәслихатқа бірнеше дүркін депутат болып сайланып, аманат жүгін арқалады. Жауапты міндеттің үдесінен шыға білді.

Бухара облысына қарасты Қаракөл ауданының Заманбаба ауылында 1949-жылдың 6-мамырында дүниеге келген Пахреддин ағаның әкесі Ысқақ колхоздың қарапайым жұмысшысы болғанымен, елге сыйлы, көпке үлгі кісі болған. Анасы Жаңаш Шербаева отбасының шаруасын жасап, балалардың тәрбиесімен айналысқан. 3 ұлы мен 5 қызының жақсы азаматтар болып өсуіне ықпал еткен Жаңаш әженің еңбегі еш кеткен жоқ. Алғаш мектеп табалдырығын аттағанда ауыл балалары 5-6 шақырым жердегі мектепке жаяу қатынап оқыпты. Білімге құмар бала қатарының алды болуға тырысқан. 1958-59-ж.ж. Газли қаласы ашылып, Пәкеңнің ағалары сонда көшеді. Кейін бұларды да сонда көшіріп алған. Өсе келе кешкі мектепке ауысқан ол бозбала шағынан еңбекке араласады. 1969-1971-ж.ж. аралығында Самархан қаласында электрик болып жұмыс істеген Пәкең осында жүріп Күлсім Ахмедовамен отау тігеді. Екеуінен өрбіген 2 ұл мен 2 қыз бүгінде өз алдарына үй болып, түгін түтетіп отыр.

Ол заманда жұрт жұмыс талғамайтын. Пәкең шоферлық курсты бітіріп, бұл салада да біраз жыл еңбек еткен. Еңбек ете жүріп білімін көтеруді ұмытпай, Қоқандағы мұнайгаз техникумында сырттай оқып алыпты. Бұдан соң мұнай бұрғылау жұмысына қатыса жүріп, қызмет бабы да жоғарылайды және 1977-жылы мұнайгаз саласына шебер болып тағайындалады. Еңбекқор, ұйымдастыру қабілеті жоғары, ел-жұртпен тіл табыса білетін азаматты таныған басшылық оны

учаске бастығына дейін жоғарылатады. Кеңес үкіметі тарамай тұрған 1990-жылы қызметі сол кездегі Шымкент облысына ауыстырылып, Түлкібас ауданына көшіп келеді.

–Мен тәуелсіздік таңын осында жүріп қарсы алдым,—деп еске алады Пәкең сол жылдарды. – Бабаларымыз ғасырлар бойы армандаған бостандықты бізге нәсіп етіпті. Бұған қалай шүкірлік, тоба етпессің. Енді туған жерге қайтудың мәнісі жоғын ұғындым. Тәуелсіз еліме еңбегімді сіңіріп, ұрпақтарым еркін өсуі қажеттігін түсіндім. Бұдан соң елде қалған туысқандарым мен жақындарымды өз Отанына көшіріп алу жайын ойластырдым. Солай болды да. Одан арғы өмірім бізге тәуелсіздікті сыйлаған қазақ елімде жалғасып, оған қызмет етуге кірісіп кеттім. Тәуелсіздік бізге бәрін берді. Ең бастысы – нағыз азат өмір болатын. Бұның құны біз үшін өте жоғары, тым қымбат. Осы заманның ұрпағы болғаным үшін Жаратқан иеге мың шүкірлік етіп отырамын. Саналы өмірімнің көбі Приозерск қаласында өтті. Оған да ризашылығым шексіз!..

2012-жылы құрметті еңбек демалысына шыққан соң қызметті біржолата қойып, лайықты демалуды көксеген еді. Біраз уақыт өткен соң бүкіл ғұмырын еңбекпен ұштастырған Пәкеңнің екі қолы алдына сыймай кеткен. Амалсыздан өзінің жеке көлігімен таксилік етуге шықты. Бұл тірліктен пайда тауып, дүние жинаудың мүмкін емесін былайғы жұрт қана емес, Пәкеңнің өзі де мойындайды. «Мен ақша табайын, мал жинайын деп емес, уақытым көпшіліктің арасында өтсін, отырып қалмайын, - деп жүрмін. Әрі жасы ұлғайған адам көбірек қимылдап, көпшілікпен араласса көңілі сергиді, денесі құрысып қалмайды», - дейді Пәкең. Иә, сөзінің жаны бар. Ауыл-үйдің құрметтеп қарсылап, жиын-тойларында, садақа-құдайжолыларында ақ батасын алып, балаларының арқасынан қақтырып жүретін батөгей қарияға айналған Пахреддин ағамыздай қарттықты тілейді көп адам. Тәуелсіздіктен алғаны да, ел-жұртына бергені де жетіп артылатын осындай қарияларымызбен мақтанамыз, үлгі тұтамыз, қасында болып әңгімелесуді, ғибрат алуды мұрат етеміз біз де!..

ЖАЗЫЛБЕК ЕРДІҢ ЕСІМІН АЛҒАН

Журналиске кейіпкері туралы жөні түзу мақала жазуы үшін оның өмір тарихы жайында толыққанды мағлұмат алмай тұрып қалам тербеуге әсте болмайды. Онсыз жазған дүниең мазмұн-мағыналы шықпайды. Бұл – әрбір тілшіге қойылатын басты талап дер едім. Кейіпкердің өмір жолын, өткен тарихын, тіпті бар болмысын біле отырып жазылған мақала немесе очерк жеңіл әрі тұшымды жазылатынын ұзақ жылдық журналистика саласындағы тәжірибемнен жақсы білемін. Қалам алып, жазуға отырған осы мақаладағы кейіпкерімнің бала кезгі, жігіттік шағы мен қызметтік сатыларындағы өмір соқпағы көз алдымда өтті деуге болады. Ол – Өзбекстан Республикасы Науаи облысының Тамды ауданына қарасты «Жаңашаруа» совхозында 1986-жылғы 30-қазанда дүниеге келген Жазылбек Қосанбайұлы Махатов есімді, жас та болса, мемлекеттік қызметте өрлеу үстіндегі азамат. Өз інімдей болып балаларыммен қатар өскендіктен, әңгімені әріден бастауды жөн көрдім...

Тамды ауданынан сол кездегі Жезқазған облысының Приозерск қаласына 1995-жылғы үдере көшуді ұйымдастырушылардың бірі болдым. Марқұм Тұрмахан Махмудов ағамыз Приозерск қаласының әкімі Сағымбай Медеубаевпен ондағы елді көшіріп әкелуге бәтуаласып келгендіктен, осы көшті ұйымдастыруды маған да сеніп тапсырған еді. Дұрыс жүргізілген үгіт-насихаттың арқасында (сәл қия басып, қателік жасасаң қауіпсіздік қызметінің құрығына ілініп кетуің ғажап емес еді) көшті ұйымдастыру жұмысы жақсы басталып, қарқынды жүрді. Ауданның дерлік барлық шаруашылықтарына, Зарафшан, Үшқұдық қалаларына құлақтандырулар жедел жеткені соншалықты, адам саны біз ойлағаннан әпсәтте асып түсті. Сондықтан күн санап саны артып жатқан көшуге ниетті отбасыларға көш көлігін жеткізу оңай болған жоқ... 1995-жылдың шілдесінен басталған көш толассыз жүріп жатты. Көп отбасылардың отағаларының өз бастары қалаға келіп жұмысқа орналасып, көлік кезегін күтуіне тура келді. Міне, осындай күтуші жандардың арасында бүгінгі кейіпкеріміздің әкесі Қосанбай ағамыз да бар болатын.

Менің отбасым қалаға ертерек келіп жайғасқан соң, ізімізден ере келген жерлестермен хал сұрасып, танысып, білісіп, жөн-жосық көрсетіп, бағыт беріп тұру біздің азаматтық борышымыз болды. Ол кезде мен қалалық әкімдікте заң кеңесшісі болып қызмет етіп жүргенмін. Қосекең ол кезде жерлесі әрі күйеу баласы Сайранның жер үйінде тұрады екен. Желтоқсан айының соңына қарай мені ол жерге қайынінім Тынымбай ертіп барып, олармен таныстығымыз басталды. Туған аулымызды, руымызды, шыққан тегімізді сұрасу қазаққа тән әдет қой. Сайран бажа болып шықты. Мен елде жүргенде Боранбай Байжанов деген қаратамыр кісінің баласы Алтынсарымен

дос әрі ол газеттің фототілшісі ретінде қызметтес бола жүріп, тонның ішкі бауындай араласқанымыз бар. Борекеңнің маған ықыласы кетіп, өзіне өкіл бала болуымды ұсынған еді. Алайда әкем өкілдіктің жолы ауыр болатынын айтып, Алтынсарымен дос болып қалуымды қалады. Әйтсе де жілік ұстасып, ант ішіспесек те, Байжановтар әулетімен кәдімгі туыстай араласып кеттік. Алтынсары Жаңашаруаның қызына үйленерде оған күйеу жолдас боп барып, тойын өткізгенде әке-шешем сиыр шашуымен, тоғызымен келіп қатысқан болатын. Қосекең осы оқиғаны білетін және мені сырттай танитын болып шықты. Сондықтан маған «бұдан былай сен де менің інім боласың» деп кесіп айтты. Қосекеңнің отбасы 1996-жылдың шілде айында әкімдіктің жүк көлігімен көшіп келді. Ол кезде Жазылбек он жасар бала болатын. Біздер оларға ерулік беріп, бұл отбасымен ағайын-туыс ретінде қатысып кеттік. Бұл қарым-қатынас осы күнге шейін жалғасып келеді. Сондықтан Жазылбектің ғана емес, Махатовтар отбасының барлық баласы көз алдымызда өсіп келеді һәм олардың күллі қуанышы мен қайғысына ортақтасып келеміз. Қосекеңнің зайыбы Меруерт жеңгем кете руынан шыққан, ой-пайымы жоғары, тілге шешен, ата-анасынан дұрыс тәрбие алған және ұлттық салт-дәстүр мен әдет ғұрыпты берік ұстанған жан болғандықтан, маған алғашқы танысқан күннен бастап «Салжігіт» деп ат қойып алды. Осы қалада өткен ширек ғасырға жуық уақытымызда «ищай» деген сәтіміз болмапты.

Қосекеңнің бала кезінде мектепте озат оқушы болғанын, әсіресе математика мен жаратылыстану пәндерінен терең білімді игергенін ол кісінің замандастары мен сыныптастары ауыздарының суы құрып айтып отыратын. «Қосекең жоғарғы оқуды оқып алғанда керемет білімді адам немесе ғалым шығатын еді, тек қысқа жіптің күрмеуге келмейтін заманға тап болды...» дейтін ол кісіні жақсы танитындар. Ал, нағашы жұртынан Өтетілеу ақсақал шаруашылықтың есеп саласында бас бухгалтер болып ұзақ жылдар қызмет еткен ауданға танымал мақты маманар қатарында болғанын білеміз. 1917-жылғы дүрбелең жылда дүние есігін ашқан өз атасы Махат Сүлейменов совхозда бас шопан болып ұзақ жылдар еңбек еткен, «Еңбектегі ерлігі үшін», «Мал шаруашылығына сіңірген еңбегі үшін» т.б орден, медальдардың иегері болған шаруагер еді. Осындай текті әулеттен шыққан Жазылбек үйдегі алған тәрбиесі мен мектептен алған білімі ұштасып, болашағынан үлкен үміт күттіретін жеткіншектер сапында болды. Үш қыздың ортасындағы жалғыз ұл болса да, еркелік етіп тайтаңдағанын, жосықсыз іс-әрекетін, тентектік жасап көзге түскенін байқамаппыз.

Мектептің бірінші сыныбына Зарафшан қаласындағы №4 Абай атындағы қазақ орта мектебіне 1994-жылы жылы барған ол, 1996-жылы үшінші сыныптан бастап қаладағы «Қазақстаннаң 60 жылдығы» атындағы қазақ орта мектебінде жалғастырады. Тоғызыншы сыныпты жақсы аяқтаған соң 2003-2006-жылдар аралығында Қарағанды қаласындағы «Болашақ» колледжінде қаржыгерлік мамандығы бойынша оқыды. Өмір мектебіндегі алғашқы басқышына 2006-жылы 18405 әскери бөліміндегі техникалық қамтамасыз ету ротасындағы жұмыспен қадам қойған Жазылбек 2006-2008-жылдар аралығында Астана қаласындағы халықаралық әуежайда жүк тасушы болып жұмыс істеп, нағыз еңбек нанының дәмін татады. 2010-жылы «Қарағанды облысы Приозерск қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесіне есепші болып қызметке тұрып, сол жылы Қарағанды қаласының «Болашақ» университетіне мамандығы бойынша оқуға түскен. Оның бас есепшінің көмекшісі болып жүрген кезінде жұмыс бабымен қалалық әкімдікке бас сұққанымда, есепшілер бөлімесінде лашын жанарынан жалын шашып отырған інімді көріп қалғаным бар. Бас есепші өзіме бұрыннан таныс, қалалық құрылыс басқармасында бірге қызмет еткен замандасым әрі сырлас досым Зәуреш Аманқызы Медетбекова еді. Әңгімелесе отырып, Жазылбек сыртқа шығып кеткенде Зәурештен Жазылбектің жұмысы жайында сұрастырдым. Біздің оның отбасымен жақындық қарым-қатынасымыз барын білмейтін ол ағынан жарылды:

–Баланың маған көмекшілікке келгеніне көп бола қойған жоқ. Алайда оның талабына, ыждағаттылығына, зердесі мен ұмтылысына тәнтімін. Өте еңбекқор бала. Мінезі, инабат-ибасына қарап жақсы тәрбие алғанын байқадым. Жоғарғы оқу орнын бітіріп алса, керемет мықты маман шығады деп ойлаймын, - деді. «Ізімде жақсы шәкірт қалсын десең, баланы жақсылап тәрбиеле, тәжірибенді үйрет, шәкірт баулуда ізің де қалады...», – деп ізгі тілегімді айтып шықтым мен. Шынымен де Жазылбек 2014-жылдан бастап «Қарағанды облысы Приозерск қаласы әкімінің аппараты» ММ-нің бас есепшілігіне қызметі өсті. Қаланың жүрегі болып есептелетін жерде жетілді, өсті, мамандығын игерді. Ең бастысы – адамдармен араласып, жақсы-жаманды көрді. Аға-апаларынан үйренді. Жаман аты шықпады. Бір үйдің көзінің ағы мен қарасы болған, дүние есігін ашқанда ата-анасы ырымдап, азан шақыртып қос жұлдызды Қаһарман атасы Жазылбек Қуанышбаевтың есімін берген сенімдері мен үміттерін ақтады. Аты мен затына кір келтірмеді. Үйленіп, Жадыра атты сүйгенімен шаңырақ көтерді. Отбасының жан басын көбейтіп, өмірге

Нұрдәулет, Өркен, Фатима есімді сәбилер келді. Фатима қызына әжесі ырымдап өз анасының атын беруді жөн көріпті. Бұл да бұрыннан келе жатқан жақсы дәстүр.

Осы жылдың 10-қаңтарынан бастап Жазылбек Қосанбайұлының қызметі Приозерск қаласының аумақтық сайлау комиссиясы төрағасының орынбасары болып ауысты. Бұл жауапты қызметті де үдесінен шығып, мүлтіксіз атқарады деген сеніміміз мол.

КӨРКЕМ МІНЕЗДІ МАМАН

Қоршаған қоғамымызда жақсы мамандар жетіп артылады. Алайда, жақсы маманға қоса жақсы адам болудың жөні бір бөлек. Мекеме үшін білікті маман болғанымен, арасында жақсылыққа жаны құмар, алдына келген жандармен кішіпейілділікпен, биязы сөйлесіп, олардың қажетін мейлінше сыпайы түрде өтеп жіберетіндер некен-саяқ кездесіп жататыны бар. Мұндай қасиеттер адамға ең әуелі оның ұшқан ұясынан, ата-анасынан, сосын барып араласқан ортасынан келетінін өмірімізден көріп, біліп, түйіп жүрміз. Осындай көркем мінезді мамандар әсіресе халықтың көп баратын мекемелерге аса қажет екендігі даусыз.

Қызмет және жұмыс бабымен «Халықты жұмыспен қамту орталығы» мемлекеттік мекемесіне жолымыз көп түседі. Мұнда бас сұғатындар негізінен қаладағы жұмыссыз және кіші кәсіпкерлікпен айналысуға ниетті жандар болып келеді. Бәрінің де көксейтіні екі қолға бір жұмыс тауып, нәпақасын арттырудың қамы. Сондай сәттерде мекемедегі қызметкерлердің көпшілікке қызмет көрсету іс-әрекеттеріне еріксіз зер салатының рас. Мұндағы мамандар саны онша көп болмаса да, атқаратын жұмыстары жетіп артылады. Сондықтанда үнемі қарбаласта жүреді. Жұмыс іздеу жағдайымен келіп-кетушілер саны бір сәтке толастамайтын ортада көптің көңілінен шығудың өзі әжептеуір сынақ, біле-білгенге. Дегенмен, аталған мекемеде өз мамандығы мен ісін жетік білетін, сырт көздің сынына ұшырамайтын, жауапкершілігі мол мамандар баршылық екенінен де хабардармыз. Сондай көркем мінезді, жақсы маманның бірі – Мақпал Шаймерденқызы Акимова екендігін сеніммен айта аламыз.

Жамбыл облысы Шу ауданының Алға аулында 1988-жылғы қараша айының 6-жұлдызында дүниеге келген Мақпал Шаймерденқызы Алға ауылындағы Аманкелді Иманов атындағы орта мектепте оқыған. Мектепті жақсы оқыса да, өз қатарластары секілді 9-сыныпты бітіргесін арнаулы білім алуды ойлап, Тараз қаласындағы «Тараз - Ғасыр» колледжінің «құқықтану» бөліміне құжаттарын тапсырады. Алла нәсіп етіп оқуға түсіп кетеді де, болашақ мамандығының алғашқы іргетасын осында қалаған. Әкесі Шаймерден Машрапұлы Акимов жеке шаруа қожалығын дөңгелете жүріп, балаларының жетілуіне, таршылық көрмеуіне және арнайы мамандық алып, қоғамнан өз орындарын табуларына мейлінше жағдай жасаудың қамын істеген. Анасы Сәрсенгүл Әлдібайқызы Мәндібаева зейнеткерлікке шыққанша үй шаруашылығын үйіріп, перзенттерінің тілекшісі ретінде оларға ақыл-кеңесін айтудан жалыққан емес. Ұлын – ұяға, қызын – қияға қондарғасын да олардың тіршілігіне алаңдап, жай-жағдайларын сұрап отырудан бір танбайды. Осындай үлкен шаңырақта өскен Мақпал ата-анасының сенімін, үмітін ақтауды, оларды ұятқа қалдырмауды ойлайды һәм сол үшін талпынады, тырысады және күреседі. Сондықтанда 2007-жылы аталған колледжді бітіріп шыққан соң, келер жылында Приозерск қаласына бақ сынап келіп, осындағы санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау Басқармасына заңгер болып жұмысқа қабылданады.

Жаңа жер, бейтаныс қала... әлі жиырмаға тола қоймаған бойжеткен үшін жаңа қонысқа үйрену, қала өміріне көндігу оңай бола қоймағаны рас. Өзі қалаған мамандығы бойынша қызметке орналасып алғаны, жаңа қоныста жаңа өмірге қадам қойғаны ғана дәтке қуат. Қала атауы болғанымен, мұндағы тұрғындардың басым көпшілігі өзі секілді ауылдардан көшіп келгені де жақсы болды. Олармен танысу, тіл табысу, достасу да жеңілірек. Өзінің аумағынан қоныс аударғандар да бұл жерде көп екен. Жас маман уақытының көбін жұмыс бабына арнағандықтан да, алғашқы еңбек жолының әліппесін тез-ақ игеріп кетті. Дегенмен, арнаулы орта білімнің өзі үшін жетімсіздігін де сезінген. Қатарластарының, танысқан құрбыларының біразы колледжден кейін жоғарғы оқу орнына құжаттарын тапсырып, сырттай оқып жүргені Мақпалға да жаңа бағытты нұсқаған болатын. Осы мақсатты қолға алған ол 2009-жылы Жамбыл гуманитарлық-техникалық университетінің сырттай бөліміне оқуға түсіп, негізгі қызметінен қол үзбей «құқықтану» мамандығы бойынша аталмыш жоғарғы оқу орнын 2012-жылдар аяқтап, толыққанды маман болып алды. Өзі сымбатты әрі әдемі, қызметі бар, мінезі де жайдары қызға қырындап, сөз салушылар да табылды. Солардың арасынан Мақпал қыздың жүрегін жаулап, өзіне ықыласын

аударған Әсет есімді жігіт болды. Бұдан әрі Мақпалдың жаңа және негізгі өмірі басталып жүре берген. Әсет екеуі шаңырақ көтеріп, отау тікті. Өз бағытымен жылжыған уақыттың ағымымен жылдар өтіп, тұңғыштары Диас дүние есігін ашты, ана атанды. Бұдан кейін болашақта өзіне қолғанат болатын қызы – Арайлым қосылды отбасына. Балалармен үйде ұзақ отырып қалмай, жұмысын жалғастырды. Қызметінде де өзгерістер болып жатты. 2012-2014-жылдар аралығында «Приозерск қаласының экономика бөлімі» және «Приозерск қаласының Ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімдерінде» мамандығына орай қызмет етіп, біліктілігін шыңдай түскен еді.

Мақпал Шаймерден қызы 2015-жылдан бері Приозерск қаласының Жұмыспен қамту орталығына жоғарғы деңгейдегі маман ретінде жұмысқа орналасып, бүгінгі таңда Жұмыспен қамту орталығының сектор меңгерушісі қызметін атқарауда. Өміржолдасы – Әсет Сайранбекұлы Шамшатов та мемлекеттік қызметші. Ол Приозерск қаласының экономика және қаржы бөлімінде бас маман қызметін атқарады. Мақпал қызметкер болуымен қатар, үлкен шаңырақтың келіні. Қайынатасы Сайранбек жоғары білімді ұстаз болғандықтан оның қызмет бабын дұрыс түсінеді. Енесі Гүлістан да отбасына жайлы аналардың қатарында. Ұйыған отбасының ұйытқысы – әйел десек, Мақпал бұл шаруаны да ұршықтай үйірген үлгілі келіндер қатарында. Ауыл-үйдің жұрты ол туралы жақсы лебіздерін айтып, алғысын білдіріп отырады. Бала күнгі арман-мақсаттары ақырындап жүзеге асып келе жатқанына шүкірлік етіп, қызметін алаңсыз атқарауда. Ұжымда да абырой-беделден ада емес. Өзіне тапсырылған қандай мәселені де тап-тұйнақтай етіп, уақылылы атқаруға дағдыланған. Алдарынан ондап өтіп жататын жұмыс іздеушілер тарапынан ешқашан шағым түспеуі оның қызметінің тиянақтылығын білдірсе керек.

ҚОБЫЗ ҚҰШАҚТАҒАН ҚЫЗ

Адам бойында талант пен дарын бір пайыз болса, тоқсан тоғыз пайызы еңбекпен ашылады дегенге толық қосылуға болады. Кішкентай кезінен томаға-тұйық, жуас болып өсіп келе жатқан Уәли інімнің қызы Әселжанның бойында тұнып жатқан талант барын ең әуелі байқап, таныған анасы Гүлбира келіміз еді. Есін біле бастағаннан өзге балалардан бөлектеніп, ой құшағында жүретін, түнде ұйқысынан жиі шошып оялатын қызының қандай да бір тылсым күшке ие екенін, немесе тіл-сұқ тиіп жүргенін анық аңғара алмай басы қатқанда айналасындағы жақын-жуықтарына айтқанымен, ешкім оның сөзіне мән бере қоймаған болатын. Біздің әулеттің арғы тегімізде әруақты кісілердің, нағашы жұртында көріпел әже барын, өз тарапымыздан түп нағашымызда айтулы бақсы Тынымбай бақсы өткенін де қаперіне алмаған айналасы бір құдайдан шарапат тілеп жүре берген. «Түсіме қобыз кіреді мама, қобыз құшақтап жүремін» дейтін кішкентай қызының ішкі жандүниесін анасынан басқа ұққан адам болмады. Анасы бұл нышанды көңіл түкпіріне сақтап қалған. Мектеп табалдырығынан аттап, екінші сыныпты бітіргенде анасы Әселді өнер мектебінің қобыз сыныбына беремін деп шешім қабылдағанда да оны құптай қойғандар көп болған жоқ. Әулетімізде домбыра тартып, ән айтатындар болғанымен, қолдарына ұстап көрмеген қобыздан бір нәтиже шығарады дегенге сене қоймаған секілді. Көңіліндегі осындай түйткілді бір сәті келгенде маған да айтты. Ойланып қалдым... Бұл шынымен де ойланатын жағдай еді. Сосын Әселді қобыз мектебіне беру керек деген өз ойымды айттым. Осы шешіміне нық бекіген Гүлбира келін Әселді сол жылы Алматы қаласындағы А.Жұбанов атындағы республикалық қазақ мамандандырылған дарынды балаларға арналған музыка мектеп-интернатының қобыз сыныбына құжаттарын тапсырып, оқуға қабылданды да, Әсел белгілі күйші, қобызшы Саян Ақмолданың қолынан дәріс алатын болды.

Аталған мектепте ғана Әселдің шын дарыны ашылып, бұрынғы бұйығы күйінен арылды, түнгі ұйқысынан шошып оялатынынан тиылды. Уақыт өтісімен қобыз аспабының қыры мен сырына қанығып, тез арада меңгеріп алды. Сыныбындағы 21 баланың бәрі де қобызшы болып, киелі аспатың құлағында ойнауға талаптанып келген, өнерді өмірім деп санайтын балалар еді. Алайда, аламанда шын жүйрік қана топтан оза шауып, бәйге алмақ. Әселдің дарыны мен қатар еңбекқорлығын таныған және бағалаған ұстазы оны өнер байқауларына қатыстырып, бағы мен бабын сынап көре бастағанда, өзінің шәкірт таңдауда жаңылыспағанын білген еді. Бұдан әрі республикалық, халықаралық деңгейдегі бәйгелерге қатыстыруға болатынын бағамдаған.

Өткен жылдар Әсел мен ұстазы Саят Ақмолда үшін жемісті де, жеңісті жыл болды. Қазақ хандығының 550 жылдығына арналып Астана қаласында өткен XI Ұлттық Дельфий ойындарына ұлттық аспаптардың қобыз номинациясы бойынша өнер бәйгесіне қатысып, бірінші орынды жеңіп алды. Сол кездегі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрі А.Сәрінжіповтің қолынан арнайы диплом мен сертификатқа ие болды. Мойнына алтыннан алқа тағып, мектебінің абыройын

асқақтатты. Әселіміздің бұл жеңісі Қарабек әулетімен бірге біздің қаламыздың, одан әрі Қарағанды облысының да мерейі деп білеміз. Сондай-ақ Әсел Құрманғазы атындағы консерваториясы халық аспаптары кафедрасының 70 жылдық мерейтойының құрметіне өткізілген республикалық байқауда жүлделі екінші орынды иеленді.

Қазір аталмыш өнер ордасының соңғы сыныбында оқып жүрген Әселжанның алға қойған арман-мақсаттары көп. Мектеп-интернатты бітіргенше үш жылы бар талапты қыз талай өнер жарыстарында топ жаратынына сенімді. Мына бейнетаспада еліміздің әйгілі Құрманғазы оркестрімен бірге жуықта Қызылорда өңірінде өтетін Қорқыт бабаға арналған өнер байқауына дайындығы бейнеленген. Талантын танығандықтан олар да үлкен сенім артып, БҚыластың «Ерден» күйін орындауды тапсырыпты. Дарынды қызымыз Әселжанға өнердегі жолың ашық, жеңісті бола берсін деген игі тілегімізді бағыштаймыз!..

ТУҒАН ЖЕРІ – ТҰҒЫРЫ БОЛҒАН

(ҒҰМЫРНАМАЛЫҚ ОЧЕРК)

Біздің бүгінгі әңгімелегелі отырған кейіпкерімізді өзінің туған жері болып саналатын Тауелібай – Тамды, Үшқұдық және Кенімех аудандарынан өзге, бүгінгі қонысы болған Қарағанды аймағының оқырмандары да дерлік таниды десек артық болмас. Нұрғали Қыдырмұратұлы Қарабектегі өзінің журналист ретіндегі ақпарат, мақала, очерктерімен де, ақын ретіндегі өлең-жырларымен де аймағымыздан өзге, республика көлемінде танымал зиялы қауымның қатарында. Біздің бүгінгі әңгімемізге арқау болғалы отырған жанды өз басым бозбала шағымнан білемін. Біздің әкелеріміз Қыдырмұрат пен Әбу бала кезден дос-жолдас болып өскен екен. Менің әкем мұғалімдік мамандықта қашан зейнетке шыққанға дейін басшы қызметте болды. Қыдырмұрат әкеміз бозбала кезінен шопандықтың ақ таяғын қолына ұстап, осынау шаруагерлік еңбектің барлық марапатына ие болған, бұрынғы КСРО-ның танымал және атақты қойшысы ретінде замана тарихында ескертіш болып қалған аузы дуалы ақсақал тұғын.

Менің әкем Әбу 1982-жылғы жаз айында Нүрекеңнің туған жері «Прогресс» совхозының Далақұдық фермасындағы мектепке директор болып тағайындалғанда орта мектепті бітірген мен де осы мектепке мұғалім болып орналастым. Н.Қыдырмұратұлының өзін көрмесем де, ол кісінің аудандық газетте жарияланып тұратын мақала, өлең-жырлары арқылы танытынмын. Бұл кезде Нүрекең әскер қатарында қызмет етіп жүрген еді. Олардың отбасымен біз әкелеріміздің ұзақ жылдық достығының арқасында туысқандық қарым-қатынаста болдық. Ағамыздың әскерде жүріп жазған туған жерге, жақындарына деген сағынышқа толы жырлары аудандық «Социалистік шаруашылық» газетінде үздіксіз жарияланып тұратын. Нүрекеңнің әкесі Қыдырмұрат ақсақал сол жылдары Одаққа аты мәлім шаруагер болатын. Ленин, Еңбек Қызыл Ту, Қызыл ту, Халықтар достығы және Шұхрат ордендері мен ондаған медальдардың иегері, Өзбекстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің депутаты және облыстық, аудандық кеңестердің бірнеше рет депутаты болған Қыдырмұрат әкеміз 1983-жылғы бесжылдықтың қортындысы бойынша қаракөл қой шаруашылығында ең алғашқы КСРО мемлекеттік сыйлығының лауреты атанды. 1983-жылы КСРО Халық шаруашылығы көрмесінің «Алтын медалін» омырауына тағып, «Волга» жеңіл автокөлігімен марапатталды. Бұл марапаттар Қарабековтердің ғана емес, бүкіл облыстың, ауданның жеңісі болатын. Бұл қуанышты ауыл-аймақ болып, дүркіретіп тойлады. Одақ көлеміндегі газет-журналдар мен телерадио бағдарламалында ол кісі туралы жазып, көрсетіп тұратын. Келесі жылы мен жоғарғы оқу орнына оқуға түсіп кеттім де, Нүрекеңмен жүздесудің сәті түспеді.

1984-жылдың жазында әскерден оралған Н.Қарабектегі бұрыннан жазып жүрген мақала, өлеңдері арқылы танытын сол кездегі аудандық «Социалистік шаруашылық» газетінің редакторы Қайыпназар Шотбасов Қыдырмұрат әкеміз арқылы аудандық газеттің тілшісі қызметіне шақыртады. Өзі оқып жүріп әскерге аттанған зооветеринария оқу орнының сыртқы бөлімге ауыстырған Нұрғали ағамыз сол жылдың маусым айының соңында аудандық газетке тілші болып қызметке қабылданып, отбасымен бірге аудан орталығына көшіп келеді. 23 жасқа енді толаған, тепсе темір үзетін жастағы Н.Қарабектегі нағыз творчестволық өміріне енді толығынан кірісіп кеткен болатын. Газетте оның мақалалары мен өлеңдері толассыз жарияланып тұрды. Адамды тани білетін газет редакторы Қ.Шотбасов сол жылдың күзінде оған газеттің жауапты хатшы қызметін ұсынады. Газет жұмысындағы екінші тұлғаның қызметі сол кездегі партиялық көзқараспен аса жауапты екендігін ескерсек, бұл қызметке өте мол білім мен біліктілік қажет еді.

Нүрекең бұл қызметтің маңызын түсіне отырып қабыл алды және көп уақыт өтпей-ақ өзінің журналистика және партиялық қызмет саласындағы өз біліктілігін мойындатып үлгерді. Бұрынғы оқуын бітірісімен, 1987-жылы Алматы қаласындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің журналистика факультетінің сыртқы бөліміне конкурстан тыс, жоғары бағамен қабылданды. Бұл кезде ол газет саласында ысылған, тісқақты журналиске айналған болатын.

Сол кездегі Қазақстанның астанасы – Алматы шаһары нағыз өнер мен өлеңнің тайқазаны болғаны баршамызға белгілі. Осы қалада Нүрекең де өз ортасын тапты. Сөз өнерімен қатар жыр өнеріне ендеп ден қойды. Оның өлеңдері аудандық газеттен асып, Республикалық газет-журналдарда жарияланып тұрды. Ол аудандағы қоғамдық, мәдени ішаралардың бел ортасынан табыла білді. Аудандық мәдениет үйінде өтетін ішаралардың сценарийін, бағдарламасын өз қолымен жасап, жүргізіп тұратын. Ауданға атышулы сазгер, ақын, ұстаз Календар Бейсембаевпен творчестволық байланыста болып, оның жезтаңдай әнші Бағыла Мұратоваға арналған «Әншім-ай» өлеңіне Калекеннің әні дүниеге келді. Бұл ән осы күнге дейін орындалып жүр. Мекеме комсомол ұйымының хатшысы, аудандық комсомол комитетінің пленум мүшесі ретінде аудан өміріндегі маңызды шараларға белсенді қатысып отырды. Ол заманда коммунистік партия қатарына қызметкерлердің өтуі ақырзаман болғаны баршаға мәлім. Соған қарамастан, қоғамдық өмірдегі қызметі есеріліп, партия қатарына үлкен сеніммен қабылданған азғана топтың арасында Н.Қыдырмұратұлы да болды. Жыр дүлдiлі Базар жыраудың 150 жылдық мерейтойын ұйымдастыру комиссиясының мүшесі, осы шараға арналып өткен халықаралық ақындар айтысының сценарий мен бағдарламасын жасаушылардың бірі және жүргізушісі болды. Осы ұланасыр тойда Есенғали Раушановтың «Қара бауыр қасқалдақ» әнін әріптесі Полатбек Жанбаевпен бірге қос дауыспен орындап, өзінің әншілік қырымен де көзге түскен. Өзбектің әйгілі шайыры Алишер Науаидың мерейтойына арналып Ташкент қаласында өткен халықаралық ақындар айтысына алғаш рет қатысып, жүлдегер атанған. Осы жылы аптасына бір рет қазақ тілінде берілетін «Замандас» бағдарламасында ауданның белгілі әншісі Бағыла Мұратова және термеші Жалғас Жүсіповпен бірге аталмыш әнді үш дауыста шырқап, республика көлеміне танылды.

Кеңес өкіметі құлаған 1992-жылы оның Тауелібай аймағының біраз жері тарихи мағлұмат бойынша заңды түрде Қазақстан Республикасына тиесілі екенін архивтік деректермен бұлтартпасыз дәлелдейтін мақаласы халықаралық «АЗИЯ» газетінде жарық көріп, үлкен қоғамдық пікір тудырды. Әрине, бұндай дәйекті және әділетті мақала өзбек билігіне ұнамағаны анық. Атқамінерлер тарапынан да астыртын қысым жасалғанын сезген Нүрекең сол жылы отбасымен бірге Алматы қаласына көшіп кетіп, «АЗИЯ» газетінде қызметке орналасқан. Оның ұлттық құндылықтарды дәріптейтін, әлеуметтік-саяси мәселелерді қаузаған әртүрлі тақырыптағы мақала, очерктері осы жылдары баспасөзде үзбей жарияланып, Өзбекстан Республикасында шоғырланған қазақ диаспорасының атамекенге оралуына үлкен ықпалын тигізді. 1995-жылы бір топ қандастарын ертіп осы күнгі тұрақты мекені Приозерск қаласына көшіп келді. Одан бергі өмірі, тіршілік-тынысы, қаланың қоғамдық өміріне қосып жатқан қомақты үлесі қала тұрғындарының көз алдында өтуде.

1996-жылы Өзбекстан азаматтығын алған, атамекенге көшіп келген жұртқа Қазақстандағы Өзбекстан Республикасы елшілігі тарапынан өбек азаматтығынан бас тарту үшін және Қазақстан азаматтығына өтініш беру үшін қомақты қаржы төлеу туралы талап қойылғаны есімізде. Осы сәтте Н.Қыдырмұратұлы көшіп келгендердің өтініш-тілегіне орай сол кездегі ҚР Еңбек Министрі болған Әлихан Бәйменовтің қабылдауында болып, аталмыш түйткілді мәселенің жөнімен шешілуіне ықпал жасағаны көпшілік ағайынның есінде болар. Халық мүддесі үшін өз басын қатерге тігуден тайынбайтын кәнігі журналистің қаланың болашағы үшін жазған сын және талдау мақалалары баспасөз беттерінде жарық көріп тұрды. Бұл үшін де оның аз теперіш көрмегенінен хабардармыз. Сол жылдары облыс орталығы болған Жезқазған қаласынан шығатын «Сарыарқа» газетінде редакцияның алғысөзімен жарияланған топтама өлеңдері әйгілі Сарарқа жұртшылығының ыстық ықыласына бөленді. Ол кезде қалада газет болмағандықтан, мақала жазбаса тұра алмайтын Нүрекең облыстық, республикалық газеттермен келісімшартқа отырып, қала өмірі, сал-дәстүр, ұлттық құндылықтарды қастерлеу жайлы, жекелеген тұлғалардың өмірі мен қызметі, жетістіктері туралы көлемді мақалалар жазуын жалғастырды. Қаламызда өтіп тұратын ішаралардың бәріне белсене қатысты. Жұмыс талғамай, қолдан келетін қызметтердің бәрін атқарды. Екімыңыншы жылдың басында денсаулығының сыр беріп, қатерлі ота жасатқанына қарамастан өлең-жыр жазуын тоқтатпай, сол кездегі қала әкімі Сағымбай Медеубаевтың қолдауымен 2004-жылы алғашқы «Туған жерім, тұғырым» атты жыр жинағы Қарағанды

баспасынан басылып шығып, оқырмандарына жол тартты. Қалалық жыр мүшайраларында бірнеше рет бас жүлдені иеленді. Сәтпаев қаласының 40 жылдығына арналған жабық жыр мүшайрасына қатысып, жүлделі үшінші орынға ие болды. Қаладағы аудармашылар байқауының бірнеше мәрте жеңімпазы атанды. Осындағы өлең жазуға икемі бар жастар мен жасөспірімдердің өлең-жыр жолындағы қадамына жол ашып, ұстазына айналды. Жас ақындар байқаулары мен көркемсөз оқу шеберлерінің тұрақты қазысы болды және олардың жетістіктерін баспасөз құралдары арқылы жұртқа жариялап отырды. Оның қазақ журналистиксы саласына сіңірген еңбегі ескеріліп, «Орталық Қазақстан» газеті бас редакторының бірінші орынбасары, Қарағанды облысы журналистер одағының төрағасы Аман Жанғожиннің ұсынысымен Қазақстан Республикасы журналистер одағының мүшелігіне қабылданды.

Өткен 2016-жыл Н.Қарабектегі үшін табысты да, есте қаларлық жылдардың бірі болғаны анық. Облыс әкімінің ұйымдастыруымен өткен «Тіл жанашыры» сыйлығының «Тіл жаршысы» аталымы бойынша жеңімпазы атанып, қомақты қаржылай сыйлығын жеңіп алды. Қазақстан Республикасының 25 жылдығы мерейтойына арналған облыс әкімінің Құрмет грамотасымен марапатталды. Қоғамдық жұмыстардың белортасында жүретін Нүрекең «Атамұра» этно-мәдени бірлестігінің ашылған күннен бергі белді мүшесі. Тіл, дін мәселелері, ұлттық мұра туралы үнемі жазып отыратын ол осы қоғамдық жұмыстардың да белсенді мүшесі саналады. Халық пен қала тұрғындарының мұң-мұқтажына, тағдырына бейжай қарамайтын ол Приозерск қаласы бойынша жергілікті өзін-өзі басқару аумақтық Кеңесінің мүшесі ретінде қаланың өркендеуіне өзіндік үлесін қосып жүр. Бүгінгі таңда қалалық «Приозерский вестник» газетінің арнаулы тілшісі ретінде өзінің ұзақ жылдық тәжірибесі арқасында түрлі тақырыпта қалам тербеп жүрген жазу өнерінің шебері. Бірнеше өлеңдеріне ән жазылып, орындалып жүр. Жуықта танымал сазгер Қанат Жәмеұлының «Мен сені сағынам» өлеңіне жазған әні облыстың үлкен сахнасында шырқалды.

Нүрекеңнің қоғам дамуына, қала тіршілігіне қосып жүрген үлесінен өзге, отбасылық өмірі де өз алдына бір төбе. Ата-ананың, эзиз әженің тағылымын алып өскен, ауылдың аузы дуалы ақсақалдарының алдын көрген, олардан бәтуәлі бата алған ол өміржолдасы Ұлзирамен екеуі үш ұл мен бір қызды тәрбиелеп өсірген әке ретінде де ғибраты мол тұлға. Балаларының бәрі өмірден өз орнын тапқан отбасылар. Жұбайы Ұлзира екеуінің тұңғышы Елдархан мен Фатимадан Сағыныш, Арнұр, Дархан мен Римадан Мұқасан, Әдинұр, Алан, Ғабит пен Анельден Рамазан, қызы Фаризадан Аян және Аяжан есімді немерері бар. Біз Нүрекеңдермен бірге ақылман ақсақалдардан үйренсек, болашақ ұрпақ осындай арда азаматтарға қарап бой түзесе, ой орнықтырса игі.

Марс СҮЛЕЙМЕНОВ,
«Атамұра» этно-мәдени бірлестігінің мүшесі.

СҰҚБАТТАР

ХАЛЫҚ САУЛЫҒЫ – ҚОҒАМ БАЙЛЫҒЫ

Ғұмырдерек: Нұрлан Манапұлы Шагиров 1977-жылғы 16-ақпанда Павлодар облысы Баянауыл ауданының Құмдықөл ауылында туған. 1999-жылы Қарағанды Мемлекеттік медицина академиясының емдеу ісі бойынша факультетін бітірген. ҚММА-ның ішкі аурулар кафедрасының ассистенті болып қызмет еткен. «Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне медициналық көмек көрсету бойынша облыстық орталығы» ММ-де бас дәрігердің орынбасары лауазымында болды. 2008-жылдың тамыз айынан бері «Приозерск қалалық орталық ауруханасы» КМҚК директоры қызметін атқаруда.

Еліміз тәуелсіздік алған 27 жыл ішінде мемлекетіміз бен қоғамымызда қаншама оң өзгерістер, экономикалық және әлеуметтік салада алға басушылық бар екенін бәріміз де білеміз. Соның маңызды саласының бірі халық денсаулығын сақтау болып табылады. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев әр жылғы Қазақстан халқына Жолдауында денсаулық саласын жақсартуды үнемі назардан тыс қалдырған емес. Осы орайда осындай ауқымды бағдарламадан «Приозерск қалалық орталық ауруханасы» КМҚК да қалып қоймай, ілгері басу үстінде екенін байқап-бағамдап жүрміз. Ел Тәуелсіздігінің 27 жылдық мерейтойы қарсаңында осы аурухананың директоры Нұрлан

Манапұлы Шагиrowпен жолығып, осы ұжымның бүгінгі тыныс-тіршілігі жайында сұхбаттасқан едік.

–Нұрлан Манапұлы, өзіңіз басқарып отырған мекемедегі мерейтой алдындағы көңіл-күйі мен жалпы атқарылып жатқан жұмыстар жайлы баяндасаңыз.

–Әрине, мұндай маңызды да қасиетті мерейтой алдында ұжымның көңіл-күйі де, жұмыс барысындағы жетістіктері де көңіл қуантарлық деп айта аламын. Әр медицина қызметкері өзінің қызметтік міндетін жақсы біледі және дертіне дауа, ауруына шипа іздеген науқас жандарға қалтықсыз қызмет етуге әрдайым дайын. Қазір аурухана мен емхана қосылып, үлкен бір мекеме болды. Бұдан бірнеше жыл бұрын қала шетіндегі бос қалған екі бірдей үш қабатты ғимарат күрделі жөндеуден өтіп, пайдалануға берілген еді, қазір мұның игілігін қала тұрғындары көруде.

–Негізінде аурухананың атқарып жатқан қызметінің нәтижелілігі оның білікті мамандарымен өлшенеді ғой. Ауруханада мамандар тапшы екенін мен бұрында өз мақалаларымда жазған едім. Қазір қатарларыңыз жас мамандармен толығуда деп естіп жатырмыз, осы туралы айтсаңыз.

–Әңгімені сәл әріден бастайын. Бұл қала кеңес үкіметі тарағаннан кейін тастанды баланың күйін кешкен мекен. Ғимараттар қиратылып, көптеген нысандар бүлінген. Жұмыс орындарының болмауынан қалаға келушілер аз болды, тоқсаныншы жылдардың аяғына дейін бюджеттік мекемелер қызметкерлеріне, тіпті зейнеткерлерге де жалақы мен зейнетақы төлеу уақытылы болмады. Сананы тұрмыс билеген кезеңде әлеуметтік, мәдени мәселелер адам жанынан алшақтағаны рас. Қажетті маман дәрігерлерді мұнда сүйреп әкеле алмас едің мұндайда. Мен осы мекемеге бас дәрігер болып қызметке келген күннен бастап, қатарымызды медицина мамандарымен толықтыруды басты мәселе етіп қойдым. Бұл өте өзекті мәселе еді. Қазір қаланың жағдайы түбірінен өзгерді. ҚР Үкіметі Елбасының тікелей тапсыруымен қаланың дамуына үш жылға арналған бағдарлама арқылы қомақты қаржы бөле бастады. Жоғары жақтан болған бұндай қамқорлық қала тұрғандарының ғана көңілін көтеріп қоймай, сырттағылардың да қаламызға деген көзқарасын өзгерткені анық. Осының әсерінен де болар, әрі өзімнің тынымсыз тірлігімнің нәтижесінде былтыр 3 дәрігер қатарға қосылса, биыл 7 маман дәрігер келді. 2 хирург, 1 акушер-гинеколог, 1 дәрігер лаборант, 1 терапевт, 1 жалпы тәжірибелік дәрігер және 1 педиатр бар олардың арасында. Әрине бұл біз үшін өте үлкен күш және жетістік. Әсіресе хирургтер мен гинекологтарға өте зәру едік, құдайға шүкір, енді өзімізде ота жасала бастады. Бас дәрігердің емдеу ісі бойынша орынбасары болып биыл қызметке келген Бек Тәңірбергенұлы Жарылғапов өте білімді хирург, әрі іскер маман, кісімен тіл табысқыш, көпшіл азамат екен. Қазір ол өз тәжірибесін жастарға үйретуде. Келген мамандар әрі қарай оқуын жалғастырады және жұмыс орындарында да тәжірибеден өтіп, еліміздің жоғарғы медициналық оқу орындарының факультеттерінде өз біліктіліктерін арттырады. Бұрнағы жылы келген 2 жалпы тәжірибелік дәрігеріміз қзіргі таңда Қарағанды қаласында 9 айлық мамандандыру курсы бітіріп, қараша айында біз дайын травматолог пен анестезиолог–реаниматологты жұмысқа қабылдадық. Тағы бір жалпы тәжірибелік дәрігеріміз өз біліктілігін арттырып, дерматолог дәрігер сертификатын алып шықты. Және де алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсету бойынша Қарағанды қаласының медуниверситетіне 3 дәрігеріміз қазан, қараша, желтоқсан айларында арнайы курстарға оқуға жіберілуде.

Ендігі міндет – осы келген жас мамандардың ауруханада тұрақтап жұмыс істеуіне жағдай жасау. Бұл үшін оларды ең әуелі пәтермен қамтамасыз етуге тиіспіз. Қазір олардың біразы аурухананың үшінші қабатында тұрып жатыр. Осы проблеманы қалалық әкімдікке мәселе етіп қойдым. Әрине, қала бойынша пәтер мәселесінің қиын екенін білгендіктен, жас мамандарға аздаған қиындықтарға шыдау керектігін түсіндіріп айтып жүрмін. Дегенмен, біз халық саулығын сақтау үшін қажетті дәрігерлерден айрылып қалмау жағын мықтап қамдастыруымыз қажет. Мен сізге мына статистикалық мәліметтерді айта кетейін: қазіргі таңда елімізде медициналық кадрлар тапшылығы – 6000 дәрігерге, ал орта буын медицина қызметкерлері саны – 3000 адамға жеткен. Бұл дегеніңіз осы мәселедегі көп кемшін тұстарымызды аңғартса керек.

–Қалалық ауруханада ана мен бала өлімінің, құрт ауруының алдын алу шаралары бойынша шаралары бойынша жасалып жатқан жұмыстарға тоқталсаңыз.

–Құрт ауруының өсу үрдісі әлеуметтік нақты аурулар қатарына жатады. 2010-жылы 8 адам осы дертке шалдыққан, биылғы жылдың соңғы 8 айында 12 адам есепке алынды. Осы жағдайды талдай отырып, құрт ауруына шалдығандардың басым бөлігі өз денсаулықтарын күтпейтіндер, үй-жайсыздар, жұмыссыздар, темекіні шектеусіз тартатындар, маскүнемдікке салынғандар, мерзімді жалақы көзі жоқ адамдар екенін аңғарамыз. Оған қоса, біздің қаланың учаскелік

қызметкерінің де әлсіздігі бар екендігін мойындауға тиіспіз. Ол да бір күрделі жағдай. Флюорография бойынша құрт ауруын дер кезінде анықтап, бастапқы сатысында емдеу – бізді құрт ауруының асқынғын түрінен немесе соңғы сатыға өтуінен қорғануға әкелетін тиімді шара. Қазір осы мәселеге баса назар аударып, қатерлі дерттің алдын алу шараларын жасаудамыз.

Ана мен бала саулығын қорғау еліміз бойынша етек алған өте маңызды шара. Бұл өзекті мәселеден тек қана медицина қызметкерлері ғана емес, қарапайым халық та тыс қалмауы тиіс. Осы жылғы жаз айында босану кезінде акушерлік қан кетуден 2 ананың өміріне қауіп төнді. Науқастар жағдайының ауыр болуына қарамастан, жедел хирургияның араласуы арқасында біз ана мен бала өмірін сақтап қалдық. Соңғы 8 айда ана мен бала өліміне жол берілген жоқ. Осы орайда бір жағдайды айта кетейін: бір әйелді жеке бас куәлігінсіз, медициналық құжатсыз, жеңіл автокөлікпен біздің қалаға 130 шақырым жердегі Жамбыл облысы Шығанақ темір жол бекетінен алып келді. Осындай да жауапсыздық бола ма? Халықтың біраз бөлігі әлі күнге дейін өз денсаулығы үшін қарекет жасауға құлықсыз. Приозерск қаласы республикалық теміржол және Алматы-Екатеринбург тас жолдарына жақын болғандықтан, біздің аурухана 150 км. солтүстікке. 300 км оңтүстік радиусы бойынша арнайы және жедел медициналық көмек көрсететін жалғыз медициналық мекеме болып табылады. Сондықтан бізге артылар жүк те, жауапкершілік те жетерлік. Біз осының үдесінен шығу үшін бар күшімізді сала жұмыс жасаудамыз.

–Азаматтарымыз өз денсаулығын сақтау мен салауатты өмір салтын қалыптастырудағы жауапкершілікті сезіне ме? Осы мәселенің насихатталу жағдайы қай деңгейде?

–Өрине, осы мақсатта алдын алу шаралары мен қатар жиындар өткізіліп, қабырғалық суреттер, 6 қабырға газеттері, плакаттар, науқастың уақтылы дәрігерге келу түсіндірмелігі, келмейтін болса қандай жағдайға тап болатыны және дәрі-дәрмектер мен дәрумендерді қалай қабылдау, ағзаға қандай пайдалы тағамдар құбылдау керектігі туралы түрлі-түсті үлгідегі жобалар көрсетілген. Қалалық теледидар, газет арқылы дәрігерлердің аурулармен күресу және оны қалай емдеу қажеттігі туралы сұхбаттары мен насихат бағдарламалары беріліп тұрады. Нықтап айтарым, тұрғындар арасында медициналық тексеруден мерзімді өтіп тұруға шақырғанның өзінде келмейтіндер бар. Бұл жас балалы аналарға да құлаққағыс. Учаскелік медбикелердің қаншама рет шақырғанына келмейтін, өз сәбиінің денсаулығына атүсті қарайтын аналардың кездесетінін жасыра алмаймын. «Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде», -деп дана халқымыз бекер айтпаған ғой.

–Медициналық қызмет көрсету сапасын көтеру үшін қалалық аурухана мен емхана басшысы ретінде Сіз және ұжымыңыз қандай іс- шараларды жоспарлап отырсыздар? Приозерск қаласы бойынша денсаулық сақтауды дамыту жоспарларыңыз бен жүйелеріңіз туралы да айтып өтсеңіз.

–2012-жаңа жылға бізге керекті мамандықтар бойынша бастапқы арнайы сатылардан өтуді, яғни штаттық тізіммен бекітіліп, келсілген келесі мамандықтар бойынша қайта дайындауды жоспарлап отырмыз. Оның ішінде: неврология, зертханалық диагностика, эндоскопия, кардиология, эндокринология, рентгенология, УДЗ диагностикасы, тағы басқалар бар. Аурухана мен емхананы орта буын медицина мамандарымен қамтамасыз етуге ешқандай көкейкесті мәселе жоқ. Бізге жыл сайын медбикелер, акушерлер мен фельдшерлер келіп жатыр. Олардың көбісі Балқаш қаласы медколледжінің және еліміздің оңтүстік аумағының түлектері. Қарағанды облыстық денсаулық сақтау басқармасымен, Балқаш қаласы медколледжімен келісім бар.

–Стационарлық көмекті орталық қаржыландыру не берді және қаржыландыру саласы өзгере ме?

–Жоқ, олар өзгермейді. Қала тұрғындарын дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету жүйесінің мақсаты: нақты аурумен ауырған науқастарды арнайы шипалы дәрі-дәрмекепен емдеу, тегін және жеңілдікпен дәрі-дәрмек беру. 2011-жылға тегін және жеңілдетілген дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету үшін 31405320 теңге көлемінде қаражат бөлінсе, оның ішінде 31024836,4 теңгесі тегін емдеуге, 125305 теңгесі жеңілдетілген дәрі-дәрмекке жұмсалынды. Соңғы 8 ай ішіндегі кіріс 21633282 теңгені құраса, 21405431 теңге (67,6%) игерілді.

–Дәрігерлер қандай заманауи техникалардан пайдалануда?

–Біз, әсіресе медицина саласы, өмірімізге еніп жатқан әркілі заманауи технологияларды тиімді пайдаланудан артта қалып кетпеуіміз керек. Бұл – заман талабы. Биыл құны 3 млн. теңге тұратын фиброгастроскоп (Olimpus) және 2,5 млн. теңгелік биохимиялық анализатор аппараттарына қолымыз жетті. Енді осы дүниелерді пайдалану үшін қатарымызға жаңа қосылған жас мамандарды тәжірибелік білім көтеру курстарында оқытып алуды қамдастырудамыз.

–*Ұжымыңыздағы мақтаулы медицина қызметкерлері жайында айта кетсеңіз.*

–Жалпы біздің ұжымда нашар қызметкерлер жоқ десемд е болады. Дегенмен, ұзақ жылдық мол тәжірибеге ие емхана меңгерушісі Г.Қ.Мондыбаева, психо-нарколог Қабылғазы Көшербайұлы мен эндокринолог –дәрігер Баян Изтелеуованың еңбектерін атап айтуымыз керек. Жас мамандарымыз осы кісілерден үйренуге ұмтылса игі. Және де емхананың бас медбикесі Б.Қ.Құлбатшаеваның, хирургия бөлімінің аға медбикесі Ә.С.Қозыкенованың қызметтері ұжымға үлгі етерліктей.

–*Еліміз тәуелсіздігінің 20 жылдық мерейтойы қарсаңындағы тілегіңіз.*

–«Бірінші байлық-денсаулық» деген даналық сөздің ар жағында үлкен мән жатыр. Елбасымыздың өзі бұл мәселені ешқашан аузынан тастаған емес. Сондықтан гүлденген, жарқын болашақ құру үшін халқымыздың дені сау, жігері мықты, салауатты өмір салтын қалыптастыру әрбіріміздің міндетіміз бен борышымыз болуы керек. Барша қазақстандықтарды және өзім ғұмыр кешіп жатқан қала тұрғындарын, ұжымымды мерейлі мерейтоймен құттықтаймын және салауатты өмір,жарқын болашақ,тыныштық пен бейбітшілік тілеймін!

МҰСЫЛМАННЫҢ ҰЛЫҚ МЕЙРАМЫ

Жыл сайын аталып өтілетін бұл мейрамның барша мұсылмандар үшін мән-маңызы аса зор, өнегесі өзгеше. Ауқатты, тұрмысы жақсы адамдар Ұлы Жаратушы Иеміз – Алла разылығы үшін құрбандық шалып, кедей әрі мұқтаж адамдарға, міскін жандарға қамқорлық көрсетеді. Алладан ізгі тілектер тілейді. Шелпек пісіріп, бақилық болған ата-бабаларының, жақындарының рухына құран бағыштайды, берекесі мол дастархан жайып, «Құрбан айт құтты болсын!», деп бір-бірінің үйіне айттайды. Өкпелі жандар кешірімге келіп, татуласып, өткен-кеткен реніштерін ұмытады. «Құрбан айт мұбарак болсын!» дей отырып, осы ұлық мейрамның қарсаңында оның мән-маңызы жайлы айтып беруі үшін қалаық мешіттің имамы Дәуіт Сейтқалиұлын сөзге тартқан едік.

Өмірдерек: Дәуіт (құжаттағы есімі Девид) Қожмахметов Жамбыл облысы Төлеби ауданы Баласағұн ауылында 1975-жылдың 14-қазанында дүниеге келген. 1992-жылы орта мектепті бітіргесін Меркі медресесіне оқуға түсіп, 1996-жылы оны бітіргесін туған ауылында бас имам болып қызметін бастаған. 2009-2011-жылдар арасында Балқаш қалалық мешітінде найб имам болып істеп, 2011-жылдың 9-желтоқсанында Приозерск қаласының мешітіне бас имамдыққа тағайындалған. Қазір де осында имамдық қызметін жалғастырып келеді. Әкесі Сейтқали 8-сыныпта оқып жүргенде дүниеден өткенде, әкесіне құран бағыштап тұруды мойнына алған бала жігіт дін жолының хикметтеріне назар аудара бастайды. Нағашы атасы Дәулетбай заманында молда болғанын білетін ол сол кезден бастап-ақ дін жолын таңдайды. Бүгінде 4 ұл, екі қызды тәрбиелеп, өсіріп отырған өнегелі әке. Балалары да иманды ұрпақ болып өсіп келеді. Тұңғыш ұлы Әбдіқадыр «Нұр мұбарак» университетін бітіріген, үйленген, одан бір немере сүйіп отыр. Бүгінгі таңда Балқаш қаласының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінде теолог болып қызмет етуде.

– Дәуіт Сейтқалиұлы, 24-қыркүйек күні мұсылмандардың ұлық мейрамы — Құрбан айт басталады. Аталған мерекенің мән-маңызына, оны дұрыс атап өтудің жөн-жосығына тоқталсаңыз?

– Ассалаумағалайкум, құрметті мұсылман қауым! Жаратқан бір Аллаға сансыз мадақ пен мақтаулар болсын! Екі дүние сұлтаны Мұхаммед пайғамбарымыз саллаллааһу алайһи уә сәлламға сансыз салауаттар болсын! Ислам әлемі аңсай күткен қасиетті мереке – Құрбан айт та жақындап қалды. Жалпы дініміздегі мейрамдардың барлығы мұсылман қауымын ғана емес, сонымен бірге адамзаттың дүйім жұртын татулық пен бірлікке, сыйластық пен ауызбірлікке, кешірімге шақырады. Олай болса, Құрбан айт мерекесі де адамдардың бірі-біріне ізгі ниеттер тілеп, бір-бірінің көңіл-күйін көтеріп, ренжітіп алған кездері болса кешірім жасасатын күн. Сүйікті пайғамбарымыз (с.а.с): «Біздің бұл күнде алғашқы жасайтын ісіміз – намаз оқу, сосын қайтып келіп, құрбанымызды шалу. Кім осылай істесе біздің сүннетімізге ергені...», — деген. Сондықтан Құрбан айт таңы атысымен-ақ исі мұсылман баласы ғұсыл құйынғаннан (денені толықтай жуу) кейін, әдемі таза киімдерін киіп, үстіне хош иіс сеуіп, айт намазын оқу үшін мешітке барады. Намаз аяқталған соң мереке өзінің барлық сән-салтанатымен имандылық думанына айналады. Аллаһ разылығы үшін мал шалынып, ақ түйенің қарны жарылады. Көрші-қолаң, туыс-туғанды қыдырыстап, «Айт құтты болсын!» айтысады.

Негізінен айт – Ислам дінінен бұрын ежелгі Араб елінде дүниеге келген. Кейін асыл дініміз мұны діни дәстүрге, мұсылмандардың ең ұлық мерекесіне айналдырып, айрықша нұрландырды.

Мінеки, содан бері Құрбан айт мұсылман ай күнтізбесіндегі Зұлхижжаһ айының оныншы жұлдызында басталып, 3-4 күнге жалғасып келеді. Бұл мерекенің алғашқы күні биылғы қыркүйек айының 24-жұлдызына сәйкес келіп тұр. Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен Құрбан айт мерекесінің алғашқы күні мемлекеттік мерекелер тізіміне енгізілгені белгілі.

– **Биыл айт намазы нешеде оқылады?**

– Биылғы құрбан айт намазы Приозерск қаласында 07.30-да оқылады. Қала тұрғындарын сауабы мол құрбан айт намазына қатысуға шақырамын!

– **Құрбандыққа шалынатын мал турасында айтып берсеңіз.**

– Кез-келген мал құрбандыққа жарамайды. Әдетте құрбандыққа қой, ешкі, сиыр, түйе секілді малдар шалынады. Ал үйрек, қаз, тауық, күркетауық, елік секілді т.б. аң-құстар құрбандыққа жарамсыз. Қой, ешкі, сиыр және түйенің еркектері де, ұрғашылары да құрбандыққа жарамды. Құрбандыққа жарайтын қой мен ешкі ең кемі бір жасар болуы қажет. Дегенмен алты айлық қозы бір жасар қой секілді ірі, қоңды болса, құрбандыққа жарамды. Ал ешкі міндетті түрде бір жасқа толған болуы қажет. Сиыр екі жасқа, түйе бес жасқа толғанда құрбандыққа шалуға болады. Малдың дені сау, етті және дене мүшелері түгел болуы керек. Құрбан малын құбылаға қаратып, сол жағымен жатқызады. Оны бауыздамай тұрып ниет етіп, бірнеше аят оқылады. Ал оларды білмегендер: «Иә, Аллаһ тағалам, досың Ибраһим, сүйіктің Мұхаммедтен (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм) қабыл алғанындай, менен де қабыл ала гөр!» деп, «Аллаһу акбар!» мен «Лә иләһәлләһ!» айтады. Құрбан шалғаннан кейін сол маңайдың тазалығына да көңіл бөлу керек. Малдың қан-жынын ашық-шашық далаға қалдырмай, көміп тастаған жөн. Бұл – құрбандық малына әрі құрбан құлшылығына деген құрметтің белгісі. Құрбан шалудың уақыты Құрбан айттың бірінші күні айт намазынан кейін басталып, айттың үшінші күні ақшамға аз уақыт қалғанға дейін жалғасады. Жарықтандыру жүйесі нашар орындарда түрлі қателіктерге жол бермеу үшін түнде құрбандық шалу мәкруһ болып саналады. Ал, жарықтандыру мүмкіндігі жеткілікті жерлерде түнде де құрбандық шалына береді. Құрбан айтқа арнап алынған мал құрбан айтта бауыздалмаса, малдың өзін садақа ретінде атау қажет. Әртүрлі себептерге байланысты Құрбан айт намазына бара алмай қалған адамның, намаз оқып болатындай уақыт өткеннен кейін құрбанын шала беруіне болады. Бай болсын, кедей болсын Құрбан айтта шалған құрбандығының етін жеуіне болады. Құрбандыққа шалынған малдың етін үш бөлікке бөліп тарату – мұстахап. Бір бөлігі – туған-туыс, көршілеріне бай болса да сыйға тартылады, екінші бөлігі – кедей және мұқтаж адамдарға, үшінші бөлігі – өзінің отбасына, бала-шағасына тиесілі. Бірақ шалынған малдың етін түгелдей кедей-мұқтаждарға таратуға да болады. Егер құрбандық шалған адам аса дәулетті болмаса және отбасында адам саны көп болса, онда құрбандықтың етін түгелдей өзінің отбасына да қалдыра алады. Аллаһ Тағала Құран Кәрімде: «Құрбанның етінен өздерің жеңдер әрі міскіндер мен кедейлерге жегізіндер», деген.

– **Құрбан айт мерекесі елімізде соңғы жылдары айрықша атап өтіліп жатқанын айттыңыз. Аллаға шүкір, мемлекеттік мерекелер тізіміне де енгізілді. Ал осы ұлық мейрамды атап өтетін қоғамда өзгерістер бар ма?**

– Қасиетті мерекені атап өту жылдан-жылға жоғары деңгейге көтеріліп келе жатқанын сеніммен айта аламын. Әрине, бұл Құрбан айт мерекесінің қадір-қасиеті мен орындалатын ғибадаттарды халыққа түсіндіріп, насихаттаудың арқасы. Сондай-ақ мерекенің ресми мәртебеге ие болуы – ел мұсылмандарына оны ерекше атап өтуіне жол ашты. Дегенмен, мерекенің маңызы мен мағынасы исі мұсылман барлық азаматтың, әсіресе жастардың санасына терең сіңісе алмай отырған жайы да бар. Қазір жастарымыз менталитетімізге үш қайнаса сорпасы қосылмайтын неше түрлі мерекелерді аталарынан қалған мұрадай атап өтіп жүр. Кез келген мерекені атап өтудің өзіндік дәстүрі бар. Мәселен, грегориан жаңа жылын шырша мен аяз атасыз елестете алмайсыз. Ал, Құрбан айт пен Ораза айт мейрамдары қалай тойланады және жастар оны қалай елестетеді? Сөзсіз, Құрбан айттың ең маңызды әрі сүйікті құлшылығы – құрбандық шалу. Бірақ бұл мереке туралы ұғым тек мал бауыздаумен ғана шектелмеуі тиіс. Әрине, жастарды кінәлаудан бұрын оларға ақ пен қараны ажыратып көрсетуіміз қажет. Сол себепті біз қазір мешітке келетін жастарға құрбан айт мерекесі жайында айтып отырамыз. Жұмыла көтерген жүк жеңіл демекші, мереке қарсаңында ақпарат құралдары да осы жайында насихатты көбейтсе нұр үстіне нұр болар еді.

– **Жамағатқа айтар тілегіңіз.**

– Табалдырығымызды аттағалы отырған Құрбан айт мерекесімен барша мұсылман қауымын шын жүректен құттықтаймын! Жаратқан Ием құлшылықтарыңызды қабыл етіп, мақсат-мұраттарыңызды асыл еткей. Қасиетті орындарда қажылық парыздарын өтеп жүрген бауырларымызға дін аман елге оралуды жазсын. Әумин!

– Мазмұнды сұхбатыңыз үшін рахмет!

БАЛАЛАР – ҚОҒАМНЫҢ БӨЛШЕГІ

Балалар да қоғамының бір бөлшегі. Олар мектеп қабырғасында білім ала жүріп, қоғамдық жұмыстарға қатысады, мәдени, әдеби және әлеуметтік шараларға хал-қадерінше атсалысады, шығармашылықпен айналысады, бойларындағы талантын шыңдап, ұстаздарының ықпалымен немесе өз беттерінше ізденеді, ақырында қоғамдағы өз орындарын табуға даңғыл жол салады. Жыл бойы өтіп тұратын даталы күндерді атап өтуге балалардың қосатын үлесі мол. Осыған орай № 2 мектеп бала бақша кешенінде өткен жылы балалардың тікелей қатысуымен атқарылған жұмыстар жайында аталмыш білім ошағындағы директордың тәрбие ісі бойынша орынбасары Алтынай Ермағамбетоваға жолығып, әңгімелескен сұхбатты газет оқырмандарының назарына ұсынамыз:

Тілші: *Балалардың қоғамдық жұмысы жылдың қай мезгілінен бастау алады?*

А.Ермағамбетова: Әдетте оқу жылы 1-қыркүйектен басталғандықтан, балалар осы күннен бастап қоғамдық жұмысқа араласып кете барады. Өткен жылы 1-қыркүйек білім күніне арналған «Сыңғырла, Алғашқы қоңырау!» атты салтанатты жиыны өткізілді. Дәстүрлі мерекенің ең басты қонақтары – 1-сыныпқа енді келген 85 оқушы болып, мектеп табалдырғын аттады. Бұл шараға олар дерлік түгел қатысты десек болады. Одан кейінгі Денсаулық күніндегі іс-шаралар жоспар бойынша өтіп, мектеп оқушылары мен ұстаздар түгел атсалысты. «Дені саудың – тәні сау» атты өткен спорттық іс-шараға 5-10 сынып оқушылары орталық алаңда денсаулық күніне арналған акцияға қатысты. Онда әр түрлі топтық жарыстар өткізілді.

Тілші: *Балалар мектепшілік шаралардан тыс шараларға қатыса ма?*

А.Ермағамбетова: Балалардың жол ережесін білу өте маңызды деп санаймын. Балалардың жол-көлік оқиғаларынан жарақаттанудың алдын алу мақсатында «Жол жүру ережесін білесіңбе?» атты викториналық іс-шаралары ұйымдастырылды. Оқушыларды жол ережесімен таныстыру. Жол қауіпсіздігін сақтаудың адамдар өміріндегі маңыздылығын ұғындыру, көше жағдайындағы кеңістікті бағдарлай білу дағдыларын дамыту. Іс-шара барысында оқушыларға жолда жүру ережесін қатаң сақтау, оны бұзбау, бағдаршамға қарау, көлік алдынан жүріп өтпеу сияқты қағидаларды сақтауды ескертті. Алтыншы сынып оқушыларынан құрылған «Жас жол инспекторлар» тобы бастауыш сынып оқушыларына жолда жүру ережесіне байланысты сабақтар өткізді. Сонымен қатар кішкентай бүлдіршіндерімізге сурет салдырды. Әр сыныпта «Жол көлік ережесі мен тәртібі» тақырыбында тәрбие сағаттары, «Сары, қызыл, жасыл» викториналық ойындар 5-сынып оқушылары арасында ұйымдастырылды. 9-10-сынып оқушыларынан сауалнама алынды. 1-4 сынып оқушылары арасында «Бағдаршамның сыры мен тілі» тақырыбында ойындар ұйымдастырылып, оқушылар белсенді қатысты. Жолда жүру айлығында ата-аналар да назардан тыс қалмады. Ата-аналарға арналған «Баламыз аман болсын десек...» тақырыбында жолда жүру ережелері туралы үлестірмелі парақшалар таратылды.

Тілші: *Балалардың отбасы мәселесіндегі түсінігі қалай қалыптастырылады?*

А.Ермағамбетова: Бұл мәселе назардан тыс қалмайтын тақырып. Осыған орай отбасы апталығы ұйымдастырылды. Апталық төмендегі жоспар бойынша өткізілді. Қазақстан Республикасы Президентінің 2013-жылға 1-наурыздағы № 511 Жарлығына сәйкес қыркүйек айының екінші жексенбісі Отбасы күнінің аталып өтілуіне байланысты «Отбасы бақыт мекені» атты апталық іс-шаралар жоспары жасалды. Қазақстандық отбасының жалпы келбетін насихаттау, жеткіншек ұрпақты рухани адамгершілік тұрғысынан тәрбиелеу мақсатында Отбасы апталығының аясында мектеп кітапханасында сурет көрмесі өтті. Бұл іс-шара жас ұрпақты ата-баба дәстүрімен тәрбиелеу мақсатында өткізілді. Қабырға газеттері ілінді.

Тілші: *Кәсіби мерекелер тұрақты аталып өтетін шығар?*

А.Ермағамбетова: Бұл ретте «Ұстаздар күні» мерекесінің маңызы зор. Қазан айының басында «Менің алғашқы ұстазым» мерекесі аталып өтті. Ұстаздар күніне байланысты оқушылар өз өнерлерін көрсетті. Ал, 5-10-шы сынып оқушылары мектептің акт залында ұстаздарға арналған мерекелік концертпен жалғасын тапты. Ұстаздар туралы «Ұстазым менің, ұстазым!» әні мен «Ұстазым» әндерін мектеп оқушыларының барлығы айтты.

Тілші: *Балалардың қоршаған ортаға, табиғатқа деген көзқарасы қалай?*

А.Ермағамбетова: Қаламызды таза ұстау мақсатында әр аптаның сенбі күндерінде «Табиғатты тазалықпен көркейтейік» ұранымен сенбіліктер өткізіліп тұрды.

«Алтын күз» мерекесі әр жылы тұрақты өткізіледі. Биылғы «Алтын күз» мерекесі жылдағыдан ерекше және тартымды өтті. Бастауыш сыныптарында ашық тәрбие сағаттары ата-аналардың қатысуымен қызықты ұйымдастырылды. 9-10-сыныптар оқушылары «Күзгі бал» кешін ұйымдастырды. Қыздар күз ханшайымы болып өз өнерлерін ортаға салды. Барлық балаға номинация бойынша мақтау қағаздары берілді.

Тілші: *Өткен жыл мерекеге толы болды. Қазақ хандығының 550 жылдығын қалай атап өттіңіздер?*

А.Ермағамбетова: Жас Ұлан ұйымының мүшелері арасында Қазақ хандығының 550-жылдығына арналған «Атажұрт» тарих-танымдық дөңгелек үстел өткізілді. 1-Желтоқсан Тұңғыш Президент күніне «Егер мен Президент болсам...» тақырыбында 3-4-сынып оқушылары арасында қабырға газеттерін шығару сайыстары өтті. 2015-жылдың 14-желтоқсан күні Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне 24 жыл толуына арналған салтанатты жиын өтті. Қазақстан күннен-күнге өркендеп, гүлденуде. «Жас қыран» ұйымына 39 оқушы, ал «Жас ұлан» ұйымына 46 оқушы қабылданды. «Жас қыран», «Жас ұлан» ұйымына қабылданған оқушыларға ұйымның ережесімен, бағыттарымен таныстырылды. Жалпы алғанда оқушылар даталы мерекелерде, ақын-жазушылардың мерейтойларына байланысты қаламызда өтіп тұратын мәдени-көпшілік шаралардан ешқашан қалыс қалмайды.

Кеше ғана бастауыш білімімен сусындап, орта білімге аяқ бастап, үздік оқумен өзгелерге үлгі болған төмендегі «Жас Қыран» буынынан өткен 5-сыныптардың 21 оқушысы «Жас Ұлан» қатарына қосылуға ерікті түрде ниет білдіріп, қоғамдық өмірде, қазақи ұлттық болмыста, халықтық келбет пен қалыпты сақтай отырып, ата-анасын шынайы сыйлап, олардың өнегелі қасиеттерін бойға сіңіріп, өз үлесін қосуға және оның мүшесі болуға ант берді. Қазақстан Республикасының туының түсіндей «Жас Ұлан» галстуктері мен төсбелгілері тағылды. Салтанатты жиынға «Жас Ұлан» туы зор мақтанышпен желбіреп еңгізілді, асқақ та пәрменді «Жас Ұлан» ұйымының Гимні шырқалды. Кеш соңы «Тәуелсіздік тұғырым» атты концерттік бағдарламамен ұласты.

Әрине, балалар үшін ерекше іс-шара – жыл сайын балалардың әлде бір ғажайып болжаммен, тәтті үмітпен асығып күтетін қуанышы-Жаңа жыл мерекесі. 22-28-желтоқсан аралығында 0-10 сыныптарға арналған «Жаңа жыл» мерекесі жоғары деңгейде аталып өтті. Қалалық өнер және спорт сарайында көп балалы және жағдайы төмен отбасы балалары әкімінің шыршасында болып, Аяз атаның қолынан сыйлықтар алып қайтты.

Тілші: Маңызды сұқбатыңыз үшін рахмет! Істеріңіз әрқашан сәттілікке толы болсын!

ЖҰМЫСЫ БАР ЕЛ ЖҰТАМАЙДЫ

Приозерск қаласының Жұмыспен қамту орталығының бүгінгі таңдағы атқарып жатқан жұмысымен және алда тұрған міндеттерімен танысу, «Жұмыспен қамту 2020 жол картасы» мемлекеттік бағдарламасының 2015-жылы Приозерск қаласында жүзеге асырылуы жайында білу мақсатында аталмыш мекемеге ат басын бұрып, ЖҚО директорының міндетін атқарушы Дүрия Сүлейменқызы Бижановамен сұқбаттасқан едік. Сол сұқбатты газет оқырмандарының назарына ұсынамыз:

Тілші: *Сұқбатымызды Сіз басқарып отырған мекеменің атқарып отырған жұмысы туралы әңгімеден бастасақ.*

Д.Бижанова: ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың халыққа Жолдауында атап өткендей, келе жатқан он жылдықтың басты міндеті барлық ҚР азаматтарының өмір сүру деңгейінің жақсаруы, әлеуметтік тұрақтылық пен қорғалудың беріктігі болып табылады. Мемлекет бұл үшін және 2020-жылға халық санын 10 % -ға өсіру үшін барлық қажетті жағдайды жасамақ. Мемлекеттік әлеуметтік саясатта біздің басты артықшылығымыз, халықты жұмыспен қамту болып табылады. Сондықтан Н.Ә.Назарбаев 2020-жылға жұмыссыздық деңгейінің 5 % - дан аспауын, сонымен қатар халықтың өмір сүру үлесі ең төменгі табыстан 8 % құрауын міндеттейді. Әлеуметтік қызметтер тек қана қажет ететін азаматтарға берілуі тиіс және қазіргі стандарттар мен Қазақстан халқының өмір деңгейіне сәйкес болуы керек.

Тілші: *Осы орайда, «Жұмыспен қамту 2020 жол картасы» Бағдарламасының қоғамдағы алатын орны маңызды болар!..*

Д.Бижанова: Иә, сөз жоқ, жаңа экономикалық қатынастарға көшу нарықтық экономиканың артықшылық жақтарымен қатар, кемшілік жақтарын да әкелді, оның бірі – жұмыссыздық. Он жыл

бұрын бұл мәселе қазақстан қоғамының алдында маңызды болып тұратын. Бірақ, халықты жұмыспен қамту аясында мемлекет жүргізген саясат оны жақсы жаққа өзгертті. Осындай әрекет етуші тетіктің бірі – бірнеше жыл ішінде жақсы жұмыс істеп келе жатқан «Жұмыспен қамту 2020 жол картасы» Бағдарламасы. Үкімет 2011-жылдың наурыз айында кәсіби оқытудың тиімді жүйесін құруға, жұмыссыз азаматтарды жұмысқа орналастыруға жәрдемдесуге, ауылда кәсіпкерлікті дамытуға, сонымен қатар еңбек ресурстарының ұтқырлығын арттыру үшін жағдайлар жасауға бағытталған «Жұмыспен қамту 2020» Бағдарламасын бекітті. 2013-жылдың маусым айында «2009-2010-ж.ж. жол картасы» және «Жұмыспен қамту 2020» Бағдарламаларының жалғасы болған, жаңа «Жұмыспен қамту 2020 жол картасы» пайда болды. Бағдарламаның мақсаты – өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықты, жұмыссыз азаматты және жағдайы аз қамтылған халықты кәсіби оқыту және жұмысқа орналастыру арқылы жұмыспен қамтамасыз ету, өз ісін ашуға және жаңа бизнес жобаларды дамытуға көмектесу, елімізде еңбек ресурстарын оңтайлы бөлу, халықты жұмыспен қамтуды қолдау, сонымен қатар жұмыссыздық деңгейінің өсуін болдырмау болып табылады.

Тілші: *Аталған бағдарламаны жүзеге асырудың белгілі бір жүйесі, бағыты бар шығар?*

Д.Бижанова: Бағдарламаны жүзеге асыру келесі бағыттармен орындалады: «Инфрақұрылымды және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты дамыту есебінен жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету»; «Кәсіпкерлік бастаманы ынталандыру және тірек ауылдарды кешенді дамыту»; «Жұмыс берушінің қажеттілігі шеңберінде оқыту және қоныс аудару арқылы жұмысқа орналасуға жәрдемдесу».

Тілші: *Аталған шаралар біздің қаламызда қандай деңгейде жүзеге асып жатқаны жайлы әңгімелеп берсеңіз.*

Д.Бижанова: Бүгінгі күнде біздің Приозерск қаласында да белсенді жүзеге асырылуда. Ағымдағы жылдың басынан бері Бағдарламаға қатысу үшін Приозерск қаласының Жұмыспен қамту орталығына 123 адам өтініш білдірді. «Жұмыспен қамту 2020 жол картасы» Бағдарламасы бойынша басым бағыттарының бірі – өз ісін ашу арқылы кәсіпкерлікті ынталандыру болып табылады. Соңғы уақытта өз ісін ашуға немесе бизнесін кеңейтуге ниет білдіргендер саны бірнеше есеге артты. Жоғарыда айтылғандардың және «Жұмыспен қамту 2020 жол картасы» Бағдарламасының тиімділігінің дәлелі ретінде ағымдағы жылдың сәуір айынан бастап өз ісін ашуға және кеңейту үшін шағын несие алуға ниет білдірген азаматтар саны аз болмады. Қазіргі уақытта 3 бағдарлама қатысушысы жалпы сомасы 9 млн. теңгені құрайтын шағын несие алып, өз кәсіптерін жүргізуде.

Тілші: *Қазіргі уақытта оң нәтиже беріп отырған жастар тәжірибесіне де тоқталсаңыз!..*

Д.Бижанова: Жастар тәжірибесі де жоғары және орта кәсіби білімі бар түлектерді қосымша мемлекеттік қолдау болып табылады. Оның мақсаты таңдаған мамандығы бойынша алғашқы жұмыс тәжірибесін жинақтау. Алғашқы жұмыс тәжірибесін жинақтау мақсатында орта және жоғарғы оқу орындарының 4 түлектері 6 мерзіммен қаламыздың мемлекеттік мекемелеріне жолданды. «Жұмыспен қамту 2020 жол картасы» Бағдарламасының тағы бір басты бағыттарының бірі жұмыс берушілердің сұраныстары бойынша 12 ай мерзімге және мемлекетпен төлемақыны субсидиялау арқылы ашылатын әлеуметтік жұмыс орындарын құру болып табылады.

Тілші: *Осы мәселеге қатысты тереңірек айтып берсеңіз!*

Д.Бижанова: Бүгінгі күнде қаламыздың 7 кәсіпкері және 3 ЖШС-мен әлеуметтік келісім шарт жасасып, 24 жұмыссыз азамат төлемақына ішінара субсидиялау арқылы әлеуметтік жұмыс орындарына жолданды. Бағдарламаның шеңберінде қайта даярлау және кәсіби оқыту курстарына жұмыссыз азаматтарды жолдау көзделген. Бағдарламаның 3 қатысушысы 10 айлық кәсіптік оқу курсына 2014-жылдың қыркүйек айынан бастап 2015-жылдың шілде айы аралығында «пластмасс дәнекерлеуші» мамандығы бойынша Қарағанды қаласының технико-құрылыс колледжінде оқу курсына аяқтап, тұрақты жұмысқа орналастырылды. 2015-жылдың қыркүйек айынан бастап 3 айлық қайта даярлау курсына аспазшы мамандығы бойынша Задам (Қарағанды тамақтандыру және сервистік колледжі), дәнекерлеуші мамандығына 2 адам (Қарағанды технико-құрылыс колледжі) жіберілді.

Тілші: *Өркениеттен тыс қалған ауыл адамдарын көшіру жұмысы да бүгінгі таңның өзекті мәселесі болып отырғанынан хабарымыз бар.*

Д.Бижанова: 2012-2015-жылдар аралығында 24 отбасы қоныс аударды, оның ішінде экономикалық даму әлеуеті төмен аудандардан қоныс аударғандар 3 отбасы: Алибаевтар 4 адам, Ақтоғай ауданы, Айыртас ауылы, Дильдаханов 1 адам Шет ауданы, Жамбыл елді мекені, Волох 1 адам Қарқаралы ауданынан, 20 бағдарлама қатысушылары - оралмандар, 1 бағдарлама

қатысушысы – ата қамқорынсыз қалған азамат. Сонымен қатар, Жұмыспен қамту орталығы мемлекеттік қолдаусыз мақсатты топтағы 86 Бағдарлама қатысушыларын тұрақты жұмысқа орналастырды, оның ішінде 50 жастан жоғары – 3, жалпы белгіленген жасқа дейін зейнетақыға шыққан зейнеткерлер – 2, бас бостандығынан айырылғандар – 3, 29 жасқа дейінгі жастар – 52, мүмкіндігі шектеулі азаматтар – 3 адам.

Тілші: *Маңызды Бағдарламаны түсіндіру барысындағы әрекеттеріңіз жайында айтып берсеңіз.*

Д.Бижанова: Біздің орталық 2015-жылы келесі іс-шараларды өткізуді жоспарлады: бос орындар жәрмеңкесі, кәсіпкерлермен дөңгелек үстел, Достық 7 үйінің тұрғындарымен жиын, «Жұмыспен қамту 2020 жол картасы» Бағдарламасы бойынша, соның ішінде мақсатты топтармен түсіндіру жұмыстары, атқарылған жұмыстар туралы мәлімет. Сонымен қатар, жергілікті «Приозерский вестник» газетіне Бағдарламаны түсіндіру бойынша мақалалар басылымы жоспарланған. Жұмыспен қамту орталығы жұмыссыз азаматтарға орталықтың жұмыс жоспарына және жұмыс берушілер ұсынған бос орындарға сәйкес «Бос орындар жәрмеңкесін» өткізіп тұрады. 2015-жылдың 6-сәуірінде «Приозерск қаласының құрылыс және сәулет» ММ ғимаратында Приозерск қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімімен бірлесіп желілік кестеге сәйкес «Кедергісіз келешек» партиялық жобасы бойынша «Мүмкіндігі шектеулі азаматтарға бос орындар жәрмеңкесі» өтті. 2015-жылдың іс-шаралар жоспарына сәйкес сәуір айының 16-жұлдызы және мамыр айының 2-жұлдызында «Жұмыссыз азаматтарға бос орындар жәрмеңкесі» өткізілді. Ағымдығы жылдың ақпан – сәуір айларында «Жұмыспен қамту 2020 жол картасы» бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында, сондай-ақ, қалалық жергілікті «Приозерский вестник» газетіне атқарылған жұмыстар туралы мақалалар жарияланды. Апта сайын әкім аппаратының веб сайтына атқарылған жұмыстар туралы ақпарат орналастырып отырылады. Бағдарлама шеңберінде аталған оқу курстарын бітірген бағдарлама қатысушыларын тұрақты жұмысқа орналастыру қарастырылған. Жұмыспен қамту орталығына келген жұмыссыз азаматтарға «Жұмыспен қамту 2020 жол картасы» бағдарламасының тетіктері мен шаралары бойынша түсіндіру жұмыстары орталықтың мамандарымен күнделікті жүргізіледі.

Тілші: *Мағыналы да, мазмұнды әңгімеңіз үшін көп рахмет! Алдағы жұмыстарыңызға сәттілік тілейміз!*

ЕСТЕЛІКТЕР

АЯУЛЫ АҚЫНҒА 70 ЖЫЛ

Өлең – менің өмірдегі серігім,
Өзгелердің бәрінен де жерідім.
Сол өлеңнің жолдарынан іздесін,

Өлгеннен соң іздесе егер мені кім... деп - тірісінде жырлап кеткен Тауелібай өңірінің алғашқы кәсіби журналистерінің бірі, КСРО және ҚР журналистер Одағының мүшесі, ұзақ жылдар Тамды ауданындағы «Социалистік шаруашылық», кейіннен «Тамды шаруагері» газетінде редактор болып қызмет атқарған Қайыпназар Шотбасов Кеңес одағы тарқаған соң Жамбыл облысының Сарыкемер ауылына келіп қоныстанған болатын. Ол кісі менің журналистика мен ақындық жолдағы ұстазым десем артық емес. Осы атпал азаматтың мектебінен өткенімді мақтан етемін. Бұл кездер Қайыпназар ағаның поэзия саласындағы ең өнімді шығармашылық жылдары болды. Осы жерде тілшілік қызметін атқара жүріп, өлең жазуымен талмай айналысқан қаламы қарымды, ойы жүйрік ақын оншақты жыр жинақтарын шығарып үлгерді. Байзақ ауданның Құрметті азаматы, жазба ақындардың республикалық жыр мүшәйраларының бірнеше дүркін жүлдегері атанды. Осыдан бірнеше жыл бұрын дүниеден өткен аяулы ақынын Сарыкемер жұртшылығы ұмыта алмапты. Жуықта Қ.Шотбасовтың туғанына 70 жыл толуына орай еске алу ісшарасы және ақын атындағы байқау ауданда екінші рет ұйымдастырылды.

Алдымен ақын шығармашылығына арналған аудандық байқау мектеп оқушылары арасында өткізілген болса, араға екі жыл салып қайта жалғасын тапқан шара жас мұғалімдер арасында өрбіді. «Қазақстанның 40 жылдығы» атындағы мектеп-гимназиясында Шотбасовтар әулетінің, «Ауыл жаңалығы» газеті редакциясы мен аудан әкімдігі білім бөлімінің ұйымдастыруымен Қазақстан Жазушылар Одағы және ҚР Журналистер Одағының мүшесі Қайыпназар Жалғасбайұлы Шотбасовтың 70 жылдығына арналған жас мұғалімдер арасында өткізілген байқау

өлеңсүйер қауымның көңілінен шықты. Еңбек ардагері Күнтуған Ақназаровтың ақын ағасына арнауы және № 3 Байзақ колледжінің жастар ісі жөніндегі инспекторы Заман Молдабаевтың «Байзақ жері – байтағым» әнімен ашылған салтанатты шарада Қайыпназар ағаның бұрын-соңды жарияланбаған жырлары топтастырылған «Дүние-дүрмек» атты кітабының тұсаукесер рәсімі өтті. Жаңа жыр жинағының тұсауын аудан әкімдігі ішкі саясат бөлімінің басшысы Салтанат Иманова, журналист жерлесі Қали Жолдасов, ақынның тонның ішкі бауындай араласқан інісі Әлім Тәуенов, «Қазақстанның 40 жылдығы» атындағы мектеп-гимназиясының директоры Гүлмира Есентаева киды. Бұдан кейін аудандық мәдениет үйінің әншісі А.Жылысбекова «Сұлу құмыра» әнін шырқады. Ақынды ардақтауды өз міндеті санаған ақын-сазгер Қасқырбай Нарбатыр аталмыш шараны жүргізіп отырса, бұдан бұрын мектеп оқушылары арасында ұйымдастырылған «Қайыпназар қайырымдары» байқауының бас жүлдегері Ұлбосын Нұржаубаева ақынның «Білмеймін, неге ақындар ерте өледі?» өлеңін нақышына келтіре орындады. Бұл күні байқауға аудан аумағындағы білім беру мекемелерінен он бір үміткер қатысты. Ережеге сай, жас мұғалімдер ақынның басылымда жарияланған он өлеңін жатқа білуі тиіс болса, берілген билет арқылы бір өлеңді мәнерлеп оқып, басқа өлеңдерінің бірінен үзінді оқу талап етілді. Байқауға төрелік еткен ақын Жанатбек Тұрғынбайтегі, «Ауыл жаңалығы» газетінің бас редакторы Гүлмира Тажиева, білім бөлімінің әдіскері Қарлыға Маутаева байқау үміткерлерінің мәнерлеп оқу шеберліктерін, дауыс мәнері мен тіл тазалығына және сахна мәдениетіне баса назар аударып отырды. Бірінен соң бірі сахнаға көтерілген жас ұстаздар ақын Қ.Шотбасовтың «Қайырлы таң, қазағым!», «Байзақ жері - бақыт төрі», «Айналайын атыңнан қазақ деген», «Қандай жақсы», «Асыл адам», «Мәңгі бақи өлмеуге сөз жаралған», «Сәлем айт бізден, Тамдыға», «Әйелге тағзым», «Мен сені шын сүйемін» атты шығармаларын мәнерлеп оқып, көпшілікті риза етті.

Әділқазылар шешімі шыққанға дейін кеш қонақтары алдында әдебиетші Тоймұрат Қожамұратов өзінің арнау өлеңін және Меруерт Қайыржанқызы ҚР Журналистер Одағының мүшесі, қарағандылық ақын Нұрғали Қарабековтің ақынға арнаған жыр арнауын оқыды. Журналист Қали Жолдасов ісшараны ұйымдастыруға атсалысқан азаматтарға Қазақстан Жазушылар Одағының Алғыс хаттарын табыстады. Ақынның жары Аманкүл Алдашова өз ризашылығын білдірсе, байырғы қаламгер Жүсіп Әлқожаев және өзге де азаматтар Қ.Шотбасов туралы естеліктер айтты. Екі сағаттан астам уақытқа созылған байқаудың нәтижесінде Сарыкемер мектеп-гимназиясының мұғалімі Заида Момышева бірінші орынды иеленсе, қос бірдей екінші орынды «Қазақстанның 40 жылдығы» атындағы мектеп-гимназиясының мұғалімі А.Сатыбалдиев пен Ә.Жанқұлиев атындағы орта мектебінің мұғалімі Ж.Қарасаева өзара бөлісті. Жұлделі үшінші орындар Ғ.Мұратбаев мектеп-гимназиясынан А.Ерғалиеваға, Көктал орта мектебінен Н.Ештаеваға және Бурыл орта мектебінен Ж.Балтабаеваға бұйырды. Жеңімпаздар және өзге де байқауға белсене қатысушылар ұйымдастырушылар мен демеушілер тарапынан дайындалған дипломдармен һәм Алғыс хаттармен марапатталды. Оларға бағалы сыйлықтар, естелік кітаптар табыс етілді. Шара соңында ақын Қайыпназар Шотбасовтың рухына құран бағышталып, көпшілікке дәм таратылып, құран бағышталды.

ЖЫРАУ ҚАЛДАШ

Жаратқан иеміздің өзінің сүйікті пенделеріне деген мейірім-шапағаты мен жомарттығында шек жоқ қой! Ағы мен қарасы, қуанышы мен қайғысы қатар жүретін қамшының сабындай ғұмыр сыйласа да, әр пендесін ешқашан ескерусіз қалдырмаған. Бір жанның бір мүшесін кеміс етіп жаратса, оның қарымын өзге мүшелері арқылы он, тіпті, жүз есе етіп қайтаратынына шүбә жоқ. Ондай адамдарды өз өмірімізден де көріп, біле жүріп, жасап жүрген тірлігіне қызығып та, сүйсініп те қараймыз. Екі көзі бірдей көрмейтін жандардың екі қолы арқылы темірден түйін түйетін, ағаштан неше түрлі ғажайып дүниелер жасайтын, немесе домбыра тартып, ән-жырымен тындаушысын тамсандыратын зағип жандардың өмірлері мен істеп жүрген әрекеттерін он екі мүшесі сау адамдар да жасай алмайды ғой. Біз бүгінгі әңгімемізге осындай жандардың бірінің өнегелі өмірін арқау етіп, оқырманға үлгі етуді мақсат тұттық. Бұны ғаламның ғажайыбы дейсіз бе, құдайдың құдіреті дейсіз бе, оны патша көңілдеріңіз білсін?!

Қалдаш жырау жайында Қазақстанның оңтүстік аймағында, Өзбекстан және Қарақалпақстан төңірегінде білмейтін жан жоқ шығар, сірә!.. Қалдаш Сәдірұлы Қалдыбеков – 1936-жылдың 15-шілдесінде Өзбекстан Республикасының Науаи облысы, Кенимех ауданына қарасты Баймұрат ауылында дүниеге келген. Барлық бөбектер секілді анасының құрсағында тоғыз ай, тоғыз күн жатып, жарық дүние есігін ашқанымен, шақалақ Қалдашқа жаратқан иеміз жарық дүниені көруді

жазбапты. Ол өмірге тума зағип күйде келді. Қолдарына ұстаған сәбилерінің су қараңғы соқыр болып туылуы ата-ананың жанына қанша батқанымен, қанша қайғырып-мұңайғанымен, ол бәрібір өзегін жарып шыққан өз перзенттері еді. Құдай-тағала Қалдашқа жанып тұрған қос жанар бермегенімен, болашақта оны көрген, оны естіген пендені таң қалдыратын – өнер деген қасиетті де, киелі жауһарын аямай бере салғанын мұңлық ата-ана ол сәтте білмеген еді, әрине!..

Кәдімгі көпшілік сәбилер секілді ананың уызына жарып өскен Қалдаш аяғын апыл-тапыл басқанда қатарластарымен бірге далаға шығып көп ойнамады. Көбелек қуып, асық атпады. Түнгілік айтабаққа, жасырынбаққа, ақсүйекке қатыспады. Оның көп уақыты ертегі, аңыз-хикая, жыр-дастан, әңгіме тыңдаумен өтетін. Ауылға той-томалаққа келіп, өлең-жыр айтатындарды құнығып, қызығып тыңдайтыны ата-анасы мен жақындарына кішкене кезінен-ақ байқалған еді. Жасы үш-төртке келгенде оның домбыраға әуестігі және айтылған сөзді тез жаттап алатын зеректігі сезіледі. Қу ағашты домбыра етіп тартып, жіңішке даусымен өлең айта бастайды. Бес жасында өзі ағашқа ішек тағып, домбыра жасауға талпынады. Бұл құштарлығы байқампаз әкешені бейжай қалдырмай, оған домбыра алып береді. Бір қызығы, ол домбыраны сол қолмен тартса да, бас бармақ және балан үйрегімен ішектің жоғарғы жағынан басып ойнай бастаған. Көрер көзге бұл оғаш көрінгенімен, Қалекен осы әдіспен домбыра тартқанда, әуеннен ешқашан жаңылмаған және әуеннен артық дыбыс шықпайды. Төгілтіп те, шертіп те ән немесе күй ойнағанда еріксіз бас шайқайсың, ризашылықпен таң қаласың!..

Осылайша, Қалдаш Сәдірұлы жыршылық дәстүрге бала кезінен, өте ерте қадам басады. Әппақ жүзді, томашадай баланың жыршылық өнері айналадағы елге бұл жыршылық өнер болса да, «Қалдаш жырау» деген атпен әйгілі бола бастайды. Алғашында ән, жыр, қысқа тоғаулардан басталған жыршылық, өсе келе ауқымды қисса-дастандар орындауға ұласады. Оған кітаптағы қисса-дастандарды әрі кеткенде екі рет оқып беру жететін. Жаттап алған үлкен дүниелер оның жадында мәңгілік сақталып қалатын болған. Ауыл-үйдің той-томалағында жырлаудан басталған өнер, уақыт өте қанатын кеңге жайып, аудан, облыс, көрші республикалардың шекарасына шарықтап кете барған. Ол жайында ел арасына аңыз жайылып, Қалдаш жыраудың әні мен таңды таңға ұрып айтатын жыр-дастандарын тыңдау үшін жан-жақтан шақыртулар келіп, елдің ерке ұлына айналғанан өзі де сезбеген еді... Сондай аңыздың бірі былайша өрбиді:

Жасы жиырманьң бесеуіне келгенде жігіт Қалдаш көрші ауылдардың біріндегі тойда үш күн бойы жырлайды. Осы тойда ауылдың бір бойжеткені жыршыға ғашық болып, сол жігітпен бас қосқысы келетінін ата-анасына білдіріп, өз қалауымен Қалекенге тұрмысқа шығыпты... Сол шаңырақ көтерген жарымен жыршы аға кешеге дейін, сол асыл жары өмірден өткенше өмірдің ащы-тұщысын бірге татысты. Ұлды-қызды оншақты баланы дүниеге әкеліп, жапырағын кеңге жайған бәйтерекке айналған.

Мен Қалекенді маған арнап жасалған сүндет тойымда көрдім. Ортадан төмен бойлы, әппақ қағаздай жүзді, жұқа өңді, қара көзәйнек киген жігіттің алдына отырып, «ГАЗ-63» маркалы жүк көлігінің қорабында құм жолмен ферма орталығына келгеніміз, іргесі түрүлі киіз үйдің ішінде, қамалаған жұрттың ортасында отырып, үзіліссіз жырлағанын таңға дейін тыңдағаным әлі күнге, кешегідей жадымда сақталып қалған. Үйге сыймағандар даладағы төселген киіздің үстіне отырып тыңдайтын. Қалекенді одан кейін ауылымызға арнайы шақырылып алынған тойларда талай мәрте көрдім. Ол кісі бір жолығып, сөйлескен адамының атын ешқашан ұмытпайды және даусынан бірден таниды. Қолына зағиптерге арналған сағат тағып жүретін. Оны білмейтін біз: «Зағип адам сағатты қалай көреді?..», деп таңданатын едік. Кейіншелік магнитофон пайда болып, Қалдаш жыраудың орындаған әндері мен дастандары таспаға жазылып алынатын болды. Үнтасаспаны өзі қосып, айтып жатқан дастаны бір бетке толған сәтте өзі тоқтатып, өзі қосатыны, келесі беттен жырын әрі жалғап кететіні де біз үшін таңсық, ғажайып көрінетін. Тойға келген оны жұрт үйлеріне арнайы шақырып, қонақ ететін және жырлататын. Соған орай сый-сыйапат жасап, шапан жабатын, ақшалай, малдай еңбекақысын беріп, құрметпен шығарып салатын. Қалдаш жырауды тойға шақыру үшін алдын-ала тапсырыс беріп, хабарландырып қоймасаң, ол кісіні ұстау да қиын-тын. Жылдың той мезгілі саналатын жаз бен күзде оның өмірі өз шаңырағынан жырақта өтетін. Ол өзіне қос жанар бермесе де, өлмейтін өнер беріп, халықтың, тыңдаушының ықылас-ниетіне бөлеген, елге сыйлы еткен, ризық-несібесін осы өнерден берген Жартқан иеге деген алғысын өзі жырлаған туындылары арқылы әрдайым білдіріп, айтып отыратын-ды. Қалдаш жырауға арнап талай ақын жырлар, тілшілер мен зерттеушілер мақалалар жазды, дүйім елге оның өнерін насихаттады. Менің де арнау-өлеңім жыр жинағыма енді. Белгілі жыршы-термеші, өнер саласындағы зерттеулерімен жұртшылыққа танымал ғалым Берік Жүсіповтың Қалдаш жырау туралы зерттеу-мақалалары белді басылымдарда жарияланды. Мен елде жүргенде оның жыр

қоржынында Базар жырау, Тұрмағанбат Ізтелеуов, Шораяқтың Омары, кете Жүсіп, Оңғар жырау, Мәделі қожа т.б. Сыр бойы мен оңтүстікке белгілі ақын-жыраулардың, жергілікті ақындар – Бердалы Оразалиев, Жүсіп Сәрсембев, Ләтіп Мірәшімов және қазіргі ақындардың өлеңдері, арнау-тоғалулары, айтыстары, терме-жырларынан өзге «Разия мен Әлім», «Төрехан дастаны», «Рауа бану», «Көрұғылы», «Жүсіп-Зылиха», «Атымтай жомарт», «Сәдуақас-сақи» секілді, басқа да ауқымды дүниелер бар болатын.

Бүгінде Қалдаш жырау Науаи облысы, Үшкұдық ауданының «Тоқсан» деп аталатын станциясында тұратын баласының қолында қарттық ғұмырын кешуде. Сексенге таяған шағында да домбырасын қолынан түсірмей, үйден алыстап шықпаса да, әнін әуелетіп, жыр-дастандарының тигін ағытып қоятын әдетін қоймаған көрінеді. Ол айналасындағыны көзімен көрмесе де, көкірек көзімен көріп, сезініп, жұртына қуаныш сыйлап, ән-жырдан шашу шашып келеді. Ол туралы бір адамның аузынан сәл де болса жаман сөз естімейсің, алғаны – алғыс, естігені – мадақ пен ризашылық қана. Әйелі дүние салғанда біраз жасып қалған жыршы тағдырдың бұл тезіне де шыдас беріп, Құдайыны құлшылық етуден танбады.

ТАУЕЛІБАЙДЫҢ ТАРЛАНБОЗЫ

Қызылқұмның қақ ортасын мекендеген Тауелібайдың Тамды ауданынынан талай-талай өнер тарландары шыққан. Солардың арасынан бөле-жара дараланып тұратын ерекше бір тұлға бар. Ол – тауелібайлықтардың жадында мәңгіге қалатын және ең әуелі ҰСТАЗДЫҚ, сосын ән, күй, музыка мен жыр, сөз, сүгірет-бейнелеу... өнерлерін қатар алып жүруге құрбы да, қарым-қабілеті де жеткен Календар Бисенбаев. Менің бұл таңдауымды ешкім де жоққа шығара алмаса керек-ті... Сыр сүлейлерінің бірі – «Бала жырау» атанған Тұрымбет Салқынбайұлының туған жиені болуы да Кәкеңнің ақын болып тууына себепкер болғаны сөзсіз.

Аулдағы үш жылдық бастауыш мектепті бітіргеннен кейін мен де қатарластарыммен бірге аудан орталығында шопан балаларына арнап салынған жаңа үлгідегі заманауи мектеп-интернатқа оқуға аттандым. Жатын орны мен оқитын сынып бөлмеі екі қабаттан тұратын үш корпусты ғимарат, алыс аулдан келген бізге сол кезде ғажайыптар мекеніне тап келгендей әсер еткені әлі есімде. Оған ауқымды асханасын, кино және спорт залын қосыңыз. Сырттағы ойын алаңы мен егін егілген бау-бақша, қоян қора, кір-қоң жуатын өз алдына бөлек орналасқан үй – барлығын қосқанда атшаптырым жерді алып жататын. Кйіз үй мен қоржынтам мектептен шығып келген маған және құрдастарыма бұл көрініс шынымен де кереметтің ортасы еді. Сегізжылдық мектеп-интернат ауласынан шықпай-ақ, тоғыз айлық оқудағы өмірің осында өтетіндей барлық жағдай жасалған. Сақадай сайланып жасақталған ұстаздар мен тәрбиешілер ұжымының білімі мен біліктілігіне жаңа оқу жылы басталғаннан кейін-ақ көзіміз жетті.

Әрбір баланың әр пәнді сүйіп оқуына байланысты сүйікті ұстаздары да болатыны рас. Сол жылы бізге ән-музыка пәнінен дәріс берген Календар ағайымызды жақсы көрмеген бала жоқ болар, сірә. Толқындалып тұратын қалың бұйра шашын бір жағына қарай қисайта тарап жүретін, қараторы өңді, тәпелтек бойлы, сынып бөлмесіне енгенде қолынан тастамайтын мандолина аспабы бар ағай барлық баламен жымия амандасып, ақырын басып кіріп келетін. Ән-музыка сабағы біз үшін кішігірім мерекеге тән сабақ еді. Мұнда жаңа әндер үйренеміз, сәл қарлығыңқы дауысмен ағай бастаған әнге бәріміз қосыла шырқаймыз. Ән мен мәтіннің авторлары туралы дерек беруді ұмытпайтын ағай, оның тарихына да тоқталады. Календар ағай әр сабағында оқушыларды жеке-жеке тақтаға шығарып та, хормен де әнге машықтандырады. Арамыздан дауысы тәуір балалардың арасынан таңдап алып, мерекелік шараларға дайындайды. Ұмтпасам, бесінші сыныпта болса керек, сыныптастарым Аршагүл және Камиламен қосылып бір мерекелік шарада, бүкіл мектеп ұжымының алдында сахнаға шығып, «Алматының алмасы» әнін орындағанымыз бар. Бұған да Календар ағай дайындаған болатын. Міне, мен осылайша Тауелібайдағы өнер тарланының алдынан өттім. Ағайдың сөйлеу мәнері, көп білетіні, суретті керемет салатыны, көркемдеп жазатыны өз алдына бір бөлек әңгіме. Ол кезде ағайымыздың өлең жазатынын білген емеспіз...

Арадан зуылдап жылдар өте шығып, тағдырдың айдауымен 1984-жылдың маусым айында Тамды аудандық «Социалистік шаруашылық» газетінің әдебиет пен мәдениет бөліміне тілші болып қызметке орналастым. Арадан көп уақыт өтпей газеттің жауапты хатшысы болып қызметім өсті де, газетке жарияланатын бүкіл мақалалар мен өлеңдер менің қарауымнан сұрыпталып өтетін болды. Міне, осында мен баяғы сүйікті ұстазыммен қайта қауышттым. Кәкең ол кезде аудандық мәдениет үйінде қызметте екен. Ұстазымның ақындық қырын да осы кезде таныдық. Өлеңді сирек жазаса да, саз етіп алдыма алып келетін ағайдың жырларын оқып, тамсана бас шайқаймын.

Асыққанына қарамай, Полатбек екеуіміз диванға отырғызып, шәй ұсынамыз, біраз әңгіме-дүкен құрамыз. Газет жұмысынан қолымыз қалт еткенде мәдениет үйінде жиі өтетін мәдени ісшараларға қатынай бастауым да осы Кәкеңнің арқасы. Адамды тани білетін, жаны жақтырғанмен сыр бөлісуге пейілді ұстазым мені мәдениет үйіндегі мәдени шаралардың жүргізушілігіне алып келді. Тойларға асабалық жасауым да осы кісінің арқасы деп білемін. Негізгі мамандығы тарих пәнінің оқытушысы болғанымен, ән-күй, орыс тілі сабақтарынан дәріс бере жүріп, бірдей жоғарғы оқу орындарында да ұстаздық қызмет еткенін де кейінде білдік. Мандолинаға қоса домбырада, гитарада, күйсандықта, қобызда, шаңғауызда керемет ойнайтын Кәкеңді қалай бесаспап деп атамайсың?! Құдайтағала барлық өнерді бір басына бекерден-бекер үйіп-төгіп бере салмаған болуы керек. Осының бәрін қоса алып жүретін болғасын жомарттық жасаған сыңайлы.

Өнер жағынан дархандық жасаған Жаратқан ие Кәкеңе мізезді де аямай берген екен. Қарапайым адамдармен еменжарқын амандасып, көңілін ашып тастап жүретін Кәкеңнің өтірікке, жағымпаздыққа, жалтақтыққа, жылмаңдауға жаны қас болды. Осындай мінездегі адамдардан іргесін аулақ ұстайтын. Ондайларға көңіліне қарамай-ақ, бетің бар, жүзің бар демей айтып тастайтын. Өнерлі жастарды танып, жанына жақын тарта жүретін Кәкеңнен тамдылық талай өрен үлгі-өнеге, тәрбие-тағылым алғаны анық. Оларға көңілі де, есігі де ашық болды. Мейірім-шапағаты мол жанға қарапайым адамдар жақын жүрді.

Өзім де өлең жазамын. Газетке шыққан жырларыма назар сала жүретінін аңғартып қоятын. Алайда, көзімше мақтап-мадақтаған емес. «Анау өлеңінді, мынау өлеңінді оқыдым», - деуден әрі аспайтын. Арамызда тығыз шығармашылық байланыс та болған емес. Күндердің күнінде «шырр» ете қалған телефон тұтқасын көтерсем, қоңырау шалған Кәкең екен. «Нұрғали, балам (әкеммен достық қатынасы бар ол кісі кейде «балам» деп атайтын), сенің Бағилаға арнаған өлеңіңе өзімше ән шығаруды байқап көрмекші болып едім, бірдеңе шыққан секілді. Бағила қасымда тұр, сол әнді тыңдап көрсін деп звондап тұрмын», - деп салды. Сосын тұтқаның арғы шағынан күйсандықтың ойнаған дыбысы мен Бағиланың шырқай жөнелген дауысы естілді. Тыңдап отырмын. Ойланып отырмын. Ұстазымның менің өлеңімді таңдап, ән жазады деген ойымда да болмапты. Тіпті, ол кісінің ән де жазатынан мүлде бейхабар екенмін. Байқамағанмын, әлде білмегенмін... Ән бітті. Тыныштық. Не дерімді білмей мен отырмын. «Әй, бала, не болды?.. Ұнамады ма, үнсізі қалдың ғой...», - деген Кәкеңнің қарлығыңқы даусын естігенде ғана есімді жидым... Содан кейін барып Кәкеңе алғысымды жаудырып, ризашылығымды білдіріп жатырмын. «Саған, ұнаса да, ұнамаса да «Әншім-ай» деген ән дүниеге келді», - деген Кәкең қарқылдап күліп жіберді... Шынымен де, осылайша Кәкең екеуімізден өмірде бір ән қалды. Өзіне арналған әнді тауелібайдың бұлбұл әншісі Бағила Мұратова әлі күнге дейін орындай жүріп, жұрттың бағасын алды.

Кәкеңмен мәдениет үйінің ісшараларында сирек болса да бас қосып, көптеген тақырыптарды әңгімелесіп жүрдік. Базар жыраудың 150 жылдық асына арналып өткен жиын мен ақындар айтысының кешін жүргізуге мені редакторымыз Қайыпназар Шотбасовтан аттай қалап сұрап алған да осы Кәкең болатын. Газет жауапты хатшысының жұмысы шаш-етектен болғасын, аптаның алты күнінде бұл жерден шығып кету қиямет-қайым еді. Соған қарамастан, Қақаңның тілін тауып, сөзін өткізді. Жүргізушілікке біраз адам таңдалып, солардың арасынан мені қалап, өткізген де Кәкеңнің қайтпайтын мінезі. Құдайға шүкір, мен де ұстазымның сенімінен шығып, үмітін ақтадым. 1992-жылы Алматыға көшіп кеткенше ұстаз бен шәкірт, әке мен бала ретінде аралсып-құраласып тұрдық. Осындай, Қызылқұмның құдығындай терең жанмен жақын жүргеніме, ол кісіден таусылмас ұлағат алғаныма, тағдырыма ризамын! Одан кейін қайта жолымыз түйіспеді.

...Приозерск қаласындағы «Достық» орталығында оқытушылар конференциясы өтіп, содан шығып бара жатқанда Орынбек Әйтпенбетов досым жеңімнен ұстап, тоқтатты да, көпшіліктен былайырақ алып шықты. «Естіген жоқсың ба, Календар ағай дүниеден өтіпті», - деді салған жерден. Өзіңнің жанындай жақсы көретін жанның қазасын тосаттан есіту қаншалықты ауыр, өте ауыр екенін басынан өткендер ғана білсе керек. Тілім байланғандай, біраз есеңгіреп тұрып қалсам керек, иығымнан жұлқып, есімді жидырған да Орынбектің өзі болды... Үйге жалғыз, қарағылау көшемін қайттым. Қаншалықты егілгенім, есімде жоқ, миімнің бір қатпарында күйсандықтың, мандолинаның, қобыздың... үндері ызындып, денем шымырлап, ойымнан өлең жолдары құйылып келеді... Үйге жеттім де, кешкі асқа қарамай жатып қалдым... Түннің бір уағында оянып, бос бөлмеге кірдім де, қолыма қалам-қағазымды алдып, жаза бердім... Жан-жақты ұстазым, әкемдей болған асыл жанға арнаған «Көк аспанда қалқиды, аққу-әнің» атты жоқтау-толғауым осылай туды. Келесі күні оны Орынбекке апарып беріп кеттім. Бұл өлеңім 2004-жылы жарық көрген «Туған жерім – тұғырым» атты тұңғыш жыр жинағыма енді. Тамдыдағы сегіз жыл аудандық газетте

қызмет еткен шағымда талай жақсылармен жолдас болдым, араластым. Алайда, Календар Бисенбаев секілді дара тұлғамен жақын жүріп өткен шағым, өзгеше мектеп, өз алдына дәуір болып қалды менің өмірімде!

ӘНШІ-ЖЫРШЫ ӘЛМАХАН

Тауелібайдың Тамды, Кенімық аудандарында сонау Балхашбай, Өтеп секілді жыраулардан бастау алатын әнші-жыршылық дәстүр бертінде Қалдаш (Қалдыбек), Досеке, Әкім, Жалғас, Әлмахан, Мықтан, Нұрлыбек, Сәбит... болып жалғасып кете береді. Осы аты аталған әнші-жыршылардың қай-қайсысын да танымын һәм дерлік бәрінің өмір тарихынан хабардармын, әрі көбісімен жақын араласқанмын. Осы әңгімеге арқау еткім келгені өзім етене жақын білетін, жиен-нағашы болып қатысқан Әлмахан Боранов жайында болып отыр.

Әлекеңмен таныстығым тым әріден, бозбала шағымнан басталады. Жігіттік шағым өтіп, жоғарғы сыныптарда оқыған Керегетаяу ауылымен іргелес қоныс тепкен Керіз, ауылы аралас, қойы қоралас, қыз-алысып, қыз берісіп отырған, арасы 7-8 шақырым болатын елдімекен. Әкемді әрі нағашы, әрі жезде деп әзілдесе беретін Әлмахан ағамыздың үйіне 9-сыныпта оқып жүргенімде әкеме еріп барған едім. Ол кезде отыздың үстіндегі, қалың бұйра шашты, кескін-келбеті кавказдықтарға келіңкірейтін, орта бойлы, төртбақ денелі жігіт ағасы бізді күлімсіреген күйі жарқын жүзбен, жарқылдай амандасып қарсы алды. Әңгімесін әзіл-қалжыңмен бастап, біраз амандық-саулық сұрастырып тастағасын, қонақтарды қалың етіп төселген көрпешеге шақырды. Даудырлап еркін сөйлейтін, кісі жатырқамайтын жанның әншілігі мен жыршылығын осы отырыстағы дастарқан басында алғаш рет білдім. Келген кісілер шайланып болысымен-ақ, ешкімнің мезіретін күтпестен іргеге сүйеулі домбырасын алып қағып-қағып жіберіп: «Айтулы нағашым Қыдекең келіп қалған екен, бір «әу» деп жібермесек болмас...», - деп қарқылдай күліп алған Әлекең, үзбестен бірнеше жыр-толғауды төгіп-төгіп тастады. Дауысы – қоңырдан гөрі жуанырақ, кейде тамағын кенеп шығатын құлаққа жағымды мұндай үнді де бірінші рет есітуім еді. Міне, осы алғашқы таныстық кейін де жалғасын тауып, нағашы-жиен болып араласуымызға, ерекше дауыс иесімен талай жиын-тойларда бірге болуыма себепші болды...

Ауыл шаруашылығы институтын зоотехник мамандығы бойынша сырттай бітірген Әлекең өз ауылында зоотехник, ферма меңгерушісі болып қызмет ете жүріп, 1982-жылдың жазында біздің ауылымыз – Далақұдыққа ферма меңгерушісі болып келгенін мен әскер қатарында қызметте жүргенде естідім. Киген киіміне дейін тап-таза етіп ұстайтын кірпияз адам келген бойында алғашқы жұмысын ауылдың тазалығынан бастағанын маған келіп тұратын хаттардан есітіп-білдім. Қалай болса солай сала салынған қора-қопсыны үйден алысыраққа көшіртіп, үйдің іргесіне дейін келген шағыл құм төбешіктерді арнайы жер сүретін трактор алдыртып, тап-тұйнақтай етіп тазалатқанын ауыл адамдары біраз уақытқа шейін айтып жүрді. Жұбайы Қалдан жеңгеміз ауылдық ФАП-тың меңгерушісі болып, ауыл жұртының денсаулығын сақтауға атсалысқан. Тұңғыш ұлым Елдарханның кіндік шешесі де осы Қалдан жеңгеміз. Мен әскерден оралғанда Әлекең өз ауылына қайта көшіп кеткен екен. Бұл жайында кейіншелік Үшқұдық қаласында жолымыз тоғысқанда Әлекең ішек-сілесі қата күле отырып былай әңгімелеп берген еді: «Фермаға басшы болып келгесін әуелі Қыдекеңнің үйінде ерулікте болдық. Әкең мені жұрттан бөліп алып, оңашаға шығарып былай дегені бар: «Әлмаған, жиенім, неше қолың бар?». «Екеу» дедім. «Саусағың нешеу?». «Он» дедім. «Дұрыс, енді сол екі қолыңмен тамақ жейсің бе?». «Жоқ, әрине...». «Ендеше қолыңа өкіметтің бір фермасының малы тиді. «Қазан ұстаған қаймағын жейді» деген бар қазақта. Жесең де, бір қолыңның бес саусағын бірдей салып жеме, үш саусағыңмен там-тұмдап қана же. Әйтпесе, мүрдем кетесің...». Сол жерде бұл сөзге өлгенше күлгенім бар. Дегенмен, сенің әкең әулие ғой, айтқан сөзін ұғып тұсам да, пендешілігім басым болып кетті ғой деймін, біреулердің сөзіне ұрынып қалдым... Кезінде жасаған қателігін өзі мойындап, оны маған айтуы да жігітке тән мінез еді.

Әскерден келісіммен аудан орталығындағы «Социалистік шаруашылық» газетіне тілші болып қызметке орналастым да, арадан көп өтпей Әлекеңді осында кездестірдім. Газеттің редакторы Қайыпназар Шотбасов марқұммен қатты дос болған Әлекең досына жолыға келгенде менің жұмыс бөлмеме әдейілеп келіп, енді бастап жатқан қызметіме құтты болсын айта кірді. Әскер қатарында жүріп жазып тұрған өлеңдерімді газеттен оқып жүргенін айтып, біраз жақсы тілектерін арнап, батасын берді. Одан кейін аралас-құраластығымыз үзілмеген. Тамдыға келе қалса, редакцияғы бас сұқпай кетпейтін. Сыр бойының ақын-жырауларының, ауылдың ақындарының өлең-жырларын теріп жырлайтын өнерпаз аға аудандық өнер байқаулары мен мәдени ісшараларының бел ортасынан

табылатын. Айтар сөзін ешкімге жалтақтамай, бетке айтатын тік мінезінен шенеуініктер қаймығып тұратынын, сондақтанда сырттай ол кісіні жақтыра қоймайтынынан да хабарымыз бар. Бұл жағынан келгенде мінезіміздегі ұқсастық екеуіміздің жақыннан араласуымызға, ортақ тақырып табыла кетуіне себепкер болғаны анық. Арадан жылдар өтіп, Әлекең Тараз қаласына көшкенде Қайыпназар ағамыздың Әлмахан досына арнап жазған арнау өлеңін көзі тірісінде өзі орындап жүрді марқұм. Бұл өнерді түсініп, бағалайтын жандардың шынайы достығының белгісі іспетті.

1987-жылы Алматыдағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің журналистика факультетінің сырты бөліміне оқуға түсіп, 1992-жылы Алматы қаласына көшіп кеткенше аға-інілік байланысымыз жалғасын тауып жатты. 1993-жылы «АЗиЯ» халықаралық газетінде қызмет етіп жүрген көктем кезінде дипломдық жұмысқа дайындалу үшін демалысқа шығып, сол шаруамен мемлекеттік емтиханға дайындығымыз басталып кетті. Алматының іргесіндегі Өжет ауылында пәтер жалдап тұратын біздің үйге сол кезде Алматыда оқитын ауыл жақтың қыз-жігіттері демалыс сайын келіп, ет астырып жеп, демалып кететін. Солардың арасында Әлкеңнің ұлы Жалғас та бар еді. Өкеден дарыған әнші-жыршылық өнердің жұғанасы онда да болды. Студенттер келген күні үйде жиын-той, ән-жыр кеші өтеді. Отыздан енді асқан мен де ол заманда бұндай сауық-сайраннан бас тартпайтын кезім ғой, әндетіп, өлеңдетіп тұрамыз. Маусым айында мемлекеттік емтихандар басталып, оның бәрінен жақсы және үздік бағалармен өттім. Диплом жұмысымды да «үздік» қорғап, алқынған, қуанышты көңіл-күймен, курстастармен біраз жуып, үйге кешке салым қайттым. Үй сыртында балаларым ойнап жүр екен. «Папа, үйде ауылдан келген қонақ бар» деп қарсы алды балаларым. «Кім болды екен?», - деген оймен есіктен енгенімде, бөлменің қақ төрінде молдас құра жайғасқан Әлмахан аған мені көре сала орнынан атып тұрды да, құшақ жая ұмтылды. Апақ-шапақ амандасып, жөн сұрасып жатырмыз. «Ал, қане, алдымен диплом жұмысыңның не болғанынан хабар бер, Ұлзи қарындасымыз екеуіміз уайымдап отырмыз?!..», - болды Әлкеңнің алғашқы сұрағаны. «Бес қой!..» дедім бес саусағымды жая күлімсіреп. «Ой, жарайсың, нағашеке, мен де осылай болар деп күткемін. Бәрекелді, сабаздың баласы!..», - деп мәз болған ағам қалтасынан бірнеше қызыл қағазды шығарып, дастарқанға тастады... Оның үстіне сол күні менің туған күнім де болғандықтан, қос қуанышым қатар келіп тұрғанда сонау Тамдыдан Әлмахандай өнерпаз, дүлділ жыршы нағашымның, арнайы шақыртып алуға тұратын жанның келіп қалуы шынымен жақсы ырым еді біздің отбасымыз үшін. Сондықтан ол күні той жасамаудың өзі күнә еді ғой.

Оқудағы баласы Жалғасты да ерте келіпті. Жұбайым қазанға етін салып, әлдеқашан қайнатып қойған екен. Тамақ дайын болуға жақындағанда туған күнім мен диплом қорғайтын күнімді білетін ауылдың студент балалары да бірінен соң-бірі гүлдерін құшақтап, пакеттерін ұстап есіктен еніп жатты. Олардың арасында Әуелбек нағашымның қызы Анар, Нөкер жезде, әрі құданың баласы Ұлықбек, Бақтыбай Жұмағұлов ағаның ұлы Ерлан т.б. студенттер бар еді. Әрі әріптесім, бір жағынан шәкіртім, замандасым, журналист-ақын Полатбек Жанбаев та менімен бірге дипломын қорғап, үйде жатқан. Өжетте тұратын ағам Рахметолла мен Зәбида жеңгеміз де келіп, сол күні таң атқанша тойладық. Әлекең де домбыраны қолға алып, таң атқанша талмастан жырлады. Магнитофонның бүтін бір таспасын Әлекең салған әндер мен жырларға толтырдық. (Өттең, ол таспаны кейіншелік жоғалтып, әлде ұрлатып алғаныма әлі өкінемін. Алайда, Нұрғали Қойтбаев ағайымның таспаға түсірген Әлкеңнің өлең-жырларын сарымайдай, көзімнің қарашығындай сақтап, сағынған кездерімде тындап жүрмін). Полат екеуіміз ауылда жүргенде екі дауыста домбырамен ән шырқап, талай сахнаға шығып жаттыққандықтан, осы түні біз де аттың басын жібере әндеттік. Ауыл, ел-жұрт, Тамды мен туған жер, оның танымал тұлғалары, тарихы туралы талай әңгіменің басы шалынды. Бұл Әлкеңмен өткізген өмірдегі ең бір ұмытылмас сәтімнің бірі болып есте қалды. Бірнеше күн Алматыны аралап, арнайы келген шарауаларын жайлап болып елге қайтқан Әлкеңді вокзалдан Ташкенге шығарып салдық. Тауелібай әнші-жыршыларының сарқытындай болып, артында өлмес өнердің жауһарларын қалдырған Әлмахан Боранов осындай адам еді. Өмірден тым ертерек кетіп қалғаны өкінішті, әрине. Өзегіміз өртенгенімен, тағдырдың салған ісіне пенде баласы қарсы тұра алмайды ғой. Ел-жұрттың аузындағы өлең-жырларының арқасында есімі өлмейтін біртуар тұлғаның жарқын бейнесі, ән-жырлары жұрттың жадында қала бермек!

Қайран әнші-жыршы Әлмахан ағамыз өмірден өтіп кеткенімен, оның қоңыр даусының үнін осы күні қайта ести бастағандай күйдеміз. Әлкеңнің туған інісі Ерболдың да ән-жырға құмарлығын бұрыннан естіп жүргенмізбен, оның үнін тындап көрмеген едік. Жақын арадан бері бұғып жатқан әдемі әуеннің жүзеге шыққанына куә болдық. Дауысында азғантай ғана жіңішкелік болмаса, көмейдегі құлаққа жағымды күміс дірілі Әлкеңнің әуенінің тура көшірмесі іспетті. Шыны керек, біржолата жоғалтып алған, сағындырған әуеніміз қайта туғандай көңіліміз көтеріле қуанып қалдық.

«Орында бар оңалар» деген осы шығар. Тауелібайға танымал Әлмахан Борановты туған бауыры Ербол ініміз жоқтатпайды деген сенімдеміз. Өнердегі жолың даңғыл болсын!, деп тілеп жүреміз.

ДОС-ЖОЛДАС ТУРАЛЫ ТОЛҒАНЫС

ДОС!.. «Жүз теңге болғанша, жүз досың болсын!», деп әнде шырқалғандай, төрт күн жалғанда қиналғанда да, қуанғанда да жаныңнан табылатын достарыңның көп болғанына не жетсін, шіркін! Қазақ халқы досты айрықша бағалағандықтан, дос туралы талай мақал-мәтел мен даналық сөздер қалдырыпты артында. «Жолдасың көп болса, жалғызбын деме», «Дос сыртыңнан мақтар, дұшпан көзіне мақтар», «Жаңа досың жаныңда болса, ескі досың есінде болсын. Ол әрқашан сенімді», «Досы көпті жау алмайды, ақылы көпті дау алмайды», «Досы көппен сыйлас, досы азбен сырлас»... осылай жалғасып кете береді. Алпыстың асқарына аяқ басқан шағыма дейін өз өмірімде талай дос-жолдаспен араласып-құраласып тіршілік кешіп келемін. Оның үшінде бала кезден бірге ойнап өскен, мектептегі кезеңдегі достар, студенттік алтын дәуіріндегі сырлас-құрдастар, әскердегі бір нанды бөліп жеген жауынгер қандыкөйлектер, қызмет бабындағы ақылдасар жора-жолдастар, жырақта жүрсе де, тілекші болып тұратын достар... Олардың арасында ұлы-қызы аралас нағыз достардың жүні бір бөлек. Енді солардың біразының атын атап, түсін түстеп көрелік...

Далақұдық аталатын, алпыс шақты үйлі ауылдың тақыры мен шағыл құмын шаңдатып ойнап өскен балалардың ішінде де өзіңе жақын тартып, шынайы досқа лайық балаларды өзің таңдайсың немесе ол саған тартылып тұратыны болады. Ауылда Қадырбай, Қалыбек (ағалы-інілі), Қалмырза (жиенім), Уәлихан (марқұм), Беркімбаи, Жарқынбай секілді қатарлас балалар көп болса да, солардың арасынан маған ерекше жанашыр, дос болғандары – өзімнен үш жас үлкен Нұрділла мен бір жас кіші жиенім Орынбай болды. Бұл балалармен жақын достасуымыздың негізгі себебі – үшеуміздің де домбыра, гитара секілді музыкалық аспаптарға үйірлігіміз бен әнқұмарлығымыз болса керек деп топшылаймын. Асық, айтабақ, ақсүйек, ләңгі, бестас, шеңбер тағы басқа жақ-жақ болып ойнайтын ойындарда көбінесе осы үшеуміздің жұбымыз жазылмайтын. Ол кезде әнді радиодан тыңдап, жаттап алып айтатынбыз. Бертінде күйтабақты грамофондар, магнитофондар шығып, әндер жаттау біз үшін бірқанша жеңілдеді. Осындай музыкалық құрылғылар мен домбралар да ең алдымен Нұрділла марқұм екеуміздің үйімізде пайда болды. Ол уақытта ауылымыздағы мектеп үш жылдық бастауыш болғандықтан, мен Тамдының мектеп-интернатында, Нұрділла мен Орынбай басқа ауылдарда оқитын. Достарымызбен демалыс кездерінде шұркырасып табысамыз. Аудан орталығында оқитын менен олардың сұрайтындары көп-ақ. Кітапханадан әкелген кітаптарымды бірлесіп оқып, жаңа әндерді бірге жаттап, шырқаймыз. Домбыра мен гитараны қосып ойнап, үш дауыспен әнге саламыз. Орынбай мектептен ертерек шығып, қой бағуға ағасына жәрдемдесуге кеткесін оның ермегі магнитофонға жазылған әндер мен терме-толғауларды жаттауға бейіл болды. Оған біз қызығамыз. Гитараны жетінші сыныпта мен әкеліп, бұған олар қызығатын. Маусымдық демалыстарда қойлы ауылға барып, ағама қой бағуға көмектесемін. Ондайда көбінесе ауыл арасы жақын қоныстанатын Нұрділламен екеуміз далада, қой жая жүріп кездесеміз. Екеуміз екі домбыраны дорбаға сала келіп, биік төбенің басына көтеріліп отырып қосыла шырқаймыз. Қырқалы, төбелі даланы жаңғырықтырған әніміз айналадағы ауылдардың талайына жетеді екен. Бәрі біліп алған біздің даладан берілетін «концертімізді». Сегізінші сыныпты бітіргесін Нұрділла да мектепті тастады. Одан әрі біздің бозбалалық шағымыз басталды да, бала достығымыз шынайы, түсіністікті, сырлас-мұңдас достыққа айналды.

Қалаға жақын болғасын, жаңа киім үлгілерін де біз әкеліп тұрдық. Тұрқымыз шамалас болғандықтан, үш көйлек немесе шалбарды бірдей сатып аламын. Сосын отырыстарға егіз қозылардай болып баратынбыз. Одан әрі мектепті бітіріп, оқуға түсу, үйлену, әскерге аттану секілді уақыт көшіне ерген оқиғалардың бәрінде осы үшеуміздің лажы барынша жұбымыз жазылмайтын. Кейін мен әскерден орала салысыммен аудан орталығына қызметке кеттім де, Нұрділламен арамызды әуелі тіршілік, көп ұзамай жан досымды мезгілсіз алған ажал айырып жіберді. Үйленгенімен, бала сүймей тұрып, үнемі жымыып, күліп жүретін, жан адамның көңіліне тимейтін, отырыстың гүлі болып жаралған, әзіл-қалжыңы үзілмейтін жан досым Нұрділла қос дөңгелекті шайтан арба – мотоциклден апатқа ұшырап, отызға да жетпей өмірден өтті. Қабырғам қайысып, қан жыладым... Орынбай досым, әрі жиенім бертінде Жамбыл облысына көшіп келіп, тұмысын түзеп, енді ғана жаңа өмірге қадам басқанда ол да аттан құлап мерт болды. Осылайша

бала кезден құлын-тайдай тебісіп өскен жан достарымның екеуінен де тосын ажалдың кесірінен айрылып қалдым.

Мектеп-интернатта оқыған кезім, мен үшін үлкен өмірге қадам басуыма негіз қалаған Алтын ұя болды десем артық болмас. Бұл мектеп сол кездегі аудандағы ең заманауи білім ордасы болғанына ел-жұрт куә. Ұстаздар қауымы да мықты мұғалімдерден жасақталған еді. Бай кітапханасы, спорт залы мен алаңы, кинозалы, асханасы, жатағы – бәрі-бәрі үш бөліктіен тұратын екі қабатты ғимараттармен жалғасқан бір аумақта орналасқан білім ордасынан біз алаңсыз білім нәрімен сусындадық. Бұл жерде менің ең жақын досым – Шотбай Шектібаев болды. Ол – Алдаберген фермасынан келіп оқыды. Мен – Далақұдықтанмын. Онымен де жақын табыстырған сол баяғы домбыра мен кітапқұмарлық еді. Ой-өрсіміз де, дүниетанымыз да, қалауымыз да ұштасып жататын. Осында оқып біраз сурет салумен де әуестенгеніміз бар. Оған жеке сурет дәптер арнағамыз. Алайда менің бұл әуестігім кейіншелік қалып кетті де, өлең жазуға біржолата ден қойдым. Сегізжылдықты аяқтаған соң Шотбаймен де жолымыз екі айрылды. Ол Аяққұдықта, мен Өгіз ауылында онжылдық орта мектептерді бітірдік. Құдай бізді Самархан шаһарында қайта табыстырды. Бала шақтағы достық осында жалғасып, оның қасындағы жерлесі Ақылбекпен де осында таныстық. 1980-жылы мен үйленетін болып бел шешкенде қасымнан осы екі досым мен құдам әрі досым Нұржан табылды. Самарханнан көлік жалдап, Өтемұратқа сапар шегуіміздің өзі бір хикая.

Ол кезде Шотбай, Ақылбек мен үшеуіміз Самзооветтің екінші курсына, Нұржан гидротехникумның үшінші курсына оқимыз. Нұржан екуіміз сол кезде бір пәтерде тұрамыз. Осы күнгі жарларымызбен Нұржан екеуіміздің махаббат маусымын құрап жүрген кезіміз болатын. Бұдан олардың сырттай ғана хабары бар. Ол кезде үйленетін ойымыз болмаған, оны алдағы уақытқа жоспарлап қойғанбыз... Бізге Ұлзира мен Пернештің қастарында бірге тұратын Нұржамал, Шәрибан, Гүлнаштар Тамды мен Керіздің бірнеше жігіттері келіп, «Өгіздің жігіттерімен жүрмейсіңдер» деп қорқытып, ішіп алып тиіскенін, басып алып қашамыз деп қоқан-лоққы жасағанын жарыса жеткізді. Қыздарымыз қорыққаннан оқуды тастап, ауылдарына қайтқысы келетіндерін де сездірді. Не істеу керек? Шотбай, Ақылбекпен Нұржан екеуіміз ойласып, қыздармен келісіп, сол күні түнде қалауымыздағы қыздарды ауылға алып кететін болып, үйленуге бел шештік. Осылайша «ГАЗ-24 Волга» маркалы 7 орындық көлікпен келісіп, түнде 4 жігіт, 5 қыз – 9 адам болып жолға шықтық. Таң ата Өтемұратқа жетіп, сол көлікпен Нұржан Өгізге кетті хабар беруге. Сонда қызмет ететін жездем Қалжан ауылға – Далақұдыққа рациямен байланысқа шығып менің келін әкеле жатқанымды хабарлаған. Шешем де сол кезде Өгізде болған екен. Хабарды есітіп, жүк көлігімен келіп, әрі қарай ферма орталығына жолға шықтық. Қысқасы, менің келіншегімнің беташарын өткізе сала Нұржан мен Пернешті де тағы бір жүк көлігімен апарып, Жырыққа келін етіп түсірген оқиғамыз сол кезде аудан көлемінде жыр қылып айтылардай әңгіме болғаны бар. Шотбай досым осы оқиғада екі келіннің де бетін ашып, достығымыз бұрынғыдан да беки түсті. Қазір ол Қызылордада, Ақылбек Шахтинск қаласында тұрады. Жиі хабарласып, аман-саулығымызды білісіп, баяғы оқиғаларды еске алып отырамыз.

Өгіздегі екі жылдық жоғарғы сыныпта оқып жүргенде ешкіммен етене араласып кетердей достығымыз болмады. Тек құдаларым Сапа және Әбдіжаппармен жақын сырласып жүрдік. Мектепті бітіріп, арадан біраз жылдар өткенде Тамдыда Мағипа сыныптасыммен шынайы достығымыз орнады. Жастардың мәдени-көпшілік жұмыстарына белсене араласып жүргенде жастары үлкенді-кішілі – Мызахмет қожа (қажы), әнші Бағила Мұратова, интернатта бірге оқыған Юрий Ибрашев, Ахмет Әбдімұратов, Серік Сәденов, бесбұлақтық Орынбек Әйпенбетов, Нәжмия Ерімбетова, Құлназар Сансызбаев, ағайынды Ғалымжан, Сейтжан Телібаевтармен жақсы араластық. Газетте фототілші болып қызмет еткен Алтынсары Байжановпен арадағы достығымыз кейіншелік Боранбай әкеміздің қалауымен туыстыққа айналды. Ол кісі мені ресми болмаса да, өзіне өкіл бала етіп белгіледі. Қазір Үшқұдықта тұратын Алтынсарымен телефон арқылы байланысып тұрамыз.

Әскердегі өмір – өз алдына бір төбе. Өзімнен үш жас кіші жігіттермен бірге Тамды, Үшқұдық аудандары атынан Бухарадан әскерге аттанғанда, қатарластарым Тұрдан, Әлмұраттармен бірге олардың көшбасшысы болып Ижевск қаласына барып түстік. Әскери дайындақтан өткесін бізбен барған 37 баланың біразын Сарапул, Воткинск қалаларына бөліп жіберді де, мен және Тұрдан өзге бірнешеуімен Ижевскіде қалдық. Сурет салатыным, көркем жазуымның пайдасын әскерде көрдім. Бір ай өтпей ротаның писары болдым. Бір жарым жыл бөлімде писарь болып қымет еттім. Домбыра тартып, ән шырқайтын өнерімнің арқасында өнерлі жігіттермен бірге қаладағы үлкен мәдени шараларда өнер көрсеттік. Екі жылда шымкенттік Дастан, Бахыт, үшқұдықтық Смадияр,

ташкенттік Мырзабек, тулалық Владимир т.б. достар арттырдым. Өкінішке қарай, кейін олардың мекенжайлары жоғалтуыма байланысты арамыз үзіліп қалды.

Алматыға сырттай оқуға түскенде 26 жаста едім. 6 жыл оқу барысында талай жақсы аға-іні, жора-жолдас таптым деп айта аламын. Олардың алды менен 7-8 жас үлкен болса да, нағыз сырлас, мұндас достар бола білді. Маңғыстаулық аға-достарым Таңатар Дәрелов, Қуат аға, торғайлық ағам Жомарт Нұрманов, гагариндік ақын Жолдас Сарманов, түркменстандық ақын інім Болат Жетекбай, қатонқарағайлық інім Жігер, өзіммен қызметтес інім әрі досым Полатбек Жанбаевтармен осы күнге шейін хабарласып, сұрасып, жай-жағдайымызды білісіп жүрміз.

Қазақсанға көшіп келгесін жаңа достар, тілеулестерім артты. Баяғы сыныптастардан Мағрипа мен Дарияның өміржолдастары Нұрлан мен Темірбек қосылды солардың қатарына. Темірбек (Темка) Алматыда оқып жүргенде ауылмен байланықа қосып тұратын, жақын араласпасақ та, ниеті түзу жігіттердің бірі еді. Бүгінде онымен достығымызды құдалығымыз жалғады. Шахтинскідегі Абай Шонтыбаевпен де отбасымызбен араласып тұрамыз. Алматыдағы Қатира және Әбдіғаппармен ауылда жүргеннен бері байланыстамыз. Елде қалған Махат Тышқанбаев, Қамбар Әшілов, Әбдіжаппар Жолдасов секілді достармен ауылға барғанда ғана сағынысып көрісеміз. Шақалақ кезімде анам ауырып қалып, Қамбардың анасын емгендіктен, ол кісі менің де бір анам болып есептелді. Онымен достығымыздың да жөні бөлек. Яғни, екеуміз емшектес телқозыдай болып саналамыз. Интернаттың қара нанын бөліп жескен сыныптас достардан – Якия, Бердібек, Достандармен, онжылдықты бірге аяқтаған сыныптас достардан Рабиға, Маржан (қарындасым), Күнсұлу, Тәжінарлармен телефон арқылы жағдай сұрасып, хабарласудамыз. Бұл да көңілге медеу, жанға демеу.

«Нағыз досты басыңа іс түскенде немесе басың ауырып, балтырың сыздағанда жақсырақ танысың» дейді ғой қазақ атам. Қарағандыда ота жасатып жатқанымда Темірбек пен Дария, Нұрлан мен Мағрипалар жаныма – жалау, көңіліме – демеу болғанын ешқашан ұмытпаспын!

Прозерскіде де дос-жолдастан кенде емеспін, шүкір! Осында бірге көшіп келгенде интернаттың нанын бірге жеген Саяділ (Сайко) досыммен қайта қауыштық. Екеумізді көп адам ұқсатып, «егіздер» деп атайтын. Елпілдеген, аузын ашса жүрегі көрінетін, біреуге жақсылық жасауға пейілді азамат еді марқұм. Өмірден ертерек озғаны өкінішті, тағдыры солай болды. Жоғарғы сыныпта бірге оқыған Еламанмен, Тамдыда бала кезде бірге ойнаған Қайратпен, әрі түп нағашым, әрі құдам Әбдіраманмен, әкемнің бала кезден досы болған Әбу Сүлейменов әкемнің ұлы, өнердің ортасында жүретін іні-досым Марспен, замандастарым – Мәнібекпен, Әбдікүлмен (әскерге бірге барған дос), әзіліміз жарасқан балдыз бала Адайханмен де осы қалаға келгесін араласып-құраласып, қуаныш-қайғымызға ортақтаса ғұмыр кешіп келеміз. Маған әкесінің атын бергендіктен әрі көршім Дәуірхан қожамен қазан-табағымыз араласқан бауырымдай болып кеткен. Сағидолла қайнағам болса да, бір жағынан бөле боп келетін жақындығым бар замандас дос есебінде. Әбдіраман бірнеше өлеңіме ән шығарып, той-жиындарда орындап жүр. Оны тыңдаушы жұрт жақсы қабылдады да. Аға-достар, әрі құда-достарым – Марат Нұршаев пен Серік Тәңкібаевтың орындары бір-бір төбе. Сайран да тілеулес, ниеттес бажам. Әр қиырдан келіп Құдайтағала осында жолықтырған – Кенжебай, Бахтияр, Нұрадин, Махмут секілді ағалар һәм дос-жолдастармен де шұрқырай амандасып, жарқырай жүздесіп тұрамыз. Мені ағасындай сыйлайтын қайынінім Якуда өз алдына бір әлем, ешбір достан кемдігі жоқ азамат. Спорттың бокс, жекпе-жек түрлерінің жанкүйеріміз, пікірлеспіз. Сонау Аралдан әкеліп табыстырған Жолмұрат Кеңесовпен әрі дос, әрі сырлас, әрі тілеулес болып келе жатқанымызға ширек ғасыр болып қалыпты. Кез-келген тақырыпта әңгімеміз жарасып, сөзіміз қиуласса кететін сұқбатымыз әлі күнге таусылмай келеді. Ағадырлық әріптесім әрі құрдасым – Дулат Дүйсембаевпен де біраз көріспесек, бір-бірімізді жоқтап отырамыз. Айтар әңгіме, тарататын ой-пікір, қаузайттын мәселе табылады. Осы қаладағы тілектес қарындастарым, мемлекеттік қызметкерлер – Гүлжахан Шарбекова мен Жұлдыз Дулатова, кітапхана директоры Павлина Кенжебекова, ұстаз-ақын Маржанкүл, Дүрия Хизировалар, қаржы маманы Зәуреш Медетбекова, бөбекжай басшысы Айткүл Күлмағанбетова, заңгер-маман Дүрия Бижанова тағы басқа да азаматшалармен кездесе қалғанда мәдениет, тіл, салт-дәстүр, қоғам, тарих... туралы толғайтын тақырыптар табылып, елдігімізді, ертеңімізді әңгімеге арқау ете жүреміз. Жастары үлкен болса да, сонау алғаш көшіп келген күннен бастап бөтенсіремей бауырына тартып, қиналып-қысылғанда – ақылшы, қуанғанда – бірге қуана білген апайларым Сәлима Мешітбайқызы және әріптесім Қырмызы Хамитқызымен өте ниеттес, сырлас, досқа бергісіз қарым-қатынаста болғанымды, бұл жандардан көп нәрсе үйренгенімді мақтан тұтамын...

Дос болудың жолы – жіңішке әрі ауыр жол екендігін ойламы бар, санасы сау адамдар жақсы біледі, түсінеді. Бұрыннан да қазақ достықтың талай түрін саралап, сараптап, түйсікті жанға

түгендеп берген. Өмірімде аты аталған жандардан өзге де ондаған, мүмкін мыңдаған жандармен араласып, дос-жолдас болған шығармын. Ұмытқан болсам әуелі Алла, сосын олар кешірсін. Адамдармен арадағы жақын қарым-қатынасты, жылы жүздесуді ешқашан жаманшылықпен айырмағанын қалаймын. Дос болмасақ та, адам ретінде тілеулес болсақ, жақсылық жасамасақ та, жамандық істемесек, бес күн жалғанда бір-бірімізге жылы қабақ таныта білсек, қуанышы мен қайғысына ортақтассақ – бұдан артық адамға не керек деп ойлай жүремін...

ШИРЕК ҒАСЫРЛЫҚ ЖЕТІСТІКТЕРІМІЗ

Ата-бабаларымыз сан ғасыр армандаған Тәуелсіздіктің 25 жылдығы еліміздегі іргелі істермен айшықталып, сәт сайын жақындап келеді. Тәуелсіз еліміз ширек ғасырға жуық уақыт ішінде тұрақты даму жолына түсіп, биік белестерді бағындырды, толағай жетістіктерге қол жеткізді, әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына енді. Тәуелсіздік күні кез-келген мемлекеттің ең басты, ең қастерлі мерекесі. Бұл сан мың жылдар бойы ата-бабамыздың ел болып еркіндікке қол жеткізген күні. Бұл мереке әрбір отандасымыз үшін жүрегіне қуаныш ұялатар ерекше мереке.

Осынау тәуелсіздіктің 25 жылдығы мерекесіне өзіміз өмір сүріп жатқан Приозерск қаласы да толайым жетістіктермен жетіп отырғаны анық. Тәуелсіздік – тәу етер киеміз. Ол біздің ерен ерлеріміздің ерліктерімен, аналарымыздың көз жасымен келген бақыт құсы. Сол бағымызды ұшырып алмай, Тәуелсіздік жолында жұмыла еңбек етуіміз керек. Тәуелсіздік күні қарсаңында республикамыздың түкпір-түкпірінде және қаламызда да қызу дайындық жұмыстары жүргізіліп жатқаны белгілі.

Міне, биыл Тәуелсіздігіміздің 25 жылдығын атап өтіп жатсақ, қаламыздың қазақстандық қала ретінде өз ғұмырын бастағанына 23 жылдан асып барады екен. Осы дәуір ішінде не тындырдық? Неге қол жеткіздік? Тәуелсіздік жылдарындағы нәтижеміз қандай?.. деген сауалдардың алдымыздан көлденеңдеп шығары анық. Қаланың алға жылжу кезеңі 1993-жылдың жаз айынан басталды десек, қателеспейміз. Әрине, бұл кезең елімізде жаңа азат мемлекеттің экономикасының балық саласында қиын-қыстау, өтпелі дәуір болғаны жадымызда. Қаланы қайта қалыптастыру үшін барлық саланы, құрылымдарды қайта құрып шығу қажеттігі түсінікті. Сондықтан қаланың әкімдігін және оның бөлімдері мен кәсіпорын, мекемелерін жаңадан жасақтау, оларды білікті кадрлармен, мамандармен қамтамасыз ету міндеті тұрды. Бұл қайта құрудың өзіне аса көп уақыт қажет болғаны рас. Бұл міндеттерді орындауды қала дамуының алғашқы жетістігі болды.

Екіншіден, қала тұрғындарына қолайлы жағдайлар жасап, оларға сапалы білім беру және денсаулық сақтау салаларымен қамту да кезек күттірмейтін міндетте екені айқын. Алғашқы жылдары қалада РФ госпиталінен өзге жатып емделетін аурухана болмады. Емхананың өзі ҚР азаматтарына жартылай қызмет көрсетті. Госпитальге жатып емделу үшін қалтаңнан немесе мемлекет есебінен ақша төлеуге тиіс болды. Сондықтанда 30 орындық жатып емделу мекемесі мен аралас мектептің толық қазақ мектебіне айналуы екінші жетістігіміз болатын. Бертін келе жарты түбектегі бос қалған қос ғимарат заманауи үлгіде толық күрделі жөндеуден өткіріліп, заман ыалабына сай аурузанамыз бен емханамыз пайда болды. №2 мектеп те толық жөнделіп, қазақ мектебіне айналып келеді. Бұны үшінші жетістік деуге саяды.

Қаладағы көптеген жартылай қираған немесе бос қалған ғимараттар жұрттың үлкен бас ауруына айлады. Олардың жөндеуге жарамды, жарамсызын анықтап, тазалу жүргізу үшін қыруар қаржы қажет болатын. Өз кезегімен ретке келтіріліп, жарамдыларына жөндеу жасалып, тұрғындар игілігіне берілді. Жарамсыздары бұзылып, орны реттелді және кейбірің орындарына өзге нысандар салынуы төртінші жетістік.

Сол қиын-қыстау 1994-95-ж.ж. қаланың көптеген үйлерінде жылу түгілі ыстық судың болмауы, тұрғындардың электр пештерінен көптеп пайданауы, соның кесірінен жарықтың үнемделіп берілуі, көп үйлер тұрғындары отын мен көмірден пайдаланып, темір пешке от жаққаны әлі жұрттың жадынан шыға қойған жоқ. Бұл бейнеттің де соңында рахаты барын сезінген ел бұған да шыдап бақты. Себебі жылу қазандығының ескіруі, ыстық су, жылу құбырларының әбден ескіруі – осының бәрі тұрақты және сапалы қызмет көрсетуге көп кесірін тигізді. Мемлекет тарапынан бөлінген қаржыға № 1 жылу қазандығы толыққанды жөнделіп, құбырлар алмастырылып, ақыры бұл мәселенің шешімін табуын бесінші және маңызды жетістік деп айта аламыз.

Қала тұрғындарына, әсіресе әйел-аналарға ең ауыр қиындық тудырғаны – балаларын балабақшаларға орналастыру болатын. Өйткені қалада толыққанды қазақ балабақшасы мүлде

болған жоқ. Маңызды мәселені түбегейлі шешуге тағы да мемлекет көмекке келді. Қалада алғаш рет «Айналайын» бөбекжай балабақшасы ашылғанда қызмет бабындағы ата-аналардың қуанышында шек болмады. Бұдан әрі кезең-кезеңмен балабақшалардың құрылысы жүріп отыруы мәселенің түкпілікті шешілуіне ықпал етті. Бұны алтыншы жетістігіміз десек артық болмас.

Қаланы дамытудың алғашқы сағатынан бастап өз қызметіне білек түре кіріскен ұлтжанды азамат, қала әкімі Сағымбай Медеубаев қанша қиын кезең болса да, қала мәдениетін көтеріп отыруды бір сәт те естен шығармайтын. Сол кісінің тікелей өз бастамасымен ұмыт бола бастаған «Наурыз» мерекесін уақытылы тойлап отыруға тоқсаныншы жылдардың аяғына қарай қол жетті. Қала сыртында «Наурыз» тойы тойланып, аламан бәйгеден басталған аударыспақ, алтыбақан, көже пісіру, тұсау кесу, келін түсіру т.б. ұлттық болмысымызбен қуана қайта қауыштық. Бұл ұлық мерекені атап өтуге қала халқы ұлтына қарамай түгел қатысатын болды. Ұлты, діні басқа деп бөлінбей, мереке-тойларын, қуаныштарын бірге бөлісу тұрғындардың игі дәстүріне айналды. Мұндай ортақ мүддеге топтасу – Елбасының үнемі айтып жүретін ұлтаралық татулық, бірлік, достық жайлы мақсаттарын жүзеге асыруға алып келді. Жетінші жетістік осылай жүзеге асты.

Қазақстанның біраз аймақтарында дінге теріс қарау үрдісінің ішінара қалыптасып кеткені кеңес үкіметі тарап, әр мемлекет өз тәуелсіздігін алғаннан кейін ғана сезіле бастағаны ашы да болса, шындық екенін мойындаймыз. 1995-96-жылдары дүниеден өткен марқымның жаназасында қаладағы қазақ тұрғындары арасында арақ ішу дәстүрінің бары, дінін жоғалта қоймаған оңтүстік аймақтардан көшіп келгендердің жағасын ұстатты. Бұл жағымсыз жәйт қала әкімінің құлағына жетіп, қаладан мешітті іске қосу мәселесі көтерілді. Сол кездегі қала имамы Сайранбай Махмудов бастаған қала ақсақалдарының, иманды азаматтардың бастамасымен тұрғындардың қалауымен қаражат жиналып, әкімдік бөлген үлкен екі бөлмеге қажетті құрал-жабық, ыдыс-аяқ сатып алынды. Сол жерге ислам дінімізге қайта бұрылуға ниетті жұрттың ынта-ықыласымен жұма намазға жинала бастады. Дін дәрістеріне жастар мен балалар қатысу үрдісі көрініс берді. Бұл өмірімізге енген ең бір жақсы дәстүрдің бірі болатын. Жастардың ішкіліктен, бұзақылықтан, жаман әдеттен бас тартуына үлкен ықпал етті. Арадан біраз жыл өткенде өзіміздің дербес мешітіміз және оның асханасының құрылысы бітіп, қала жұртшылығы бір жерден діни шараларды, айт мерекесін, жұма намазын бірге өткізетін болды. Осылайша сегізінші жетістікке де қол жетті.

Қалада қазақша кітаптар қоры жеткілікті кітапхананың болмауы қалың оқырманның ізденуіне мәжбүрледі. Бұл мәселе қала әкіміне мәлім етіліп, әкімдіктің тікелей атсалысуымен басты жұмыс кітап қорын толықтырудан басталды. Кітапхана үшін ғимарат бөлінді және оған тиісінше жөндеу жұмыстары жүргізілді. Оған білікті басшы тағайындалып, мамандармен қамтамасыз етілді. Тұрғындар мен балалардың өздігінше білімін жетілдіретін ортаның жұмысы біржолата жолға қойылды. Ақын, жазушылардың мерейтойлары жүйелі түрде аталып өтілді. Кеңестік жүйенің жаппай құрбанына айналған арыстарымыздың шығармалары ұрпақтарымен қайта қауышты. Бұл да ұлттық рухымызды қайта серпілтті. Бұл аса маңызды сегізінші жетістігіміз еді.

Кеңестік кезеңде “Пионерлер үйі», кейінірек «Өнер және спорт мектебі» болып аталып, әсіресе кеңестік жүйе заманындағы өзінің қызметін мейлінше атқарған, бертінде де талай балалар мен жасөспірімдердің уақытын тиімді пайдалануына қызмет етіп, көптеген өнерпаздарды тәрбиелеп шығарған бүгінгі «Достық» балалар мен жасөспірімдер орталығының жөндеу көрмегенін ескерген жоғарыдағы басшылықтың бұл ғимаратқа назары түсті ақыры. Ауқымды нысан толық күрделі жөндеуден өтіп, ішкі жағына шомылатын орын (бассейн) салынып, балалар игілігіне тапсырылды. Бұл жерде көптеген ісшаралар мен жиындар өтіп тұрады. Менің ең алғашқы шығармашылық кешім осы ғимаратта өткендіктен, маған өте ыстық сарай бұл. Журналист ретінде мұнда өтетін бірде-бір мәдени-көпшілік шарадан қалмай қатысуға тырысамын және олардың ақпараттарын газет бетінде жариялап тұрамын. Қаланың оныншы жетістігі осылайша барлық қала тұрғындарына қуаныш сыйлады.

Қаланың ішкі және Астана-Алматы күре жолына дейінгі жолдар сын көтермейтін жағдайға жеткені, әсіресе жүргізушілердің жүйкесіне тигені жасырын емес. Оны жөндеуге қыруар қаржы қажеттігі түсінікті. Еліміздің экономикалық дамуының арқасында бұл түйткілді мәселе де ақыры шешімін тапты. Күре жолдан бастап қазіргі «Балқаш» емдеу-сауықтыру кешеніне дейінгі аралықтағы жол жөнделгені қала халқының көңілін біржолата көтеріп тастады. Оған қоса мерекелік ісшаралар өтетін үлкен алаң да түгелдей асфальттанды. Бүгінде бұл жер балалардың жаз айларында ойнайтын және велосипед тебетін, ойыншық машиналарымен сайран салатын орнына айналды. «Достық» көшесі мен Пушкин көшелерінің қиылысындағы қалалық әкімдік маңындағы қатар орналасқан қазақтың дана ақыны Абай бабамыз бен орыстың ұлы ақыны Пушкиннің

ескерткіштері татулық пен бірліктің жаршысы сынды мен мұндалайды. Бұл да біздің маңызды он бірінші қол жеткен қуанышымыз.

Біздің қаланың қараңғы қапаста қалғып келгеніне, қараңғы түн қойнауында талай қылмыстардың жасалғанына бәріміз куәміз. Тұрғын үйлердің, нысандардың, мекемелер мен қаланы бөліп жатқан жолдардың маңайының толық жарықпен қамтамасыз етілуі көзімізді ашқандай болғаны рас. Аталған жарық Астана-Алматы күре жолына дейін тартылып, қаланың сәнін келтіре түсті. Он екінші жетістік осылай жүзеге асты.

Қаланың бос қалуы тұрғын үйлер ауласы мен маңайындағы балалар ойын алаңдарының тоналуымен де есте қалды. Үй алдындағы асфальттар да жойылған болатын. Бүгінде қала бойынша біраз үйлердің алдына балалар ойын алаңдары, сырғанақ, аяқ доп және хоккей алаңшалары салынды. Кейбір үй алдына тұрғындардың спортпен айналысуына жағдай жасайтын құрылыстар орнатылды. Үйлер алдына асфальт төселіп, көлік қоятын орындар жасалды. Бұл игілікті шараның әлі де жалғасын табатынын айтады құзырлы орындар басшылары. Лайым ізгі бастама жалғасты болсын деп тілейміз. Он үшінші жетістігіміз осындай.

1995-жылы қалаға жұрт жаппай көшіп келіп жатқандағы қалалық базардың кескін-келбеті елдің естерінде шығар. Жабайы түрде төбесі жабылған орындар мен қаптаған дүңгіршіктерде сауда жасайтын сатушылардың қыс айлардағы халі тіпті мүшкіл болатын. Базар басшысы Жәлі Әбдімүтәліповтың тынымсыз қимылы мен жанқиярлық еңбегінің арқасында бүгінгі базардың өні мүлде оңға қарай өзгерді. Оған үнемі осында сауда жасайтындар да өз үлестерін қосып, дүкендерін ашты. Ми батпақ болып жататын дүкендер аралық жолдарға бетондар төселіп, ретке келтірілді. Базардың айналысы түгел қоршалды. Қаланың ішкі салтанатын көркейтіп, тұтынушыларға қолайлылық тудырған бұл әрекет он төртінші жетістік.

Өздері тұрып, еңбек етіп, нәпақа тауып отырған қаласының дамуына жеке кәсіпкерлердің де үлес қосып келе жатқанын атап айтқанымыз жөн болар. Олар өздері қаражат шығарып, жалға алған немесе сатып алған нысандарының іші-сыртын әрлеп, әсемдеп ұстауы қажет болатын. Әсіресе көше бойындағы ғимараттардың сырт көрінісінің әдемі не нашар көрінуі қаланың сәнін бұзар еді. Осы орайда «Юбилейный» дүкенін сонау 1996-жылдан жаңғыртудан Т.Жданова ханым өзгелерге үлгі бола білді. Одан кейін қазіргі «Центральный» мейрамхана-дүкені жаңғыртылды. Мол жетістік үшін Мұрат Нарымбетов босап қалған үйлерді қайтадан күрделі жөндеуден өткізіп, халықтың игілігіне, өздерінің нәпақаларына пайдалануға қол жеткерді. Базарға жақын жердегі Пушкин көшесінің бойынан ашылған кісіпкер қарындасым Нәсиба ашқан «777 супер маркеті» мен «Абылайхан» дүкені де жарасымды орындарын тапқан. Үлкен мен қиылыс жол бойындағы бұл ғимараттар да қаланың әрін келтіріп тұр. Өзге кәсіпкерлердің де әріптестерінен үлгі алғаны жөн болар еді. Бұл қалаға енгізілген он бесінші жетістік.

Шағын шаһарға жаңадан бой көтерген және түбірінен жаңартылып, жөнделген ғимараттардың жөні өз алдына. Қалада жаңадан салынған «Прокуратура», «Халық банкі», «Балақай» бөбекжай балабақшасының түгелдей қайта салынуы, әкімдіктің қасынан бой көтерген төрт қабатты тұрғын үй, мемлекеттік мұрағат пен білім бөлімі орналасқан ғимарат, ҚР ҚК әскерилері үшін күрделі жөндеуден өткен «Достық» көшесіндегі тұрғын үй, Б.Момұшұлы көшесі 38 «а» бітпей қалған тұрғын үйдің құрылыс-жөндеуі, осы көшедегі әскерилер мен қала тұрғындарына арналған тұрғын үйлер, БСА көшесі 30 үйдің шөккен жағын алып тастап, қайтадан күрделі жөндеу т.б. ғимараттар мен нысандардың құрылыс-жөндеу жұмыстары он алтыншы жетістігіміз.

Қалада орналасқан Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері әскери бөлімдерінің ғимараттарын, казармаларын, аулаларын жөндеу жұмыстары тоқсаныншы жылдардың аяғына қарай басталып кеткен. Жаңадан көшіп келіп жатқан әскери бөлімдерді жайғастыру үшін бұл шара кезек күттірмейтін міндет еді. Аталған күрделі жөндеу жұмыстары Елбасымыз, ҚР ҚК Бас қолбасшысы Н.Ә.Назабаевтың тікелей бақылауында болды. Соның нәтижесінде қирап, бос қалған ғимараттар қысқа мерзім ішінде қатарға қосылды. Әскери бөлімдердің қару-жарақтары мен арнайы техникаларын сақтайтын ауқымды аймақты алып жатқан парк құрылысы жүргізілді. Он жетінші жетістік осы болар.

БСА көшесінің бойындағы РФ ҚК Офицерлер үйін ҚР ҚК әскери гарнизонының қарамағына өткізген соң аталған ғимаратқа күрделі жөндеу қажет болды. Бұл жұмысты жедел қолға алған ҚР ҚК әскерилері ғимараттың сыртқы және ішкі жөндеу жұмыстарын атқарумен қатар, оның ішкі жиһаздарын да жаңартып, қала тұрғындарының игілігіне де пайдалануға жағдай жасады. Бүгінде үлкен мәдени және көпшілік шаралар осы ғимаратта өтіп тұрады. Бұл он сегізінші жетістік.

Қазақстан әскері халықтың тыныштығын тиянақты қорғау үшін оның сарбаздары мен сардарлары шыныққан, мықты, әрдайым сақадай сай болуы тиіс екенін Елбасы үнемі ескертіп

келеді. Сондықтан олардың салауатты өмір салтын ұстанып, ылғи спортпен шұғылдануына мемлекет тарапынан жағдай жасалуда. Соның айқын көрінісі – БСА көшесінде, ҚР офицерлер үйінің жанынан салынған спорт кешенін атауға болады. Бұл спорт кешенінде тек қана әскерилер емес, қала тұрғындары да қатысып, спортпен айналысуына мүмкіндік берілген. Ауқымды спорттық жарыстар осы ғимаратта өтіп тұрады. Он тоғызыншы жетістік деп атауға лайық нысанның бірі осы.

Қаланың жиымасыншы жетістігі деп «Нұр Отан» партиясы Приозерск қалалық филиалының кеңсесінің ашылуын атауға лайық. Бұрын бір бөлмені паналап келген жетекші партияның мейлінше тыңғылықты жұмыс істеуі үшін оның кадрлық көлемі кеңейтілді және тұрғындарды жүйелі түрде, ыңғайлы ортада қабылдау үшін арнайы кеңсе жасалынып берілді.

Қалаға 1995-жылдың басынан көшіп келе бастаған қандастарымыздың Сарыарқаға табан тірегеніне 21 жылдан асыпты. Бүгінде олар осы қаланың тұрақты тұрғындарына айналды. Сол жылдары дүниеге келген балалар 21 жасқа толды. Бүгінде оларды жергілікті халықтан ажырату мүмкін емес. Сондағы ойын балалары қазір оқу бітіріп, мамандық алып, қоғамның белді мүшелеріне айналған. Осыдан 6 жыл бұрын тарихи Отандарына оралған қандастардың 15 жылдығына орай қалалық әкімдіктің ұйымдастыруымен құрылтай өткізілді. Қаланың дамуына үлес қосқан, еңбегі сіңген азаматтарды марапаттады. Еңбектің елеп-ескерілуі әрдайым адамға жаңа күш-қуат, соны серпін, болашаққа ұмтылыс беретіні сөзсіз. Аталған құрылтайды жиырма бірінші жетістік десек, артық болмас. Бұл өз-өзімізге сыйластықтың, құрметтің, ауызбіршіліктің белгісі.

Қаланың өркендеуіне елеулі үлес қосқан әкім Ерлан Өтешевтің уақытында талай тірліктің жасалғанына қала тұрғындары түгел куә. Сол кісінің бастамасымен қалада қазақ халқының ұлттық мәдени орталығы «Атамұра», славян халықтарының «Исток» және әзірбайжан ұлтының «Арзу» этно-мәдени бірлестіктері құрылған болатын. Өз кезегінде бұл бастамалар қаладағы әртүрлі ұлттардың өз тілін, мәдениетін өркендетуіне ықпал етуде. Қала тұрғындарының әртүрлі мәдени-көпшілік шараларда бірге бас қосып, ауызбірлікпен жұмыс жасауына жағдай жасайды. Ауызбірлікпен, татулықпен, түсіністікпен жасалған тірліктің өз жемісін беретіні анық. Жиырма екінші жетістік деп осы жақсы бастаманы атар едік.

Халықтың, әсіресе қазағымыздың өмірін той-жиынсыз елестету мүмкін емес. Жиған-тергенімізді қуаныш-тойымызға шашуға бейім жұрт екеніміз балығына белгілі жайт. Келін түсіру, қыз ұзату, сүндеттой секілді атаулы мерекелі тойларын өткізетін орынның болмауы халыққа біраз қолайсыздықтар туындатқаны бар. Бұл өзекті мәселені шешу кәсіпкерлердің іс-әрекетіне тікелей байланысты еді. Осыны ескерген кәсіпкер Бауыржан Дулатов алғаш болып «Ақ босаға» тойханасын ашты. Осы ғимаратта талай келіннің беті ашылып, талай қыздар бақыттың басбалдағын аттады. Талай баланың сүндет тойы тойланды. Одан соң кәсіпкер Муса Жәлиұлы «Әль-Сафи» тойханасын іске қосып, халыққа қызмет етіп келеді. Дүйім жұрттың мұқтажын өтуге атсалысқан кәсіпкерлердің онды істері көп болуына тілекші қала тұрғындары. Бұл игі істерді жиырма үшінші жетістік деуге тұрарлық.

Жиырма төртінші жетістік деп БСА көшесіндегі жерден бой көтеріп жатқан, кәсіпкер Шынар Лұқманованың құрылысын аяқтауға жақын моншасын, Астана-Алматы күре жолының бойынан кәсіпкер Бауыржан Дулатовтың жүргізушілер мен жолаушыларға арнап салған дәмханасын, «Достық» көшесінің бойынан салынған Гүлнар Жүсірова мен Нұржановалардың «егіз» нысандарын, Нәсиба қарындасым қолдан тұрғызған «777» супермаркеті мен тойханасын атауға негіз бар. Заманға сай әрленіп жасалған бұл нысандар да көпшіліктің сүйсіне қарайтын нысандарына айналды.

Қала әкімі Қайрат Амангелдіұлы Камзин бүгінде қалада туризм мен демалыс орындарын дамытуды мықтап қолға ала бастағаны белгілі. Биылғы жаз айында еліміздің аймақтарынан кәсіпкерлерді шақырып, арнайы форум өткізді. Айдын көліміз Балхаштың жағасынан демалыс орындарын ашуға шақырды. Қалалық әкімдік тарапынан қолдан келер көмекті көрсететінін білдірді. Бүгінде республика көлемінде халыққа қызмет көрсетіп жатқан «Балқаш» демалыс-сауықтыру кешені қаламыздың мақтанышына айналып, мұндай орындарды көбейту қажеттігін дәлелдеді. Көл жағалауындағы ертегідегідей сарайдың кескін-келбеті сырттай қарағанды әсемдігімен таң қалдырады. Аталған демалыс кешеніне келушілер саны уақыт өткен сайын артып келеді. Бұл қаламыздың жиырма бесінші жетістігі деп ауыз толтырып айта аламыз.

Приозерск қаласының қайта жанданып, жаңаша өмір сүруіне бастамашы болған, қала тұрғындарын жұмылдырып, ынтымағы мен ауызбіршілігін ұйыстыра білген, гүлдеп-жайнауына өздерінің сүбелі үлестерін қосқан әкімдер баршылық. Солардың арасында ең соңында

тағайындалып, осы күнге дейін қаланың түбегейлі өзгеруіне үлкен ықпал еткен Қайрат Амангелдіұлы Камзиннің ерен еңбегі мен қалтқысыз қызметін атап өткен жөн болар. Сондықтанда ел тәуелсіздігінің 25 жылдық мерейтойына ол кісінің қосқан үлесін қомақты деп айтуға толық негіз бар.

БАБАЛАР РУХЫ ҚОЛДАП ЖҮРСІН!

Ұзақ жылдық және тынымсыз ізденістің нәтижесінде қазақ хандығының құрылғанына 550 жыл толғандығын тарих саласындағы ғалымдарымыз толық дәлелдеп, «...Бұрын қазақ деген ел болмаған...», дейтін желбуаздардың ауыздарына біржолата қақпақ қойды. Әсіресе белгілі тарихшы Берекет Кәрібаевтың қазақ хандығы мен мемлекеттілігінің қашан құрылғандығы туралы жарық көрген кітабының осы мәселеге қатысты айтары да, берері де мол дәйекті дүние екендігіне шүбә жоқ. Өткен жылы Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың 2015-жылды қазақ хандығының құрылғанына 550 жыл деп жариялауы да қоғамда үлкен пікір қалыптастырып, жамағаттың көңілін бір серпілтіп тастаған еді. Содан кейін-ақ, елдің еңсесі көтеріліп, өздерінің арғы тарихы мен түпкі шыққан тегіне үңіле бастаған болатын.

Жалпы қазақ ұлтының, оның үш жүзі мен руларының қазақ хандығына құрылуынан бастау алатынын елдің бірі білсе, бірі білмейді. Өз алдына тайпалар болып өріп жүрген жұрттың басын біріктіріп, оларды жүз бен руларға бөліп, орналастырудың сол кезде саяси және әлеуметтік мәні зор болатын. Өр жүз бен рулар жайсын жатқан жалпақ жерден өз мекенін, қоныстарын анықтап, өз шекарасын көзінің қарашығындай сақтауына бұл әдіс өте қолайлы және жауапкершілікті болғаны сөзсіз. Бұл өз кезегінде қазіргі кейбір қате түсініктер секілді қазақ елінің бөлінуін емес, керісінше шыққан тегін, өз атақонысын, жеті немесе он атасына дейін, шешіресін білуіне ықпал ететінін сипаттайды. Қаны жақын, жеті атадан аспай қыз алыспау дәстүрін де сол кезең қалыптастырды. Бұл үшін арнайы қатаң жарлық қабылданды. Сөйтіп, қазақ ұлтының азғындап кетпеуіне септігін тигізді. Қазақ халқы: «Жеті атасын білмеген – жетесіз», деген сөзді тегін айтпаса керек.

Қазіргі таңда үлкен, қанатын кеңге жайған руларда арғы-бергі өткен тарихы мен шежіресін түгендеп, қазақ қауымының басынан өткен қаншама зұлмат дәуірлерде шілдің боғындай шашырап кеткен түбі бір туыстарын іздеп, бауырын бүтіндеп, тегін танып, түпкі ата-бабаларына ас беріп, басына белгі қойып жатқаны қуантатын ісшара ретінде дәстүрге айнала бастады. Өрбір азамат өзінің өткенін білгені мақұл және оны болашақ ұрпаққа үлгі-өнеге, аманат етіп қалдыруға міндетті. Сонда алдағы уақытта ұрпақтары өздерінің қайдан шыққандығын біліп, бағамдап жүретін болады. Жуықта Қызылорда облысының Қармақшы ауданында осындай үлкен ісшара – тарихи форум өткізілді. Өткен жылдың күз мезгілінде аталмыш ісшараға дайындық жұмыстары басталып, қасиетті рамазан айының ақырында, ораза айтының алғашқы күнінде игі істің нүктесі қойылды.

Кіші жүздің он екі ата байұлынан тарайтын Алтын баба ұрпақтары басын қосып, еліміздің және көрші республикалардың түкпір-түкпірінде жүрген туыс-бауырларына сауын айтып, 2015-жылдың ішінде Алтын баба рухына арнап ас беретіндерін, одан бергі тараған ұрпақтарын түгендеп, етек-жеңдерін жиғысы келетіндерін жария еткен соң, әр түкпірде күнелтіп жүрген ағайын үн қата бастаған еді. Тоғыз айдан аса уақытқа созылған дайындық ісіне хабарды құлағы шалған ағайын қал-кадерінше үлесін қосып, шараның маңызы мен мәнін құлақ жетер жерге ұғындырып бақты. Негізгі белгі қоятын, ас берілетін орталықтың Қармақшы ауданы болып таңдалуы да теген емес еді. Алтын баба осы манда ұрпақ өргізіп, атақоныс еткен киелі топырақ, атамекен – осы жер болатын. Алтыннан тарайтын Жаманғара, Жанай, Сарым, Қасқұлдан Жапалақ (Жалымбет), Шұңғыр, Көзала болып әрі қарай өрбиді екен. Бүгінде бұл Жапалақ, Шұңғыр, Көзала және Қасқұл – төрт аталық болып тарқатылады. Міне, осы аталардан тараған ұрпақ еліміздің әр аймағындағы қоныс тепкен туғандарынан өз өкілдерін аталған форумға аттандырды. Қарағанды облысы мен Астанадан хабарласып, әр атадан құралған 14 адам бардық. Алтын атаның балаларынан бөліп-жармай-ақ бұрыннан, Өзбекстанда араласып-құраласып жүрген ағайындар – Яхия Байназарұлы Қалмұрзаев ағамыз бастап, Тәңірберген Әлменұлы, Ерәли Ахметұлы Жүсіпов, мен, Егемберген Талапбергенұлы Әлменов, Нәби Толғанбаев, Арапбай Жүнісұлы Жалғасов, Қыздарбек апайымыз Меңлібекқызы, Өмір Алданұлы, апам Гүлім мен жеңешем Ұлжан Сайыпқызы, інім Бақтыбай жұбайы Манат Амантайқызы және ұлы Әлиханмен бірге Бақтыбайдың жеке көлігімен Жезқазған-Қызылорда трассасы арқылы бардық. Сырттан келетін өз аталығындағы Жапалақ алтындарды Шұңғыр, Көзалаларымен қоса қонақ еткен және осы ішараның ұйымдастырылуының басы-қасында жүрген, әкеден қалған шежіре-деректі жинастырып, әрі жалғастырып келе жатқан

Асылбек Кетебайұлы Молдабаев ағамыздың үйінде бас қостық. Ұзақ жылдар бойы хабарласпаған, бір-бірін танымаса да, қаны бір туыстар мен ағайындар арқа-жарқа амандасып болғасын, өткеніміз жайында бір-біріміз туралы мол мағлұмат алуға қолымыз жетті. Кезінде КСРО қауіпсіздік комитетінде қызмет етсе де, шежіре жинауын тастамаған, қазақ десе жанын қиюға дайын болған әкесі Кетебай атаның жазып қалдырған қалың дәптеріне үңіліп, кімнің қай жерден қосылатынына көзіміз жетті. Одан бергі жалғасқан ұрпақтарды түгендесіп, дәптерді қалындата түстік. Алтын бабамыздың асында қауышқан ағайынның қуанышында шек болмады. Алтын атадан бергі жалғасқан ұрпақтың бүгінге дейінгі кезеңі ғылыми дерек бойынша жобамен 550 жылдан әрегірек уақытты құрайды екен. Соған орай, бұл аталықтың бүгінгі нақты санын ешкім нақты деп басып айталмас еді. Бұл кездесудің осы олықтың орнын толтыратын шара болатынына үмітіміз үлкен. Бұл келтірілген дерек те қазақ ұлтындағы рулық жүйенің қазақ хандығының құрылуымен тікелей байланысты екендігін растай түседі.

Қасиетті мекен топырағына табанымыз тиген соң, жиырма шақырым әріде жатқан Қорқыт бабаға арнап қойылған белгіге бармай кету күнә болар еді. Қостанай, Ақтөбе, Орал, Қарағанды, Жамбыл, Шымкент, Астана мен Алматы, Өзбекстан т.б. аймақтардан асқа арнайы келген делегаттармен бірге Қорқыт ата кесенесіне, мұражайына ат басын бұрып, киелі орынды тамашаладық. Бізге Әби ағамыз, менің құрдасым әрі туысым, ұзақ жылдар мемлекеттік қызметте басшылықтың тұтқасын ұстаған, көп жыл әскери комиссариаттың бастығы болып қызмет еткен запастағы полковник Мыңділда және өзге ағайындар жетекшілік жасады. Сол топырақта, Қармақшының сырт жағындағы биіктің басында жатқан әруақтардың басына барып, арнайы құран бағыштадық. Бабаларымыз басқан топырақты тілгілей ағып жатқан Сырдарияның суына шомылдық. Бабалардың табан табы қалған топыраққа аунадық. Әр жерден бас қосқан ағайынмен танысып, жөн сұрастық. Бұл дегеніңіз керемет бір тарихи кездесу еді!..

Алтын бабаға арнап қойылған биіктігі 6,5 метр белгінің салтанатты ашылуы ораза айт намазы оқылып болғасын басталды. Оған жергілікті әкімдік пен Қызылорда облысы әкімдігінен өкілдер қатысты. Салтанатты жиында осы форумды ұйымдастыру ұжымының төрағасы болған, Қызылорда облыстық ақсақалдар кеңесінің төрағасы, құрметті зейнеткер Өмірзақ Көпірбаев ашты. Аудан әкімі Сұлтан Мақашов, Нұрсұлтан имам, Қызылорда облысы құрылыс компаниясының басшысы, осы құрылыстың сапалы және уақытылы бітуіне бастан-аяқ қамқорлық еткен Марат Төлегенов және демеуші болған онколгиялық диспанцердің басшысы Кәрібай Төлеутаев секілді азаматтар құттықтау сөз сөйледі. Алтын руы болып қалыптасқаннан бергі осы аталықтан шыққан батырлар мен балуандар, билер мен жыраулар, тарих және әдебиет, мәдениет пен өнер, саясат сахнасында жүрген ұлы тұлғалардың есімдері аталды. Солардың арасында бүгінде қаржы министрінің орынтағындағы жас Үкімет мүшесі Ерболат Досаев та бар. Мұндай маңызды шараның ұрпақтар үшін үлгі-өнеге ғана емес, тарихы мен шежіресін білуге ынталандыратыны, адамдар арасын жақындата түсетіні, өскелең жастарды әруақтар алдындағы борышын өтеуге тәрбиелейтіндігі айтылды. Облыстық және «Қазақстан-Қызылорда» телеарналары салтанатты жиын жайлы телебағдарламаға түсіріп, оған мен де сұқбат бердім және мейрамханада өткен аста жыр-арнауымды оқыдым.

Қармақшыдан Қызылордаға қарай шығатын күре жолдың жағасына қойылған, алыстан менмұндалайтын зәулім белгінің маңы болашақта ауқымды саябаққа айналатыны сөз болды. Ашылу салтанатынан кейін аудан орталығындағы ауқымды мейрамханада берілетін ас үшін жайылған дастарқаннан дәм татып, Алтын баба мен өткен әруақтар рухына құран бағышталды. Жан-жақтан бас қосқан делегация өкілдері құттықтауларын жолдады, ән мен күйден шашу шашылды, арнаулар оқылып, ақсақалдарға шапан жабылып, астаналықтар дайындаған арнайы естелік төсбелгі табысталды. Сырттан келген құрметті қонақтарға сый ретінде бірнеше жерде қонақасы берілді. Соның ішінде алтынға келін болып түсіп, алтын әулетінің түтінін тік ұшырған, ағамыздың құтты орнын жоғалтпаған, ұзақ жылдар ұстаздық еткен жеңгеміз Айғанша мен шаңырақ иесі болып отырған қолындағы ініміз Алмат бауырымыздың жүрекжарды ықылас-ниеттеріне риза болғанымызды атап өткіміз келеді. Атына заты сай жеңгеміз ұл-қызы мен келіндерін қазақи қалыпта тәрбиелеп, сырттан келген туыскандарды жылы лебізбен күтіп алып, нағыз сағынысқан туыстарша қонақжайлығын, сағынышын сездіре білді. Осындай туыскандармен араға ғасыр салып қауышқаныңа, табысқаныңа қалайша қуанбайсың?!

Арнайы белгі үшін ажыратылған ауқымды жердің айналасын абаттандырып, құрылыс жұмысын жүргізуге басынан бастап жетешілік еткен азаматтар Алмас Қаржаубаев пен Сырлыбек Ералиевтің аттарына көпшілік тарапынан алғыс пен ризашылық сезімдері жолданып жатты. Қазақ хандығының 550 жылдығы қарсаңына арналып өткізілген бұл форумның тарих сахнасында қалып,

болашақ ұрпақтар санасына ізгілік пен игіліктің, ізденіс пен талпыныстың, білуге құлшыныстың дәнін себетіні даусыз. Ізгі ісшаралар ұлттың мүддесі, халықтың бірлігі үшін жасала берсін, бізді бабалар рухы қолдап жүрсін!..

КӨШ ҚАЛАЙ БАСТАЛДЫ?

Ғасырлар өтер, замандар кетер, болашақ жетер!.. Алайда, тарихтың шежіресін ешкім адам санасынан да, тарих сахынасынан да өшіріп тастай алмайды. Бүгінде ширек ғасыр толғалы отырған Тәуелсіздігіміз біздің – яғни, оралмандардың да тағдырымен тікелей байланысты. Осы тәуелсіздіктің арқасында біз тарихи Отанымызбен қайта қауыштық. Жеке адамның да, үлкен топтың да болашақ өмірі мен тағдырына себепші болатын жағдайлар немесе адамдар болатынын көбіне аңғара бермейміз. Приозерск қаласына көшіп келген көптеген отбасының бүгінгі тағдырына өзіміз танитын, күнде араласып жүрген бірнеше адамның себепкер болғанын екінің бірі біле бермейді. Біз білгенмен, көпшілік білмесе, ертең ол жадымыздан мүлде ұмыт болып кетуі мүмкін ғой. Сондықтан Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында осы бір тақырыпты қолға алып, қал-қадерімше осынау деректі-очеркті жазып шығуды мақсат еттім. Бүгінгі жастар оқысын, білсін, өздерінің бүгінгі өміріне кімдердің себепші болғанын біліп жүрсін деген ой ғана. Түптеп келгенде, көп адам сол жандарға қарыздар болмаса да, парызды екенін ұғынғаны жөн деп ойлаймын. Сонымен, бұл деректі-очеркіміздің кейіпкерлері кім? Көшу идеясы және көш қалай басталды?..

Ең алғаш болып қалаға ат басын тіреп, көшу мәселесін қозғағандар марқұм Тұрамаханбет Махмудов, Омарәмзе Әбдіғаниұлы, Құлмұханбет және Шерали Сайранбайұлдары және бүгінде баршамызға таныс, музыкант-ұстаз Марс Сүлейменов болатын. Бүгінде осы кейіпкерлердің ішінен Марс әңгімеге икемді болғандықтан, келесі әңгіме желісін оның өз аузынан есітіп көрелік: «1995-жылы біз – Омар-Әмзе ағамыз, Құлмахан және Шерали бәріміз Зарафшан қаласындағы Оба індетіне қарсы станцияда қызмет істеп жүргенбіз. Сол кездері басымыз қосыла қалса әңгімеміз балаларымыздың болашағы, оларды есіміз барда тарихи Отанымызға қосу жайында болатын. Алайда, қай аймаққа көшеміз? Кім бізді құшақ жайып қарсы алады? Жаңа қонысқа қалай жайғасамыз?.. деген секілді жауапсыз сан ойлар санамызды сансырататын. Ата-бабамыз бірнеше ғасыр қоныс еткен туған жерді қиып тастап кету ойдың ішіндегі ең ауыры болатын. Бірақ бірте-бірте өзбек тіліне өте бастаған, қазақша газет-журналдарды жаздырып алуға тиым бола бастаған шақта ұрпағымыздың болашағы қатты алаңдататын. Бұндағы тілшілігіміз, әл-ауқатымыз жақсы, басымызда үй-күйіміз де бар. Мәселе – балалардың алдағы өмірі қалай болады?.. дегенге тірелгенде, «Көшу керек!..» дейтінбіз бәріміз бір ауыздан.

Осындай бір отырыстың кезінде әңгімені Құлмахан бастады. «Менің Газлиде тұрған нағашым Жезқазған облысының Приозерск деген жеріне көшіп барыпты. Әскери қала болған көрінеді. Ондағы орыстар көшіп кеткен қала екен. Оның айтуынша болашағы бар дейді...». Бұл хабар бәрімізге ерекше әсер етті. Дәл сол уақытта Өтемұрат ауылында тұратын олардың ағасы, елге сыйлы, білімді, өмірден көріп, тоқығаны көп Түрекең-Тұрмаханбет ағамыз қалаға келіп қалды. Бәріміз жабылып, сол кісіні үгіттеуге көштік. Өзі көшпесе де, бізді бастап жер көруге, әлгі қаламен танысуға апаруын, жолбасшы болуын өтіндік. Түрекең демалыста болғандықтан біздің өтінішімізге көнді. Ол кісіден кейін жолға көлікпен шығуды ойлаған біз «УАЗ» маркалы көлігі бар Омарәмзе ағамызға барып жармастық. Көшу жайын бізден де гөрі көбірек ойлап жүрген Омекең бірден ойымызды құптай кетті. Осылайша аяқастынан сапарға дайындық жасаған біз, аталған бес кісі жолға аттанып кеттік.

Біздің ауылдан шыққандағы негізгі алған бағытымыз Приозерск қаласы болғанмен, жол-жөнекей Жамбыл облысынан да қоныс болатын жер көруді ойладық. Жермен бірге елмен де танысып келеміз. Көліктегінің бәрі де машина жүргізе алғандықтан, кезектесіп айдап, тоқтаусыз сапар шектік. Бұл жақтың табиғаты ерекше, көркем, жер жап-жасыл кілемге оранған. Жамбыл облысының Құмөзек деген ауылына келгенде жанармайымыз тапшыланып, май құю бекетіне тоқтадық. Заманның таршылық кезі ғой, май құюшы бізді бөтенсінді ме, май бергісі келмеді. Көліктегі маймен алысқа бара алмаймыз. Амалсыз, көлеңке жерге барып отырып күтуге тура келді. Бейтаныс ел. Жат жұрт. Бір мезетте қасымызға шеткі үйлердің бірінен бір жігіт келіп, «Ішеріңізде құран оқитын кісі бар ма?» деп сұрады. Біз бар екенін айтқасын, ол бізді үйіне бастап барды. Сол жерде тамақтанып, шай-суланып, құран оқып болғасын жағдайымызды, сапарымыздың мәнісін айттық. Олар бізге жанармай әперуге көмектесті. Сөйтіп, сапарымызды әрі

жалғадық. Жолға шыққан соң әлгі Құмөзек ауылының тірлігі біздің әңгімемізге өзек болды. Дерлік қазақ жұрты отырып, салт-дәстүрді, әдет-ғұрыпты, діни жоралғыны ұмытқаны қынжылтты. Бұл маңайдан бізге қоныс болмасын байқадық.

Приозерск қаласы бізді тым суық қарсы алды. Қалаға кіреберіс қақпада қабақтары қатулы ресейлік әскерилер тұрды қаздыып. Ішке кіруге біржолата қарсылық танытып, көлігімізді анадай шетке апарғызып қойды. Ол кезде байланыса қоятын бүгінгідей ұялы телефон деген атымен жоқ. Түрекең екеуміз амалдап шетке ығысып, жаяу қалаға тарттық. «Тастанды қаланың» бүгінгі сиық-сықыптына қарайлап келеміз. Жартылай қираған немесе терезелері үңірейген үйлер көзге сұп-суық көрінеді. Қаншама ғимараттар, тұрғын үйлер қаңырап бос қалған. Аянышты көрініс. «Түреке, бұл жер бізге қоныс болар ма екен? Мынау масқара көрініс қой, ақыры қалай болар екен» деп қоямын. «Әй, бала, сен бұнда аламын деп емес, беремін деп келген жоқсың ба? Құдай қаласа біз бұл қаланы өз қолымызбен қайта көтеретін боламыз» деп кесіп тастады Түрекең. Мен өз сөзіме өзім ұялып қалдым. Сөйтіп қаланың орталығына да жеттік. Бұнда көшіп келген газлиліктердің барын білеміз. Орталыққа кіргесін ең әуелі сол кездегі полиция сержанты Ысқақты кезіктірдік әйтеуір. Ол барып біздің көлігіміз бен қалған адамдарымызды әкелді. Сөйтіп алғаш рет осы қалаға табанымыз тиіп еді...

Сол күні дем алып, қаоаның хал-жайы жайлы бұрын келген жерлестерімізден сұрастырып, біраз әңгімеге қаныққан соң, ертеніне қала әкімдігіне бас сұқтық. Әкім Сағымбай Медеубаев бізді жылы қабақпен қарсы алды. Біз өз мақсатымыз бен ондағы ел-жұрттың жайын баяндадық. «Менің негізгі мақсатым – осы қаланы ең әуелі қазақтандырып, сосын еңкейген еңсесін тіктеу. Оны жүзеге асыру үшін адам күші керек. Президентіміз Н.Ә.Назарбаевтың дүниежүзі қазақтарына Үндеу жолдап, елге шақырғанынан хабардар шығарсыздар. Сіздер елдеріңізге барғасын ондағы ағайынды үндеп, осында көшіп келуге шақырыңыздар. Мен өз тарапсымнан қолдан келген көмектің бәрін жасауға тырысамын. Жезқазған облысының әкімі Қажымұрат Ыбырайұлы Нағмановпен сөйлесіп отырмын. Келем деген жұртты көшіріп алуға үлкен жүк көлігі бөлінетін болды. Оған қоса көшіп келгендерге жан басына қарай бір реттік жәрдемақы беріледі. Мамандығы мен кәсіптеріне қарай жұмысқа орналастырылады. Ең бастысы, бізге қажетті мамандар көбірек керегін ескеріңіздер. Лажы барынша ел-жұрт күзгі суыққа қалмай жетіп алғаны дұрыс болар еді» деп түйіндеді әкім сөзін. Әкімнен шыққан соң біз елге барып, өзіміз үгіт жүргізетін ауыл-аймақты бөлісіп жаттық. Тек қана кітаптар, карта арқылы білетін кәрі Балқаштың суына шомылып, қаламен мұқият таныстық. Сол кезде «Горкрмхоз» деп аталатын мекемедегі қызметкер, жұмысшылардың басым көпшілігі Газли тарапынан келген жерлестеріміз болып шықты. Абажадай мектеп енді ғана аралас мектепке айналыпты. Емханада да мамандар жетіспейтіні белгілі болды. Бұл жерге де мұғалімдер мен медицина мамандары көбірек керектігін көңілге түйіп қойдық.

Бірер күн қалада болған біз, елдегі жұртты үгіттеп осында шақыру үшін қайта жолға шыққан едік. Алда ұзақ жол жатыр, артта «Қайтып келгенше аман-сау болыңдар!» дегендей ыңырситолқып кәрі Балқаш қалып барады. Көңілде сан күдік, сан ойлар. Алып-ұшып жеткен жол қайтуда тым ұзарып кеткендей. Ауылдағы елді үгіттеп әкелгенімізбен, ертеңгі күні олардың көңілі бұл қонысқа тола ма? Сау басымызға сақина тілеп алмаймыз ба?..» деген сан ойлар санада жаңғырады... Елге жеткен соң біз бөлісіп алған мекендеріміз бойынша әңгіме-сұқбат, үгітімізге кірісіп кеттік».

Приозерск қаласына келіп, көшу мәселесін күйттеп қайтқан бес кісі елге оралған соң көрген-білгендерін, көшудің жай-күйін айналадағы жұртқа жариялай бастағанынан біз де хабардармыз. 1995-жылы мен мектепте бір жыл мұғалім болып, жазда еңбек демалысымда жүрген кезім еді. Бір күні таңертеңгі мезгілде бүгінде осы қалада тұратын зейнеткер, көп жылдар есепші болып қызмет атқарған Рахым Елжанов ағамыз үйге келді.

–Нұрқали (ол кісі мені әлі осылай атайды), Тұрмахан қожалар Қазақстаннан жер көріп келіпті. Жезқазған облысының Приозерск деген қаласы дейді. Енді көшуге ниеті барларды тізімге алатын көрінеді. Сен Алматыдан қайтып келгелі қайта көшемін деп жүр едің ғой, соған қалай қарайсың? Негізі қожекеңе өзің жолығып, сөйлескенің дұрыс шығар. Мақұл көрсең өзіміз барып сол жақты көріп қайтайық, – деді. Мен ойланып қаолдым. Приозерск деген қала барын бұрын-соңды естіген емеспін. Жедел көтеріліп, Тұрмахан ағаның үйіне қарай аяндадым. Түрекеңдер азанғы шайларын ішіп болып қалған екен. Сәлемдесіп, үйдің көлеңкесіне төселген көрпешеге жайғасытым да, көш туралы әңгіме жайын сұрадым.

–Иә, біз барып, көріп қайттық. Қаладағы ресейлік әскерилер көшіп кетіп, бұл жер жартылай жартылай бос қалған екен. Соған қала әкімі жан-жақтан қазақ қауымын жинауды қолға алыпты.

Бізге де көшіп баруға ұсыныс жасады. Ешкімді «көш» деп үгіттемеймін. Негізі әркім өздері барып көргені дұрыс болар. Өз басым ағайын-туғандарыммен келісіп, біргелікте көшуді ұйғарып отырмыз, – деп Түрекең барлық мән-жайды баяндап шықты. Ол жерден шыққасын мен Рахым ағаға қайтып келіп, аталған мекенге өзіміз барып қайтуды ұсындым. Арадан бірнеше күн өткенде біз де сапарға аттандық. Рекең екі баласын алып, Жұмағали деген жиенін және Кенбай бесеуміз едік. Екі күннен соң Сарышағаннан поездан түсіп, Балқаш көлінің етегіндегі Приозерск қаласының топырағына біздің де табанымыз тиді. Біздің мұнда танысымыз болмағандықтан, сол кезде әкімдік арнайы ажыратқан № 130 жатақханаға жайғастық. Бұл жерде Өзбекстанның әр аймағынан келген біраз адамдар, отбасылар тұратынын көрдік. Олармен әңгімелесіп, жөн сұрастық. Бұлардың бәрі де әртүрлі жұмыстармен айналысады екен. Келесі күні қала әкіміне кіріп, әңгімелестік. Көштің жай-жапсарын талқыладық.

Әкімнің алдында мен сол кезде Приозерск телерадиокомпаниясының директоры Нұржан аға Абдуллаевпен таныстым. Менің журналист екенімді білгесін ол кісі өзіне шақырды. Нұрекең Түркістан тарапының тумасы болып шықты. Менің Түркістанда туысқандарым барын, ол жақпен тығыз байланыста екенімді есітіп, іштартып қалғанын байқатты. Нұрекеңмен біраз әңгімелестік. Менің осында көшіп келуімді, қаланың қайта түлеуіне үлес қосуымды құптады және қызмет жағынан көмектесетінін жеткізіп, көңілді көтеріп тастады. Көшіп келуге деген ықыласым арта түскен мен Рекеңдерге қайтып оралдым. Олар қаланы түгел аралапты. Түстен кейін Балқаш көліне шомылдық. Желсіз күнде жеңіл толқындары жағаға жылжыған аспан түстес су беті кісіні өзіне еріксіз тартып тұрды. Біз бәріміз де болашақта осы қаланың тұрғындары боларымызға нық сенімді едік. Қаланың көптеген алқам-салқам үйлері, шашылып жатқан көшелері бізді шошыта қойған жоқ. Керісінше мынау жартылай бұзылған, терезелері үңірейген ғимараттарды қалай жөндеп, қалпына келтіру жайын ойласып жүрдік. Үшінші күні жұмыспен қамту бөліміне кіріп, Рекең жұмыс жайын сұрамақшы болып келгенбіз. Қызық болғанда, мекеме бастығы Бақыт Тәуірғалиевна Рекеңе жата келіп жабыссын. Ол өзіне тәжірибелі есепші керегін айтып, осында қызметте қалуын қатты өтініп сұрады. Рекеңді мен де үгіттеп жатырмын. Ол кісі өзінің орысшаға шорқақ екенін айтып қашқалақтайды. Бір сағаттан аса отырып, ақыры Рекеңді көндірдік-ау. Жер көріп, байқап қайтуға келген Рахым ағамыз ертеңіне сол жерге есепші болып орналасты да, екі күннен соң Жезқазғанға іссапарға аттанып кетті. Балалары да жұмысқа кірді. Бұл уақытта сырттан отбасыларынсыз келген кісілер қаладағы қайта қалпына келтіруге жарайтын үйлерді жөндеуге қызу кірісіп кеткен еді. Қаланы қалпына келтірудің нақты жоспары жасалынып, барлық мүмкіндіктер қарастырылып жатқан кез болатын. Мен көш қамына кірісу үшін елге қайттым.

Ауылға келсем, барлық жерде ду-ду, қызу әңгіме. Бәрінің аузындағы тақырып көштің жайы. Біреулер біздің әрекетімізді қуаттап, біреулер даттап жатты. Мен мектептегі жұмысымнан босанып, көш қамына кірісіп кеттім. Себебі көшіріп әкететін ұзын қорапты «КамАЗ» жүк көліктерін ұзатпай жіберетінін қала әкім Сағымбай Медеубаев қадап тапсырған болатын. Тамды ауданының барлық шаруашылықтарынан адамдардың көшу үшін тізімге жазылып, ниеттеніп жатқанын есітіп жаттық. Арадан көп уақыт өтпей, екі жүк көлігі де келіп жетті. Онымен жиырма шақты отбасының жүгі аттандырылды да, біз келесі кезекке қалдық...

Әне-міне дегенше күз түсіп, алғашқы ақ қырау да түсе бастады. Екінші кезекте жеткізілетін жүгімізге қарамай, қараша айының басында біз отбасымызбен бірге Түркістан қаласы арқылы болашақта қоныс болатын мекенімізге аттанған едік. Біз елден шыққанда ауылда күн жып-жылы болып тұрған. Қарашаның 12-жұлдызы күнгі түнде поездан түскенде күн бұрқасындатып, қар жауып тұрған еді. Бұл жылы жақтан келген бала-шағамыздың мүлде басқа ауа-райына алғаш тап болуы тұғын. Олардың әрбірінің жанарынан «Бізді қандай жерге әкелдің?...» дегендей сұраулы пішінді ұғып тұрдым. «Бәрі жақсы болады» деп көңілдерін жұбатуға тура келді. Ол кезде бұнда алғаш табан тірегендерге арнайы дайындалған жатақханадан орын бөлінетін. Пәтер тауып жайғасқанша, олар осында тұруға жағдай жасалынған. Біз де бала-шағамызбен осы осында жайғастық. Бұл кезде біздің жақың әр аймағынан көптеген адамдар көш туралы есітіп, өз қалауларымен, отбасыларынсыз келіп жатақханаға орналасқан және жұмысқа кірісіп те кеткен екен. Сол сәттерде қаладағы бос қалған үйлерді жөндеу мен қалпына келтіру жұмыстары қарқынды жүріп жатты. Келіп жатқандар ешқандай жұмыс талғамай, кез-келген қызмет пен жұмысты атқаруға дайын болатын. Бәрінің де ойларында хал-қадерінше қаланы қалпына келтуге үлес қосу болғаны анық. Көптеген адамдар бұрын-соңды істеп көрмеген – қазандық жағу жұмысына кірісіп, тез арада бұл кәсіпті игеріп алды. Менің мамандығым журналист болғанымен, телерадиокомпанияда ауқымды қысқарту жүріп жатқандықтан, мұнда орналасудың реті келмеді. Сондықтан қала әкімінің ұсынысымен қалалық әкімдікке заңгеркеңесші ретінде қызмет атқаруыма

тура келді және осы салаға қатысты кітаптарды оқып, білімімді өздігімше толықтыруға талпыныс жасадым. Өз кезегінде бұл маған заңнамалық құжаттармен және ақпарат, мәліметтермен толыққанды танысуыма көмектесті.

Бүгінгі № 1 мектепте қазақ сыныптары ашылып, балаларымыз сонда оқи бастады. Қазақ сыныптарының оқытушылары әлі де жетіспейтін. Сондықтан мұғалімдер екі кезекте дәріс өтті. Шындығына келсек, бюджеттік мекемелердің өзіне уақытылы жалақы төленбейтін кезде тұрғындар өз беттерінше тіршілік қамын жасаудың қамын ойлайтын. Осындай сәтте жұрттың түсті металдар жинап, оны қабылдау пункттеріне өткізіп, тапқан қаражаттарын бала-шағасының нәпахасына жұмсады. Көмектесуге уәде еткен қалалық әкімдік өз уәделерінде тұрып, балалардың қыстық киім-кешегін сатып әперді. Көшіп келгендерді коммуналдық қызметке ақы төлеуден босатты, пәтерлерін өздері жөндеп алуға ниеттенгендерге құрылыс-жөндеу материалдарын беріп, пәтерлерін жөндегендерге еңбекақыларын да төлеп отырды. Отбасыларды ұсталынған болса да тұрмыстық техникалармен қамтамасыз етті. Ресейлік баланста болып, кейін жабылып қалған балабақшаларда сақталынған төсек-орындармен жабдықтады. Бұның бәрі енді келіп жайғасып жатқан жаңа тұрғындар үшін үлкен көмек болды. Ең бастысы, тарихи Отандарына оралған жұрттың көңілдерінде болашаққа деген үлкен сенім болды. Жақсы күндерге болған үміттері олардың намысын жанып, қайратын тасытты. Жалақының уақытылы төленбеуі, жоқшылық, жетіспеушілік, қыстағы ауа-райының суықтығы мен өзге климтқа қалыптасу қаншалықты қиын болса да, жігерін мұқалта алмады. Олар жұмыс, қызмет таңдап жатпады, қолдан келетін кез-келген жұмысқа бел шешіп кірісіп кететін. Бұл алдағы келетін қуанышты, бақытты, баянды күндерге бағыт берді, жол сілтеді, жарқын өмірге бағдаршам болды...

Осылайша жаңа қоныста, жаңа ортада, айдынды Балқаш көлінің жағасында Қазақстан аумағының біраз аумағынан келген қандастарымен араласқан жаңа өмір басталып кетті. Қазақ қашаннан да келгендерді кері теппеген халық. Өзінің қандастары түгіл, ұлты, діні бөлек халықтар да сыйған қазақ жұртына. 1995-жылдың ақпан айынан басталған көш өзінің толассыз жалғасын тауып кете барды. Қасиетті мекен Қоржынтүбек ешкімді жатсынбады, бауырына тартып жатты. Қала әкімі Сағымбай Мұқатайұлы өзінің мол тәжірибесінің, іскерлігінің арқасында қаланы қайта қалпына келтірудің қолдан келетін барлық мүмкіндіктерін, шараларын жасап бақты. Оның бастаған игілікті бастамасына дүйім қала жұртшылығы атсалысты. Сәкең ресейлік әскери басшылармен тіл табысып, достық пейілмен, ұжымдасқан қалыпта жұмыс істеді. Жартылай қираған үйлер түгелдей бұзылып, жөндеуге жарамдылары қалпына келтіріле бастады. Келесі жылында Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев арнайы іссапармен қалаға ат басын тіреп, қаланың тыныс-тіршілігімен танысты, қала басшылары және ресейлік әскери командирлермен кездесіп, шағын шаһардың болашағы туралы бағдарламаларын бағамдасты.

Қанша қиын заман болса да, даталы күндер, мерекелік және маңызды ісшаралардан қала тұрғындары қалыс қалған жоқ. Қиын-қыстау кезеңді бастан кешіп жатқан халыққа мәдениет, өнер шаралары аса қажет еді. Осыны ұққан қала әкімі тұрғындардың көңілін көтеріп тұруды әсте есінен шығармауға барынша тырысты. Көштің қоныс тебе бастаған 1995-жылдың жаз айының соңында қазақтың ұлық данасы, арда ақыны Абай бабамыздың 150 жылдық мерейтойы жоғары деңгейде, ұйымшылдықпен, ұлттық нақышта дүркіреп өтті. Оған қаланың бүкіл тұрғындары жұмылдырылды. Сырттан құрметті қонақтар, белгілі әншілер, өнерпаздар шақырылды. Осы қала тарихында алғаш рет қала әкімі С.Медеубаевтің ұйымдастыруымен жұртшылық аламан бәйгені тамашалады. Қаланың үлкен көшесіне Абай есімі берілді. Бұл да қала тарихындағы қазақша аталған алғашқы көше болды. Келесі жылы ұлттық реңкте өткізілген үлкен мерейлі мереке – «Наурыз» мейрамы мерекеленгені әлі күнге дейін есімізде. Бұрын-соңды қазақ ұлтының мұндай мерекесін көрмеген қаланың байырғы тұрғындары наурызды таңдай қағысып тамашалады.

Жаңадан ұйымдастырылып, ашылған қазақ-орыс аралас мектебіне мұғалімдер орналасып, күн өткен сайын оқушылар саны да арта түсті. Мектеп бірер жылдан кейін бірыңғай қазақ мектебіне айналып, Зейне Төлекова алғашқы директор болып тағайындалды. Одан соң директорлық қызметті атқарған Саруса Мақышева өзінің біліктілігімен, іскерлігі және ұйымдастырушылық қабілетінің арқасында мектептің беделін көтеріп, өзіндік із қалдырды. Сол жылдары ұйымдастырылып тұратын мәдениет және өнерге байланысты мекемелер арасындағы қалаішілік байқауларда қазақ орта мектебі бірінші орынды бермеді. Көшіп келген қандастарымыз өздерінің білімділігі мен қарым-қабілеттерін байқатып, білім деңгейін көтеруге ерекше үлес қосты. Олардың арасынан Тыныш Жалханова, Зылиха Гузарова мектептің мақтаныштары болса, Әйгерім Қалжанова басшылық қызметтің пұшпағын ұстады. Қазірде мектеп директорының оқу істері бойынша орынбасары Гүлзира Өтегенова лауазымына лайықты ұстаздар санатында. Маржан мен

Дүрия Хизировалар, Серік Тәңкібаев, Амангелді Бекетов, Сейдолла Таусоғаров, Жолдыбай Жалғасбаев, Айжамал Мықтыбаева, Феруза Тілегенова, Дәрігүл Бекмұратова т.б. ұстаздар есімдері мақтанышпен тілге алынады. Орынбек Әйтпенбетов қалалық мәслихаттың депутаты болып екі рет сайланды. Осы ретте мектептің аяғынан тік тұруына айтарлықтай еңбек сіңірген марқұм Адайхан Қадырбаев ағамыздың есімін еске ала кетсек, марқұм ағамыздың әруағы риза болар.

Бұнда көшіп келгендегі кішкентай балалар және осында дүниеге келгендер азамат болып, қазір әртүрлі салаларда жемісті еңбек етіп жүр. Қазақ мектебінен тәлім-тәрбие алған шәкірттер арасынан өнер мен спорт саласында облыс, республика көлемінде үлкен жетістікке жеткен өрендер шықты. Былтырғы Қазақ хандығының 550 жылдық мерейтойына арналып Астана қаласында өткен ұлттық аспаптар орындаушыларының фестивалінде № 1 мектептің түлегі, бүгін таңда Алматыдағы А.Жұбанов атындағы республикалық қазақ мамандандырылған дарынды балаларға арналған музыка мектеп-интернатының қобыз сыныбының шәкірті Әсел Уәлиқызы Қыдырмұрат бас жүлдені жеңіп алды. Пән олимпиадаларна қатысқан қаншама оқушылар биік белестен көрінуде. Қазақ орта мектебін үздік бітірген Динара Спанқызы Қарабекова Қарағанды мемлекеттік университетін қызыл дипломмен, магистратураны, Президент жанындағы Академияны да үздік аяқтап, бүгінде Октябрь ауданында судьялық қызметтің тұтқасын ұстап отыр. Мемлекеттік қызметте өздерінің білімділігі және қызметтегі жетістігімен көзге түсіп жүрген қалалық әкімдіктің бас есепшісі Жазылбек Махатов пен қалалық экономика және қаржы бөлімінің маманы Әсет Шамшатовтарды мақтанышпен ауызға алуға болады.

Қаладағы денсаулық сақтау саласында қаншама дәрігерлер мен мейірбикелер нәтижелі қызмет етіп келеді. Осы қалаға көшіп келгендегі жігіттер мен келіншектердің алды зейнеткерлікке шыға бастады. Қалалық аурухана мен емханадағы білікті мамандардан Жолдасбек Жұмаев, Қадиша Орынбасарова бүгінде еңбегінің зейнетін көре бастаса, Эльмира Мызахметова гинеколог-дәрігер, Тойжан Әлменова, Фатима мен Зухра Жалғасбаева және Жаңагүл Дүйсеновалар мейірбикелік қызметтерін жалғастыруда.

Жастарымыздың көбі әскери қызметтерін өтеп келген соң келісімшарт бойынша әскери қызметшілік міндеттерін жағастырып, Отан қорғау саласына ден қоюда. Бұл салада да ондаған жігіт-қыздарымыз азаматтық міндеттерін абыроймен атқарып жүр. Құқық қорғау саласында көптеген жетістіктерге жеткен жігіттер мен қыздардың алды зейнетке шығып кетті. Олардың орнын өсіп-жетілген жастар жалғастыра бастады. Елде жүргенде полиция қызметінде болған кіші лейтенант шеніндегі Әлия Құрманғожина Приозерск қаласына көшіп келгесін қалалық полиция бөлімінде кәметке толмағандар істері бойынша инспектор қызметімен жалғастырған болатын бұндағы қызметтік жолын. Халықтың тыныштығын қорғау саласында ол өзінің мамандығында мықтылығын дәлелдей алды. Жаны өлең-жырға құмар, қазақ және орыс тілдерін жетік меңгерген талантты қыз тез арада өз әріптестері арасында алға өрледі. Полиция әкімшілігі тарапынан көптеген мақтау-марапаттарға ие бола жүріп, қызметтік сатысымен жоғарылай берді. Бүгінде ол Приозерск қаласының жергілікті полиция қызметінің ювеналдық тобының инспекторы лауазымын атқарып жүр. Полиция майоры. Әлияның қызметтік жолындағы үлгілі істері жас ұрпаққа өнеге боларлықтай. Көптеген сіңілілері оған еліктейтінін де байқап, бағамдап жүрміз. Өртке қарсы және төтенше жағдайлар қызметтерінде де мадақтауға лайықты азаматтар жетерлік. Бір ғана Марат Файзоллаұлының батылдығы мен ерлігін айтсақ та жеткілікті. Ол туралы арнайы мақала дайындап, газетімізге жариялаған болатынбыз. Көптеген қыздарымыз балабақшаларда тәрбиеші, оның көмекшісі қызметтерін тыңғылықты атқарып жүр. Осы очеткің басты кейіпкерінің бірі Марс Сүлейменов балабақшадағы музыканттық қызметімен де, өнерімен де көпшілікке танымал.

Жоғарыда әңгімелеген, осы қалаға көшіп келудің бастамашысы болған Тұрмаханбет Махмудов ағамыз ұзақ жылдар қаланың коммуналдық саласында басшылық қызметтер атқарды және бірнеше рет қалалық мәслихаттың депутаттығына сайланды. Ізінен ерген қаншама інілеріне үлгі-өнеге бола білді. Жастардың дұрыс жолды таңдап, өмірдің өнегелі даңғылына түсуіне бағдар берді және ақылшысы болды. Өзі дүниеден өтіп кетсе де, Тұрағанның кісілігі, азаматтығы, көшбасшылығы мен ақсақалдығы жерлестерінің ғана емес, қала тұрғындарының есінде ұзақ уақыт сақталары сөзсіз. Қаланың қайта түлеуіне елеулі үлес қосқан Фахредин Берсүгіровтің, Оспан Қаланбаевтың, Маханбет Ерiмбетовтің, Нұрадин Жаманбаев және т.б. да азаматтарымыздың қызметтік өмір жолдары мен қала тұрғындары арасындағы еңбектері бағалы, беделдері жоғары. Ф.Берсүгіров пен Н.Жаманбаев та қалалық мәслихаттың депутаттары болып бірнеше реттен сайланып, қоғамдық жұмыстардың белортасында жүрген азаматтар. Қазір зейнеткерліктегі Фахредин ағамыз арқа сүйеуге лайықты ақылман ақсақалдардың қатарында. Алғашқылар

қатарында көшіп келіп, мекемелердің есеп саласында ұзақ жылдар жемісті еңбек етіп зейнетке шыққан Рахым Елжановтың еңбегі елеулі болды. Қазақстан демографиясының жақсаруына үлес қосып жүрген алтын құрсақты аналарымыздың есімдері әрдайым құрметпен аталып отырады. Ұлы Отан соғысы және еңбек ардагері Аймереке әжемiз бiздiң ғана емес, қаланың, тiптi аймағымыздың мақтанышы, кие дарыған кейуанасы деп бiлемiз. Елiмiздiң дамуына еңбегi сiңiп, зейнетке шыққан данагөй, сөзiне iсi сай, әр сөзiнде тәрбиелiк мән, ғибрат пен өнеге бар ақылман ақсақалдарымыз ұрпақтарының қамын жеп, имандылыққа баулып отырады. Осындай қарияларымыздан байырғы ұстаз Әдiлхан Наушаруановтың, Әлiбек Хизировтың, Қырым Көпьяшаровтың есiмдерiн атауға болады. Алғаш көшiп келiп жатқанда Мырзабек Хизиров көшi-қон комиссиясының төрағасы ретiнде келушiлерге өзiнiң-ақыл кеңесiн берiп, жайғасып алуына көмек қолын созды және олардың мұң-мұқтажын жоғарғы жаққа жеткiзiп отырды.

Бiз бұл шағын очеркiмiзде тергiштеп айта берсек, әлi талай жандардың мақтауға тұрарлық iстерiн тiлге тиек етуiмiзге болар едi. Өскелең ұрпаққа өнеге болсын, өткен тарих парақтарын ақтарып, жиырмасыншы ғасырдың аяғы, жиырма бiрiншi ғасырдың басындағы ұлы көштiң басталуы мен жалғасуы жайында қысқаша болса да дерек берудi жөн санадық. Бүгiнде ауызша статистикаға сүйенсек, тоқсаныншы жылдардың басында бастау алған көшпен тарихи Отанына оралған қандастарымыздың саны миллионнан асты деп жүр. Шындығына келгенде бұл сан бұдан әлдеқайда көп екенi ақиқат.

ТУҒАН ЖЕР ТОПЫРАҒЫНДА

Ата-ананың көзi жұмылғасын, ауылға қарай аяғың да тарта бермейдi екен. Алайда, онда қалған ел-жұрттың арасында туған-туыс, жақын-жуық, құда-жекжат бар дегендей, той-томалығы мен өлiм-жiтiмiне бармасаң ыңғайсыз сәттер де болып тұрады. Шыны керек, туған жердiң топырағының өзiне қарай тартып тұратын қасиетi тағы бар. Сондықтан жол – алыс, жер – шалғай болуына қарамастан, бiраз мәселенi сылтау етiп, елге қарай ат басын бұруға тура келедi.

Мамырдағы мерекелердi өткiзiп болған соң бiрнеше жағдайды алға тартып, туып-өскен елге қарай жұбайымыз екеумiз жол алдық. Аудандағы қалған 6 қарияның ең жасы үлкенi қайынатамның 90 жасқа толуымен құттықтау және дүниеден өткендерге бата жасау үшiн сапар шеккен бiздiң несiбемiзге сол кездерi күн райы салқын тартып, жол жүруiмiз жеңiлiрек болды. Жұрттың «шекарадан өткенде қинайды екен...» деп дабырайтатыны да бiзге байқалмады. Екi елдiң де шекаралық бақылау-тексеру және кеден бекеттерiнен құжаттарымызды көрсетiп, еркiн өтiп, ертеңiнде Зарафшан шаһарында болдық. Бұрын да әсем қала едi, бүгiнде тiптi құлпыра түсiптi. Көшелердiң, аулалардың тазалығына қоса, көптеген шығыс үлгiсiндегi нысандар мен дәмхана, мейрамхана, қызмет көрсету орындарының ғимараттары бой көтерген. Бiздi қинағаны, құжатты уақытша тiркеуге қоюдағы рәсiмдеу мерзiмiнiң ұзақтығы болды. Әрi қарай жол жүру үшiн 5 күн күту керек екен. Өз елiмiз әрi бәрi таныс болған соң, төлқұжатты қайтуда аламыз деген мақсатпен, сапарымызды әрi қарай жалғадық...

Менiң балалық, оқушылық, жастық шағымның басым көпшiлiгi өткен Тамды ауданының бұрынғы орталығына келгендегi алабұртқан көңлiмнiң су сепкендей басылғанын айтып жеткiзе алмаймын. Орталықтың 70 пайызы бұзылып, ғимараттар мен үйлердiң үйiндiлерi ғана қалған. Бұрынғы 3 қабатты әкiмшiлiк, аурухана, мен оқыған мектеп-интернат, қонақүй, өзiм қызмет еткен редакция мен баспағана, сауда орталығы, мәдениет үйi... ауданның бүкiл бұрынғы кезiндегi сән-салтанаты болған ғимараттардың кейбiрi бұзылып, аманы елсiз қалған жұрттағы моланы көзге елестетедi. Суық, жат көрiнiс!.. Бұрын арасынан iздеген үйiндi таба алмай жүретiн кейбiр көшелердiң дерлiк бәрi жойылып, орындары жатыр шашылған тарыдай. Бұрынырақта кiреберiсiн әдемiлеп салған базар жабылып, апта сайын жәрмеңке өтетiн орынға айналыпты. «Елу жылда – ел жаңа» деп жататын ата-әжелерiмiз. Бар-жоға 20 жылдағы мына көрiнiске куә болу, мен үшiн қиын болғаны рас. Жаңа Тамдының қазiргi жүрiп жатқан құрылысы мен бiткен нысандарына көз тоярлықтай екен. Әзiрше ол жақтың еш жерiнде жоқ жаңа аурухана ғимаратына көңiлiң көншiп, көз тояды. Әкiм мен орынбасарынан өзге көптеген лауазымды қызметтердi өзбек ұлтының өкiлдерi иеленген. Мекеме маңдайшасы мен көшелердегi жазулар, плакаттар мен баннерлердiң барлығы тек қана латын қарпiндегi өзбек тiлiнде жазылған. Қала, елдiмекен атаулары да солай. Кейбiр туысқандарымыз бен таныстарымыздың өздерi өзбекше араластырып сөйлейтiн әдетке көшкен сынайлы. Жеке қазақ мектебi аралас мектепке айналған. Қазақстаннан ешқандай газет-журнал жаздырып ала-алмайды. Халықтың «Отау» телеқондырғысы арқылы Қазақстан

телебағдарламаларын тамашалап отырғанына шүкірлік еттік. Оны да бұдан біраз бұрын үзіп тастап, елдің наразылығына ұшыраған соң, қайта қосыпты. Яғни, онда өзге ұлт өкілдерін ішінара өзбектендіру саясаты жүріп жатыр деген сөз. Оларда Президенттің айтқаны заң және ол бұлжытпай орындалуға тиіс. Тіл мәселесі туралы сөз жоқ, шешіліп қойған. Барлық телеарналар тек қана өзбек тілінде сайрап тұр. Кеңсе түгіл, дүкен мен базарда да өзбекше сұрамасаң, жауап болмайды...

Біздің дйттеген жеріміз – Керізбұлақ ауылына жеткенше, Жаңашаруа ауылыннан өтесің. Бұл жерде де көшіп кетіп жатқан елдің қарасын көрсеткендей, бұзылған үйлердің орындары қараңдайды. Қаңқайып тұрған қабырғалар – сиыр мен қой-ешкінің көлеңкелейтін жатағына айналған.

Керізбұлаққа түске таяу жеттік. Бұнда да сондай көрініс, бұрынғы ине өтпейтін ауылдың арасы тоқсаннан асқан кәрі шалдың тісіндей ақсып-ақсып жатыр. Ауыл кеңсесінің маңында қараңдай кісі көрінбейді. Мектеп қасында баяғы құмырсқадай қыбырлаған, шулаған бала жоқ. Әр сыныпта 4-5 баладан бар екенін кейінірек білдік. Ауыл ақсақалдары мен жақын-жуыққа құдайы тамақ берген Сақы атамның үйінде ел азаматтарымен сұқбаттасудың реті келді. Кеңсе, мектеп, ауруханадан өзге жерде жұмыс жоқ. Бұрын 5-6 ферманың басын құрап, 25-30 мыңға дейін қой санын жеткізген шаруашылықтарда қазір 1 ферма қалған, онда 2-3, ең көбінде 10-13 мыңнан ғана қой қалған. Ел-жұрт қораларындағы ірілі-уақты малдарының желіні мен етінен ғана күн көруге көшкен. Балалары өсіп, жетілген отбасылар соларды Қазақстанға жіберіп, жұмыс істетуде. Солардан келетін қаражатқа телміріп отыратын отбасылар да бар. Әр ауылда оншақты жағдайы төмен қожалықтар барын, оларға мемлекет тарапынан берілетін жәрдемақының жетіспейтіндігін білдік. Ауыл-үй болып берген садақа секілді көмекпен күнелтіп отырған өлместің күні жағдайлары бар көрінеді. Зейнетақы мен жәрдемақы алатындардың ақшаларының жартысынан көбі несиелік картамен төленеді екен. Онымен дүкеннен (онда тек норма ұн мен сұйық май ғана) және базардан сауда жасайсың. Бір қызығы, қолма-қол саудаға қарағанда, несие картасымен тауар алу әлдеқайда қымбат. Қаласаң да, қаламасаң да – осы. Онымен дауласа алмайсың. Өзбекстандағы байланыс жүйесі өздері үшін өте арзан және қолайлы. Бүгінде олар алыс қоныстағы шопандарымен де телефон арқылы сөйлесіп отыратын жағдайға жетіпті. Көлік қызметінің жолақысы да бізден әлдеқайда арзан. Азық-түлік пен халық тұтынатын тауарлар бізден қымбат және сапасы нашар екенін аңғардық. Ондағы мектептердің дерлік барлығы 9 жылдық білім беру әдісіне көшіпті. Одан соң тек қана колледждерде оқуға міндеттісің. Бұны орындамаған ата-аналарға шара қолданады.

«Елге ел келсе – дәулет, елден ел кетсе – бейнет», дейтін халық даналығы бекер айтылмаған ғой. Ауылдардың бәрінде де қазір-ақ көшіп кеткісі келетіндер көп-ақ. Бірінің жағдайы болмаса, кейбіреуі Қазақстанның көші-қон саясатының оңға басуын, аталмыш мәселеге қатысты заңның түпкілікті бекітуін күтіп отыр. Туған жердің топырағын иіскеп, құмына аунап, ел-жұртпен амандасып, өлген-жіткенге қол жайып, бата қылып, ата-анамыз бен туған-туыстың зиратына құран оқып, елдің жай-күйін бажайылап, бақылап қайтқан сапардан соң, әрқилы ойға берілдім. Не мақтарымды, не даттарымды білмедім!.. Сондақтан, құдайдан жасырмағанды жасырғым келмей, бар көрген-білгенімді қаз-қалпында, ештеңе қосып-алмай, боямасыз баяндадым. Жақсысына – қуандым, жаманын көріп, суалдым. Қанша дегенмен, мені жарық дүниеге әкеліп, ғұмыр сыйлаған, азаматтық жасқа жеткенше, қызықты дәуренім өткен атамекен ғой, іздейсің, сағынасың, барасың!.. Қайда жүрсең де туған жерің мен еліңнің тілеуін тілейсің! Көшкен елдің жұртында қалғандардың жағдайы жақсарып, болашақта қатарымызға келіп қосылады деп үміттенесің!.. Лайым, біздің тілегіміз бен үмітіміздің ақталуына бір құдай жар болғай!..

АЖАЛҒА АРАША БОЛҒАНДАР

«Дені саудың жаны сау», «Аурудың алдын ал», «Ауру батпандап кіріп, мысқалдап шығады», «Ауруын жасырған өледі...» дейтін халық даналықтары адам баласына ескерту екенін ескере береміз бе?.. Көптен бері көкейімде жүрген түйткілді ойды ортаға салғым келеді. Жалпы адам, әсіресе қазақ қауымы басты байлығымыз болған денсаулығымызды күтуге неге селқос қарайды деген ой туады кейде. Соның ішінде өзім де бар екенмін. Бір байқағаным, біз ауырып-сырқасақ та, дәрігерге уақтылы көрінбесек те, оның ем-домы жуық арада табыла қоймаса да көбіне кінәні дәрігерлерден іздейді екенбіз. Неге? Бұл сауалды алдымен өзімізге қойғанымыз жөн секілді.

Өзгелердің көңіліне қарап, мәселенің мән-жайын өзімнен іздеп көрейін. Соған қарай әркім өзінше қортынды жасайтын шығар.

2001-жылдың қыркүйегінде үш бірдей омыртқадағы берішке ота жасалғаннан бастап, арасында екі жыл үзіліспен 12 жыл бойы дәрігерлердің қарамағында болдым. Жыл сайын екі рет, қалалық және облыстық ауруханада тұрақты және жүйелі түрде емделіп тұрдым. Емхананың есебінде болған соң медбикелер уақытылы хабарласып, емделетін мерзімім келгенін ескертіп отырады. Өз денсаулығым үшін мен де сол уақытта тиісті емделіп, басқа да ағзаларды тексертіп тұрағанмын. Соның арқасында көп қатарлы жүріп-тұрдым һәм қызметімді атқардым. 2015-жылы үшінші топ санатымен өмірлік мүгедектікке шықтым. Міне, осыдан кейін-ақ емханаға баруды сиреткенімді, тіпті ақырында бармай кеткенімді жасырмаймын. Осы бойкүйездіктің, бейқамдықтың арқасында денеме қатерлі дерттің жабысқанын уақытында білмей қалдым. Рас, емхана медбикелері жас ұлғайғандығына байланысты мерзімді медициналық көріктен, тексерілуден өтіп тұруға шақырып тұрды. Тіршілік, жұмыс, қара бастың қамы деп сол шақыруларға мән бере қоймағандықтың кесірінен өміріме қауіп төнгенін де елемеймін, байқамаппын. Денсаулық медицина қызметкерлері үшін емес, өзім үшін керекті де ескере мегенім ғой.

Өткен жылдың желтоқсан айында кезекті медкөрікке учаскелік медбике тағы шақырды. Тағы да сылтау айтып көргенім де шындық. Алайда бұл ретте олар маған қаттырақ тұрып, тіпті ұрысып та алды. Сөйтіп емханаға баруыма тура келді. Толыққанды тексеру нәтижесінде, УЗД-ның зерттеуіне сәйкес оң бүйрегімнің істен шығып, қатерлі ісік пайда болғаны анықталды. УЗД дәрігері Айзада Сапарқызы тез арада облыстық онкология орталығына барып көрінуді және компьютерлік томографияға түсіуім қажеттігін талап етті. Қалалық аурухананың бас дәрігері Нұрлан Шағыровқа, учаскелік дәрігерім Гауһар Серікбайқызына және онколог дәрігер Дәрен Ермеқұлы Елемесовке болған жайды баяндадым. Олар да тезірек әрекет етіп, қатерлі дерттің алдын алуға кеңес берді және құжаттар мен қажетті сараптама қортындыларын рәсімдеуді жеделдетуге әрекет етті. Осылайша дәрігерлер айтқан тапсырмаларды орындап, облыстық онкология орталығының онколог дәрігерінің қабылдауында болдым. Бүкіл сараптамаларды електен өткізген дәрігер қателі ісік шарпыған бүйректі емдеуге келмейтінін айтып, жедел ота жасау қажет деп шешім қабылдады. Жаным және денсаулығым үшін отаға келіспеуге амалым жоқ еді. Сол сәттегі менің көңіл-күйім мен уайым-қайғымды ауызбен айтып жеткізе алмаймын. Осылайша, ақпан айының ақырына қарай отаға дайындап болғанда, аяқ астынан тұмау пайда болып, қызуым көтерілді және жөтел басталды. Мұндай жағдайда ота жасауға болмайтындықтан, тұмаудан толық емделу үшін амалсыз кейін қайтуға тура келді.

Кенеттен пайда болған жөтел тура төрт айға созылды. Қаншама ем-дом жасағаныммен еш нәтиже болмады. Арасында ең білікті деген Ташкенттің медициналық орталығына барып көрініп қайттым. Бұл уақыттар мен үшін аса ауыр кезең және тым қатал сынақ болды. Қатерлі дертпен дәрігерлермен бірге тек өзім қатар тұрып күресуім керектігін сезіндім. Әрине, мұндай сынақты сәтте қасымнан табылып, кеңестерін берген, көңілімді көтеріп, жылы сөздерін арнаған, демеу болып, жігерімді жаныған ағайын-туған, дос-жолдас, таныс-білістердің қолдауы да маған үлкен көмек және күш болғанын айта кетуім керек. Кімнің кім екенін осындай басыңа іс түскенде немесе науқастанғанда ғана біле алады екенсің. Сөйтіп, маусымның ақыры, шілде айының басында жөтелден айығып, құжаттар мен сараптамаларды қайта рәсімдеп, облыстық онкология орталығына қайта жатуға мүмкіндік туды. Оны дайындау барысында учаскелік дәрігер, медбикесі Зухра Жұбайқызы Жалғасбаева, онколог дәрігердің медбикесі Эльмира Тасмұрзаевалар қатты қызмет етіп, кәсіби біліктіліктерін таныта білді.

Қатты уайымға салған, мен түлігі облыстық онколог дәрігерлерді күмандандырған қатерлі ісікке тамыздың үшінші жұлдызында ота жасалды. Несібеме қарай демалысқа шыққалы тұрған бөлім меңгерушісі Қайрат Ерболатұлы Қожамбердинді орталық директоры Мұратбек Дәулетханұлы Жұматаевтың менің отама өзінің қатысуын сұрап алып қалғанын кейін естідім. Ота мен және дәрігерлер ойлағандай болмай, сәтті өтті. Олар күткен ауыр жағдай орын алмаған. Мұның бәрін есімді жинаған соң емдеуші дәрігерім Азамат Елубайұлы тәптіштеп түсіндіріп, айтып берді. Қатерлік ісіктің өміріме аса қауіп төндірмеуі үшін 5-6 ай бұрын келгенімді, отаның дер кезінде жасалғанын ескертті. Шынын айту керек, көп ретте адамдар медицина қызметкерлеріне ретсіз және негізсіз күйе жағып, кіналап жататынын білемін. Егер менің өзім науқасым анықталған күннен бастап өз тарапымнан әрекет етпесем, көңілімді күпті еткен сауалдарды оларға айтып, кеңес сұрап отырмасам, олардың айтқан кеңестері мен тапсырмаларын бұлжытпай орындамасам, ақыры не боларын бір құдай білсін?! Ота өткеннен кейін де адамның қандай күйде болатынын басына түскен жан жақсы біледі. Сондай қиын, қиналған сәтте ең жақын

адамындай қарап, ем-домын жасаған дәрігерлер мен медбикелерге қалай риза болмасың. Ол жерде менен де ауыр жағдайдағы адамдар жатты. Соның бәрінің көңілін табу үшін қаншама мейрім, шапағат, жігер, қайрат, шыдамдылық қажет екенін біле алсақ қой?! Мұндағы айтпағым, әр науқас жан өз денсаулығына ең әуелі өзі жауапты болуы керектігін, дәрігерлермен бірге қосыла аурумен күресе білсе, қандай ауыр дертті де жеңетіндігін көпшілікке ұқтыру.

Отадан шығып келгесін де қалалық аурухана дәрігерлері мен медбикелері хабарласып, кеңес беріп, қажетті көмектерін көрсетіп отырды. Қорыта айтқанда, облыстық онкологиялық орталықтың дәрігерлері мен басшыларына, медбикелер Салтанат Серікбайқызы Мәмбетоваға, Дәрия Саматқа, Жаннұр Балыкееваға, Айгүл Қабылмұратқа, Бақыт Дәуренбековаға және қалалық емханадағы учаскелік дәрігер Гауһар Серікбайқызына, онколог дәрігер Дәрен Ермекұлы Елемесовке, УЗД дәрігері Айзада Сапарқызына, медбикелер Зухра Жұбайқызы мен Эльмира Тасмұрзаеваларға, сараптама бөлімінің медбикелеріне, аурухана басшылығына шын көңілден алғыс-рахметімді жеткізгім келеді.

ҰСТАЗЫМ МЕНІҢ...

Менің мектепті бітіріп, ұлы өмірдің сүрлеу соқпағына түскеніме биыл қырық жыл толы отыр. Дүниедегі барлық адамдар секілді мен де тәлімді отбасымдағы ата-анамнан, өскен ортамнан алдым. Алайда маған негізгі тәлім-тәрбиені әжем Анарша берді деп нық сеніммен айта аламын. Әжемнің құшағында жатып, оның майын тамыза әңгімелейтін ертегілерін, аңыз-әңгімелерін, өмірден көрген хикаяларын тыңдай жүріп, білуге, үйренуге деген ықыласым мен қызығушылығым арта түсті. Оған қоса әжем баратын іптар, құдайжолыларға ере барып, ауылдың ақсақалдарының айтатын ғибратты да, өнегелі әңгімелерін тыңдауым, ата-әжелер жиналған ортада балаларға оқытатын жыр-дастандар, батырлар жырын мәнеріне келтіре, әндетіп оқуым әдебиетке әкелер жолдың бастауы болғаны рас. Ал, негізгі білімнің алғашқы дәнін ауылымыздағы үш жылдық, екі бөлмелі мектептегі екі мұғалім – Нұрлыбай мен Егемназар ағайлар екті деп айта аламын. Ол кездердегі мұғалімнің абырой-беделі аса жоғары болғандықтан, оларды ауылдың бар адамы сыйлап, құрметтейтіні әлі көз алдымызда. Олардың шатырдай болып киінетініне, сөйлеген сөзі мен жүріс-тұрысына, тіпті күлгеніне дейін қызығып, електеп жүретінбіз. Соның әсерінен де кішкентай кезден-ақ мұғалім болуды армандайтын балалардың бірі мен болдым. Мектеп пен ұстаз – көптеген адамдар секілді менің де ешқашан жадымнан шыққан емес. мұғалім болмасам да, соған жақын ағартушылықты, яғни журналистиканы таңдауыма да жоғарыдағы айтқан жағдайлар себепкер болғаны айдай анық. Өмірлік жолымды таңдауда жаңылдырмаған, ақыл-білімнің ұрығын сепкен, өздеріне еліктіре білген ұстаздарым – Нұрлыбай Шамұратов (алғашқы ұстазым), Егемназар Жанәліұлы Нұрманов, қазақ тілі мен әдебиет пәнінің оқытушылары Кенжеғали Қойтбаев, Карл Құлманов, ән-күйден дәріс берген керемет музыкант және ақын Календар Бисенбаев (марқұмдар), Сатыбалды Айдарбеков, Қалдарбек Әсілбеков, Әділхан Наушаруанов, математик Әлия Нұрымова, жоғарғы сыныптарда жетекшілік етіп, сахна төріне шығарып, творчествома қанат бітірген Мырзағали Бекназаров сияқты мен үшін ұлы тұлғаларды Білім күні мерекесі қарсаңында ризашылықпен еске аламын.

Өмірде мамандықтың түрі көп. Әр мамандықтың өзіндік ерекшелігі бар. Дәрігер адамдарды емдесе, мұғалім оларды оқытады, рухани дамытуға атсалысады, әнші ән айтады, құрылысшы үй салса, тігінші киім тігеді. Қоғам мен халық шаруашылығындағы басқа да мамандықтар туралы айта беруге болады. Адамдар мамандықты жүрегінің қалауы бойынша таңдауы керек. Өйткені, әрбір адамның болашағы таңдаған мамандығына тікелей байланысты. Өз ісін жақсы көріп, үлкен жауапкершілікпен атқарғанда ғана адам өзін бақытты сезінеді екен. Жас ұрпақты білім нәрімен сусындатар, шәкірт жүрегіне гүл егер, бала жанының бағбаны – аяулы ұстаздар емес пе?! Иә, ғылым иесі ғалым да, ел қорғаған батыр да, тілінен бал тамған ақындар да, тегеуріне темір балқытқан жұмысшы да, егін еккен дихан да, мал бағып терін төккен шопан да бәрі-бәрі ұстаздан білім алған. Сондықтан ұлағатты ұстаздарға бүкіл адам баласы құрметпен бас иеді. Ұстаз – таудан арқырай аққан тау өзені секілді, айналасына қуат беріп, жолында кездескендерді суымен нәрлендіріп, таудай қиындықтарды тастай домалатып, білімнің сар даласында тыныштық тауып, дамылдайды. Ұстаз – Жер деген әлемнің бетін көркейткен, шәкірттеріне шуақ төккен Күн-Ана. Ұстаз – ақылдың тозбайтұғын асылы. Қасиетті мамандық иелерінің ішіндегі жауһары. Өзге мамандық атаулылары өздерінің түр-сипатын мың құбылтып жатса да, еш өзгеріссіз сол бәз баяғы қалпында жас ұрпаққа адамгершілік қасиеттердің дәнін еккен диқаншы. «Бала жүрегі кішкентай күйсандық. Сол сандықтың кілтін тапсаң ғана ашылады. Мұғалімнің қолында әр кезде сол кілт

тұру керек» - деп, М.Шаханов ағамыз айтқандай, әр баланың жүрегіне жол табу, бала бойындағы дарынды ашу мұғалімнің ең басты міндеті деп ойлаймын. Күнделікті таңертең мектеп ауласына жақындағанда, балалардың сыңғырлай күлген дауыстары өз мамандығын жанындай сүйген әрбір мұғалімді қуанышқа бөлейді.

Балалардың әр күні ұстаздардың көз алдымызда өтіп жатады. Олардың алдына келген балалар – біреудің маңдай алды жарығы, енді бірі – жан дегенде жалғыз, бірі – ерке, бірі – қой аузынан шөп алмас момыны. Маңдай алды жарығын Таңшолпандай жарқыратып, жан дегенде жалғызды көпшілдікке үйретіп, қой аузынан шөп алмасты ортада жарқылдап сөйлер шешен қылып тәрбиелеу үшін қажымас қайратпен қатар батылдық пен батырлық та қажет. Мектеп – балалардың екінші үйі болса, ал ұстаздар екінші анасы десек те артық етпейді. Әр үйдің еркелерін бір арнаға тоғыстырып, олармен жұмыс жасау оңайға соқпайды. Алайда баланың тілін тауып, тілдесу, жақсы тәрбие берудің өзі бір үлкен ғанибет. Ақ парак бетіне сызу сызғандай баланың кіршіксіз санасына алғашқы адамгершілік, мейірімділік нұрын сеуіп, білім, өнер нәрімен сусындату мұғалімдердің еншісінде. Сөзден жыр кестесін өрген Ғафу Қайырбеков «ұстаз» деген сөздің анықтамасын дәл берген. «Ұстаз болу – сезімнің ақындығы, Ұстаз болу – жүректің батырлығы. Ұстаз болу – мінездің күн шуағы, Азбайтұғын адамның асылдығы». Осы төрт қасиет әр ұстаздың бойынан табылуы қажет. Себебі мұғалім қай сабақта болмасын оқушысын еркіндікке баулиды. Сондықтан да ұстаздың міндеті талап пен еңбекті оқушыдан талап ете отырып, білімнің теңізінен маржан тергізу. Оқушы сабағыңнан ешқашан жалықпау керек. Ұстаз – Қаратаудың қойнауындай тереңде жатқан кенді ашып, білім мен ғылымның жемісінің дәмін таттыратын, армансызға арман ұялатып, қанатсызға дарын қанатын бітіретін ғажайып күш иесі. Қорыта келгенде, мұғалім мамандығы әлемдегі ең қажет мамандықтардың бірі екенін мойындайық, ағайын.

40 ЖЫЛДАН СОҢ КЕЗДЕСТІ

Бүгінгі таңда мектеп бітірген түлектердің 10, 20, 30 және 40, 50 жылдық кездесулерін өткізу дәстүрі жақсы ісшараға айналып келеді. Бозбала және бойжеткен шақтарында алтын ұя мектептерінен түлеп ұшып, әр қиырға тарыдай шашылып кеткен қимас сыныптастарымен араға жылдар салып қайта жүздесуі мына өмірдегі һәм өз тарихтарындағы жарқын әрі сағынышқа толы сәт болып жадтарында қалары сөзсіз. Сондықтанда бұндай кездесулердің болып тұрғаны өте дұрыс және жастарға үлгі боларлық деп есептеймін.

Өзбекстан Республикасының Науаи облысы Тамды ауданына қарасты Өгізтау ауылында 1978-жылы орта мектепті менімен бірге бітірген түлектер осыдан жиырма жыл бұрын 20 жылдық кездесуімізді өзіміз бітіріп кеткен Ломоносов атындағы мектепте, туған ауылымызда өткізіп едік. Ол кезде орныққан, орта жасқа жақындаған шағымыз болатын. Зымыраған уақыт пен замана толқындары одан бері де талай тағдырды өз қақпақылына салып, біз де бүгінде қарттық кезеңнің табалдырығына аяқ бастық. Сыныптас достардың дерлік бәрі келін алып, қыз ұзатып, алды зейнетке шыға бастаған. Олардың азырағы елде қалса, көбісі тарихи Отандарына көшіп кеткені белгілі. Арамызда мектеп бітіргелі де бір-бірін көрмеген жандардың барын ескеріп, өткен жылы телефон арқылы хабарласып тұратын сыныптастар болып, 40 жылдық кездесуді ұйымдастыруға бәтуаласқан едік. Ойласа келе, сыныптастарымыз көбірек орналасқан Теміртау қаласы кездесу орны болып белгіленген. Оны ұйымдастыру және өткізу мәселесі мектепте жүргенде де, өмірде де белсенді болған қыздарымыз Дария (Даран) Күзенбаева мен Мағрипа (Мағаш) Сәдуахасоваларға жүктелген-ді. Маған олардан алысырақта орналассам да, кеңесшілік міндеті артылды. Себебі жиі байланысып тұратын телефон деген керемет құрал бар ғой. Сонымен кездесу уақыты 2018-жылғы шілде айының 20-21-жұлдыздарында өтетін болып шешілген.

Аталмыш кездесу бастапқы аталған жер мен мезгілде ұйымдастырылды. Жердің шалғайлығына және отбасылық жағдайларға байланысты Өзбекстанда тұратын сыныптастар түгел қатыса алмады. Қазақстанның әр түкпірінде жасап жатқан сыныптастардан да әртүрлі жағдайлармен келе алмағандар болды. Маған да жуықта ауыр отадан шығуыма байланысты кездесуге қатысуды Алла жазбады. Негізі емдеуші дәрігерім қарсы болды. Дегенмен, ұл-қызы аралас достардың арасынан жұбайларымен қосқанда 22 кісі керемет кездесуге куә болды. Ең алыс аймақ – Ақтаудан Әбділла Шаухаровтың жұбайы Алмамен ат арытып келгені ерлікке тән еді. Өзбекстаннан Махат дос жұбайы Күмісаймен, Рабиға Ізтелеуова, Тәжінар Қуанышева мен Шарипа Қалыбаеваның өздері келгені де – аталмыш кездесудің мән-мағынасын ұғынулары, сартап болған сағыныштары деп ойлаймыз. Күнсұлу Қайыпова Шымкенттен, Қатира Жұбанова мен Қалыбек Қасымбековтер Алматыдан, Маржан Көшербаева, Жанымкүл Нысанбаева, Абай Шонтыбаев

жұбайы Нұрбиламен Қарағандының айналасынан келген. Келушілердің алды 19-шілде күні Теміртауға жетіп, Дария мен Темірбектің отбасында құрметті қонақ болыпты. 20-шілде күні сыныптастар Теміртаудағы алғашқы Президент мұражайының алдында кездесті. Сағыныса құшақ қауыштырған түлектер бұдан соң қала мешітіне барып, дүниеден өткен ұстаздары мен сыныптастарының әруақтарына арнап құран бағыштады. Сол күні кеште кездесу құрметіне жайылған мерекелік кеш дастарқанында бірге отырып, өткен күндер естеліктері және бүгінгі өмірлері мен тыныс-тіршіліктері жайында әңгіме-дүкен құрысып, сырға толы сұқбаттарын ортаға салысыпты. Кешке қарай қонық үйлерге тарасып, түнді де ұзақ әңгімеге арнаған, сағыныштарын басқан.

Келесі күні Самархан су қоймасына саяхатқа шығып, көлде кемемен сайрандады, суға шомылып, табиғат аясында сыр сандықтарын ақтарысты. Өн-жыр мен биге де кезек берілді. Жастық шақтарының жарқын елестерін еске алысты. Осы күні кешкілік кездесуді ұйымдастырушылардың қазақ дәстүріне сай қонақасы сыбағалары қаланың көрікті мейрамханаларының бірінде тартылды. Алды 40 жыл, соңы 20 жыл көріспеген сыныптас достардың айтар әңгімелері де, шертер сырлары да жетіп артылатын. Алайда белгіленген екі күнде осылардың мүмкін оннан бірі ғана айтылған шығар... Осынау ғажап сәттер сыйлаған кездесуге науқасыма орай қатыса алмасам да, менің жан-жүрегім солармен бірге болды, солармен бірге соқты! Жиі хабарласып отырған достарым кездесудің барысын баяндап, суреттер мен бейнебаяндар жіберіп тұрғаны менің көңіліме қуаныш сыйлады, жаным мен тәніме батқан ауру мен мұңды серпілті. Менің аурухана төсегіне таңылып жатып кездесуге арнаған жырымды естелік фотоальбомға салғанына алғысым шексіз. Мұндай кездесуге денсаулығы бар, бауыры бүтін жанның қатыспауға қақы жоқ еді ғой деген түйткіл көңіл түкпірінде тұрғанын жасырмаймын.

Осынау кездесуді бастан-аяқ ұйымдастыру және өткізу барысында жыл бойы табандарынан тозып жүрген, сыныптастардың бас қосуына ұйытқы болған екі қызымыз Дария мен Мағрипаға және олардың жұбайлары Темірбек пен Нұрланға, қал-қадерінше көмек қолын созған Маржанға барша сыныптастарымның атынан шексіз алғысым мен үлкен рахметімді айта отырып, кездесуге арнаған жыр-арнауымды оқырмандар назарына ұсынамын.

Қырық жыл өтті ұядан алтын ұшқалы,
Балғын шақтардың қалмаған бойда мысқалы.
Алқымдап қалған алпыстың таяу асқарын
ата-әжелер, Өгізтауымның пұшпағы.

Жанарлар солғын, жүздерді әжім торлаған,
Немере ерткен, толысқан ақыл – мол ғалам.
Кездесіп жатыр Теміртау атты шаһарда,
он жеті жасты еске алып, көңіл толғаған.

Жүздесу деген ғаламат неткен сезім бұл,
Әрбір жүректе – тулаған қаның кезің жүр.
Мұндай сәт енді мың тіле, қайтып келмейді,
келмесең бұған, өкініш үлкен... өзің біл...

Айқасқан құшақ, айтылар сырлар – ғажайып,
Кездесу – тарих, бара жатқанда азайып.
Еске алып сонооууу алыста қалған кездерді
шежіре-жырын өшпестей етіп жазайық.

Осылай дәурен тұра береді дермісің,
Қосылып бастар, жаңа тұлғалар көрді шын.
Қанша жанарлар осы сәт жасқа малынды,
өзгерген келбет, өзгерген және болмысың.

Біз қырық едік бітірген жылы мектепті,
Кейбір құрдастар дүниеге арғы беттепті.
Құран бағыштап, алайық еске оларды,
кейбіріміздің саулығын өмір шектепті,

өткен уақыт негізі босқа кетпепті...

Барымен – базар, қуаныш болсын қайырлы,
Жазмыштың ісі, талайдың жолын айырды.
Келгеніңе де, келмегеніңе тілерім –
Алла тағала туғызсын оңнан айыңды!

Кездесу – керім, мағыналы һәм мәнді де,
Биді де билеп, шырқандар сазды әнді де.
Бір ғана сәттік кездесу – ғажап кезің ғой,
бір-екі күнде таусылмас сыр мен әңгіме.

Өзім болмадым, жетеді ұшып өлеңім,
Алла қоспады, не шара оған, көнемін.
Төсекте жатып, өздеріңменен біргемін,
бірге қуанам, сендерді жақсы көремін!

Басталар енді қарттықтың жаңа дәуірі,
Әр шаңырақтың көбейе берсін қауымы.
Жаймашуақты, жайсаң өмірге еніңдер,
Болмасыншы тек бораны және дауылы.

Достарым менің, әманда аман болыңдар,
Әрқайсысыңа төрімнен әркез орын бар.
Айтатын әрі бөлісер сырым көп еді,
шама жеткені, жырымды қабыл алыңдар.
Өмір де өтер, дүние қалар артыңда,
сағынатын боп, іздейтін болып қалыңдар!..

ҒАЛАМНЫҢ ҒАЖАЙЫП СЫРЛАРЫ

МҮСІРӘЛІ ӘУЛИЕ ҰРПАҒЫ – ДӘУІТ ҚОЖА

Қазақстан мен Өзбекстанның әртүрлі аймақтарында киелі жерлер мен әулиелі орындар жетіп-артылады. Тамды, Кенімық, Үшқұдық аудандарының төңірегінде тыныс тапқан Қанарбай, Алтыбай, Құлақан әулиелер туралы екі мемлекеттің халқы да жақсы біледі және олардың басына зиарат етіп барып тұрады. Соның бірі – бүгінде Өзбекстан аумағындағы Науаи облысының Тамды ауданына қарасты Керізбұлақ ауылының топырағында жерленген Дәуіт қожа. Ол – әйгілі Мүсірәлі сопы әзиздің бір ұлы Қосым қожадан тарайтын ұрпақтың бір өкілі. Ұрпақтарының біразы осында ғұмыр кешіп, осы топырақта мәңгілік қалған Мүсірәлі Жәдікұлы сопы әзиз, (17-ғасырдың екінші жартысы – 18 ғасырдың басында өмір сүрген) – Үш жүздің пірі, діни қайраткер, әулие туралы иісі қазақтың білмейтіні жоқ шығар. Керейт руынан (Жартай керейт) шыққан діндар, сопылығы мен тақуалығына орай Әжіқожа, ал оның ұрпақтары керейт қожа аталып кеткен әулиенің өзінен тараған ұрпақтары да дүйім жұртқа белгілі көріпкел әулие, адамдарды емдеп жазған емші-тәуіп болғандығын біреу білсе, біреу білмеуі мүмкін. 1680-жылы Күлтөбеде Тәукені хан сайлағаннан кейін қазақ билері Мүсірәліні үш жүзге ортақ пір етіп жариялайды. Есіміне сопы әзиз атағы қосылады. Мүсірәлі қазақ халқының әдет-жосындарының жиынтығы «Жеті жарғыны» әзірлеуге қатысты деген деректер кездеседі. Мүсірәлінің 6 баласының бірі Қосымқожа да, оның ұлы Әбужәлел де пір болған. Мәсірәлі әулиенің де осынау Керізбұлақ ауылында туып, өскенін тарихи шежіреден білеміз. Біздің осы мақаламызға арқау болғалы отырған Дәуіт қожа да әулие болған кісі. Әкесі Берсүгір, атасы Жолдан және бел баласы Әсілхан қожамен бірге бүгінде Керізбұлақ ауылының Бассай құдығының биігінде жатыр. Кеңес өкіметінің Қазан төңкерісіне шейін Қызылорда облысына қараған бұл аймақ қызыл өкіметтің өкімімен бертінде, яғни, қырықыншы жылдардың басында Өзбекстанның Бухара облысына басыбайлы беріліп кетіп, осы күнге дейін өзбек елінің еншісінде қалып келеді. Дегенмен, Дәуіт қожаның әулиелігі мен емші-тәуіптігінен шипа, ем тапқан ондағы ел бұл кісінің қасиеті мен құдіретіне әлі күнге дейін бас иіп, бейітіне

барып зиарат етіп, жандарына медет, дерттеріне дауа алып отыратынына өзіміз де куәміз. Қысқаша болса да, бүгінгі айтпағымыз Дәуіт қожа жайында болмақ...

Дәуіт ата туралы ел ішінде көзін көргендер мен қатарлас жүрген жандардың айтқан әңгімелері бүгінгі таңда аңызға айналып кеткені рас. Алайда, бұл хикаяға бергісіз сөздердің басым көпшілігі шындық және болған оқиғалар. 1901-жылы дүниеге келген атамыз Ұлы Отан соғысына қатысқан майдангерлердің бірі. Бір қызығы, қанша жыл оқ пен оттың арасында қан кеше жүріп соғысқан Дәуіт атамның денесіне бірде-бір оқ не снаряд жарықшағы дарымай, елге аман-сау оралғаны туралы ел арасында танданыспен айтылып келеді. Ол кісімен бірге майданда болған адамдар: «Қан майданның ортасынан шыққанда Дәуіт біздің қасымызда тұрып шинелін қағып-қағып жібергенде, қорғасын оқтар саудырлап жерге төгіліп қалатын. Оның құдай қорғайтын кереметі барын, нағыз әулие екенін содан білетін едік...», - деп жыр қылып айтып отыратын болған. Соғыс біткесін елге оралған Дәуіт қожа бейбіт өмірде қарапайым еңбек адамы болып қызмет еткен. Ата-анадан ерте жетім қалған менің қайын атам Сахы Бекжанұлын туысқаны ретінде (екеуі де керейт руынан) баласындай тәрбиелеп, өсіргені ағасы жайлы Сахы атам ризашылықпен есіне алып, әңгімелеп отыратын.

Керізбұлақ ауылында өмір сүрген, көп жыл шопан болған, ақындығы бар Үстелбай Өтеповпен талай әңгімелесудің реті келді. Ол кісі мына оқиғаны баяндап берген еді:

–Жаз айының шіліңгір шілдесінде отардағы қойымнан бірнеше қой бөлініп кетіп, түс болса да соны іздеп шықтым. Ат сауырындағы қоржында суым бар. Бөлінген қойдың ізіне түсіп келе жатқанда кенеттен атымның сирағы шұңқырға түсіп кетіп сүрінгенде, ат үстінен анадай жерге ұшып түстім. Менің жалпылдаған шапанымнан үріккен атым ұстапай, қаша жөнелді. Соңынан еріп, шақырғаныма қарамай, аяндап кетіп барады. Ауылдан кемі 5-6 шақырым алыстамын. Атты ұстап, қолым суға жетпесе, шөлдеп өлерім анық еді. Жаным қысылғанда ең әуелі ойыма оралған Дәуіт ағам болды. Құбылаға қарай қолымды жайып, құдайға жалбарынып тұрып: «Әй, Дәуіт аға, шын әулие болсаң, мына маған жәрдем бере көр, атымды тоқтатып, ажалдан аман алып қал, қорада тұрған көк қошқарды жолыңа садақаға байлады!»», деп жалбарынғаннан басқа менде басқа амал қалмады. Сөйтіп, аттың ізімен алдымдағы төбеге шықсам, төмендегі тегістікте атым тұр. Ақырындап қасына жақындасам, қозғалмайды. Құй сен, құй сенбе, аттың шылбыры қол басындай томаршаға ілініп қалып, содан босай алмай тұр екен. Тізгін қолыма тиісімен, атқа қарғып міндім де, суымды ішіп, сол күні бөлінген қойларымды да тауып алдым. Арадан біраз уақыт өтіп, Дәуіт ағам берген сертімді ұмытқан секілдімін. Бірде Керізде бір той болып, соған келгенмін. Киіз үйдегі жиылған жұртқа жағалай амандасып, есікке таяу бос жерге орналасқасын көппен аман-саулық сұрасып жаттым. Бір кезде Дәуіт ағам маған қарап: «Әй, Үстелбай, жаның қысылғанда есіңе алып көмек сұрағанда, ажалдан құтылғанда жақсысың да, берген уәденді ұмытатының қалай, бала?. Маған атаған қорадағы көк қошқар қайда?..», - демесі бар ма? Және де оң қолын жоғары көтеріп, бас бармағы мен сұқ саусағының арасындағы жарақаттың тыртығын көрсетіп: Мынау сенің атыңның шылбыры ысып өткен жарақаттың орны, деп көрсетіп те қойды. Көпшілік маған бір, Дәукеңе бір таңдана қарап қалыпты. Мен гәптің ыңғайын бірден түсініп, орнымнан тұра сала ағамның алдына басымды ие жығылып, қара басып ұмытқанымды айтып кешірім сұрап, жылап жібердім. Жиылғандарға әңгіменің мәнісін түсіндіріп, әлі де қорада тұраған көк қошқарды жылдам жеткізіп бердім...

Дін мен тәуіптішілікке, емшілікке қарсы болып, қырғидай тиген сол бір кеңестік кезеңде де Дәуіт атаның алдына жынды, қояншық, есірік т.б. ауруға шалдыққандарды әкеліп емдетуден жұртшылық тиылмаған. Талай байлып әкелген әлгіндей аурулардың құлан таза айығып, қатарға қосылып кеткенін Сахы атам да, өзгелер де өз көздерімен көрегендерін айтып отыратын. Соғыс ардагері ретінде берілген «ЗА3» маркалы жеңіл көлігін Сахы атам жүргізіп, көптеген науқас жандарды емдеуге шақырған жерлерге баратын болған. Емін дұғалар оқу, үшкіру арқылы емдеп-жазатын атамыздың өзінде Жаратқан иеден тікелей берілген қасиет, құдірет, дарын болғанын жұртшылық бүгінге дейін мойындап, тәнті боп келеді. Өзімен қатарлас, немесе әзілі бар балдыз, қайынінілері қалжыңдасып, сынап көргендері де болған. Бірақ, көздеріне әрнәрсе көрініп, қиялдары қаша бастағанда, алдына келіп жығылып, кешірім сұрайды екен.

Дәуіт атаның бел баласы Әсілхан ағамыз шаруашылықта қарапайым тіршілік етті. Ат баптап, бәйгеге, көкпарға қосатын әдеті бар еді. Одан өрбіген Серік пен Тәліп қожаларда да атадан дарыған қасиет барын байқып, көріп жүрміз. Көп жылдар бойы ауданда ұстаздық еткен қызы Күнімхан апамыз бүгінде Алматы маңында тұрады деп естиміз. Дәуіт қожа дүниеден өткесін оның тіршілік еткен шаңырағына бір баласы Сәбет қожа иелік етіп қалды. Атаның орынана осы бүгінге шейін келіп, тәуетіп, бастарына түскен бәле-жаладан, ауру сырқаудан арылу үшін мінәжәт

етегіндердің әлі де қарасы қалың. Олардың арасында қазақпен қатар ата рухынан медет күтіп келуші өзбек, орыс және ұлттар да жетіп-артылады. Елден көшіп кеткен ауылдастар ол жаққа барғанда Дәуіт атаның басына барып, зиарат етпей қайтпайды. Сәбет қожа зиарат етіп келушілерді ата жатқан Бассай құдығындағы апарып зиараттарын жасатады, Дәуіт атаның тірлігінде жатқан бөлмесіне кіргізіп, сол кісінің рухы арқылы ем-домын жасап, дұға етіп отырады. Дертіне дауа, ауруына ем, науқасына шипа тауып, ризашылықтарын білдіріп кетіп жататындардың қатары көп. Ауылға болған әр сапарымда мен де Сәбет қожаға сәлем бере барып, Дәуіт атама зиарат етуден танған емеспін. Замандасым, әрі қайнағам болып келетін Сәкеңнен бірде былай деп сұрағаным бар: «Сәке, осы тәуіпшілік пен емшілігіңіз өзіңізден шығып жатыр ма?..». «Мен тек себепкер ғанамын, гәптің, күдірет пен кереметтің бәрі мына атаң жатқан бөлмедегі атамның рухынан, құдайдың күдіреті арқылы келеді», - деп шындығын айтты.

Дәуіт атаның 2001-жылы өткен 100 жылдық мерейтойы Тамды ауданы ғана емес, Өзбекстан республикасы көлемінде дүркіреп өткенде аталған шараға Өзбекстанмен қатар Қарақалпақстан, Қазақстан Республикаларынан арнайы қонақтар, белгілі тұлғалар келіп қатысқан. Қызылордадалық ағайыны, тарих зерттеушісі Майдан Түйімбетов ағамыз Мүсірәлі Сопы Әзиздің өмірі мен тарихын тереңдете зерттеген бірегей жандардың бірі. Ал, Дәуіт ата туралы зеттеулер тәуелсіздік алғаннан кейін ғана қолға алына бастады. Денемен, өндіріп жазып жүргендер әлі де кемшін деп ойлаймын. Аталған ас өткеннен кейін қайын атам Сахыға ауылдың ақсақалдары келіп, Бассайдағы ата зиратына шиқышылық етуді өтінген көрінеді. Себебі, атамның Дәуіт қожаның өкіл баласы болғанын жықсы біледі. Қасында көп жүріп, тәрбиесін көрген, жасы ұлғайған және өте кірпияз, таза жүретін атамды шиқышылыққа лайық көрген. Атам бір күн ойлануға мұрсат сұрап, келесі күні келісім беруден бас тартыпты. Осыны естіген мен ауылға бір барған сапарымда бұның мәнісін сұрағаным бар. «Дәуіт ағам өте киелі, Алланың сүйген құлының бірі ғой, балам. Рас, ағамның талай жақсылығын көрдім, баласындай болдым. Осы ұсыныс айтылған күннің түнінде Дәуіт ағам түсіме кірді. Менің шиқышылық етуімді құптамайтынын және оның мәнісін де түсіндірді. Мұның себебін мен ешкімге айтпадым, саған да айта алмаймын және өз ішімде қалады. Әуелі Құдайдың, сосын Дәуіт ағамның арқасында шүкір, бала-шағамның алдында, Жаратқанның берген өмірін сүріп жатырмын...», - деп қысқа қайырған атама басқа ештеңе айта алмадым. Атам 93 жасқа келіп, ел-халқының құрмет тұтар ақсақалы болып өмірден озды. Дәуіт қожа туралы аңызға бергісіз естелік әңгімелер ел ішінде толып жатыр. Мен соның бірнешеуін ғана әңгімеледім. Егер өзгелер тарапынан қосатын әңгімелер болса, жария етіп отыруын өтінемін!..

МЕККЕГЕ ҰШЫП БАРҒАН ҚҰЛАҚАН ӘУЛИЕ

Тауелібайдағы ұшантеңіз аумақты алып жатқан Қызылқұмның Кенімық ауданына қарасты Үштөбе ұшымшарына қарайтын Бесқұдық ауылы осы маңайдағы елге кеңінен танымал әулиелі жер аталады. Себебі бұл жерде атақты Құлақан әулиенің және олардың ұрпақтарының қорымдары бар. Түбінде Қызылорда жақтан сонау бір аумалы-төкпелі замандарда осы Қызылқұмды паналап келіп, қоныс етіп қалып қойған Құлақан баба білімділігімен, әулиелік қасиетімен ел-жұртқа таныс болған, ел сыйлаған жан болған. Бабамыз жайында халық арасында аңыз-әңгіме көп. Солардың ішінен ел арасына кең тарағандарын, құлағымыз шалғандарын әңгімелейін.

Кеңес үкіметі дәуірлеп тұрған шақта қазақтан да талай адамдар құдайға, әруққа қарсы шыққанын өзіміз де көрдік. Тіпті партияның жауапты қызметшілерінің ішінде қайнап жатқан құдайы тамақты теуіп құлатып, төгіп тастаған әпербақандар да болған. Алайда құдай-әруаққа сенбейтін, орыс пен партияның жыртысын жыртатындар нағыз мұсылманнан аз еді. Сонау алпысыншы жылдардың аяғына қарай сол кездегі совхоз орталығы Алдабергенде шопандар тойы болып, соған шалғайдағы Молдиман фермасынан оншақты аттылы жолаушылар жолға шыққан ғой. Ол кезде аватокөлік тапшы болғандықтан адамдар да, ферма маманалары да атпен жүрген. Оның үстіне шопандар бәйгеге, көкпарға қосатын аттарын өз аяғымен апаруы керек. Сөйтіп тойға аттанғандар ертесіне кешке жақын әулиелі Бесқұдық маңына тақайды. Арасынан бір кісі: «Жігіттер, Құлақан баба мазарына жақындадық, әулиеге тәуетіп, бүгін басына түнеп шығалық. Иншалла, жолымыз болып, тойдан олжалы оралармыз» депті. Сонда араларындағы атеист, партияның қолшоқпары болған есерсоқ біреуі ұсыныс жасаған кісіге атой салады. «Құдай, әулие-мәулие деген не өзі?! Әулие болса осында өліп жата ма?.. Былшылдайсындар да!.. Давай одан да сол жерге барып қоржындағы арағымызды ішіп, басына тышып кетеміз...», - деп айғайға басқан көрінеді. Жындыға не десін, аттылы жолаушылар онымен сөз таластырып жатпай, сапарын жалғастырған. Құлақан баба қорымына жетуге шамалы қалғанда әлгі әумесердің атының

сауырына бөктерген арақ салынған қоржын өзінен-өзі өртеніп, лаулап жана бастайды. Үріккен аты тулап, оны лақтырып кетеді. Қалған адамдар атты қуып ұстап, өртті әрең өшіріпті. Өңі қудай болып қорыққан әлгі адам тілі байланып, «Кешірші Құлақан баба» деген сөзді әрең айтыпты. Мына кереметке қайран болған, әрі баба әруағынан қорыққан жолаушылар сол жерде дәрет алып, құдайға, бабаға жалбарынып, білгендері құранын оқып, бабаның басына түнеп шығады...

Өзім танитын бір кісінің әңгімесі: «Үштөбеге баруға мотоциклмен жолға шыққам. Асығыстау едім. Құлақан бабаның қорымына жақындағанда «Атаның басына бұрылып құран оқысам ба, оқымасам ба» деген екідай оймен келе жаттым. Жақындағанда «Жүре берейін, бекерге жолдан қалармын. Тағы бірде құран оқырмын, баба менің құраныма зәру деймісің» деп ойлап, зуылдатып өте шықтым. Дәл қорым жанынан жүз метрдей өткенде мотоциклімнің моторы өздігінен лаулап жана бастағаны. Төбе шашым тік тұрды. Абдырап қалған мен жолдан шығып, көліктен түсе сала күпайкеммен өртті өшіруге ұмтылдым. «Құлақан баба, кешіре гөр, жалынамын...» дей бердім әйтеуір. Амалдап өртті сөндіріп, атаның бейітіне қарай жүгірдім. Басына құран оқып, кешірім сұрадым. Көлігімнің сымдары жарамай қалыпты. Әрі қарай өткінші көлікпен кетіп, баратын жеріме көп кешігіп жетіп масқара болғаным бар...». Үлкен жолдан жарты шақырымдай жердегі баба қорымына жолаушылар соқпай, тәуетпей кетпейді. Өте асығыс болса жол бойына тоқтап, немесе жақындағаннан бастап бабаға жалбарына өтініп, құранын бағыштап өтеді. Құлақан бабаның басына неше түрлі аурулар зиярат етіп келіп, дертіне шипа тауып жатады. Ол кісінің ұрпағы Әби атамыз бен балалары да сол ауылда өсіп-өрбіді.

Құлақан баба намазын қаза қылмайтын, кісінің өтінішін жерде қалдырмайтын, мейірбан, қамқор, қайырымды кісі болыпты. Асқан білімді де болған. Бірде осы ауылдан бір бай адам Меккеге қажылық жасауға аттанады. Жарты жылдай жол жүріп барған бай қажылықтың барлық талаптарын орындап, сапарға шығардан алдын мешітке жұма намазына қатысыпты. Құжынаған адам. Намазда тұрған ол бір кезде алдыңғы жағына қараса, үш адамнан әрідегі сапта тұрған Құлақан бабаны көзі шалып қалады. «Бұл кісі қашан келген? Мен жолға шыққанда ауылда еді ғой... Бұнда қажылыққа келетінін неге бізге айтпаған?.. Жолға бірге шығатын едік...» дегендей ойларға беріліп кетеді бай. Бірдене деп сөйлеуге намаз үстінде болмайды... «Жұма намазы біткесін сөйлесермін», - деп намазын жалғапты. Намаз бітісімен алға ұмтылған ол сол мезетте Құлақан бабадан көз жазып, таппай қалады. Шыққасын сол жердегі барлық қонақ үйлерден шарқ ұрып іздеп, бір апта жүреді. Бірақ бабаны еш жерден таппайды. Көрдім-білдім деген де ешкім болмаған. Айран-асыр болған бай жолға шығып, аман-есен еліне жетеді. Өзіне амандасып, қабыл болсын айтуға келген жұрттан ең бірінші сұрағаны: «Құлақан да қажылықтан қайтты ма?...» деген сауал болыпты. Жұрт аң-таң болып, «Ол кісі ауылда ғой, сіз не деп отырсыз?...» дейді олар жамырап. «Ау, мен оны Меккедегі мешітке жұма намазда көрдім. Алдымда қол созым жерде тұрды. Құлақан құрдасымды танымайды деймісіңдер?...» деп бай да болмайды. Сөйтіп гүжілдесіп жатқанда сырттан жөтіркініп дыбыстаған Құлақан атаның өзі «Ассалаумаәлейкүүммм!...» деп есіктен ене беріпті. Амандық-саулықтан кейін бай өзінің мешітке оны көргенін, намаздан соң көз жазып қалып, іздегенін... баяндайды. Баба болса жай ғана: «Маған ұқсайтын біреу шығар...» деп қысқа қайырғанымен, бай оған келіспей, «Сен менен бірдене жасырып отырсың, сені танымайтын мен ақымақ емеспін...» деп қатты өкпелеп, жатып алыпты. Ел-жұрт тарап, бай үйінде оңаша қалғанда баба досына келіп шындықты айтыпты. Өзінің әр жұма намазын Алланың құдіретімен Меккеге ұшып барып оқитынын, бұл сырды басқалар білсе өзіне үрейлене қарайтынын айтып, досынан ешкімге айтпауын өтінеді. Арадан жылдар өтеді. Алайда отыз тістен шыққан сөз жайлап отыз рулы елге жайылады. Жұма күндері Құлақан бабаның намаз уақытында қырдан асып бір жаққа кетіп қалатынын байқап жүретін бай қанша аңдыса да, қалай ұшып кеткенін байқамай қалады екен. Қырдан асқан ізі болады да, өзі жоқ боп шығады. Досының керемет құдіретін мойындаған бай Құлақан бабаны бұрынғыдан да қатты сыйлап, құрметтейтін болыпты. Бұл әңгімені марқұм Рүтемұлы Шәмші атамнан Өтемұратта басшылық қызметтер атқарған Шанияр ағамның үйіндегі үлкен бір жиында, көпшілікпен болған отырыста есітіп едім.

Бір әңгіме барысында туған құдам әрі құрдасым Тойшыбек мынадай әңгіме айтып берген еді. Құлақан бабаның баласы Әби атамыз да тегін кісі болмағанын сондағы ел-жұрт жақсы біледі. Көкпар ат баптап, шаптыратын Әби атамыз сауын түйе де ұстайды екен. Боталы түйесінің бірі жоғалып, біраз уақыт таба алмай жүріпті. Оны көрші ауылдағы қолының суықтығы бар бір кісі көріп, таныса да Әби қожаға хабар бермей, түйе сатып алушы сарттардың біріне сатып жіберіпті. Арадан бірнеше күн өткенде Әби ата әлгі адамның ауылына туралап келіпті де, оны көлігіне мінгізіп алып, боталы түйе жүктелген жерге тура әкеліпті. «Менің түйемді ботасымен бірге дәл осы жерде көлікке жүктедің ғой, найсап, құдайдан қорқып, әруақтан ұялмаймысың?! Мұның

бәрін Құлақан әулие көріп-білмейді дедің бе?..», - дегенде жаңағы кісі атаның аяғына бақырып келіп жығылған екен. Сөйтіп Әби қожаға ат-тон айыбын артығымен беріп, жалынып-жалбарынып кешірім сұрапты... Әби атаның ұлдары Жұмаш қожа мен Орынбек қожа да ел-жұрт сыйлаған, бала сүндеттейтін, батагөй кісілер болып, халықтың құрметіне бөленген жандар. Әулие атамыздың ұрпақтары бүгінде Өзбекстан және Қазақстан Республикасының әр аймақтарында ғұмыр кешуде. Ал, Құлақан әулие туралы аңыз-әңгіме ел арасында өте көп. Мен елден естігенімді ғана айттым.

R.S: Осы кітап баспаға дайындалып жатқанда ата-бабасының басында шырағын жағып отырған баласы Жұмаш ағаның дүниеден өткені туралы суық хабарды естідік.

ЕРІМБЕТ МОЛДА-ҰСТАЗ

Елімізде кеңес үкіметінің орнауы қазақ еліне үлкен зұлмат, нәубет болып келгені бүгінгі таңда баршаға аян. Кеңестік жүйе қазақ елінің қалыпты өмірін бұзып, тілінен, дінінен, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпынан, жалпы ұлттық құндылықтарынан айыруға барынша күш салды. Басты мақсаттары орта азиядағы түркі тілдес ұлттардың түп тамырына балта шауып, орыстандыру саясатын жүргізу болғаны аян. Соның ішінде ең бір қатты шүйліккені ата дініміз болатын. Атеистік бағытты қолдап, желеу еткен қызылдар дінді мейлінше даттап, ишан, молдаларға ашық шүйлікті. Бірін итжеккенге айдаса, кейбірін түрмеге тоғытты. Осылайша діни сауатты, білімді азаматтардың түбіне жеткен кеңестік жүйе ұлттардың тілін жою саясатына көшті.

Тауелібай аталатын біздің Тамды аймағында Ерімбет молда атанған (шын есімі Ермұхаммед) кісі өмір сүрді. Ерекең жайында ел ішінде әртүрлі аңыз-әңгімелер көп болатын. Менің әкем Қыдырмұрат аудан орталығына сессия, пленумдарға барған сайын Ерекеңе сәлем беріп тұратынын, ол кісінің өте биязы, сыпайы, кісіге ауыр сөз айтпайтын, артық-ауыс сөйлемейтін және сұрағаныңа нақты жауап беретін жан болғанын айтып отыратын. Ол кісінің Мүнир деген жүк көлігін жүргізуші ұлы біздің фермада біраз жылдар кезекші көлік жүргізушісі болды. Мүкең де әкесіне тартқан өте сыпайы, ауызы таза жан еді. Біз осы мақаламызда Ермұхаммед Шабарұлының өмір тарихы жайында оқырмандарға біраз мағлұмат беруді жөн санадық.

Ерімбет атамыз 1893-жылы Қызылорда облысы Қармақшы, Қазалы аудандарының төңірегінде дүниеге келген. Кіші жүз Шөмекей тайпасының Қиыққалтаң балқы руынан. Әкесі Шабар темірден түйін түйген белгілі ұста, аңшы, мерген, аңшылықпен ауылды асыраған, қайырымды, кішіпейіл, сауатты, шаруа адамы болған. Ермұхаммед өз ауылындағы татар молдасынан алғашқы тәлім алған. Содан соң Бұхара қаласындағы Көгіташ (Көкелташ) медресесіне оқуға түсіп, осы жеті жылдық медресені алғырлығының арқасында екі жылда бітірген. Медреседе Кете Тұрмағанбет Ізтелеуұлы, Ақмұрза Төсұлы, Жамал қожа Пірәліұлы сияқты қазақ діни зиялыларымен және тәжіктің ұлы ақыны Садриддин Айнимен бірге оқыған. Медресені жеті жылда бітірген Жамал қожа: «Ерекең өте алғыр, зейінді болды. Сол кездегі динитанымдық кітаптарды бірінен соң бірін игеріп, жеті шет тілін меңгеріп, медресені небәрі екі жылда бітірді», - деп отырады екен. Ермұхаммед Шабарұлы медресені бітіріп келіп, ауылдық жерлерде мектеп ұйымдастырып, ауыл балаларының сауатын ашады. Ел арасында ағартушылық жұмыстарын іске асырады, сонымен қатар өлеңдер жазып, ақындық қасиеттерімен де танымал болады. Бұл кезде Кеңес үкіметі орнамаған еді. Ермұхаммед Шабарұлы оқытқан мектепте сауаттарын ашқан көптеген шәкірттері Кеңес үкіметі құрылған алғашқы жылдарда кеңсе төңірегінде жұмыс істеп, халық арасында беделді азаматтар болған. Олар: Садық, Ләтіп, Әбу Мірәшімовтер, Сейдалы Жанәліұлы, Бақи Жарылқасынұлы, Жанназар, Пірназар Қосамановтар, Қалмақан Метерұлы.

1937-1938-жылдар Ермұхаммед Шабарұлы үшін де ең ауыр жылдар болды. Себебі осы жылдарда қожа-молдаларғада зобалаң туып, қудаланды, айдалды, түрмеге қамалды. Ермұхаммед барлық діни кітаптарын және қолжазба, өлеңдерін жасырын түрде алып шығып, тау үңгірлеріне, жерге көміп, тастармен бастырып, көзінің қарашығындай сақтап, оларды аман алып қалған. Өзі де 2-3 жыл үйіне келе алмай, далада, тауларда, елден ұзақ мекендердегі сенімді достары және шәкірттерінің үйлерінде бой тасалап, жасырынып жүрген. 1941-1945-соғыс жылдарында Ермұхаммед Шабарұлы жұмысшы батальонына алынады. Ауылдан барған қазақ, өзбек, қарақалпақ кісілер орыс тілін білмегендіктен, оларға тілмаштық жасап, олардың мүддесін қорғап, есесін алып беріп отырған. Өзінің білімділігі, ақыл-парасаты, ұстамдылығымен басшылармен тіл табысып, құрметке бөленген. Кеңес үкіметі дәуірінде Ермұхаммед Шабарұлы өмір сүрген Тамды елді мекенінде мешіт болмады. Ол кезде дінге деген қарсылық күшті еді. Соған қарамастан бұл кісінің әрбір сөзі, ісі, дүниетанымы, ұстанымы халқына сүннәт есебінде орнады. Талап етіп сұраған адамға ислам шариғаттарын, ораза, намаздың орындалу тәртіптерін жазып беріп отырған.

Сол жазбалар қазіргі күнде де адамдардың қолдарында жүр, олар өз ұрпағынан ұрпағына мұра есебінде беріп келеді. Ермұхаммед Шабарұлы туралы естелік әңгімелер көп. Ол кісі туралы филология пәнінің докторы, профессор, зерттеуші, алматылық Берікбай Сағындықов мырза бірнеше әңгімелер жазған. Тіпті 1960-жылы Ермұхаммед Шабарұлымен кездесу мақсатында әдейі Тамдыға келеді. Кездесуден үлкен әсер алған профессор «Егеменді Қазақстан» газетіне осы кездесу туралы жазып, сөзінің соңында: «Бұл кісінің білімділігінде шек жоқ екен. Араб тілін жақсы біледі екен. Өткен, жасы үлкен екен, болмаса Қазақ университетіне сабақ беретін кісі екен» - деп жазыпты. Ермұхаммед Шабарұлы туралы Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі Жүсіп Әлқожаұлы да Ташкенттен шығатын «Нұрлы жол» республикалық газетіне «Ғұлама ахун Ермұхаммед Шабарұлы» атты үлкен мақала жазған, сонымен қатар «Тауелібай», «Алтын алқа» атты кітаптарына да Ермұхаммед туралы деректі әңгімелер енгізген. Ермұхаммед Шабарұлы науқастанып жатқанда ауыл ақыны Жүніс Сәрсенбайұлы былай деп өлең жазған екен: «Адамзат дүниеге бес күн қонақ Жалғаншы баяны жоқ, түбі шолақ, Дертіне Ерекеңнің шипа бергей, Ғалымның бұрынғы өткен арты сол-ақ. Көрсетіп ақтың жолын адасқанға Миуалы ортадағы гүжім дарак, Шарғыны шарға салып жүрсе біреу, Ашады деп жүгіреміз соған қарап...» Ермұхаммед Шабарұлы қайтыс болғанда былай деп жалғастырған екен: «Ерекең марқұм аттанды, Ілімнің аққан бұлағы, Енді ондай жан қайда? Исламның жаққан шырағы, Жаннаттан болғай тұрағы».

2009-жылдың 30-қазан күні Ермұхаммед Шабарұлы өмір сүрген Өзбекстанның Тамды ауданының тұрғыны Ләйіс Баянасов деген азамат ауданның «Тамды шаруагері» газетіне «Есімі ел жадында» атты көлемді деректі мақала жазған және мақаланың соңында өлең шумақтарын арнаған. Е.Шабарұлы Араб, парсы, түрік, орыс... жеті тілді меңгерген ғалым адам. Тірлігінде жетім-жесірге қарасқан. Жасаған дәуірінде қысылып-қымтырылып өмір сүрген ғұлама Ермұхаммед Шабарұлы туған ауылы Тамдыбұлақ елді мекенінде 1973-жылғы 3-шілдеде 80 жасында ұзаққа созылған науқастан соң қайтыс болып, осы жердегі Қорғантабе қасындағы қорымға жерленді. Ермұхаммед Шабарұлы қайтыс болар кезінде балаларына, туған-туыстарына, жақындарына көп уағыз айтады. Соның ішінде басыма күмбез орнатудың, асыра сілтеп, мақтанышпен ысырап етіп, шашылудың қажеті жоқ деген. Сондықтан бейітіне қарапайым төрт құлақты қорған салынады. Ермұхаммед Шабарұлы қайтыс болғанда Ауғанстан, Пакистан, Татарстаннан көңіл білдірген хабарлар келеді. Осы мемлекеттердің орталық басылымдарында көңіл білдіру хабарлары (некролог) жарияланған. Сондай-ақ осындай хабар Мәскеуден шығатын «Наука и религия» журналына орыс және араб тілдерінде шыққан. Ермұхаммед Шабарұлы қайтыс болғаннан кейін бір айдай уақыт өткеннен соң Ауғанстан мемлекетінен милиция қызметкерлерінің бақылауымен екі кісі арнайы Тамдыға келіп, жақындарына көңіл айтып, дұға қылып кеткен.

Міне, Ермұхаммед Шабарұлының дүниеден өткеніне жарты ғасыр өтсе де, оның аты әлі халық аузында. Ол туралы әңгімелер ұрпақтан ұрпаққа жетіп келеді және ел мұрасына айналған, бүгінгі күнде де халық еске алып, тамсана әңгімелейді. 2017-жылы наурыз айында ол кісі туралы «Ерімбет молда» деп аталатын кітап жарық көрді. 2008- жылы Қазақстанға көшіп келгенде кенже ұлы Мүнир әкесінің ескі араб тіліндегі кітаптарын ала келіп, сол кезде Алматыдағы Қазақстан бас мешітіне 93 дана кітап пен біраз қолжазбаларын тапсырған. 2014-жылы «Дін және өркениет» газетінде Ерімбет молда туралы үлкен мақала жарияланды.

Ермұхаммед Шабарұлының зайыбы Қатира Кәрібай қызы 1912-жылы Сыр елінде дүниеге келген. Ақмұрза ахунның шәкірті, ескіше сауаты мол, ораза-намазын қаза етпеген, сабырлы, сыпайы, қонақжай, қайырымды кісі болған. 1988-жылғы 18-қарашада 76 жасында қайтыс болып, жолдасының қасына жерленген. Ермұхаммед Шабарұлының соңында үш қыз, екі ұл қалды. Баласының үлкені қызы Әлия 1936-жылы туып, 1959-жылы небәрі 23 жасында қайтыс болған. Әлиядан туылған жалғыз ұл Дінбай да қайтыс болып кеткен. Қазір Дінбайдың зайыбы Бақыт, 5 баласы және 4 немересі Алматыда жасайды. Ермұхаммед Шабарұлының үлкен ұлы Мұбарак 1938-жылы туған, 2015-жылы Қарағанды қаласының Майкұдық шағын ауданында дүние салды. Ұлды ұяға, қызды қияға қондырған, 12 немеренің қызығын көрді. Мұбарак ағамен елде жүргенде жақын араласып, жазған өлеңдерін газетке жариялап тұратынбыз. Мүкеңнің қызы Нәжмиямен Тамды аудандық комсомол комитетінде қызметте болғанда танысып, біраз жыл достық қарым-қатынаста болды. Білімді, білікті қызда атасынан дарыған тектіліктің нышаны сезіліп тұратын.

Қызы Бәшира 1941-жылы дүниеге келген. Қазір ол да жеті баласын аяқтандырып, 20 немеренің, 4 шөберенің әжесі болып отыр. Еңбек ардагері, зейнеткер. Бүгінгі күнде Қостанай облысының Рудный қаласында тұрады. Кіші ұлы Мүнир 1947-жылы туған. Бүгінде Қостанай облысының Қашар қалашығында тұрады. Зейнеткер. 14 немересі бар. Қызы Қамария 1950-жылдың төлі. 2016-

жылы қайтыс болды. Көп балалы ана, 16 немереге әже еді. Қостанай облысының Жітіқара қаласында жасады. Ермұхаммед Шабарұлының өзімен туысқан Піржан деген інісі болған. Одан да немере-шөберелер бар. Олар Текелінің Көксу станциясында тұрады. Замандастарының, көне көз қариялардың ұрпақтары Тауелібай (Тамды өңірі) елі ғұламасын еш уақытта ұмытпай, естерінде сақтап, ғалымның балалары деп ол кісінің ұрпақтарын құрмет тұтып келеді. Артында қалған ұрпақтары тасын құрметтеген халқына ризашылын білдіріп отырады. Құдайға шүкірлік етіп, осындай әкелерінің (балалары Кәке дейді), аталарының, бабаларының болғанын мақтаныш етеді. Қызы Бәшира көзі тірісінде әкесіне деген сүйіспеншілігін өлең шумақтарымен ескертіш етіп қалдырған.

ҚҰРТ АУРУДЫ ЕМДЕГЕН ҚОЖАБЕК МОЛДА

Бүкіл әлемдегі адамзат баласының ақылды, ойлы, біртуар дана, жақсылардың бәрі де өзінің барлық өмірін, жастайынан Алланың берген талантын білім мен ғылымды оқып үйрене отырып жалғап, сала-саласымен талдап, жете меңгеріп, Ислам дінінің әділетті жолымен жүре отырып, өзінің білімділік дәрежесімен сабырлы, қайырымды, мейірімді, кешірімді бола отырып, айтар сөзін, істеген істерін өзінің қара басы – күн көрісі емес, өзінің Отанына, туған халқына, келешек ұрпақтарға, жалпы адам баласына қызмет етеді. Бұл игі істер қазіргі өмірде және өткен тарихи деректе де белгілі. Міне, сол себептермен жақсы адамдардың істеген істері, қалдырған мол мұра-еңбектері халықтың игілігінде болғандықтан, көпке ортақ. Оны кейінгі ұрпақ біліп, үйреніп, үлгі ала отырып өз қажетіне жарата алады.

Халық та осындай ұлы адамдардың істеген істері мен өткен еңбектерін, жетістіктерін жоғары бағалап, ардақтайды. Қазақ халқында сан ғасырлар өтсе де, сондай ұлы, дана, ғұлама ғалымдарын, қара қылды қақ жарғандай әділ билерін, Алланы хақ деп білген және оның құраны арқылы түскен аяттарды халық игілігіне жаратқан молда, имамдарын, төкпе жырауларын, жақсы әншілерін, ақындарын, елін, жерін қорғаған батырларын әр уақытта құрметпен қарап, ұмытпай, еске алып отырады. Мұндай игі істер бұрыннан да жалғасып келсе, кейінгі ұрпақтарға да ғибрат беретіні сөзсіз. Мысал ретінде «жақсының аты, ғалымның хаты өлмейді» дегенге, бір ғасырдан астам бұрын өткен, ұланғайыр Қызылқұмның ішінен шығып молдадан білім алған, кейін білімін жетілдіріп, Нұрата шаһарында оқыған, кейіншелік өз ауылы – Алдабергенде молдалық құрған Қожабек молда жайлы айтсақ та, мол ғибрат алуға болады. Қожабек молданы біз көргеніміз жоқ. Алайда бала кезімізде ол кісі жайлы ертегі, аңызға бергісіз әңгімелерге қанығып өстік. Ол заман кеңес үкіметінің дүркіреп тұрған дәуірі болуына қарамастан, ішінара молдалығын жасаған, балаларға білім беріп, ауру, науқас, дерті бар немесе қояншық, жын қаққан адамдарды бір деммен емдеп жазғаны әлі күнге айтылып жүреді. Сондай бір аса қиын, күрделі, сол заманда медицина тарапынан әлі емі табылмаған құрт ауруын құран дұғаларының күшімен емдеп жазғаны жайлы күні бүгінге дейін ел есінде сақталып келеді. Осы болған оқиға туралы оқырман қауыммен бөлісуді жөн санадым.

Шамамен алпысыншы жылдардың орта шенінде Тағайқұл есімді бозбала құртауруымен науқастанып, ауданда емделгенінен еш нәтиже шықпайды. Өрен жастың өмірінің ерте қиылуына жол бермеу мақсатында оны ата-анасы мен туыстары Бухара шаһарындағы құрт аурулары диспансеріне аттандырады. Ол ауруханада ұзақ емделгенімен, емшарадан шипа болмайды. Шынында да ол кезде бұл науқастың емін жасауға дәстүрлі медицинаның шамасы келмеген. Әбден науқасы асқындап, жүдеген Тәкенді елге қайтаруға шешім қабылдағанда, дәрігерлер туғаныстарына хабар жіберіп, оны алып кетуге АН-2 ұшағын да дайындап береді. Бұл жағдайдан толық хабардар болып отырған Қожабек молда өзі отыратын киіз үйді басқа үйлерден аулағыраққа тіктіріп, іші-сыртын түгел тазалатып, бозбаланы күтіп алуға дайын отырады. Өйткені бұл бала өзімен аталас Кәрібай деген інісінің баласы еді.

Мезімді уақытында Алдабергенге ұшып жеткен ұшақ Қожекеннің үйінің алдындағы алаңға келіп қонады. Зембілге жатқызып, беті ақпен жабылған баланы көрудің өзі ол кезде аса ауыр жағдай болыпты. Өрімдей бала өлім аузында жатыр. Ағайын-туған түгел күніреніп кетеді. Сол кезде үйден шықпай отырған Қожабек молда бір кісіге: «Анау еңірегендерге үндеріңді өшіріндер де. Баланың әлі кеудесінде жаны бар ғой. Тура осында алып келіндер. Әуелі құдай білер, қалған өмірі менің қолымда болса, оны да көрерміз» деп, әлгіні ұшақ қонған алаңшаға жұмсапты. Баланы әкеліп үйге кіргізген соң, ондағы адамдардың бәрін сыртқа шығарып жіберіп, үйде баламен екеуі гана қалады.

Содан дәрет алғанда ғана сыртқа шығып, ас-суын үйге алдырып, үш күн бойы үздіксіз оқыпты. Осы үш күн сырттағы адамдар мен баланың ата-анасына, туыстарына үш жыға татиды. Үш күн өтіп, кеш батқанда ғана далаға шыққан Қожекеннің де құр сұлдері қалған екен. Алайда, үш күн бойына оқыған қасиетті дұғалары бозбалаға шипа болып, басын көтереді. Одан арғы кезде де науқастын жай-жағдайына өзі қараудар болып, емшараларын жалғастырады. Соның арқасында Тәкең науқасынан айығып шығады. Сол Тағайкүл бозбала кейін үйленіп, балалы-шағалы болды, шаңырағынан 7-8 бала өрбіді. Балаларының бірде-бірі бұл науқасқа душар болмағанын жақсы білеміз. Тәкең ұзақ жылдар біздің ауылда қойма меңгерушісі болып қызмет етті. Қаншама жылдар бұрын дәрігерлердің шамасы келмей, өледі деп қайтарған Тәкенді осылайша Қожабек молда құран дұғаларының күшімен емдеп жазуының сырын әлі күнге шейін ешкім білмейді. Осы мақаланың қос кейіпкері – Қожабек молдамен де, Тағайкүлмен де біз туған құдалармыз. Қожекеннің бір ұлы - Апбаз менің туған апам Күланданың шалы болса, Тағайкүлдың баласы Қалыкүл Спан көкемнің қызы Қамарды алып отыр.

Өмірінде қаншама хикметтер көрсеткен, кісінің көңілін қалдырмаған Қожекеннің екі жарынан оншақты бала өмірге келген. Олардан біздің білетініміз – Күбира, Ікірам, Рахия, Мұзаппар, Нәсір, Апбаз, Нұртаза, Мұстафа және Сапа. Нұртаза мен Сапа ертерек дүниеден өтті. Балаларының арасынан ұлдарының үлкені Ікірам марқұм ғана бертінде әке жолын ұстап, әкесінің құдіретімен немесе Алланың қалауымен, құран дұғаларымен талай адамның дертіне дауа, науқасына шипа жасады. Ұзақ жылдар бойы біздің Далақұдық ауылында қой бағып, кейіншелік әкесінің сүйегі жатқан Алдаберген ауылына көшіп барып, бұл жерді жан-жақтағы жұрттың зиарат ететін, ауруына дауа табатын жеріне айналдырды. Ікірам ағаның әйелі Кенже апамыз өте таза, пәкіза жан еді марқұм. Ікірам ақсақал дүниеден өткесін атасы мен әкесінің ақ жолын кенже баласы Бқылас жалғастыруда. Тауелібай өңірінде аса сауатты, арнайы діни білім алған, ел-жұртқа танымал екі молда болды. Олар – осы Қожабек молда мен Ермұхаммед (Ерімбет) молда болатын. Олардың қай-қайсысынан да сынап көру үшін біреулер «Анау молда қалай өзі?» деп сұраса, «Ой, ол ғалым ғой, оның ілімі биік қой...» деп екіншісін мақтап, мадақтап отыратын көрінеді. Олардың бір-бірін сыйлауы, құметтеуі, дәрежесін көтеріп отыруы екеуінің де кішіпейілдігін, адамгершілігін, Алланың анық жолында екендігін көрсетеді.

Осы мақаланы жазудағы мақсатым, бүгінгі ұрпаққа тағылым, ғибрат болсын, жас имам, молдалар біліп жүрсін, көкейіне тоқып алсын деген ой. «Жақсыдан – шарапат» деген сөздің астары осында болса керек. Қожекеннің хикметтері туралы айтатын әңгіме көп, мен соның бір ғана көрінісін баяндадым.

АЖАЛСЫЗ – АМАН ҚАЛАДЫ...

Қазақстанда саяси репрессия және қолдан жасалған ашаршылық құрбандарын еске алу күні деп Президенттің 1997-жылдың 5-сәуіріндегі Жарлығынан соң белгіленіп, жыл сайын еліміздің барлық аймақтарында 31-мамырда еске алынады. Сол кезеңде халқымыздың басым бөлігі қасаң да қатаң мемлекеттік саясаттың құрбанына айналды. Миллиондаған совет азаматтары репрессияға ұшырап жатса, осыншама халық ашаршылықтан қырылды. Бұл нәубет әсіресе қазақ еліне айрықша әсер етті. Біздің ата-бабаларымыз өмір сүрген Тауелібай өңірінде аса бір саяси қудалау болмаса да, ашаршылықтың азабын тартқан, ауру-сырқаудан қырылғандары жөнінде ауызша және тарихи деректерден оқып, есетіп өстік. Ол заманда бұл туралы ауыз ашудың өзі қауіпті болатын. Осы орайда менің құдам Сындалбек атадан естіген, оның отбасындағы болған аңызға бергісіз оқиға жайында баяндамақпын.

Оқиға жиырмасыншы ғасырдың отызыншы жылдарында болған. Сындалбек атамның әкесі Ахан мен анасы Шыныгүлдің ол кезде бір ұл, бір қызы болған. Бұл уақта елдің барлық жерін ашаршылық жайлап, жұқпалы дерт меңдеп жатқан кез екен. Қолда барды қанша үнемдесе де тауысып, жолға алып шығар талғажауды қоржындарына салған Ахан атай амалдап елге қосылуды ойлайды. Сөйтіп жасы үштердегі Сындалбекін әкесі, алты айлық Паршагүлді анасы көтеріп, тәуекел деп сапарға жиналады. Молданың алдынан дәріс алған, діни сауаты бар Ахан атай Жаратқан иеге жалбарынып, құранын оқып, Алладан медет, Пайғамбардан шапағат тілеп жолға шығады. Ауыл арасы алыс – бірнеше күндік жол болса керек. Суды көтергендерінше алып келе жатады. Аз жүрді ме, көп жүрді ме, бұлардың қоржындағы талғажау қылатын азықтары түгесіліп, ішетін сулары да азаяды. Сырттан келер көмектің жоғы онсыз да белгілі. Аш ананың төсінен сүт шықпай, шақалақ қыз шыркырап жылайды. Талықсып, ұйқтап та кетеді. Үлкен бір төбенің басына шығып, екі мұңлық балаларын қастарына ала қалжырап құлапты. Әсіресе Шыныгүл әжеміздің әл-

дәрмені қалмаған екен. Кеспе-кеспе құмдардан басқа түк көрінбейтін далада жанарлары талғанша алыстарға қарайды үмітпен. Қанша үміттенсе де, қайран болмасын ұққан Ахан ата зайыбына:

–Бұлай жүретін болсақ, бәріміз де өлеміз, сүйегіміз далада көмусіз қалады. Ізімізді жалғайтын баланы алып, қызды осында қалдырайық. Сен ол қызды көтермек түгілі, қара басыңды алып жүрсең, қане. Көзім қарауытып, мен де қай жерге келгенімді бағамдай алмайтын халдемін. Әлі қанша жүрерімізді бір құдай білсін, қане, осылай істейік, бір Алла жар болсын, – деп атамыз орнынан тұрғанда, «іштен шыққан шұбар жыланын» қимаған ана іштей өксіген екен. Енді қайтсін, бұны алып жүрер болса шынымен де халдері ауыр. Ұл баладан да айрылып қалуы ғажап емес?!. Аш адам шөлдегіш те келеді, су да сарқылып барады... Құндақтағы сәбиді бір сексеуілдің қалың көлеңкесіне жатқызып, қолдарындағы ыдыстан бір жұтымнан су ұрттасып, төбеден төмен жылжыпты. Келесі төбеден асканда адам таң қалар ғажайыпқа тап болады. Киіктің екі текесінің мүйіздері ілінісіп, құлап жатыр екен. Елес емес пе деп көзін уқалап қайта-қайта қарайды атамыз. Оны әжеміз де көріп, таңырқай қарап қалыпты. «Өлмегенге өлі балық жолығады» демекші, бұл шынымен де екі теке еді. Ахан ата жалма-жан қасына барып қараса, екеуі де әлі тірі екен. Дерев бәкісін алып, бауыздап жіберген екеуін де. Сосын барып әйеліне иек қағады да, өзі киіктердің тамағынан аққан қанға аузын салған екен. Онсыз да тағаты таусылып тұрған бейбақ ана кейін қарай құйын-перен жүгірге жөнелген...

Құдайдың құдіретімен тап болған олжаны сол жерде отқа тұзсыз қақтап жеп, қалғанын көтергендерінше арқаланып, аман-есен елге қосылыпты. Былай қарасаң аңыз, негізінде болған шындық. Алланың пендесіне жіберген ризық-несібесі. Кішкентай періштенің ажалының жоғы. Әлде Ахан атаның да дұғаларының шарапаты. Сол Паршагүл апамыздан қаншама ұрпақ өрбіді. Апаның Парахат, Шарапат деген ұлдары болған. Бәлкім оларды ырымдап қойған да шығар, кім білсін?!. Кейін Ахан атамыз сол төңірекке молдалығымен танылды. Баласы Сындарбекті де діни сауаттандырып, ол кісі кеңестік кезеңде, ат беліне мініп ел басқарды. Тәуелсіздік алған тұста Сәкең де ауылдың айтулы молдаларынан бірі болды. Ол кісінің жақсы бір қасиеті және дін жолын дұрыс ұстануы – оқыған қатым сағыры үшін ешкімнен, ешқашан ақы алмайтын. Қоймай тықпалап берген күнде де ақшасын жетім-жесір, ғарып-ғасірлердің үйіне беріп жіберетінін өз көзіммен көргемін. Ал, Сындарбек атамыз бен Ұлмекен әжемізден барлығы 21 бала дүниеге келіп, соның 14-і тірі қалған. 3 рет егіздер туып, оның бірнешеуі шетінеген. Өмір сүргендері – Нысаналы, Айжан, Күләш, Гүлбира, Мұрадәлі мен Патима (егіздер), Әзиза, Махмұт, Нағымет, Үрлай, Рахмет, Айжамал, Жанымкүл және Шаяхметтерден тараған ұрпақ бүгінде бір қауым елге, ескіше айтқанда бір рулы елге айналды. Қызыл қандатып келген кеңестік жүйенің салған зұлматының бір ғана көрінісі бұл. Қаншама саналы, жүрегі, сезімі бар десек те, шын ашыққанда сол кездегі адамдар бірін-бірі жегенін, тіпті балаларын азық қылғанын үлкендерден естідік. Бұл адам қолымен жасалған нәубеттің қап-қара таңбасын қанша ысқылап, жусаң да тарих беттерінен ешкім өшіре алмайды. Ал, артта қалған біздердің міндетіміз жазықсыз құрбан болған жандарды әрқашан еске алып, дұға жасап тұру. Олардың құрметіне құран бағыштау және білгенімізді, естігенімізді, оқығанымызды өскелең ұрпақтың санасына сіңдіре беру. Аханнан тарайтын әулеттен Мұрадәлінің ұлы, менің жиенім, өзімен кейінгі Гүлбәһар қарындасымнан туған Парахат 4-сыныпта оқып жүргенде Зарафшан қаласындағы медреседе екі жыл оқып, діннен дәріс алған. Дінге жан-жақты қабілеті бар бала Өзбекстанда етек алған діни-экстремизмнің кесірінен дәрісін тастап кетуге мәжбүр болды. Дұрысы, ондағы медресенің теріс бағытқа түскенін байқаған атасы Сындарбек ақсақалдың өзі шығарып алды. Жаратқан ие жазықсыз құрбандардың жатқан жерлерін жайлы, топырақтарын торқа ете көрсін!

ШАЙТАНМЕН ТІЛДЕСЕТІН ТӘУІПТЕР

Менің балалық шағым Тамды ауданына қарасты Ленин атындағы совхоздың ең шалғайда орналасқан № 6 фермасы – Далақұдық ауылында, Анарша әжемнің құшағында өтті. Оқудың кезінде ферма орталығында болып, демалыс кезінде қойлы ауылға кетеміз. Ол кезде ауылда бірде-бір там жоқ, жұрттың бәрі жыл бойына киіз үйде жасайды. Түн қараңғылығының түсуін жазда ақсүйек, жасырынбақ, қыста бестас, жұмбақ жасыру, жаңылтпаштан жарыс, ауылдағы үйлерде қанша адам барын жасыратын «кетпен шабар, ине шаншар» секілді ойындармен бастап, көрпеге кіргесін әжемнің ертегі, аңыздарын тыңдап жатып ұйқыға кетумен аяқтаймыз. Бала болсақ та, көп нәрсені білуге құмартамыз, анығына жетуге асықпыз. Жын-шайтандар туралы оқиғалар қорқынышты болғанымен, ондай әңгімелерді де тыңдауға қызығатынбыз. «Ауылдың ана жағынан,

мына жағынан от көрдік, шайтан бар...», деген сөздер анда-санда шығып қалып жататын. Қорқынышты болса да, қызықты еді...

Бізбен көрші Жақып деген атамыз болды. Бізге құда болып келеді. Марқұм Рақып жездемнің ағасы. Ол кезде ауылда медициналық пункт жоқ. Ауырып қалған балалар мен ауыл адамдарының дертіне дауа іздеп жүгінетіні – осы Жақып атам. Тұмау, тамақ ауруы, іш тырыспасы (балалардың ең көп кездесетін науқас) секілді ауырған балаларды Жақып атам бір-ақ рет тамағын басып, арқасын басып, сылап-сипап, аттай шаптырып жіберетініне өзім куәмін. Себебі осындай науқастармен көп ауырдым. Емшім – Жақып атам. Әжем марқұм аралап ала жөнеледі. Жаз айларында іргесін түріп тастған үйдің ішіне немесе далаға жатамыз. Үй арасы әрі кетсе 20-30 қадым болғасын, түнгі әңгіме, сөз анық естіліп тұратын. Кейде түннің жарымында Жақып атамның: «Кетіндер-әй, найсаптар, балалардың зәресін аласыңдар!..», - деген бұйрықты сөзін есітіп қаламыз. Бұндай сәтте атамыз кекіріп, әуілдеп кететін. «Әже, Жақып атам кімге ұрысып жатыр?», - деп әжемнен сұраймыз. «Шайтандарды қуып жатыр», - деп қысқа жауап қататын әжем. Жақып атаның кемпірі шалына «Тыныш жатшы-әй, баларды өзің қорытасың ғой шайтандарыңмен шекісіп...», - деп кейіп жататын. Біз балалар үшін бұл да бір жұмбақ әлем, қызықты дүние. «Жын-шайтан шынымен бар ма, бар болса бізге неге көрінбейді, олар қайда тұрады, неге Жақып атама ғана көрініп, онымен сөйлеседі?..». Міне, ауыл балаларының шеше алмайтын, жауабы жоқ жұмбағы осындай сауалды ойлармен жалғасып кете беретін. Жақып атамның әлгі сөздеріне көрші-қолаң, балалар да үйреніп кеткенбіз. Балармен өзара әңгіме құрғанда бұған қатысты талай қырғиқабақ талас та туып тұратын. Әркім өз жорамал-жобасын айтып, оны дәлелдеуге тырысқанымен, анық жауабына біздің ешбіріміздің миымыз жетпейтін..

Бертінде ауылымызға фельдшерлер ауысып келе бастады. Дәрімен, инемен емдейтін доктырға біздің де барғымыз келмейтін, әжем де қаламайтын. Үшінші сыныпты бітіріп, Тамдыдағы мектеп-интернатқа оқуға кеткенше менің емші-тәуібім, дертімнің дауасын табушы Жақып атам болып қалды. Жетпісінші жылдардың соңында шаруашылықтарда өзгеріс болып, Жақып атам да ағайын-туғандарымен бірге Тасқұдық фермасына көшіп кетті. Әбден бауыр басып қалған ауыл адамдары олармен жылап қоштасты. Емшімнің біржолата көшіп кетіп бара жатқанына менің де ішім удай ашыды. Жақып ата көшіп кеткенімен, ауылдың әйелдері балары ұшынғанда, тамағы көтерілгенде балаларын көтеріп алып, батысқа қарай қырық қадам жүретін. Айтатындары: «Жақып атаңа барамыз, ауруынды емдеп, жазады», - болатын. Құй сен, құй сенбе, ауырған бала шынымен жазылып кететін. Бұл үрдіс атамыз Зарафшан қаласына көшкенде де, ол кісі дүниеден өткенде де жалғасып жатты. Мүмкін, әлі де солай етіп жүрген шығар... Жақып ата ауылдан көшерде: «Балаларың ауырып қалса, менің атымды атап батысқа қарай қырық қадам жүрсендер, аурына шипа боламын...», - деп айтып кетіпті деп түсіндіретін ауыл адамдары бұл әдеттерін. Осылайша, Жақып атамыз біздің ауылдың бүкіл баласының дертіне дауа болған тірі әулиесі болған. Атамыздың әлде шайтанмен, әлде жынмен сөйлесетінін біз білмедік, үлкейген кезде ғана мынау ғаламда адам баласы жұмбағын шеше алмаған тылсым күштердің бар екенін, оны ғылымның да мойындағанын білдік...

Жақып атамыздың бірінші жары – Базар әжемізден екі қыз болып, кішісі Дәметкен өмірден ерте өтіп кетті. Жұлдызай ауылдас ағайынымыз Есенбай ағаға тұрмысқа шығып, балалы-шағалы болды және бүгінде Түркістан облысының Жетісай жағында тұрады. Базар әжеміз де ертелеу дүние салғасын, атамыз Балтакөл жақтан Тоты әжемізбен шаңырақ құрып, дүниеге екі ұл бала келген. Олар біздің көз алдымызда өсті. Серік пен Әлсейіт бүгінде Астана қаласында тұрады. Жақып атадан қалған қос ұл өздерінің жеке құрылыс фирмасын ашып, ауқымды құрылыс жобаларымен айналысады екен. Фирманың бас директоры Серік те, көмекшісі Әлсейіт. Серіктің ұлы бүгінде Теміртау қаласының ішкі істер саласында қызмет етуде. Әлсейіттен төрт қыз өсіп өсіп келеді. Келіншегі бесіншісіне аяғы ауыр көрінеді. Әулет болып ізбасары – ұл келсін деп тілеу тілеп жүр Алладан. «Орнында бар оңалар», - демекші, Жақып тәуіп атамыздан қалған ұрпақ елдің алғысына бөленген, талай науқас жанның рахымет-разылығын алған әкелерінің түтінін түтетіп, шаңырағының береке-бірлігін келтіріп отыр. «Жақсыдан – жақсы туса игі, ата жолын қуса игі» дейтін қазақтың сөзіне орай ұлдарының ата жолымен тәуіптігін ұстамаса да, адал еңбектерімен нандарын тауып, еліміздің құрылыс саласына зор үлестерін қосып жүргеніне біз де қуанып, тілектес болып жүреміз!

Осы жын-шайтандар туралы әңгімені туған құдам, ағам Ерғалидың қайын атасы, Ұлжан жеңешемнің әкесі – Сайып атамнан көбірек естідім. Аға-жеңгем үйленген жылы жазда бізге жақын құдықта отыратын құдаларын қонаққа шақырып, әкем сыбаға берген болатын. Ұмытпасам,

бұл 1971-жылдың шілдесі, әлде тамызы. Дәутөбе деген жайлаудамыз. Мен он жастағы баламын. Сый-сиапат жасалып, кеш түскесін магнитофонға жазылған Қалдаш жырудың дастан, терме-жырларын тыңдаған жұрт түннің біруағына дейін отырды. Жатуға төсек салынғасын ойымда жүрген сауалды Сайып атама турасынан қойдым. «Ата, сізді шайтан көрген дейді ғой, рас па, соны айтыңызшы...». Сәкең өзіне тән әдетімен кеңкілдеп күліп алды. Көкем мен апам, кемпірі Ережеп әжемдер болса, «Қойыңыз, баланың сөзін қайтесіз, қорқып жүрер...», - деп бәйек болып жатыр. Сайып атам менің сөзімді қимады білем, «Айтсам, айтып берейін», - деп жастығына жантайды. Арық денелі, ұзынша бойлы, сыптай боп тіп-тік адымдайтын, екі көзі үнемі қызарып жүретін, бала-шағамен қатарындай ойнаудан жалықпайтын, еш адамның көңіліне келер сөз айтпайтын, көңілді кісінің ішкі сарайы толы әңгіме болатын. Әңгіме таңға дейін жалғасты. Сәкең шайтанмен қашаннан бастап кездесетінін, оның ешкі-лақ, әйел бейнесінде көрнінетіні, оның шайтан екенін байқамай ізіне еретін болсаң, бір бәлеге ұрындыратыны, ал, жындардың лас, қоқыс жерлерге айналатыны, ондай жерге дәрет сындыруға болмайтыны айтылды. Қилы-қилы хикаядан талайымыздың төбе шашымыз тік тұрып қорыққанымыз да рас. Менің бұл баяндаулардан ұққынаным, жын-шайтан өмірде бар, алайда ол кім-көрінгенге көріне бермейді, арқасы бар адамдарға ғана кездеседі. Арқалы адамның ерекше бір қасиеті болады... Расында, Сайып атамда да баланың тамағын басып, арқасын уқалайтын тәуіпшілігі барын кейіншелік білдік. Тағы бір керемет қасиеті, қандай бұлтты түнде де ол кісі жолдан адасып көрмеген. Атқа тақымы тигенде барар жеріне жолсызбен, тура тартып баратын. Бозбала шағымда Сәкеңмен бір рет қой айдасқасып, жолдас болғаным бар. 40-50 шақырым жерге түн бойына тек жолсызбен жүріп, дйттеген жеріміздің дәл үстінен түсенбіз сонда. Осы қасиеті баласы Ердан құдаға да дарыған. Ерекеңмен талай рет түн қатып аңға шыққанда, жолсызбен қасқыр қуғанда бұған көзім жеткен. Айсыз, жұлдызсыз қараңғы түнде бір рет те адаспайтын. Ал, тамақ басатын қасиеті жеңешем Ұлжанға қонған. Гүлзада мен Қасиет қыздарынан бұндай ерекшеліктер байқалмаған. Сайып атам ауырып жүргенде Тамдыда тұратын үйімде талай мәрте қонақ болды. Кішкентай балаларым үстіне ат қып мініп алып, асыр салып ойнайтын. Ол кісі баланы қатты жақсы көретін және балалар да атама үйірсек болатын әрі жатырқамайтын. Қаттырақ жалынып сұрамасаң жын-шайтандар туралы әңгімеге өздігінше жоламайтын-ды. Есесіне, қалжыңқой, әзілдескенді ұнататын, көңілді жүретін кісі еді. Міне, жын-шайтын, тылсым күштер, олармен кездескен ерекше қасиетке ие адамдар жайында сөз қозғалғанда, әрдайым есіме осы екі адам түседі. Бұл аңыз да, ертегі де емес, өмірде өзім білетін, араласқан және жақын адамдарым.

ТАНЫМДЫҚ ЖӘНЕ ТҮЙТКІЛДІ МАҚАЛАЛАР

МӘРТ БОЛСАҢ ЖИЕНДІК ЖАСА

Қазақ – ата-баба салтын ұмытпай, әрдайым құрметтеп, қал-қадерінше сақтап келе жатқан халық болса да, кейбір жөн-жоралғылардың ұмытыла бастағанын немесе дұрыс қолданбайтынымыз шындық. Қазақ соның ішінде ағайын-тума арасындағы бауырмалдықты қастерлеп, нағашы-жиенді, бөлені әрқашан қадір тұтқан, олармен берік қарым-қатынас жасап, сыйласа білген. Тіршілік ғұмырда болып жатқан ойын-тойларда, қайғы-қасіретте ең алдымен бауырларға арқа сүйеген. Осындай жерде «нағашысы жақсы екен, жиені қандай, бөлесі бардың жан-жағы аман» деген секілді әңгіме айтылып жататыны хақ. Той-думанда осылар жан сала атқаруға белсене кірісетіні анық. Әсіресе, жақыны дүниеден өткенде сол үйдің бала-шағасына басу айтып, көңілін білдіріп, оларды жұбататын да осы тумалары. Бұл өз ретінде олардық жанашырлығының, қайғы ортақ екендігінің нышаны. Қазақта нағашының рөлі бәрінен жоғары тұрады. Оны жиендері құрмет тұтып, алдынан кесе өтпей, төрге оздырып, туысынан да артық құрмет көрсетеді. Нағашы мен жиен арасында әзіл-қалжың да жүретіні бар. Кейде нағашыға базыналық жасап, жиендік жасайтын кездері де кездеседі. Мұндайда нағашысы оған кешірімшіл болып, оның назын орындауға ұмтылады. Сондықтанда қазақ «Бір нағашың – жеті атаға татиды» деп орыңды бағасын берген. Нағашы жұрт сыншыл келеді һәм жиендерінің жақсылығына шын қуанып, қатты қайғырады.

Жиен – апа-қарындастан немесе қыздан туған туғаның. «Жиеннен ел болмас» деп сынап-мінеп жатқанымен, жүрегі таза және көңілі кең, ниеті адал жұртына жиендер еркелей де, әзіл-қалжың айтып, базына да жасай алады. «Жиенге өкпе жүрмейді» деп ата-әжелеміз айтып отыратын сөздің астары тереңде жатыр. Қазақ халқының салт-дәстүрінің ішінде «жиендік жасау» әдеті

атамзаманнан бері келе жатқанымен, қазіргі таңда осы дәстүрдің мәнін дұрыс түсінбейтін халге жеттік. Сөз орайы келгенде аталмыш дәстүрге өзіміз есітіп- білген әңгімеге сүйене отырып түсінік бере кетуді жөн санадым.

Нағашы жұртының жақсы көрген, болашағынан көп үміт күткен жиеніне бәсіре ретінде малдан сый жасап отырған. Қазақта жігіт үшін ең қадірлі мал жылқы саналса, қыздарға түйені лайық көрген. Осыған орай жігіт және қыз жиендер нағашылары өздері біліп бәсіре жасамаса, нағашыда бар асыл тұқымды, көңілдері қалаған малдардан біріне жиендік жасайтындар білдірген. Бұндай рәсім көбіне нағашы жұртының қуанышында, той-томалағында, ұзақ күткен перзенттері дүниеге келгенде, яғни ұрымтал тұста, көпшіліктің алдында жиендік жасайтынын білдіріп, қалауын айтқан. «Жиен назары қатты» деп сенетін нағашысы мал-дүниесі қанша қимасы болса да жиеннің айтқанын істеуге мәжбүр болған. Яғни, жиендік рәсімі орындалған. Осы жерде әңгімеге тұзды ретінде Тамдының «Аяққұдық» ауылында тұрған Сейтқали (Қали) Рабековтен естіген, біз әңгімелеп отырған жайға тікелей қатысы бар төмендегі оқиғаны баяндайын.

–Ілгеріректе көрші ауылда тұратын, озат шопан болған туған нағашым қой қоздату науқанының қортындысы бойынша жеңімпаз атанып, аудандық атқару комитетінен «Урал» мотоциклін сыйлыққа бергенін есітіп қалдым. Жалындап тұрған жастық шағымыз ғой, қуанышты хабарды ести сала, салып-ұрып нағашымның ауылына әне-міне дегенше жетіп бардым. Қасымда жора-жолдастарым бар. Сыйлық көлікті жуу үшін қазан асылып, адамдардың алды қызыңқырап қалыпты. Су жаңа «Уралды» қорабына жианап, от алдырып, сықылдатып қойыпты. Ол кезде мұдай мотоциклге кез-келгеннің қолы жете бермейтін. Қызығып, қалайды оны мінгім келіп барады. Келісімізбен ішіп алған бірер жүз грамның да әсері бар, жиендік жасау реті келгегендей, осы жолы бұны мініп кетпесем дүниеден құр қалатындай күйдемін. Ақырында өз ойымды іске асыруға шындап бел будым да, нағашыма қарап «кілтті беріңізші» дедім. Ол кісі ұстата салды. Аттай тулаған жүрек дүрсіліне мотор үнін қосып, көлікті зулатқан күйі әудем жерді айналып, бір ойым ауылға қарай тартып кет деп, бір ойым нағашыңна базынаңды жаса деген дүдәмал сезімде болғаным әлі есімде. «Әке-шешем не дейді» деген қорқынышым да жоқ емес. Дегенмен, алған тәрбием жеңіп, көпшілік жиылған жердегі ортада тұрған нағашымның дәл қасына келіп тоқтасам да, көлікті өшірмей, оған қадалып қарап қалыппын. Айналадағы жұрт кеу-кеулесіп, «Ау, мынау балаға жараса қалыпты, жиендік қылып мініп кетсе одан жарасар жарасады екен!» десіп делебемді одан әрі қоздыра түсті. Сосым белді будым да: «Таға, бұны мен жиендікке мініп кетсем не істейсіз, онсыз да Сізде дүние жетеді, әрі бұл теген келген зат қой» деп ойыма келгенді айтып салдым. Нағашымның түсі өзгерместен: «Қалауың сол боса, мініп кет, жиенім!» деп салды. Жұрттың бәрі алақан соғып, қошемет көрсетіп жатыр. Көптің арасынан бір үлкен кісі тұрып: «Әй, бала, қазақта «Мәрт болсаң жиендік қыл» деген сөз бар, қарымтасы болуы тиіс екенін ұмытпағын» деп салды. Бұл сөздің мәніне назар аудармастан, жолдастарымды мінгізіп алған бойда ауылға қарай тартып кеттім.

Кекілімнен жел есіп, кеудені керген күйі үйімнің қасына бір-ақ тоқтағанда, шешем түйе сауып, қора жақта жүр екен. Әкем жұмыста болатын. Жаулығын түзей тартып, қасыма келген шешеме асыға-аптыға болған жағдайды айтып, қуанышымды жасыра алмай сөйлеп жатырмын... Шешем үн қатпастан үйге кіріп кетті де, біраздан соң ақ салы орамалға түйілген қомақты зат алып шығып, қасыма таяды да: «Балам, нағашың мінгізіпті, сен алыпсың. Құтты болсын! Енді осы күйінде бұны алған жеріңе апарып беріп, рахметіңді айтып қайт. Қалғанын кейін түсінесің. Әкеңе ештеңе деме. Ал, жөнел! Мынаны бере салуды ұмытпа» деп қолындағы түйіншекті қорапқа тастай салды. Бір ауыз сөзге келмей, тартып кеттім. Мотоцикл мен түйіншекті нағашыма табыстадым. Шешем осылай істе дегеніме нағашым да ештеңе демей, үйіне кіргізіп тамақтандырып, сосын баласы апарып тастады. Кешкілік шешем жиендік жасаған адам сол алған затына тең келетін, тіпті артығымен сый жасау керектігін, бұның бұрыннан келе жатқан қазақтың дәстүрлі жолы екенін, «Жиендікті мәрт болсаң жаса» деген сөздің мәнін тәптіштеп түсіндіріп берді. «Алмақтың – салмағы бар» деген мәтел осыдан шықса керек.

Қазіргі таңда жиендік жасауды қызыққан бір затын нағашыдан сұрап немесе ұрлап алып кете салу деп ойлайтындар бар. Бұның өзі ата-бабадан келе жатқан дәстүр мен жөн-жоралғыны білмеудің, бұл жайлы кең ортада және жастарға айтылып отырмаудың салдары деп ойлаймын. Атадан қалған салт-дәстүрді ардақтайық, оның құнын жоймай, орынды пайдаланайық, білгенімізді жас ұрпақтың құлағына сіңдіре жүрейік дегім келеді.

АСЫҚ ОЙНАҒАН АЗБАЙДЫ...

Біз екі дәуірдің ұрпақтарымыз. Кеңестік заманда туып-өсіп, жетілдік, азамат болдық. Орда бұзар шағымызда тәуелсіздікке қолымыз жетті. Кеңестік кезең болса да, біз балалық шақтың қызығы мен шыжығын бір адамдай көрген ұрпақпыз. Біздің ойынымыз қазақтың атамзаманнан бері келе жатқан дәстүр-салтынан аса алшақтап кетпеген еді. Біздер күндіз асық, доп ойнап, ләңгі тепсек, кешке айтабақ, ақ сүйек, жасырынбақ ойнайтынбыз. Бүгінгідей дүкендерде асып-тасып жатқан ойыншық түрлері болмайтын. Заманға сай машинамен ойнау үшін оны қолдан ағаштан, балшықтан жасап алатынбыз. Зауытта жасалған ойыншықтар мен велосипедті әкем облыс, республика орталықтарына жиналыстарға барғанда әкеп беретін. Ауылдың барлық баласы менің қасыма жиналып, бірге ойнайтынбыз. Ойынның өзі жыл мерзімдеріне қарай бөлінетін. Жазда ер балалар асыққа әуес болса, кешке қыздармен бірігіп айтабақ, ақ сүйекке шығамыз. Қысқа қарай үйдің ық жеріне жиналып, ләңгі тепсек, түнге қарай ертегі айтып, жұмбақ жасырып, асықпен бестас ойнаймыз. Сол ойындардың бәрі бала үшін әрі ақыл-ойын дамытатын, әрі денесін мығымдайтын шаралар екенін онда білдік пе?! Бүгінгі әңгімеме қазақтың төл ойыны – асықты арқау етуді жөн көрдім. Себебі жәй ойын ғана емес, баланың ойлау, есептеу, ептілік, мергендік, шашпаңдық қабілеттерін жетілдіретін һәм дене қимылын ширататын қасиетке ие ойын түрі. Сол заманда «Асық ойнаған – азар, доп ойнаған – тозар, бәрінен де қой бағып, құйрық (көтенішек) жеген озар» деген мәтелді кеңестік теріс насихатшылардың ойдан шығарып алғанын біз білмедік. Дегенмен асық ойынынан жігіттікке жеткенше бас тартқанымыз жоқ. Әуелі асықтың өзі туралы және түрлері жайында мағлұмат бере кеткен жөн болар.

Асық ойынына қой, киік, арқар, құлжа (соңғы екеуі біз жақта жоқ) сияқты жануарлардың асығы мен тайынша-торпақтың топайларынан жиналады. Үлкендер де, балалар да ойнауға болады. Әжемнің қолында өскендіктен, ол кісі қонаққа барған жерінен асық әкеліп, біраз жиылғасын оны түрлі-түсті бояумен бояп, мықты матадан қалта тігіп, соған салып қоятын. Асық ойынының қандай түрі болмасын, ойын барысында әсіресе, ұтыстың негізгі шарттарының бірі – асықтың алшы түсуіне айырықша мән беріледі. («Асығың алшысынан түссін, асығы алшысынан түсті» сөз тіркестері осы ойыннан келіп шыққан). Сондықтан алшы түсуге икемді ірі, шомбал қошқардың асықтары, әсіресе, осы асықтардан жасалған сақалар жоғары бағаланатын. Бертінде ірі асықтардың мүсінін балшыққа түсіріп, оған қорғасын саға құйып алатын болдық. Бұл шеңбер ойынында асық атуға өте таптырмас сақа болатын. Аса тиімді атыс асықтарының қатарына кеней мен топай деп аталатын сақалардың шағын түрлері де жатқызылды. Балалар арасында сақалар құнды бұйым ретінде ойыншылардың арасында әртүрлі айырбасқа түсіп отырады. Мысалы, бір сақа түріне қарай екі-үш асыққа айырбасталды. Сирек кездесетік ойыншықтар, оқу құралдары, тіпті киімге де айырбас жасалатын. Кейін тиынға сату да болғанын білеміз. Асықтың күтіміне ерекше мән беріп, мүжілмейтіндей етіп баптап ұстайтынбыз. Әсіресе, әртүрлі түске боялған асықтар да жоғары бағаланатын. Әжелеріміз кілем, алаша, бау-басқұр үшін жіп, жүн бояғанда бояудың басыртқысына немесе қалған қалдығына асықтарды салып, сәл қайнатып бояп беретін. Әжелеріміз бен аналарымыз алыстағы баларының аман-сау жетуіне арнап, бал ашу ретінде асық салып, алшысынан түсуін тілеп иіріп отыратынын да көрдік. Яғни, асық қазақпен біте қайнасқан дәстүрлі ойын деп бағалауға толық негіз бар.

Біздің кезімізде асық ойынының төмендегідей түрлері болды: үш табан, бүгіп алу, көн, жарып алу, сыпырмай, бестас, мергендік немесе шеңбер жасап ату, хан талапай, алты табан, асық қағу, қаршу, алшы, қол жоң, қақпақыл, хан ойыны, аламан хан, асық табысу (асық жасыру), бүк-шік, төрт шүкейт және т.б. Көрсетілген атаулар кейбір өңірде басқаша аталғанымен асық ойынының ұйымдастырылу және өрбітілу реті барлық аймақтарға бірдей деп айтуға болады. Тағы бір ескерер жайт – оның бір түрі бір өңірдің өзінде әр түрлі атаулармен де атала беруі әбден мүмкін. Енді өзіміз үй ішінде ойнаған ойын түрлерімен қысқаша таныстыра кетейін. Асық ату ойынын көпшілігіміз ұмыта қоймыдық және ауылдық, кейбір қалалық жерде де бұл ойын түрі осы күнге дейін жалғасып келеді. *Асық қаршу (бестас)*. Бұл ойынды екі немесе одан да көп ойыншы дөңгелене отырып ойнайды. Ойынды бастамас бұрын асық иіру жолымен ойыншылардың реті белгіленеді. Кімнің асығыалшысынан түссе, ойынды сол бастайды. Кішкене ықшам асықтар таңдалып алынады. Бес асықты жерге тастап, соның ішінен бір асықты лақтырып, ол төмен түскенше асықтың біреуін алып және лақтырылған асықты қағып үлгеру керек. Әуелі, біріншісінде, асықтарды бір-бірден, екіншісінде, екі-екіден, үшіншісінде, үшеуін бірге, ал біреуін жеке, соңында, төртеуін бірдей сыпырып алу керек. Ойынның бесінші сатысы «көпірден өткізу» деп аталады: бұл жүрісте ойыншы сол қолының бас бармағы мен сұқ саусағын асық өтетіндей етіп жерге тіреп тұрады. Оны көпір деп атайды. Бір асықты лақтыра отырып қалған төрт асықты бір-

бірлеп «көпірден» өткізеді. Бұл кейде нәби өткізу делінеді, сондықтан ең соңғы өткен асықты нәби асық деп те атайды. Ойынның алтыншы жүрісінде асықтарды қолдың сыртымен қағып алып, қол сыртына түскен асықтарды ыңғайына қарай қаршып алады. Ойынның соңғы жүрісі қайыра қаршу. Мұнда да асықтарды қол сыртымен қағып алады да, қол сыртына түскен асықты ыңғайлап алып, қолдың ұшына таман түскен асықты қаршып, қолдың ортасына таман түскен асықты «сауып» (алақанын тосып) алады. Асықтың біреуі жерге түсіп кетсе немесе қолына ілінбей қалса, ойын ережесі бұзылды деп саналады. Сөйтіп кезек келесі ойыншыға беріледі.

Асық қағу. Алдымен осы ойынның кейбір ерекшеліктеріне тоқтала кетейік. Жоғары лақтырылған асық құс деп аталады. Ойынның шарты бойынша лақтырылған кезде құс қолға түспейтіндей жағдайда, оны қайтадан қақшып ұстауға талпынуды құс қуу деп атайды. Сондай-ақ, темші теру деп жерде жатқан бес асықтың әрқайсысын жоғары лақтырып жерге түсірмей қағып алуды айтады. Және алақандағы асықты сәл жоғары лақтырып қолдың сыртымен қағып алу кезінде ешқандай асық тоқтамай домалап түссе, яғни құр алақан қалса, оны құр жайдақ деп атайды. Құр жайлақ үш рет қайталанса ойыншы жеңілдіге саналып, кезек қарсыласына көшеді. Ойын осы тәртіппен жеңімпаз анықталғанша жалғаса береді.

Бұл ойынның түрін ойыншылардың жеке-жеке немесе екі топқа бөлініп те ойнауларына болады. Әуелгі кезек алушы асықты уыстап, үйіріп, сырмаққа шашады. Содан соң жалғыз сақаны жоғары лақтырып, ол төмендегенше жердегі бір ыңғай түскен (ыңғай алшы немесе бүге т.б.) асықтарды жұбымен (екіден, төрттен, алтыдан т.б. неше жұппен теруді алдын ала келіседі) теріп үлгеріп, алақанымен уыстап, сақаны жерге түсірмей алады. Жерден терген алақанындағы асықтардың үстіне түсіріп, сақаны қоса уысында ұстап қалу керек. Асық берілуі мүмкін.

Бұл мәселені жазуыма түрткі болған тағы бір нәрсе, қалалық, аудандық білім бөлімінің, мектептер және балалар мен жасөспірімдер шығармашылығы орталығы басшылығына бұйымтай білдіру. Асық ойыны бүгінде еліміздің ұлттық ойын түріне енгізіліп, соңғы жылдары республикалық жарыстар өтіп жатқаны белгілі. Міндетті түрде жоғарыдан сілтеу немесе бұйрық күтіп отырмай-ақ, қаладағы балабақшалар мен мектептерге, шығармашылық орталығына үйірме ретінде енгізіп, балаларға осы ойын түрін таныстырумен, ойнатып үйретумен, кейіншелік жарыстар ұйымдастырумен жалғастырса, қазіргі телефон мен смартфон, компьютерге үйір болып үңілген ұрпағымыздың басын ұлттық құндылығымызға бұруға септігін тигізер еді ғой.

ТҮЙЕ – ШӨЛ КЕМЕСІ

Жер апшысын қуырған жүрдек поез жүйткіп келеді. Көкшетау-Қызылорда бағыты бойынша ұзақ сапарға қатынайтын поездда уақыт өткізудің қолайлы тәсілі кітап, газет-журнал оқу немесе әңгімешіл кісілермен жолдас болу. Бүгінгі заманның жол көлігінің ішіндегі ең тиімдісі осы поез екені даусыз. Купедегі серіктерінің жақсы адамдар болғаны бәрінен ғажап. Қаладан шығып Мыңарал ауылына таяғанда жол бойында беймарал жайылып жүрген қарасы мол түйеге көзім түсті. Жайсын жайылған жануарлардың шудалары неткен жарасымды еді. Өңкей қос өркешті буралар мен інгендер екен. «Баяғыда «Шөл кемесі» атанып, ата-бабаларымыз көш көлігі ретінде пайдаланған жануарлар бүгінде сүті, еті, жүні үшін ғана пайдаланылатын өндірістік шикізатқа айналып шыға келді. Түйенің қадір-қасиетін де білмеуге, тіпті одан айрылуға шақ қалдық-ау?!», - деп өкінішімді білдіре әлі танысып үлгермеген, қарсымда отырған, жасы жетпістің үстіндегі ағаға қарадым. Ол кісі де терезеге үнсіз үңіліп отырған болатын.

–Бұл жаққа көшіп келіп, орныққаным ширек ғасырға жақындап қалды. Алайда айналаның біразын араласам да, қос өркеш түйден басқа тұқымды көре алмадым, – деп әңгімені әрі жалғауға ниетті екенімді сездірмек ниетпен орныма жайғасып, сұраулы жүзбен қарадым. Бейтаныс ағаны осынау арқаның адамы екен деп топшылап отырғандықтан солай дедім. Түр-әлпеті мен киім киісіне, әжім шиырламаған келбетіне, байсалды отырысына қарағанда кезінде лауазымды қызмет атқарған, зерделі жан болар деп топшылап қойдым іштей.

–Бұл жақтың тұрмыс-тіршілігі мен мал шаруашылығынан онша хабарым жоқ, – деп әңгімесін бастаған ағам өзінің Оңтүстік Қазақстан облысының тумасы екендігін айып өтті. –Қазір Астанада тұрамын. Зейнеттемін. Ел жаққа барып өлген-жіткенді түгендеп, той-томалағына құтты болсын айтып қайтуды мұраттап сапарға шыққан жайым бар, інім. Менің мамандығым малмен, жаңағы өзің айтқан түйе шаруашылығымен тікелей байланысты. Зоотехникпін. Ғылыми атақ алмасам да,

түйе жануарды көп зерттеген жайым бар. Ішің пыспаса, сол жайында айтып бере аламын, – деп оң жағына шынтақтай жатқан ағам тымдауға деген құлшынысымды білдіре ілгері қозғалып, әуелі өз есімімді атадым. Сарышаған станциясының шығыс жағындағы Приозерск деген әскери қалашықта тұратынымды, мамандығым журналист екенін айтып қысқаша таныстырып өттім. «Мен Шорабай деген аға боламын», – деп қысқа қайырған Шөкеңнің түйе малына байланысты хикаясы жалғасып жүре берді. Әңгімені мейлінше қысқартып беруге тырыстым.

Түйенің қолға үйретіліп, түлік қатарына қосылғанына біздің дәуірімізге дейін бес мың жыл шамасындай мезгіл болған. Міне, содан бері өткен жеті мың жылдай уақыт ішінде түйе шөлейт жерді мекендеген елдің ең қолайлы көлігіне айналды. Түйенің негізгі шыққан жері Солтүстік Америка деп саналады. Қазіргі уақытта түйенің бұл түрлері Африкада, Орта Азия, Батыс Азия мен Батыс Америкада да болған. Негізі түйенің екі түрі бар. Мұның біреуі қос өркешті, екіншісі нар (жалғыз немесе сыңар өркешті түйе). Қос өркештің таза қандысын – бактриан, нардың таза қандысын – дромадер деп атайды. Түйенің күйіс қайыратын басқа жануарлардан бір айырмашылығы, үстіңгі жақ сүйегінде екі күрек тіс болады, өт қабы жоқ. Жыныстық жағынан 2-3 жылда жетіліп, бірақ інгенін қайытуға 3-4 жасында қосады. Бураны келеге 5-6 жастарында түсіреді.

Жасында жақсы бағылып, күтілген түйе қыстық азығын денесі мен өркешіне жияды. Қыста ұзақ шөп жемей, су ішпеген кездерінде сол бойындағы жинаған майымен күнелтетін де қасиеті бар. Күші жағынан ол ат пен өгізден әлдеқайда мықты. Қос өркешті түйе (інген) бірінші қантардан сәуірге дейін шағылысатын болса, нар түйе (мая) қантардың бірінен мамырға дейін шағылысады. Бураның күйі келен кезінде, бір айға дейін от оттап, су ішпей қатып, жарап алады. Ол әбден бабына келген соң аузынан ақ көбігін шашып, шайырланған желкесін иығына соғып, артқы екі санының арасын құйрығымен ерсілі-қарсылы сабалап, тыныш таппайды. Мұндай бура кісіге қарай айбат шегеді. Ол кездері өте қауіпті болады. Осындай кісі алатын бура жарамстан он күн бұрын аузына темірден құрсау салып, байлап қойылады. Бұл салынған құрсау бураның шабыты қайтқан кезінде ғана аузынан алынып, байлауынан босатылып жіберіледі. Жақсы нардың үлегі отыз түйеге дейін шегетін болса, қос өркешті түйенің бурасы жиырма түйеге дейін қайытады (күектен шығарады). Қайылған қос өркештінің інгені он төрт айда боталайтын болса, нардың маясы он үш айда боталайды. Боталы түйе күніне он екі рет сауылады. Түйенің сүтінен шұбат ашытылады. Ол адамның денсаулығына бірден-бір пайдалы. Түйе жүні сәуір, мамыр айларында күзеледі. Түйе ботасын он бес, он сегіз ай емізеді. Екі жылда бірақ рет боталайды. Асыл тұқымды түйе отыз-қырық жасқа дейін жасайды.

Түйе қазақтың көшіп-қонуы мен қара шаруасы үшін ертеден-ақ пайдалы көлік екені даусыз. Түйе жолсыз шөл жерлерде жүретін «қара жердің алып кемесі» атанған күшті, шөлге шыдамды, сенімді көлігіне айналған. Халқымыз түйені өскен жеріне, өсірген еліне, берген кісінің атына, тұқымдарына, күшіне, дене бітісіне, түсіне, бас, құйрық, өркешіне, жасына тағы басқадай ерекшеліктеріне қарай әр түрлі атаған. Ежелден мал өсіруді етене кәсіп қып кеткеп халқымыз түйе шаруашылығын өркендетуде де тұқымына, күштілігіне, түсіне қарай оны төмендегідей екіге бөліп айтатын болған. Жалғыз өркешті және қос өркешті түйе. Жалғыз өркешті түйе, мұның өзі екіге бөлінеді: Жалғыз өркешті ұрғашы нар түйе, яғни аруана. Жалғыз өркешті еркек нар түйе. Қос өркешті түйе де екіге бөлінеді: Қос өркешті інген түйе және қос өркешті еркек түйе. Бұл – бура. Бұлардың өзі қос өркешті түйе мен жалғыз өркешті түйенің өзара шағылысуына байланысты мая, нармая, нарқоспақ, қоспақ, жөң, жөң мая, итарқа болып бөліне береді. Осының ішіндегі ең тазасы ұрғашысында АРУАНА және ИНГЕН, еркегінде ҮЛЕК және БУРА болып саналады. Араластан туған әлгіндей атаулы түйенің еркегі жараған кезде өте қауіпті, адамға шабатын, тіпті жазым қылатын болғандықтан оларды бота кезінде пішіп, ақталап тастайды. Еркек түйедігі ең мықты түйе атан деп аталады. «Атан жолында жүк қалмас» деген мақал содан қалған.

Түйенің аса құнды шикізатының бірі оның жүні. Ол аса жұмсақ, жылы және қасиетті саналады. Оның өзін қазақ бөліп қарастырады. Ит жүн ботаның жас кезіндегі бірінші дене түгінің ит жүніне ұқсас үлпілдек, жұмсақтығына қарай қойылған. Түйе жабағы түйенің қысқы жүнінің тығыздалып, жабыса ұйысқаны. Боздақ түйенің күзелгеннен кейінгі жазға қарай жаңа шыққан селдір, жұмсақ, ұлпа жүні. Өлі жүн түйенің қысқы жүнінің жазға қарай түспей жүргені. Тірі жүн түйенің жазға қарай қысқы жүнінің астынан шыға бастаған жаңа жүні мен қырқылғаннан кейінгі өскен жаңа жүні. Шуда түйенің өркеші мен желкесінің, қолдауы мен мойнының (тамағының) астын ала шыққан ұзын қылшықтары, сондай-ақ қылшықты жүндері. Көтерілген жүн түйенің жазғытұрым қысқы (ескі) жүнінің астынан жаңа жүн шығып, ескі жүннің көтеріліп жүндеуге жарағанын білдіреді.

Түйенің бітісіне қарай айтылатын атаулар: Өркеш түйенің арқасындағы тік тұрған жал майы. Тік өркеш қисаймай, түзу тұрған семіз түйенің өркеші. Жуан өркеш семірген түйенің өркешітүбінен жуандап, қомдана келген, өте майлы үлкен өркеш. Жапырық өркеш өмірі көтерілмей, бір жақ бүйіріне қарай қисайып жабыса жатқан өркеш. Бала өркеш семіз түйенің баладай болып тік тұрған өркеші, мұны кейде тік өркеш дейді. Қаусырма (алмас) өркеш. Айыр өркешті түйенің екі өркеші бір жағына қарай қисаймай, екі жағына қайшыланып, қисайып кеткен өркеші. Құлама өркеш бір жағын ала құлай қисайып жатқан өркеш. Жал өркеш таудай боп семірген нардың үлкен, жуан өркеші. Қалақ өркеш жұмыр, жуан өркешті болып екі жақтанып шықпай, тек көлденеңі шыға біткен жұқа өркеш. Соқпа өркеш, ұзын өркеш, бір жағына қарай жығыла біткен өркеш. Мұндай өркеші бар түйенің жығылған өркешінің астына, денесіне батпайтын, жұмсақтау нәрсені көтерме қойып, осы жағына жүкті ауыр салмай, түзу өркеш жағына жүкті ауырырақ салып, қисық өркешін осылай түзеуге болады. Бірақ, мұндай өркештердің бәрі бірдей түзеле бермейді.

Ғылыми дәлелденген әр малдың ерекшелігіне қарай аурулары мен емдеу жолдары, дәрі-дәрмегі де бөлектеніп тұрады. Түйеде кездесетін аурулардың қазақы атаулары: Мүйізгек. Бураға қайыса да, боталамайтын інгеннің бота шығатын жерінің іш жиегінде болатын шеміршек ауруының аты. Су ауруы. Су тасыған жылы, сулы, сазды, дымқыл жайылымды жерден пайда болатын жұқпалы аурудың аты. Бұл ауру көбінесе шыбын-шіркей, маса, сона және өте ұсақ қара шыбындар арқылы таралады. Осы аурумен ауырған түйе жайылымнан қалып, оттап, су ішпейтін дәрежеге жетеді. Ақ бас (қысаға). Түйеде болатын өте жұқпалы жаман аурудың аты. Түйенің бұл ауруы қотырға ұқсас келеді. Бұл ыстық-суықты, демін алдырмай жіберуден барып, ет пен терінің арасын сарысу алып, ірің пайда болатын қышытқыш ауру. Бұл ауру қойдың көнтақысы сияқты. Көбінесе түйенің басында, мойнында болады да, ақ ірің ағады. Бұдан түйе өте қатты қышынады. Мұндай ауру түйені басқа сау түйеден бөліп бағуды, жабу, шом, бұйда жіпті араластырмауды керек етеді. Ақшелек түйе жілігінің іші кеңейіп, майының суға айналып ауыруы. Қышыма жүдеген түйенің денесіне түскен қотыр. Қатпа түйенің шөп жеп, жайылуын кемітіп, аштан қатырып, жіңішкертіп барып, өлтіретін аурудың аты. Құмыр түйенің мұрын құрты. Қыстан өте арықтап, қалжырап шыққан түйе, көктемде танауынан мұрын құртын қатты ышқынып, пысқырып тастауына шамасы келмегендіктен пайда болатын ауру. Шау, немесе шаулау түйенің 25 жасқа келгенін немесе бұл жастан асып еріншек тартып, буынына сарсық (сары су) пайда болып ауыруы. Қара өкпе түйенің жөтеліп ауыратын ауруы. Түйенің бұл ауруы жылқының қараөкпе болып ауыратын ауруы сияқты. Жылқыға қараөкпе неден пайда болатын болса, түйеге де содан пайда болады. Түйнеме оның ішінен қан өткізіп ауыратын ауруының аты. Түйнемеден өлген түйенің етін жемейді, итке де жегізбейді, әрі шыбын қонып, басқадай жәндіктер арқылы малды дертке шалдықтыруы мүмкін. Сондықтан жерді терең қазып, ноктасымен көміп тастайды. Орнында қалған шөбін, тұрған орнын өртеп жібереді. Түйелерге түйнек білінісімен суат ауыстырып, жұрт жаңартып қонады. Малы түйнемемен ауырмаған ауыл, мал өлімі аурудың өрісі мен жұртына, суатына араласпайды. Сол малы ауырған елмен, ауылмен қашан мал өлімі тыйылып, жазылғанша ешбір қатынас жасамайды. Аусыл түйенің аузы уылып, сілекейі шұбатылып ауырған аурудың аты. Бұл ауру ащы жемегендігінен болады. Түйе аяғынан да аусыл болып ауырады. Аусыл болып аяғынан ауырған түйенің табаны ісіп (оны қазақ «дүңкіген» деп атайды), бақайының арасы жара болады. Қоскіндік (қосқандық) жас ботаның кіндігінің біреу болмай екеу болып ауруының, не кіндік түбі ісіп іріңдеп ауруының аты. Бұдан жас боталар көп өледі. Бұл ауру жас боталарға дымқылды орындардан пайда болады. Мұндай аурудан жас ботаны аман сақтау үшін ботаның тұратын орнын таза, құрғақ ұстау керек. Ботаның тұратын орнын күніне құрғатып, төселетін шөпті жаңадан салып отыру керек. Шешек түйенің денесіне бөртіп, іріңдеп шығатын аурудың аты. Бұл ауру, көбінесе, жас түйелерде болады. Көмей құрт түйенің ащы жемегендігінен пайда болатын көмей ауруының аты.

Енді манағы сауалыңа оралсақ, түйе негізінен ыстық ауа-райлы өлкелерден тарағандықтан арқаның суық климатына көбісі шыдас бере алмайды. Бағанғы көрген қос өркешті түйелердің бұл жақтың суық, аязды, боранды климатына үйрету үшін адамдардың қағшама еңбегі мен ғалымдардың білімінің нәтижесі деп есепте. Бұл жақтың қысына жүні мен терісі қалың, табаны бүрлі айыр өркеш түйе ғана сіңісе алатынын осыдан бағамдай бер. Жалғыз өркешті түйе біздің оңтүстіктің жылы ауа-райына қалыптасқан. Олар Сарыарқаның суығына бір күн де төзе алмайды. Түйе малының еті, сүтін қазақ тағам түрлері ретінде пайдаланса, жүні мен терісін киімге, түрлі бұйымдардан – ыдыс-аяқ, аспаттарған, киіз үй жабдықтарына, кереге көктеуге кеңнен қолданған. Оның шұбаты түрлі ауруларға ем екендігі бүгінде ғылыми дәлелін тапты. Қазақ түйені киелі, иелі

мал санап, түліктің төресі деп бағалайды. Осындай құндылықтарымыздан алшақтап бара жатқанымыз қазақтың бағы ма, соры ма?.. Түннің біруағына дейін жалғасқан әңгімеден түйіп алғаным осылар болды. Әрбір қазақ баласы білуге тиіс деректі газет оқырмандарына жеткізуді парыз санағандықтан қағазға түсіріп, ұсынуды жөн санадым.

КЕУРЕК – КИЕЛІ ӨСІМДІК

Менің балалық шағым өткен Қызылқұмда кеурек өспейтін. Көктем кезінде әжеммен бірге қыдырып тегіске түскенде 3-4 жаста едім ұмытпасам. Сарғайған бастары қауқиған, сап түзеген солдаттай, үлкенді-кішілі адамдар секілді қаптаған қауғабастарды алғаш көргенде біртүсті киінген кісілер екен деп қалғаным әлі есімде. «Әже, анау не, адамдар ма?!» деп айғайлап жіберген маған машина қорабындағы адамдар «шу» етіп күле жөнелсін. Қызырақтап бәріне жалтақ-жалиақ қараймын. «Өй, мәріктер, бала кеурек көріпті деймісіндер ме, түге?!» - деп кейіген әжем кабина түбіне жайғасқан жігітке «мәшінді тоқтат» деп бұйырды. Жігіт кабина төбесін тарс-тарс ұрып жібергенде құйғытып келе жатқан шопыр көлікті кілт тоқтатқан. Қораптаан секіріп-секіріп түскен адамдар жапатармағай кеурекке қарай ұмтылсын. Біз де түстік. Әжем мені жетелеп алып, кішілеу бір кеуректің түбін қаза бастады. «Әже, анда үлкені бар екен, соны алайық» деймін мен. «Жоқ, балам, кеуректің кішісі дәмді болдады. Үлкені қатайп кеткен», деген әжем әне-міне дегенше кеуректі түбін жұлып алып: «Жарықтық, ашаршылықта ас-ауқат болып, жұртты аман сақтаған, жаугершілікте жауды үркітіп, ажалдан арашалаған құдайдың берген несібесі мен құтқарушысы ғой», деп, сындырып алып, маған да ұсынды. Әжемнің неге бұлай дегенін түсінбей: «Ол не, әже?»- дедім. Ауылға барғасын айтам» деп әжем қысқа қайырды. Кеуректің дәмін алғаш рет татуым. Кермек дәмі не қауынға, не қарбызға, не алмаға ұқсамайтын, суы сыртына шыққан өсімдіктің түбіртегін құшырлана жедім. Маған қатты ұнады. Әжем тағы бірнешеуін қазып алып, қарагеспесінің қалтасына салып алды. Жұрттың бәрі де дабырласып жүріп қалталарын жайлаған. Қайта жолға шықтық.

Бір жетідей қыдырыстап, ауылға келгесін әжем мынадай әңгіме бастады:

– Сонооууу ілгері заманда осы төңіректі жайлаған елге жау шабады деген хабар жетіпті. Шошынған ел басшыларына барып жағдайды жеткізеді. Ауылда құдайына қараған әулие кісі бар екен. Барлығы соған барып, тосаттан келгелі тұрған тажалдан қалай құтылудың амалын жасауын сұрапты. Елдің бас көтерер азаматтары өлатқа (өзбектің базарлы жері) базаршылап кеткен де, ауылда кәрі-құртан, бала-шаға, қатын-қалаш қалған екен. Әулие кісі жиылған елге: «Барып кетпен-күрек, сойыл-таяқтарыңды жиып таңға дайын болыңдар. Жарық түсе жолға шығамыз, барыңдар!...», деп шығарып салыпты. Аң-таң болған жұрт бұйрықты орындауға кіріседі. Таң сәріде ауылдың тайлы-тұяғы қалмай, әулие айтқан жерге жиналады. Оларды ертіп алған басшылары жау келеді деген тұстағы төбеге шыққанда бұндағы жұрт самсап тұрған саржағал түсті жауынгерлерді көргенде шошынғаннан шалақасынан түсе жаздайды. Қаннен қаперсіз елдің алдына шыққан әулие: «Мынау Тәңірдің бізге жіберген арашашысы, бұр кеурек деген өсімдік. Енді бәрің осы кеуректерге араласып тұра қалыңдар», деп тағы бұйырады. Ауыл адамдары оның айтқанын бұлжытпай орындап, кеуректерге араласып тұрыса қалады.

Күн шапағы сезіле бергенде жаудың да алды көрініпті. Алда келе жатқан шолғыншылар алдағы төбеге көтерілгенде күн шығар жақта самсап тұрған, қатарласа сап түзеген мыңдаған қолды көріп, қайран қалыпты. Араларынан бірі артта алаңсыз келе жатқан қолбасыларына көргендерін шошына баяндайды. Төбеге көтерілгенде басшылары да сары-ала, кара-ала киімді, бастарына даңғарадай сары дулыға киген өңкей жауынгерлерді көреді де, көзі атыздай болады. Азаматтары базаршылап жүр деп ойлаған жау әскері өздерінен екі-үш есе көп, тастүйін әскерді көргенде төбе шаштары тік тұрады. Осы сәтте әулиенің бұйрығымен кеурек арасында тұрған жұрт аттандап, айғайға басады. Бұны көрген жау жағы сол жерден кері бұрылып, бытырап, артына қарамастан қаша жөнелген екен және қайтып бұл елге қарай аяқ аттап баспаған дейді. Міне, балам, бұл кеурек сол заманда ата-бабамызды жау тырнағынан аман алып қалады. Құдайдың құдіретімен, әулиенің түн бойы тілеген тілегімен бір түнде өсіп шыққан екен деп отыратын үлкендер. Кейін ашаршылық кезінде өзіміз де әжелеріміздің үйретуімен кеурек теріп келіп, одан көже пісіріп, дүйім жұртты аштықтан құтқарған несібесі болды. Бұны өз көзіммен көрдім. Кеурек – киелі өсімдік. Күзге қарай қурағанда одан түйенің жазысына салатын ағаш жасайтынбыз. Басындағы дәнін піскенде қағып алып, қысқа сақтап малға берсе, нағыз соғымға байлаған малдың азығы»- деп аяқтаған болатын хикаясын.

ОНДА КӨШЕТІН ЕЛ КӨП!..

Ата-анаңның көзі жұмылғасын, ауылға қарай аяғың да тарта бермейді екен. Алайда, онда қалған ел-жұрттың арасында туған-туыс, жақын-жуық, құда-жекжат бар дегендей, той-томалығы мен өлім-жітіміне бармасаң азаматтығына сын болатын ыңғайсыз сәттер де болып тұрады. Шыны керек, туған жердің топырағының өзіне қарай тартып тұратын қасиеті тағы бар. Сондықтан жол – алыс, жер – шалғай болуына қарамастан, біраз мәселені сылтау етіп, елге қарай ат басын бұруға тура келеді. Биылғы сапарым қайынатамның қырқын өткізу мен жуықта дүниеден өткен жеңгемнің отбасына көңіл айтуға бағышталды. Жолдың билетін ертерек алып қойып, мерзімінде аттанып кеттім. Жаң Президенттің билік басына келуіне байланысты Өзбекстанмен екі арадағы қарым-қатынас бұрынғыға қарағанда әжептәуір жеңілдеген. Бүгін жолға шыққан біз ертеңіне кешке дйттеген жерімізге жетіп жығылдық. Сол күні қайынатамның қонағасын өткізіп, келесі күні таңертең қырқын берді. Күннің қатты ыстық болуына орай ол жақта садақа, құдай жолы секілді шаралар күн қызбай тұрып ерте өтеді екен.

Құдай жолы тараған соң өзім танитын, жақын-жуық кісілер үйдің көлеңкесіне төсек салдырып, бұл жақ пен ол жақтағы тіршілік туралы әңгіме-дүкен құруға кірістік. Олар Қазақстанда өтіп жатқан ЭКСПО-2017 халықаралық көрмесі және көші-қон мәселесі жайында көбірек сұрастырады. Білгенімді баяндап беріп отырдым. Әңгіме Өзбекстанда енді басталған жекешелдіру науқаны барысына ауысты. Жекешелдіру науқаны бізде тәуелсіздік алғаннан кейін-ақ жергізілген болса, бұнда жаңа Президент Ш.Мирзиявтең бастамасымен енді қолға алынған. Ұжымдық шаруашылықтар түгел таратылып, алдында малы бар шаруаларды ерікті, еріксіз жекешелену науқанына қатысуға күштеп жатырған көрінеді. Бір байқағаным, аталған жекешелендіруді жергілікті қарапайым халық түгілі, шаруашылық басшысынан бастап, мамандарға дейін толық түсінбейді. Үлкен шаруашылық ұжымының бас есепшісі болып келген досым осыны айтты. Тіпті науқанды үгіттеп жоғарыдан келіп жатқан өкілдердің өзі нақтылап ештеңені ұқтыра алмайтын секілді. Мәселен, ең кемі 200 бас ұсақ малды (қой, ешкі) жекешелендіріп алсаңыз сізге құдығыңыз, жайылымыңыз, суыңыз және малдың басы үшін 60, 65 миллион сум көлемінде алдын ала мемлекетке қаржы құюға тиіс боласыз. 200 бас ұсақ малдың басын әрең құраған шаруа иесі мұнша қаржыны қайдан табады деген заңды сұрақ туындайды. Қораларында бұрыннан жүз қаралы қой-ешкісі немесе 40-50 ірі қарасы бар адамдарға аудан басшылары жеке шаруашылыққа өтуге үндеген болады. Келіспесеңіз сол маңдағы өріске мал жаюға тиым салынып, 100 шақырымнан әрідегі елсіз қонысқа көшіретінін айтып қорқытады екен. Жекеге өтпей жатып салық пен мол қаражат төлеу мәселесі жекеге өтпекші болғандарды тығырыққа тіреуде. Айналып келгенде тек қана мал шаруашылығымен айналысып келген, шөл және шөлейт аймақты мекендейтін қазақ ұлтының өкілдерінің көңілін үрей билеген. Кезінде қорасындағы малына сеніп отырғандар да, көшуге мұршасы болмағандар да Қазақстанға көшуге аса құштар болып отыр. Жинала сала көшіп кетуге көбінің жағдай жоқ, дерлік бәрі Қазақстандағы көші-қон орындарының құжаттамаларды рәсімдеу барысындағы қиындықтары мен бюрократтық әрекеттерін есітіп-біліп отырғандықтан содан да қорқады. Жалпы қиындық қыспағында қалып, шарасыз күй кешкен қандастарымызды көшіріп алуға, оларды ұжымдық және кешенді түрде ауыл шаруашылығымен айналысатын аймақтарға қоныстандыруға Қазақстан мемлекеті тарапынан қолдау мен көмек қажет болып отыр. Олардың тілі мен жазуы жағынан қиындық тумайтыны анық. Ол үшін сол жаққа көші-қон органдары тарапынан өкілдер жіберіп, немесе сол жақтағы сауатты, ұйымдастырушылық қабілеті бар адамдар арқылы тізім жасап, көшіріп алатын аймақтарды белгілеп, қам жасау керек деп ойлаймын. Түбіміз бір туысқандарымызды тағдыр тәлкегіне қалдырып, қарап отыру ұлтымызға, халықтығымызға, елдігімізге, азаматтығымызға сын емес пе?!.

Ол жақтағы осы кезде жүріп жатқан жекешелендіру нақанын ондағы жұрт қазақтарды осындай жолмен барынан айырып, тақырға отырғызу, өзбек байларына кіріптар етудің ішінара саясаты деп түсінеді. Малына күні қараған жұрт одан айрылса, ереңгі күні қараң қалмақ. Азғана шамасы барлар осы кезде де көшіп келіп жатыр. Алайд оларды құшақ жайып қарсы алып жатқан ағайын болса да, құзырлы орындар жоқ...

Осы мақаламда құдайдан жасырмағанды жасырғым келмей, бар көрген-білгенімді қаз-қалпында, ештеңе қосып-алмай, боямасыз баяндадым. Жақсысына – қуандым, жаманын көріп, суалдым. Қанша дегенмен, мені жарық дүниеге әкеліп, ғұмыр сыйлаған, азаматтық жасқа жеткенше, қызықты дәуренім өткен атамекенім ғой, іздейсің, сағынасың, барасың!.. Қайда жүрсең де туған жерің мен еліңнің тілеуін тілейсің! Көшкен елдің жұртында қалғандардың жағдайы жақсарып, болашақта қатарымызға келіп қосылады деп үміттенесің!..

ТІЛ БОЛАШАҒЫ ӨЗ ҚОЛЫМЫЗДА

«Тілі жоғалған ұлттың өзі де жоғалады» деген екен ана тілімізге төнетін қауіптің боларын сонау заманда сезген ұлы бабамыз Ахмет Байтұрсынов. Кеңес өкіметі орнағаннан кейінгі кер заманда қазақ тілінің үнін біржолата өшіріп, жойып жіберуге қолдан келген барлық амал-айла, іс-шара жасалғанын білеміз. «Жыртық үйдің құдайы бар» демекші, құдайға шүкір, қызыл империяның айтқаны келмеді, арманы орындалмады. Қылышынан қан тамған кеңес өкіметінің қаһарынан қорықпаған талай қазақ зиялылары ана тіліміздің жойылып кетпеуі үшін ашық та, ішінара да күресіп отырды. Шона Смаханұлы секілді ұлт жанашырлары бастаған ақын-жазушылар қауымы осы әрекеттері үшін партияның тоқпағына қанша ұшыраса да, мойымады, қайтпады, қорықпады. Үлкен қалалардағы қазақ мектептерін жабу науқаны қарқынды жүруіне қарамастан, олардың қатарын сақтап қалу жолында қолдан келер барлық шаралар жасалынды. Естеріңізде болса, сол заманда орыс мектептері шалғайдағы аудандар мен ауылдарда да ашылып жатты. Орыс тіліне барлық жерде қажеттілікті жасап қойды. Орысшы білмеген кез-келген дарынды маман басшылық қызметке жіберілмеді. Барлық құзырлы орындарды орыстар мен орыс тілділер иеленді. Осының әсерінен жүз пайыз қазақ ұлтының өкілдері тұратын ауылдарда да балаларын орыс мектептеріне мәжбүри беру үрдіске айналды ғой. (Міне, осы әдісті дәл қазір қазақ тілінің күзіретін көтеру, мұқтаждық тудыру үшін пайдалану керек деп есептеймін). Дегенмен, қазақ жұрты толық және көбірек орналасқан оңтүстік өңір мен батыста ана тілімен қатар өздерінің салт-дәстүр, әдет-ғұрпын, ұлттық құндылықтарын көзінің қарашығындай сақтап қала алғандар болды. Әсіресе Монғолия, Қытай, Өзбекстан, Түркменстан секілді мемлекеттерде тұрақтаған қандастарымыз ана тілінің ажарын кетірмей сақтай білді.

Иә, ол заманның келмеске кеткеніне де ширек ғасырдан асты ғой. Неге осы күнге дейін тіліміз жеткілікті дәрежеде дамымай, кенже қалып келеді? Ойлап отырсам, осылай болуына белгілі дәрежеде өзіміздің де кінәміз бар деп пайымдаймын. Біріншіден, қарапайым қазақ отбасыларының ана тіліне мән бермей, құлықсыздықпен қарауы, орысша білуге болған қалыптасқан құлдық сана әсер ететіндей. Екіншіден, балаларымыздың көшеде немесе қоғамдық орындарда қай тілде сөйлесетініне мән бермейміз. Үшіншіден, әлі күнге баланы ана тіліндегі балабақшалар мен мектептерге саналы түрде беруге атүсті қараймыз. Төртіншіден, бес қазақтың арасына бір орыс келсе сол тілде шүлдірлесетін үйреншікті әдеттен арыла алмай келеміз... Санай берсек, мұндай мысалдар көп-ақ. Бұдан бірнеше жыл бұрын Елбасының «Қазақ қазақпен қазақша сөйлессін» дегені есімізде. Мен сол кезде Балқаш аудандық пайдалану бөлімінде қазақ тілі оқытушысы және аудармашы болып қызмет етіп жүргенде осы сөз тіркесін кіре берістен анық көрінетін жерге үлкен қаріптермен жазып, іліп қойғаным бар. Бұны сол кездегі бөлім бастығы Самат Жаманбалин бауырымыз да қолдады және қарамағындағылардан мемлекеттік тілде сөйлесуді талап етті. Орыс тілінде сөйлейтін қазақтар бізге келгенде қипалақтап қалатын күйге түсті. Әрине, заң жүзінде солай болуы қажет еді. Нәтижесінде мекеме қызметкерлері қызметтерінде қалу үшін қазақ тілін үйренуге, білуге һәм сөйлесуге бет бұрды. Құнты жоқтары немесе үйрене алмайтынын білгендер өз өтініштерімен жұмыстан шығып кетті. Бұл шара мәжбүрлеу емес, мұқтаждық тудыру және Атазаңның талабын орындау ғана болатын.

Ана тілін жетік білген әрбір адам өз тілінде газет-журнал, кітаптар оқып, қазақша бағдарламаларды қарауға үйренеді және дағдыланады. Содан барып өзінің ұлттық құндылықтарынан сусындай бастайды. Өзгелерге үлгі болу үшін ең әуелі біз өзіміз шындап бет бұруға, оңға қайтуымыз қажет. Өкінішке қарай өзге ұлттар балаларының болашағын ойлап балабақшалар мен мектептерге беріп жатқанда, өзіміздің қазақтардың орыс сыныбына балаларын бергеніне куәміз. Балалардың болашағына осы бастан балта шаппай, келешегін ойлайық та. Бәзбіреулер қаласа да, қаламаса да уақыт өте қазақ тілінің мәртебесі өсіп, жоғарыда айтқандай қажеттіліктің туатын күні алыс емес екеніне өз басым шүбәсіз сенемін.

ДІН МЕН ДӘСТҮР – ЕГІЗ ҰҒЫМ

Иә, дін мен дәстүрді бір-бірінен алшақтатуға болмайтын егіз ұғым болуы тиіс. Осы мәселеге қатысты өз ой-пікірімді білдіріп, оқырмандармен бөлісуді көптен бері ойлап жүргенмін. Әрі бұл менің азаматтық парызым да. Бұған себеп болған бүгінгі таңдағы айналада болып жатқан жағымсыз іс-әрекеттер мен боямасыз әрі шындық көріністер еді. Қазақтың салт-дәстүрі мен әдет-

ғұрпынан хабарсыз, одан тыс қалған ұрпақтан дені дұрыс адам шықпайтынын күнделікті өмірімізден көріп, біліп, сезініп жүргеніміз жасырын емес. Оған мысалдар келтірсек, шашымыздан да көп болып кететіні анық. Қазіргі қоғамдағы – басқасын айтпағанда, кісі өлтіру, жас қыздар мен балаларды зорлау, ұрлық-қарлықтың уақыт өткен сайын өршіп, қаулап бара жатқаны ойландырмай қоймайды. Мұның етек алуын ең әуелі ұлттық құндылықтарымыздың жойылып бара жатқандығынан іздеуге тиіспіз. Қарапайым мәдениеттілік қағидаларын сақтай алмау да ең жайғаны шындық. Қазақтың ежелден қалыптасқан ырым-тиымдарын ұмытуға айналдық. Осының бәрі баланың, тіпті адамның тәрбиесіне үлкен ықпал етенін біліп жүрміз бе?.. Бүгінгі жастарымыздың дінге бет бұрғанына масаттанғанымызбен, олар салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпты аса қадірлемейтінін байқаймыз. Соның әсерінен көптеген жастарымыздың өзге ағымдардың жетегінде кетіп жатқанын көреміз. Сондықтан да дін мен дәстүрдің өзара ықпалдастығы, бірігуі, біргелікте адам тәрбиесіне ықпал етуі керек деп ойлаймын.

Ислам діні – адамзат тарихы мен өркениетіне айрықша үлес қосқан ең ұлық дін. Оның туы желбіреген жерлерде әрдайым білім мен ғылым дамып, адамзат адамгершілік пен парасаттың шыңына көтерілген. Шөліркеген даладай қуаңсып, суалған көлдей құлазыған мекендер мұсылманшылықтың аяқ басуымен көгалды шалғын, көк майсалы жерге айналды. Қасиетті Құран Кәріммен бірге қазақ даласына үлкен Ислам өркениеті келді. Ғылым, білім жанданды. Көптеген қалалар салынды. Онда медреселер мен ғылыми ошақтар жұмыс істеді. Біз – өзіндік ділі, тамыры терең құндылықтары, сүйенер, қуат алар бай рухани мұрасы бар халықпыз. Бабаларымыздың қастер тұтып, атадан балаға аманаттап, жүрекке дарытып келген асыл қасиеттері көп. Мал-мүлкінен, дәулетінен иманын жоғары бағалаған қазақ «Ер жігіттің үш байлығы бар: бірінші – иманы, екінші – ырысының тұрағы, үшінші – дәулетінің тұрағы» деп аталы сөз қалдырған. Иман – қазақ халқының рухани дүниетанымындағы парасат пайымымен сабақтасып жататын өте кең өлшемді ұғым. Ата-бабаларымыздың ақиқатқа жетелер сенімінің де басты тірегі – осы. Барлық бет-болмысының, мінез-құлқының айнасы. Иmandылық қасиеттің сырына тереңірек үңілетін болсақ, қазақ халқы имандылықтың үш негізін өздеріне тірек еткен. Ол, біріншіден – дін. Яғни, ерте ғасырлардың өзінде-ақ ұлан-ғайыр қазақ сахарасына кең тарап, жергілікті ұлттардың арасына сіңіп, олардың өмір-тіршілігімен қабысып кеткен ақиқат діні – Ислам діні. Пайғамбарымыз Мұхаммед жайған діннің ең тазасын қаймағын бұзбай, сол қалпында елдің санасына жеткізген әулие аталарымыз. Екінші тірегі — салт-дәстүр. Қазақ тұрмысында «тал бесіктен жер бесікке» дейін қайталанып жататын далалық өркениеттің жарқын көрінісі. Салтынан, әдет-ғұрпынан қол үзбеген жұрттың кезінде талай өзге елдің өкілдерін, ғалым-зерттеушілерді тамсандырғанын білеміз. Иmandылықтың үшінші тірегі – ана тілі.

Әдебиетіміз бен мәдениетіміз ғана емес, сондай-ақ әдет-ғұрпымыз бен мінез-құлқымыз, халықтық болмысымыз, өмір салтымыз, тәрбиеміз де, Қазан төңкерісі әкелген жасанды арзан құндылықтарға емес, Ислам мәдениеті негізінде қалыптасқан. Ислам біз үшін тек дін ғана емес, рухани мұрамыздың қайнар көзі, тіпті елдігіміз, бүгінгі тәуелсіздігіміз. Олай болса Исламның інжу-маржан асыл құндылықтарын ардақтау, оны игеру, қорғау, ілгері дамыту, халықтың дүниетанымы мен салт-дәстүріне қаншалықты сіңісті болғанын зерделеу – бүгінгі біздің міндетіміз хәм парызымыз. Халқымыз Ислам дінін қабылдағаннан кейін ондағы адамның жаратылысына тән құндылықтар – салт-дәстүріміз, әдет-ғұрыптарымыз бен наным-сенімдеріміздің негізіне айнала бастады. Бұл әдет-ғұрыптар мен сенімдердің негізгі қайнар көзі Құран аяттарынан бастау алып жатса, олардың көбі Исламның екінші негізі болып саналатын хадистер мен сүннеттерден тұрады. Дүние жүзінде Аллаға құлшылығын бастап, мінез-құлқы, адамгершілік қасиеттері, саясаты, әкімшілік басқару істері, тәлім-тәрбиесі, әлеуметтік жұмыстары, әскери шаралары секілді әмбебап іс-әрекеттері мен жеке басына қатысты қарапайым амалдарына дейін үлгі ретінде ұсынылып, ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа беріліп, әрбір іс-әрекеттеріне дейін қайталанып келе жатқан Мұхаммед пайғамбардан басқа ешқандай жан жоқ. Біздің қазіргі әдет-ғұрып деп ұстанып жүрген ата-баба мұраларының көпшілігін бабаларымыз сол кезеңдерде «сүннетті ұстану» ниетімен қалыптастырған. Бұған дәлел – көптеген әдет-ғұрыптар мен наным-сенімдеріміздің хадис және сүннеттерімен үндесіп жатуында.

Ислам діні ұлтымыздың бітім-болмысы мен мәдениетінде дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарында өзіндік із қалдырған. Халқымыздың тұрмыс-тіршілігінде сақталған діни дәстүрлер: сүндеттеу, неке қию, Құрбан айт пен Ораза айт, жарапазан, садақа беру, пітір беру, бата беру, тәуіптік емдеу әдісі, тасаттық жасау діни жоралғылардың өміршеңдігін көрсетеді. Сондай-ақ, беташар, жар-жар, жоқтау, тойларда жырау жырлатып, дастандар мен терме, жырлар тыңдау секілді салтымызда қандай ғибрат пен өнеге, тәрбие жатыр десеңші. Ұлттық киімді күнделікті тұрмыста пайдалану,

әйелдердің кимешек киуі мұрағатқа кеткендей. Біздің көрші елдеріміз өзбек пен тәжік бұл мәселені жоғарғы жақтан бастап қолға алды. Сондай-ақ мазарлар мен кесенелер, мешіттер мен медреселер халқымыздың тарихында ұлт руханиятының асыл қазынасы ретінде қызмет атқарды. Қаламыздың имамы Дәуіт Сейтқалиұлымен осындай тақырыптарды жиі әңгімелесіп тұрамыз. Ауыл баласы болып өсіп-жетілген Дәуіт имаммен бұл тұрғыда ой-пікіріміз ортақ болып келеді.

КИМЕШЕК – КИЕЛІ БАС КИІМ

Ұлттық киім – бай тарихи – мәдени мұра, оны зерттеу бізді өткен ғасырларды әдет-ғұрып, салт-дәстүр халықтың хал-ахуалынан кең көлемде жан – жақты хабардар етеді. Қазақ халқының киімі басқа ұлттардан өзгеше өзіндік қасиетке толы. Мұның басты себебі: қазақ халқының табиғат төсінде өсіп, еркін ғұмыр кешуімен байланысты. Қазақтың ұлттық киімдері негізінен ертедегі көшпенділер киімдерін еске түсіреді. Қазір өзіміз күнделікті киіп жүрген бірқатар киім үлгілері сақ дәуірінен бастау алады. Соның бірі, қазақ халқының ұлттық бас киімі. Қазақ халқының киімі басқа ұлттардан өзгеше өзіндік қасиетке толы. Адам баласы қай заманда да баскиімге ерекше көңіл бөліп, аса құрметпен қараған. Баскиімді жерге тастамайтын, кісіге баскиімін бермейтін ырым- тыйымдар күні бүгінге дейін сақталып келеді. Қуанғанда бөркін аспанға лақтырып, күйрегенде жерге ұрып сүйініш пен күйініштің де белгісін баскиім арқылы аңғартқан. Ертеде екі тайпа ел жауласып өзара бітімге келе алмай жағдай қиындағанда ақ жаулықты аналарымыз араша түсіп, кимешектің үстіндегі жаулығын басынан сыпырып алып екі араға тастағанда киелі баскиімнен ешкім аттап өте алмаған. Демек, кимешектің саяси, тарихи мәні бар деп айтуға болады.

Әсіресе, әйелдердің тұрмыс-тіршілігінде шашты жинап, басты байлап жүрудің гигиеналық, этикалық, эстетикалық мәні зор. Тіпті, шаштың қадірі бастың қадірінен кем болмаған. Өткен заманда шашына рұқсатсыз қол тигізген бөтен адамнан сөз құнындай құн дауланған, төлем белгіленіп айыппұл алынған. Қазақта күйеу жігіт қалыңдығының шашын сипағаны үшін, қыздың жеңгесіне «шаш сипатар» ырымын жасаған. Күнделікті тамақ әзірлеу, бала күтудің өзі шашқа ерекше көңіл бөлуге мәжбүр етеді. Себебі, шаш айналадан жаман қуатты тартатын, қажетті-қажетсіз хабар-ошарды, ғарыштық қуатты жылдам қабылдайтын түкті түйсік «антенна» деп саналады. Кимешек – қазақ әйелдерінің әдемілігін арттырып, ажарын ашатын киелі бас киімі. Оның түрлері тігілуі мен әшекейіне қарай аймақтық рулық ерекшеліктерге ие, сан алуан сипатта кездеседі. Кимешектің әшекейі мен әдемілігі жас ерекшелігіне қарай парықталып тұрады. Мәселен, әр жастағы әйелдер кимешегінің ою-кестесі жеңіл, тым жылтырақ болмайды. Ал, жасырақ әйелдердің кимешегі қызылды-жасылды, барынша сәнді етіп әшекейленеді. Киелі кимешекті қалай болса солай кез келген уақытта кие салмайды. Оны күге қатысты өзіндік жол-жорлар бар.

Кимешек – қазақ әйелдерінің киелі бас киімі. Әдетте кимешек ақ матадан немесе ақ жібектен молдау пішіліп, адамның басын, иығын, кеудесі мен жаурынын жауып тұрады. Кимешекке қарап әйелдердің шырайын, жас мөлшерін, тұрмыс-жайын, тіпті жүріс-тұрысына дейін анық ажыратып алуға болады екен. Апаларымыздың ұқыптылығы мен салақтығы да кимешегінен көрінетін. Кимешектің түрі мен тарихи тұрпаты сан-алуан. Олар көбіне рулық-тайпалық өмір ерекшеліктеріне байланысты.

Менің әжем мен ес білгелі осынау киелі бас киімді басынан тастаған жоқ. Ол кездері ауылымыздың барлық қырықтан асқан әйелдері кимешек киетін. Оны жыл мезгіліне қарай дәкеден, ақ матадан өздері тігіп алатын. Әжем тоқсанға жетіп дүниеден өткенше оны басынан тастамады. Енді-енді өмірімізге қайта ене бастаған киелі кимешекті кейбір апаларымыздың басынан көріп, құдайға тәубе ете бастадық. Біздің көрші үйдегі Тыныш және Тұрдыгүл апалар сол біздің әжелеріміздің жақсылық әкелуші жалғасындай болып, кимешек киіп жүргені қуантады. Жасы ұлғайған апаларымыз осы кісілерден үлгі алса игі. Кимешектің пайдасы мен қасиетін жоғарыда айттық, тағы қайталайық. Кимешек – қастерлі, ел арасынан үзілмей келе жатқан әйел адамның бас киімі. Бойындағы иманы, инабаты, қорғаны, талғамы, дәрежесі һәм мәртебесі. Салтанат-сәнімен әйелдеріміздің бетіне әр беріп келген кимешек те басқа киім үлгілеріндей өзіндік пайда болу, даму, құлдырау, қайта өрлеу дәуірлерін басынан өткізді. Қазақтың ұлттық киім үлгілерінің көшпелі тұрмыс пен құбылмалы ауа райына бейімделе дамуына көрші халықтармен арадағы мәдени-экономикалық байланыс, шаруашылық-мәдени тип, тіршілік қамы мәдениеті әсер еткендігі сөзсіз. Киелі кимешек қадірі кеткендіктен, мезгілі өткендіктен емес – қиын, аласапыран

жылдарда ғайып болды. Ұзақ жылдар бойымыздан кетсе де, ойымыздан өшпеген ақ кимешек мезгілін күтіп, айдынын аңсап жеткен құстай ақ тілеумен қайта оралды.

Әркім өз келбетін сақтауға ұмтылып жатқан жаһандану кезеңінде сәні мен мәні астасқан асыл мұрамыз салтанатты кимешек – ұлтымыздың қастерлі қазынасы ретінде сөздік қорымызға, өмірімізге еркін еніп, ерекше назар аударуға лайықты төл туындымыз. Сөзімізді түйіндей келе, Ұлы даланың мәдени мұрасының бірден-бір мұрагері қазақ халқының қасиетті әжелерінен қалған киелі дүниені сақтап қалу, дамыту – бүгінгі біздің басты парызымыз деп ойлаймыз. Қыста суықтан, жазда ыстықтан қорғайтын, немере- шөбереңнің алдында мәртебенді асыратын, бетіне иман ұялатып, жүзіңе шырай беретін аналарымыздың беделі болған кимешек болашақтың да еншісіне бұйыратын бұйым болса деген үмітіміз бар. Киелі дүние иесіз қалуға тиіс емес!

МӘДЕНИЕТ ТОЙДА ДА ТАНЫЛАДЫ

«Той дегенде – домалайды қу бастар...». Осы сөз той кезінде жиі қолданылатын тіркестердің бірі. Мәтел десек те болатын шығар. «Тойдың болдысынан, боладысы қызық» деп те жатады. Ол да рас. Тойға дайындық барысында қаншама шапқылаулар мен дайындық-жоспарлар болады. «Өздеріне шашатын халық қазынасы – тойың жұрттың көңілінен шықса екен, бірденесі кемшін соғып қалмаса екен, тойға келген ел-жұрттың көңілі толып марқайып қайтса екен, абыройымызға нұқсан келмесе екен...», - дегендей жүйке жұқартар мазасыз шақтарды әрбір той берушінің бастан өткізетіні хақ. Бұны той беріп көрген көпшілік жақсы түсініп отыр. Сол айлап шапқылаған мезі еткен шағың бас-аяғы әрі кеткенде 4-5 сағаттың ішінде өтеді де, кетеді...

Біздің айтпағымыз тіпті де басқа мәселе төңірегінде болмақ... Шақырылған тойға уақытында келмеу әдеті біздің қанымызға сіңіп кеткендіктен, ол жайын да қаузамай-ақ қоялық. Той иесі жақсыниетіне негізінен өзінің ең жақын адамдарын, көңілжетерлерін, тілеулестерін шақырады ғой. Оған ұжымы мен баланың жора-жолдас, сыныптастарын қосыңыз. Түптеп келгенде, олар да осы шаңырақтың ең жақын адамдарының қатарында саналмақ. Жоғарыда меңзегеніміздей, қаншама қаржы жұмсап, жүйкені жұқартып өткізіп жатқан тойыңның жақсы өтуі негізінен асабаға байланысты деп жатады кейбіреулер. Бұл пікірмен де келісуге болады. Тойдың дүрілдеп өтуінде асабаның шеберлігі басты рөл ойнайтыны анық. Десе де, тойдың тамаша өтуі оған қатысып отырған қонақтарға да тікелей байланысты екенін қаншама тойларға барып жүріп, өзім де оншақты жыл той басқарғанда байқағанымды жасырмаймын. Сырт көз – сыншы, тойға барғанда сырттай байқап отырсаңыз, осы сөзімнің шындығына сіздің де көзіңіз жетер еді. Тойдың сәні – ән, би, күй, түрлі ойындар мен әзіл-сықақтар екеніне ешкім дау айта алмайды. Алайда, ең маңыздысы – негізгі той себепкерлері болып саналатын жас жұбайларға айтылатын тілектің орны ерекше емес пе? Қазіргі асабалардың неліктен тілек айтушыларды ондап емес, жиырмалап, тобымен ортаға шақыратынын да түсіне бастағандаймыз. У-да шу тойханадағы жұрттың мысын тезірек ортаға шығарып би билетумен басу үшін жасаған шарасыз амал-айласы секілді. Себебі, жұрт тілек айтып жатқанда 70-80 пайыз қонақтар өзара дуылдасып, шуласып, қол сілтесе әңгімеге беріліп жатады. Сөйлеушілердің арасында өнегелі, ғибратты, құлаққа жағымды тілек айтып, жастарға, той иелеріне арнап жататындары көптеп табылады. Бірақ соның бәрін әлгілердің у-шуы басып кетіп, түк ести алмай қалатының бар. Асаба байғұс шырылдап, өтініп, кейде ұрысып та шуылдақтарды басуға, тыныштандыруға тырысқан болып, сол сәтте сәл бәсеңсігенімен, сәл өтпей әлгі ызы-қиқу қайта жалғасады. Көбінесе байқайтынымыз, осындай шулы стол баланың достарына (соған лайық болса) тиесілі десек, жаңылмаймыз. Ащы су ауыздарына көбірек тиген дастарқан қонақтарының бәрінде де мұндай жағдайды байқауға болады. Тым болмаса дені дұрыстары тілек айтуға сөз берілгенде қасындағы масайған көршілеріне немесе жақындарына бір сәт басу айтуға болар еді ғой. Тым алыстан немесе сырттан келген сыйлы қонақтар алдында өзіміздің мәдениет деңгейіміздің қандай дәрежеде екенін сөйтіп паш етеміз. Той иесі тісін тісіне қойып жүргенімен, өзінің қуанышына ортақ болсын деп шақырған қонақтарына не дей алсын?.. Желінген тамақ пен ішілген сусын, ішімдіктің шығынын санамай-ақ қоялықшы, микрофоннан әрі асып жататын у-шудың өзі-ақ қалтадағы қаражатыңды емес, абырой-беделіңді шелектеп тұрып төгіп жатады...

Біздің тойларымыздағы тағы бір өте жағымсыз әдет, кейбір отбасылардың ұсақ балаларын осындай ортаға шұбыртып ертіп келуі. Асаба байғұсқа балалармен алысатын тағы бір міндет жүктеледі. «Балаларыңызды алыңыздаршы, балаға ие болыңызшы, бала аяқ астында қалып кетті...», деген ескертулерге бірі құлақ асса, кейбірі бұған тіпті де мыңқ етпейді. Тойға баратында «осы баламен ыңғайсыз болады-ау, ұят болар-ау, өзгелерге кесірім тиеді-ау...», деген секілді ой

болмай ма екен? Баламен тойға барған кісінің өзіне де тыным жоғын, өзгелерге де маза бермейтінін біледі емес пе? Әлгі сөздердің бір ұшы өзіне таяқ боп тиіп, жұрттың жиіркенішін тудыратыны жасырын емес қой. Онымен қоймай, тырнақтай балалар көппен бірге ортаға шығып билеп, аяқтың астында қалып жататындары бар. Жаман айтпай жақсы жоқ, сондайда мертігіп не жазым болып жатса (беті аулақ) кімнен көрмек?! Бітпейтін дау-дамай сонда басталмай ма?.. Беті бүлк етпейтіндер сондай сәтте де кінәліні шам алып іздеп табарына сөз жоқ! Бұндайға да куә болғанбыз. Жалпы, арақ-шарап ішілетін, әртүрлі бейәдеп сөздер айтылатын, тіпті ұрыс-керіс, төбелес болып жататын осындай ортаға бала ертіп барудың өзі дұрыс емесін қарапайым ғана оймен екшеп алуға болады ғой. Біздің айтып отырғанымыз бір ғана тойдың көрінісі емес, әрдайым осылай болып жүргеніне сіздер де куәсіздер. Біз осындай тойлардағы көзбен көріп, көңілге түйгенімізді ғана айттық. Айтылған ойдан қорытынды шығару өздеріңіздің патша көңілдеріңіздің құзырында, құрметті оқырман!..

БЕТАШАРДАН НЕ БІЛЕСІЗ?

Беташар – қазақтың келін түсіргенде жасалатын ежелден келе жатқан салтының бірі. Дәстүрлі беташар, әдетте, тойға жиналған халық тарқар кезде өткізілген. Шымылдық ішінде отырған келіннің басына орамал жауып, той өтіп жатқан үйдің ең жақын, үлгілі келіндері екі жағынан қолтықтап алып шығады. Беташардың тәрбиелік мәні зор болғандықтан, келіншектің екі жағына тұратын әйелдер жесір, жеңілтек, т.б. болмауы қатаң ескеріледі. Жас келін шыққан соң үйдің оң босағасына төселген сол тойға сойылған қойдың бөстегінің (терінің) үстіне беташарға жиылған халыққа қаратып тұрғызылады. Оң босағаға тұрғызылуы ісінің әрдайым оңынан келуін білдірсе, аяғының астына қой бөстегінің төселуі – қой жүніндей биязы, отауының жылы, тығыз қылшықтай ауызбірлікті, татулықты, молшылықты, байлықты меңзеген. Бұл халықтың әзелден келе жатқан ырым-жоралғысы. Әйтпесе мыңды айдаған байлар келінінің аяғының астына жілек немесе қалы кілем төсетуіне шамалары келеді ғой.

Той иесі бет ашатын кісіні де ерекше таңдаумен шақырған. Оның ақындығы, жыраулығы, адамилық қасиеті, кісілік келбеті, тәлім-тәрбиесі мен бұрын әйелінен ажыраспағаны қатаң ескерілген. Орамалдың теңге түйілген ұшын таяқтың ұшына байлап, жырау беташар жырын бастайды. Ол шаңыраққа жаңа түскен келінге ата-енесін, үй-ішін таныстырады, қандай туысқандық жақындығы бар екенін, беделін, қадір-қасиетін шебер тілімен жеткізіп, әрқайсысына жеке-жеке сәлем жасатады. Сәлем алған адам жас келінге беретін сый-сыяпатын атайды. Мысалы, сол шаңыраққа жақын ауқатты туыстары құлынды бие, енді біреулері отауға тігетін киіз үй, т.б. берген. Дәстүр бойынша, жаңа түскен келінді беташар жоралғысы жасалмастан бұрын қыз-келіншектерден басқа ешкім көрмеген. Келіннің бетін ашушы жас келінді ауылдың ардақты адамдарына, күйеуінің ағайын-туыстарына таныстыру шумақтарын өзінше суырып салып айтуы шарт. Ол үшін жырау не ақын бірнеше күн бұрын сол оттың басына келіп, дайындық жасаған. Үй иесі оның бет ашқан еңбегіне беретін сыйлығын алдын-ала атап қоятын болған. Егер оның айтқандары көптің көңілінен шықса, онда сол үйдің ең қадірлі адамы, туысы саналған. *«Келіннің бетін кім ашса — сол ыстық»* деген мәтел де осыдан туған.

Беташар айтылып болған соң сол үйге туыс жасы үлкендер, көрші-қоландар жас келіннің қолынан “шәй ішу” рәсімін өткізген. Бұл кезде жас келінге өзіне тетелес сол үйдегі не жақын абысыны көмекке келген. Абысын-ажын арасындағы болашақ татулық осы арадан басталған. Осы бірінші дастарқан үстінде келіннің жүріс-тұрысына, мінез-құлқына, т.б. назар аударылып, ол алғашқы сыннан өткен. Соңынан жасы үлкен, халыққа қадірлі қария келінге бата берген. Қазақтың беташар салты жаңа заманға да бейімделіп, жалғасын табуда. Қазіргі кезде беташар салты той асының алдында өткізіліп жүр. Бұл туралы мақала Мұхтар Әуезовтің «Қазақ халқының эпосы мен фольклоры» деген зерттеуінің ішіне кірген тараулардың бірінде кездеседі. Жоғарыда беташар жайлы белгілі тұлғалардың, зерттеушілердің жазған еңбектерінен қысқартып алынған деректен соң, осы орайда, біздің Приозерск қаласында өткізіліп жүрген беташар жайында бірер сөз қозғайық. Бізде ең бастысы – беташар кезінде үйден шыққанда келінді қайда қаратып тұрғызу мәселесі соңғы кездері дау-дамайға айналып келеді. Бір топ – келінді жоғарыда айтылғандай үйдің оң босағасына қойып, халыққа қаратып тұрғызу дұрыстығын айтса, келесі топ жиылғандарға келіннің артын беріп, үйге қаратып тұрғызуды қолдайды. Бұл жерде қарапайым ғана әдеп мәселесі және бұрыннан қалыптасқан, ата-бабамыздан келе жатқан әдет-ғұрып пен салт, ырым-жоралғы мәселесі ескерілмейтіні таң қалдырды. Қандай салтты қолданғанда да, қалыптасқан әдет-ғұрып

пен жай ғана қисын ескерілуі тиіс қой. Мүмкін, әр жердің салты әртүрлі болатын шығар деген оймен әр аймақтың көзі қарақты, әр нәрседен хабардар деген кісілерден осы мәселе төңірегінде сұрастырып көрдім. Қарақалпақстаннан келген Шарапат Қонысбаев: «Бізде келін қашаннан үйдің оң босағасына тұрғызылып, халыққа қарата беті ашылады, бұрыннан солай және ол туралы ешкім әңгіме қозғамайды», десе, қазақы салттың қазандай қайнап жатқан, тілдің тазалығы мен әдет-ғұрыпты, жыраулық өнерді сарымайдай сақтап келе жатқан өлке – Қызылорданың Арал өңірінен келген шежіреші, зерттеуші, құймақұлақ, мемлекеттік мұрағаттың директоры Жолмұрат Кеңесов былай дейді:

–Біздің жақта ақсақалдар институты әлі күнге жалғасып келеді. Бұрыннан қалыптасқан салт-дәстүр қатаң сақталады. Мейлі той-томалақ, мейлі өлім-жітім болсын, шалдар басшылық жасайды, солардың айтқаны – заң! Келінді үйдің есігіне қаратып қойып бет ашқанды көрмек түгілі, естімеппін де. Бет ашушыны алдын-ала дайындап, шақырып қоятын да ақсақалдар. Бұған да бізде қатты мән беріледі.

Бір тойда аты белгілі азаматымыздың бірі «Келін есікке қарап тұруы керек, себебі ол есікке сәлем береді, әрі былай қараса құбылаға қарап қалады, құбылаға қаратып тек өлік шығарылады», деп өз уәжін айтқаны бар. Біле-білсек, келін алғаш алып әкелінген кезде оны енесі қос бірдей ыстық нанмен құшағына қысып қарсы алып, басына ауылдың сыйлы кейуанасы немесе абыройлы абысыны жаулық салып, үйге енгізерде май түтетіп, от айналдырып, ырымын жасаған соң, өзі келін болып енгелі тұрған есікке – ақ босағасына алғашқы келіндік сәлемін салдырып, оң аяқпен аттап кіреді. Міне, бұл – босаға сәлемі. 3, 5 қабатты үйлердің әр қабатында әртүрлі ұлттар мен ұлыстардың өкілдері мекендейтін үйдің есігіне қарап, сыртын жиналған халыққа беріп сәлем салғызудың қай атамыздан қалғанын еш жерден іздеп таба алмадым. Ал, құбыла мәселесіне келсек, қаладағы әр үй әр тарапқа қарата салынғанын жақсы білеміз ғой. Қазақтың «төрт жағың құбылаң», дегенін неге ескермейміз? Сонда осы құндылықтарды аманат етіп қалдырған ата-бабамыз бен қазақ халқы ақымақ болғаны ма?! Беташардың басты мақсаты – жаңа түскен келінге өзі түскен отбасы мен ауылының ел-жұртын таныстыру болғасын, оның халыққа қарап тұруы заңды нәрсе екені жоғарыдағы зерттеушілердің сөздерінде де айтылған және бұл айтпаса да түсінікті жай ғой. Қазақ бір ауыз сөзді, бір ғана салт-дәстүрді елеп-ескермей, түпкі тәрбиелік, тәлімдік, ұлағаттық, даналық мәнісін зерттеп-зерделемей айтпаған және жасамаған. Дүниаяу, дәстүрлік мән-мағынасына көз жеткізбей тұрып, қолдан жаңа салт жасаудың не қажеті бар? Не нәрсені айтқанда немесе қолданғанда оның түпкі шығу тарихын білу керек